

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 94 (574) «19»+28-7

Қолжазба құқығында

**АДИЛОВА ФАРИДА АУЕЛХАНОВНА**

**Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің  
орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы –XX ғ. басы)**

07.00.02 – Отан тарихы  
(Қазақстан Республикасының тарихы)

тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін  
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:  
тарих ғылымдарының  
докторы, профессор  
Қойгелдиев М.Қ.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2010

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ӨРІСТЕУІ ЖӘНЕ ОРЫНБОР МҰФТИЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)</b> .....	18
1.1 Орынбор мұфтилігінің құрылуы.....	18
1.2 Отаршылдық саясаттағы Орынбор мұфтилігінің орны.....	31
1.3 Орынбор мұфтилігінің қазақ даласындағы діни-ағартушылық қызметі.....	56
<b>2 ОРЫНБОР МҰФТИЛІГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)</b> .....	73
2.1 Қазақтардың Орынбор мұфтилігі құрамынан шығарылуынан кейінгі діни ахуал.....	73
2.2 Қазақтардың Орынбор мұфтилігіне қайта қосылуы жолындағы әрекеті (1905-1917 жылдар).....	96
2.3 1917 жылғы қос төңкеріс тұсындағы діни басқарма мәселесі.....	113
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	130
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	135

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс 1789-1917 жылдар аралығында қызмет атқарған Орынбор діни басқармасының қазақ қоғамының қоғамдық-саяси өміріндегі орны мен қызметін тарихи тұрғыдан зерттеуге арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Бүгінде тарих ғылымы тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде патшалық, кеңестік биліктің аяқ асты етіп, дөрекі бұрмаланған, сондай-ақ, назардан тыс қалған проблемаларға баса назар аударуда. Сөйтіп, мұндай күрделі мәселелерге объективті, кешенді толыққанды бағасы берілуде. Бұл, мемлекеттік түрлі бағдарламалар аясында іргелі зерттеу жұмыстарының қарқынды жүргізілуі нәтижесінде іске асырылып келеді. Ол қоғамдық өмірдің саяси, әлеуметтік, мәдени саласын сондай-ақ, рухани-діни саласын қамтып отыр. Десек те, Ресей империясы бодандығында болған қазақ халқының рухани - діни өмірі толық және жан-жақты зерттелінді деген теориялық-ғылыми тұжырым жасауға әлі де болса ертерек дер едік. Өйткені, Ресей империясы әлсіз мемлекеттерді жаулап алуда саяси, әскери жолдармен қатар рухани діни институттарды қолданды, яғни, XVIII ғасырда қарқынды түрде қолға алына бастаған патшалықтың Орынборда мүфтилік құруы, сол арқылы мұсылман халықтарын бір тізгінде ұстауы сияқты озбырлық әрекеттері бүгінде тарихшылар назарынан тыс қалып келеді. Отаршыл әкімшіліктің ғасырлық тарихы отандық тарихнамада күрделі ғылыми ізденістерден тұратын мол еңбектер қатарын құрағанымен, нақ осы, Орынбор мүфтилігі (1789-1917 жж.) деп аталатын діни басқарманың қазақ елінің саяси өміріне ықпалы зерттеу нысаны болған емес. Ал шын мәнінде дінді бетперде тұтып көздеген мақсатқа жету – агрессорлардың таңдаған басты жолы болды. Сол арқылы мұсылмандардың өз ішінен отарлық әкімшілікке қызметшілер даярлап, халықты түзу жолдан адастырды. Рухани жағынан тізгіндеп отыруға күш салып, айлакерлік әрекеттерін іске асырды. Сол себептен, алға қойылған проблема өзектілігінде күмән жоқ деп ойлаймыз.

70 жылға созылған кеңестік атеистік қоғам кезінде КСРО аумағындағы діндер мен олардың институттарына орасан зор материалдық және рухани шығын келтірілді. Нәтижесінде рухани дағдарысқа түскен кеңес қоғамы ертелі - кеш бәрібір саяси, әлеуметтік-экономикалық құлдырауға да ұрынатыны белгілі еді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның экономикалық негіздері қаланып, жаңа қоғамдық сана, идеология мен әлеуметтік құндылықтар жүйесі қалыптасты. Діни, ұлттық құндылықтар қайтадан сұранысқа ие болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев дін мен ұлттық құндылықтардың қоғамдағы рөліне баға бере келе былай деп атап көрсеткен болатын: «Барлық халықтар үшін дін - жаулаудың тәсілі мен тәпсірі болғанын еске салудың зияны жоқ. Әр түрлі себептерге байланысты мемлекеттік немесе ұлттық тұтастық идеясы дағдарысқа ұшыраған шақта, елдің қоғамдық және саяси өмірінің сахнасына бүкіл рухани идеяға ұйытқы болып дін шығады. Көп жағдайда сенімнің біртұтастығы тарихтың тайғақ кешулерінде халық

тағдырына араша түсіп отырады. Алайда кейбір жағдайларда мемлекет рөлі баяу да басыңқы болғанда, өмірдің барлық саласында діннің бел алуы сайқымазақтық сипат алып қана қоймайды, сонымен бірге қауып-қатер төндіретін кездері бар. Мұның өзі жеке адамдар мен халыққа ғана қауып төндіріп қоймайды, кейде тұтас адамзат үшін де қатерлі» [1,75-76-бб.].

Сондықтан, отандық тарихта өзіндік орны бар маңызды мәселе – Орынбор мүфтилігінің құрамында болған кезеңдегі қазақ елінің рухани өмірі бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Ғылыми-зерттеу жұмысы – діни тарихымыздың көптеген қырларын ашатынына сенімдіміз.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тақырыптың зерттелу деңгейін саралау үшін тарихнамалық еңбектерді хронологиялық жағынан біздің зерттеуіміз үш топқа бөліп қарастырдық: алғашқы топты империялық дәуірдің туындылары, яғни патша әкімшілігі өкілдерінің, әскери шенеуніктердің, мүфтилердің жазбалары, мерзімді басылым деректері, заңнамалық құжаттар құрайды; екінші топқа кеңестік дәуірде дүниеге келген зерттеулер енгізілді; ал соңғы үшінші топқа тәуелсіздік жылдарында жарияланған қазақ және шет ел ғалымдарының еңбектері топтастырылды.

Ақпан төңкерісіне дейін тақырып аясында жазылған әдебиеттер ішінде Шигабутдин Марджани мен Ризаитдин Фахретдин еңбектерінің орны ерекше. Шығыстанушы, әйгілі татар ағартушысы Ш. Марджани еңбегінде Діни басқарма мен оны басқарған мүфтилер жайында тарихи анықтамалар берілген. Діни басқарма шешімімен 1854 және 20 жыл өткен соң 1874 жылдары Қазан қаласының бірінші бас мешітінің имамы қызметінен екі рет жұмыстан босатылған автор, мүфтилер қызметін мұсылман құқықтануы позициясынан талдап, олардың аз ғана бөлігінің діни жетекшілер деп аталуына лайық болғандығын атап көрсетеді. Ш. Марджани еңбегінің құндылығы – мұнда алғаш рет Орал-Еділ бойы мұсылман қайраткерлерінің өмірбаяндары келтіріледі [2,150-б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси өмірінде үлкен із қалдырған, мұсылман мәдениетінің ірі өкілі, ағартушы және дінтанушы Р. Фахретдин ислам дінінің және оның институттарының тарихы жайында деректерді жинастыру мен оларды зерттеу ісінде зор еңбек сіңірді. Екі томдық «Асар» (Естеліктер) мен Ресей Ғылым Академиясының Уфа ғылыми орталығында сақтаулы тұрған қолжазбаларда татар және башқұрт ұлт зиялылары туралы тарихи деректерге негізделген көптеген бұрын жарық көрмеген материалдар бар. 1891-1906 жылдары Р. Фахретдин Діни басқармада қадий қызметінде болып, басқарманың тарихы жайлы құнды ғылыми еңбек даярлады [3,70-109-бб.]. Қызмет аясында ол мұрағат деректері мен эпистолярлы құжаттарды көптеп жинастырды. Р. Фахретдин Діни басқарма қызметіне сын көзбен қарап, мүфтилер мен қадийлерді жоғарғы мұсылман басқармасының беделді өкілдерінен гөрі патша әкімшілігіне бағынышты шенеуніктер деп есептеді. Орыс зерттеушісі А. Василевтің татар және қазақ халықтарының қарым-қатынасына қатысты еңбегінің орны ерекше. Татар миссионерлерінің қазақ даласына әсерінің

тереңдеуін қолдамаған автор бұл туралы өз пікірлерін ашық мәлімдеген болатын. «Татарлардың қырғыздарға (қазақтарға) ықпалы ұлғайып барады, бұл жағымсыз құбылыс ретінде күннен-күнге айқындала түсуде. Татар молдалары көшпелі қазақтар ортасында өздері үшін іргесі берік иерархиялы баспалдақ орнатып, жайлы орын сайлағысы келеді; олар пайдаларын молайту үшін далалы аймақтарда өздерінің фанатикалық басшылықтарымен қызмет атқаратын мешіттер санын көбейтуді ең жақсы құрал деп санайды» [4,17-25-бб.],- деп жазды.

XIX-XX ғасырлардағы зерттеушілер арасында Ш. Уәлиханов [5,102-б.], Ы. Алтынсарин [6,3-25-б.], А. Құнанбаев [7,258-б.], Ш. Құдайбердіұлы [8,80-б.] сынды өз халқының тағдырын ойлаған қазақ зиялылары да дін мәселесін жан-жақты қарастырған. XX ғасырдың 20-40-шы жылдарында Ресей империясындағы ислам тарихына арналған бірқатар зерттеулер жарық көрді. Бұл – Кеңес өкіметінің барлық діндердің көзін жойып, тездетіп атеистік қоғам құруды ашық жариялаған жылдары болатын. Дінге қарсы белең алған үгіт-насихат шаралары зерттеулерге де әсер етпей қоймады. Ш. Абзанов [9,52-б.], Б. Ишемгулов [10,37-б.], С. Борхан [11,19-б.], З. Мозаффари [12,76-б.], А. Аршаруни, Х. Габидуллина [13,136-б.] және тағы басқаларының еңбектерінде Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасы қатты сынға алынып, мүфтилер мен басқа да діни қызметкерлер дәйексіз және негізсіз самодержавиенің тыңшы-агенттері болған деп жарияланды. Діни басқарма еңбекшілер ортасында діни фанатизмді таратушы басты мекеме ретінде айыпталынды. Аталған авторлар идеологиялық сыңаржақтылыққа салынып, тіпті жарық көрген деректерді ғылыми талдаудан өткізудің өзін қажетсіз санады. Осы орайда Л. Климович [14,85-92-бб.], М. Вяткин [15,46-б.], Д. Валиди [16,71-б.] еңбектері ойға қонарлықтай жазылған. Л. Климовичтің зерттеуінде Ресей империясы территориясындағы мұсылман институттарының тарихы жайында тың деректер ғылыми айналымға енгізілді, сондықтан да автордың еңбегі бүгінгі күнге өз құндылығын жоғалтпай келеді. Бірақ исламды «ресейлік империализмнің ішкі және сыртқы саясаттағы қолшоқпары» ретінде көрсетуге тырысқан зерттеулер авторға өз әсерін тигізбей қоймады. Сондықтан да, Діни басқарманың мүфтилері мен кадийлерінің қызметі Л. Климовичтің зерттеуінде бір жақты көрсетілген. Л. Климович Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасы құрылғаннан кейін мұсылман дінбасылары біржолата біртұтас өкіметтік эксплуататорлық тапқа айналды деп есептеді. Исламды таптық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде ол тарихи оқиғалар мен қайраткерлерді бағалауда субъективизм мен схематизмге ұрынды. М. Вяткиннің зерттеулерінде Діни басқарманың тұңғыш мүфтиіне ерекше көңіл бөлінеді. Автор Мұхаметжан Хұсейіновтың Кіші жүзге жасаған сапарын сипаттайды және оның қазақ қоғамының жоғарғы тап өкілдерімен кездесуі барысындағы көзқарасын сараптайды. Ол: «М. Хұсейінов өз көзқарастарын жоғарғы шенеуніктердің сұранысына икемдеп отырды» - деп есептейді. Автордың дәйекті және тиянақты дәлелденген пікірі бойынша, қазақ жүздеріне арналған молдаларды оқытып даярлау, ахун және мүфти лауазымын бекіту патшалық отарлау

саясатының тиімді әдісі болған. Д. Валидидің еңбегінде II Екатеринаға Орынбор мұсылмандырының Діни басқармасын құруға негіз болған себептер қарастырылды. Ғалымның пікірінше, әйел император бұл шараны ұйымдастырғанда екі мүддені көздеген: біріншісі – мұсылмандардың көңілін өзіне аудару болса, екіншісі – оларға өз билігін күшейту. Соңғы жылдары Ресей мұсылман халықтарының рухани мәдениетінің тарихына қызығушылық едәуір артып отыр. Зерттеуші К. Ишмухаметов, нақты деректер негізінде, Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасы Ресей мұсылман халқының арасындағы діни үдерістерді қадағалайтын мемлекеттік мекеме дәрежесінде болғандығын дәлелдеуге тырысқан. Бірақ, ислам – реакцияшыл дін деген идеологиялық көзқарас оған тақырыпты толық ашуға кедергі етті. Тақырыпқа қатысты мұрағат деректерін толыққанды пайдаланбағандықтан З. Ишмухаметов Орынбор мұсылмандарының Діни басқарманың құрамы мен құрылымы жайында, өз еңбегінде бірқатар жаңсақ пікірлерге жол берген [17,43-б.]. А.З. Асфендияров [18,1-9-бб.], Н.М. Кулбахтин, Ю.И. Сергеева [19,32-43-бб.], М.М. Кульшарипов [20,43-47-бб.], М.Н. Фархшатов [21,25-30-бб.], Г.Б. Файзовтың [22,47-б.] еңбектерінде Орал-Еділ бойындағы XVI-XIX ғасырлардағы дін жағдайы, Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасының құрылу себептері мен қызметі сарапталады. Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасының құзырында мұсылмандардың отбасы-некелік және мүліктік қарым-қатынастарын реттеу міндеті болғаны мәлім. Басқарманың осы маңызды саладағы қызметін Л.И. Шайдуллина [23,79-б.], А.З. Асфендияров [24,64-б.], Н.В. Бикбулатов және Ф.Ф. Фатыхов [25,12-15-бб.] біршама дәрежеде қарастырды. Б.Х. Юлдашбаев, М.А. Усманов, А.Х. Вильданов, Г.С. Кунафин, Ф.Н. Баишева, Г.Б. Хұсаинов зерттеулерінде Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасының білім беру саласындағы ұстанымы сарапталып, қызметтері осы діни мекеме жұмысымен байланысты болған татар және башқұрт зиялыларының көзқарастары сараланған.

Соғысқа дейінгі тарихи әдебиетте халықтардың қарым-қатынасын зерттеуге арналған арнайы еңбектер болмаған. Бұл мәселе бойынша XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы қазақ-татар қарым-қатынастарын алғаш зерттеген А. Васильевтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Автордың аталған мәселеге көңіл бөлуінің басты себебі: татар мәдениетінің қазақ халқына әсер ете бастауының айқын білінуі болды, сонымен қатар татар және қазақ халықтарының арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне сипаттама берілген. Зерттеуші А. Васильевтің ойынша XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ пен татарлардың тығыз қарым-қатынасының дамуы XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы патша өкіметінің саясатының қателігінің салдары болды [4,63-б.]. Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасының ақпан төңкерісіне дейінгі тарихына арналған еңбектердің басым көпшілігі шолушылық сипатта жазылған және бұрын жарық көрген деректерге негізделген. Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы болып жұмыс істеген, әйгілі шығыстанушы В. Григорьев (1816-1881 жж.) дәл осындай көзқарасты ұстанды, оның көзқарасы бойынша XVIII ғасырдың бірінші жартысында үкімет

қазақтардың дінін, тілін, салт-дәстүрін зерттемей тұрып орыс емес халықтарды басқару тәжірибесін қазақ даласына күшпен енгізді [26,75-б.]. Мешіт салу және қазақ даласына татар молдаларын жіберу зерттеліп отырған кезеңде үкіметтің ойластырылмаған саясатының екінші қадамы болды, мұндай саясаттың нәтижесінде бұрын бірде-бір мешіт болмаған, бірде-бір молдасы қоғамдық қызмет атқармаған қазақ халқы татар молдаларының ықпалына түсті.

Атышулы миссионер Н. Ильминский де шығыстанушы В. Григорьев ұстанған көзқарасты ұстанды [27,47-б.]. Н. Ильминскийдің пікірінше, Ресей саясатының болжамсыздығы қазақ халқының басқару ұйымдарында татарларды мемлекеттік қызметтерге аудармашы, тілмаш және хатшы ретінде тартуынан көрінді. Нәтижесінде XVIII – XIX ғасырдың басында қазақ даласындағы іс қағаздары татар тілінде жүргізілді. В. Григорьев пен Н. Ильминскийден кейінірек, орыс тарихнамасында бұл бағытты П. Чернавский [28,66-б.] мен Я. Коблов [29,143-б.] жалғастырды. Олар да өз еңбектерін XX ғасырдың басында жалпыресейлік мұсылман қозғалысында татарлардың рухани үстемдігінің басым болғандығы туралы айта келе, қазақтардың да басқалар сияқты татар ықпалына түскендігін мәлімдейді. Татар мәдениетінің әсерінен қазақ халқын «қорғау» және қазақтардың өздерін «татарлану» үрдісінен сақтануға шақыру мақсатымен әкімшілік шаралар ұйымдастырудың қажеттілігі туралы ұсыныстар жасаған. А. Добросмыслов татарлар мен башқұрттарды қазақ өлкесіндегі делдалдық істерге тарту бағытындағы үкімет саясаты жөнінде басқаша ойлады. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде үкіметтің қазақ даласында саяси ықпалын нығайтуға және олардың арасында азаматтықты енгізуге ешқандай кұралы болмаған, сондықтан да қазақтарды «мүлдем жоғалтып алудан» күдіктенген II Екатерина патшайым татар молдаларының араласуымен қазақтар арасында «діншілдікті» енгізу арқылы Ресей билігін кеңейтуге тырысты. Патшайымның исламды қудалау емес, керісінше, татарлар мен башқұрттардың көмегімен қазақтарды Ресей азаматтарына айналдырмақ ойы болды. Осылайша, А. Добросмыслов татар молдалары қазақ даласында орыстар енгізе алмаған ықпалды түпкілікті орнатуға зор үлес қосты деп есептеді [30,170-173-бб.]. XX ғасырдың 20 жылдарында біршама авторлар бұрынғы «халықтар түрмесі» атанған Ресей империясындағы мұсылман халықтарының, атап айтқанда қазақ-татар, қазақ-башқұрт қарым-қатынастарының күрделі табиғатын зерттеуге күш салғаны белгілі. А. Чулошниковтың [31,293-б.], С. Бекболатовтың [32,72-76-бб.], Г. Губайдуллиннің [33,157-б.], Ф. Тухватуллинның [34,110-б.] еңбектері осы мәселеге арналды. Бірақ сталиндік тоталитарлық режимнің күшеюіне байланысты XX ғасырдың 20 жылдарында іргесі қаланған түркі тілді халықтардың өзара қарым-қатынас тарихын зерттеу дәстүрі үзіліп қалды. Бұл құбылысты герман тарихшысы Андреас Капелердің зерттеулері жан-жақты ашып көрсетіп берді [35,344-б.].

XIX ғасырдың 60-шы жылдары аймақта Ресей ықпалын күшейту, орыс-түземдік мектептер арқылы орыс емес халықтарды бірте-бірте шоқындыру және орыстандыру саясаты басталған тұста патша үкіметінің ойын бейнелейтін жұмыстар пайда болды, бұл еңбектерде білім беру саласына көп көңіл бөлінгені

айтпаса да түсінікті [36,56-б.]. Білім беру мекемелерінің біртұтас жүйесіне кіргендігіне қарамастан аймақтағы халықтық білімнің өзіндік ерекшеліктері болды. Ұлт аймақтарындағы мектептер бұратана халықтарды идеологиялық өңдеудің тетігіне айналуы тиіс еді. Осыған байланысты зертеушілер Қазан рухани академиясы мен Қазан университетінің профессоры, миссионер Н.И. Ильминскийдің идеялары мен қызметін талдауға қызығушылық танытты. Н.И. Ильминскийдің бірсыпыра еңбектерінде «бұратаналардың саяси ағартушылығына» қызмет істегендігі, ал басқа еңбектерінде мектептер арқылы мұсылман балаларының «рухани дүниесін жаулап алуға» тырысқандығы сыналды [37,4-10-бб.]. Н.И. Ильминский Ресей империясының барлық бұратана халықтарын біртұтас православиелік орыс бірлестігіне кіргізуді мақсат етті. Бұратана халықтардың жас өспірімдерінің сана сезіміне христиандықтың негізін ендіре, шын мәнісіндегі білімді және қабілетті адамдарды дайындау емес, орыстың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ендіруді көздеген. Н.И. Ильминский көпұлтты өлке жағдайында бұратана халықтардың салт-дәстүрі мен тұрмысы, құқығын ескеретін сипаттамаларды зерттеген. Сондай-ақ, Н.И. Ильминскийдің жүйесінде мұсылман халықтарының басын біріктірмей, бытыратып жіберудің механизмдері қарастырылған болатын. Н.И. Ильминский «қырғыздардың тілін сақтау» және оны татарланып кетуден қорғау мақсатында қазақ тілін араб графикасынан кириллицаға көшіру керек деген жоспарын ұсынған [38,135-б.]. Екіншіден, башқұрт және қазақ халқына татар мәдениетінің әсер етуіне қарсы тұру және оны оқшаулау мақсатында білім беру мектептерінде татарларды башқұрттар мен қазақтардан бөлек оқыту жүйесін ұсынған еді. Н.И. Ильминский ұсынған әдістер арқылы патша үкіметі татарлардың ықпалын әлсіретіп, оны орыс-православ ықпалымен ауыстыруға тырысты. Ұлттық қозғалыстың көшбасшыларының бірі Ахмед Цаликовтың пікірінше, патша үкіметі «орыстандыру процесін жылдамдату және қарсыласу күшін әлсірету» [39,171-б.] мақсатында Ресей мұсылмандарын татарлардың ықпалынан күштеп тартып алуға тырысты.

Қ. Халидтың [40,304-б.], С. Бабажановтың [41,80-б.] еңбектері аталмыш кезеңдегі қазақ даласындағы татар молдаларының қызметі мен мектеп, медреселердің рөлін анықтауда өлшеусіз үлес қосты.

XX ғасырдың басындағы ресми әдебиеттерде қазақ және башқұрт халқына татар молдалары мен мұғалімдерінің кері әсер етуін зерттеуге арналған жұмыстардың пайда болуы да тегін емес. Авторлар, негізінен миссионерлер мен аппологеттер, патша үкіметінің шоқындыру және орыстандыру саясатын түркі-мұсылман халықтарын «татарланудан» [42,123-128-бб.] сақтау мақсатында ұйымдастырылған қарсы әрекет ретінде дәлелдеуге тырысқан.

Миссионерлік-клерикалды тарихнамаға мұсылман авторлары өз тарапынан қарсы жауап беріп отырды. И. Гаспринский [43,92-112-бб.] мен А. Баязитовтың [44,35-46-бб.] еңбектерінде «ислам - прогресті қабылдай алмайтын дін» ретінде айыптаулар әшкереленіп, Ресейдің мұсылман халықтарының қоғамдық өмірінің жан-жақты реформалануы қажет екендігі ерекше аталып көрсетілді. Бұл



процесте, авторлар, Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасына елеулі орын берді.

Орынбор мүфтилігіне діни басшыларды тағайындау мен олардың қызметі жайында И.А. Ермаковтың [45,280-300-бб.] еңбегінде көрсетіледі. Автор мүфти, имам, молда, ахун мүдәріс және мұғалімдердің қызметіне нақты түсініктемелер беруге тырысады. Сондай-ақ, қарастырылып отырған мәселеге қатысты ой-пікірлер Р.Г. Абдулатиповтың [46,317-б.], А.Е. Алекторовтың [47,221-229-бб.], И. Березиннің [48,72-80-бб.] еңбектерінде көрініс тапқан.

«Жәдидизмнің әкесі» И. Гаспринский мен оның «Терджиман» атты газеті жөніндегі шындықты алғашқылардың бірі болып қалпына келтіруге тырысқан әйгілі исламтанушы Л.И. Климович (1907-1989 жж.) еді. Сонымен қатар, Қазанда И. Гаспринскийдің еңбектерін қайта басып шығаруға кірісті. (Мұсылманның ойлары, естеліктері мен бақылаулары. Бахшасарай. 1881 ж., Шығыс-орыс келісімі. Ойлар, естеліктер мен тілектер. Бахшасарай. 1896 ж.) Алғаш отандық тарихнамада жәдидизмнің белсенді жақтастарының қызметі, «Шуро» журналы редакторының қызметі мен қоғамдық көзқарасының, мүфти Р. Фахретдиновтың, «Қазақ» газетінің редакторлары А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың еңбектерін басып шығару болатын [49,173-179-бб.].

XX ғасыр басындағы құжаттық бағдарламаларда діни мәселелердің ерекше орын алуы тегін емес және аймақтағы ұлттық қозғалыстардың дамуы, этникалық және діни сана-сезімнің сабақтасуы, конфессиональды маңызды фактордың бірі болып табылады. Әсіресе, қазіргі кезеңде «діни Ренессанс» (немесе «руханилықтың қайта тууы») деп аталатыны байқалады, салыстырмалы кесіндіде мұсылман халқының саяси және рухани өмірінде исламның маңызын объективті зерттеуге мүмкіндіктер тудыратын, өздерінің қоғамдық қызметін дінді қалпына келтіру арқылы ұштастыру үрдісі жүріп жатыр. XX ғасырдың басындағы Ресей империясындағы исламды зерттеудің алғашқы тәжірибесі «Посткеңестік кеңістік пен КСРО-дағы ұлттық қозғалыстар» атты ғылыми жобаның шеңберінде орындалған «Ислам и этническая мобилизация: национальные движения в тюркском мире» [50,96-б.] атты мақалалар жинағы болып табылады. Бірақ бұл мәселені Ресей мұсылмандарының бүкіл тарихын талдамай зерттеу мүмкін емес. Бұл жобада Ресейдегі исламның саяси тарихы қарастырған. Исламтанушы Р. Ландтың «Ислам в истории России» [51,312-б.] атты көлемді монографиясында исламның жалпы тарихы мен оның Ресей империясы аумағындағы саяси жағдайы туралы жан-жақты зерттелінген. Аталған зерттеушінің еңбегінде Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасына қатысты да маңызды ой-пікірлер кездеседі. Бөкей ордасындағы діни ахуал жайындағы мәліметтерді академик С.З. Зимановтың [52,48-55-бб.] еңбектері береді.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты С.Қ. Жақыпбекің [53,22-24-бб.] еңбектерінде кеңінен талданған. Бұл еңбектерінде ол патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген рухани жаулау әдісі қазақ халқын діннен айыру болғанын баяндайды.

Патша үкіметінің отарлау саясаты тек әлеуметтік-экономикалық немесе саяси ғана жақтарды қамтыған отарлау емес, сонымен қатар мәдени-рухани өмірді қамтыған өркениеттік отарлау екендігін дәлелдейді. Ол туралы тарихшы М.Қ. Қойгелдиев «Біз қадір тұтқан құндылықтар» атты мақаласында: «Түркістан халықтарын ресейлік отарлау жай экономикалық немесе саяси отарлау ғана емес, ол өркениеттік отарлау. Алдымен патшалық, сонан соң кеңестік биліктердің ислам дініне, исламдық құндылықтарға, жергілікті халықтың тіліне, салт-дәстүріне қарсы мемлекеттік деңгейде жоспарлы және жүйелі әрекеттерді іске асыруы соның айғағы» [54,2-б.], - деп ашып көрсетеді. Сонымен қатар, М.Қ. Қойгелдиевтің «Жетісудағы Ресей билігі (XIX – 1917 ж.)» атты монографиялық зерттеуі біздің зерттеуімізбен тығыз байланысып, ұштасып жатыр. Еңбекте Жетісу өңірінің Ресей тарапынан жаулап алынуы, оның зардаптары, жаулап алынғаннан кейінгі патша өкіметінің отар аймақтардағы халықтарды қатаң бақылауға алып, оны өз уысынан шығармауға тырысып баққандығы, осы мақсатта халықты алдымен шоқындырып, орыстандырып жіберуге тырысқандығы өткір сынға алынып, бұл мәселе жөнінде мынандай орынды пікір білдірген: «Патша өкіметі отарлау процесі барысында православиялық Ресейге қарсы ислам дінінің қорғанысы – ұйытқылық, рухани қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан ислам дінінің түркі халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңынан оны жоюға үлкен ынта қойды. Ислам дінін патша өкіметі өзінің саяси міндеттерінің жүзеге асыру жолындағы негізгі кедергі ретінде бағаланды. Шеткері аймақтардағы халықтарды орыстандыру жолындағы патша өкіметінің сойылын соғушылардың айла-әрекеттерінің бірі – мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданыстан шығару болды. Араб жазуын мұсылман халықтарының қолдануын қалайда ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізуді жүзеге асырып қалуда Н.И. Ильминский, Н.П. Остроумов секілді миссионер ғалымдар белсенділік танытып жатты. Н.И. Ильминскийдің пікірінше, әліпби қай уақытта да дінмен бірге қабылданған. Татарлар, қазақтар және т.б. түркі халықтары өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс әліпбиін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады». Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға, екіншіден, біртіндеп православиеге көшіруге болады» [55,155-200-бб.].

З.Т. Садвокасованың «Духовная экспанция царизма в Казахстане в области образования и религии» атты монографиялық зерттеуі біз қарастырып отырған мәселемен тығыз байланысты [56,126-257-бб.]. А. Махаева «Тойшыбек би және оның заманы» [57,39-бб.] монографиясында: «XVIII ғасырдың соңында татар элитасы мен ресей мемлекетінің арасында тарихи ымыраға келуге қол жеткізілді. Исламның ресми статусы мойындалды. Ішкі Ресей мен Сібірдің мұсылмандары барынша шашыраңқы түрде болса да діни автономия алды. Қазақстандағы мұсылмандар мен басқа жердегі мұсылмандар бір әкімшілік

бірлікке – милетке қарады. Татар элитасы қазақ даласында, Орталық Азияда және басқа бірқатар мұсылман мемлекеттерінде Ресейдің сауда және саяси тыңшысы қызметін атқарды», деп көрсеткен еді. Сондай ақ, А.Ш. Махаева мен З.Т. Садвокасованың еңбектерінде дінбасылардың қызметі жайында да біршама мағлұматтар берілген [58,29-30-бб.].

Соңғы жылдары диссертациялық ізденіс тақырыбы бойынша жазылған Г.Р. Мұхтарованың [59,40-55-бб.], Г.С. Султанғалиеваның [60,24-б.], Г. Избасарованың [61,30-б.], С.К. Рүстемовтың [62,45-б.], Г.А. Бисенованың [63,98-б.], Б.С. Әбенотованың [64,79-б.] еңбектерін атауға болады. Қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өміріндегі ислам дінінің рөлі Г. Мұхтарованың зертеу еңбегінің объектісіне айналды. Этникалықтың және исламның сәйкестігі, саяси-әлеуметтік және мәдени-саяси кеңістікте қазақтардың діни және этникалық ұқсастығына Г.С. Султанғалиеваның еңбегі арналған. Өртүрлі уақыттық-кеңістіктік бөлінудегі Орталық Еділ бойы мен Оңтүстік Орал халықтарымен қазақтардың қарым-қатынасы Г.С. Султанғалиеваның, сондай-ақ Л.З. Болатбаеваның, Г. Избасарованың кандидаттық диссертацияларының зерттеу объектісіне айналды. Б.С. Әбенотова өз еңбегін 1968 жылғы жаңа басқару жүйесінің енгізілуі нәтижесінде отарлық қанаудың күшеюін зерттеуге арнаған.

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыстың мәні мен мазмұнын ашуға арналған С.К. Рүстемовтың еңбегі дін мәселесін саяси-тарихи деңгейде қозғаса, 1905-1907 жылдардағы ұлт-азаттық күрес кезіндегі петициялар жолдауда дін мәселесінің назардан тыс қалмағандығы Г. Бисенованың еңбегінде қарастырылады.

Орынбор мұсылмандарының рухани жиналыстарының негізгі бағыттары мен құрамы, тарихы Д. Азаматовтың [65,21-б.] кандидаттық диссертациясының объектісіне айналды. Автор Қазан хандығының Ресейге қосылғаннан кейінгі кезеңдегі патша үкіметінің татар және башқұрт халықтарына қатысты діни саясатының жүргізілуі мен барысын ашып көрсетеді. Сондай-ақ, А.Ю. Хабутдиновтың [66,17-20-б.] еңбегі татар ұлтының қалыптасуы мен XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы Орынбор Діни басқармасының құрамындағы татар халқының тарихына арналады.

Тақырыпқа тарихнамалық шолу жасай келе, қорытатынымыз: патша үкіметінің, кейіннен кеңес үкіметінің Орынбор мүфтилігіне қатысты саясаты туралы ешбір еңбекте арнайы қарастырылмаған, олардың ислам дініне қатысты саясатын ішінара ғана талдаған еңбектер екенін айтуға болады.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері.** Орынбор мүфтилігінің тарихы мен қызметін және оның қазақ қоғамының саяси және қоғамдық-рухани өмірінде алатын орнының осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген мұрағат құжаттары мен деректері негізінде талдау, оны ғылыми көзқарас тұрғысынан бағалау – зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсатынан туындайтын мынандай міндеттер қойылып отыр:

- Патша үкіметінің отарлық саясатының кең етек алуы мен Орынбор мүфтилігін ашуға алғышарт болған жағдайлардың себебін анықтау;
- Ресей империясының қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мақсатына талдау жасау;
- Орынбор мүфтилігінің қазақ даласындағы діни-ағартушылық қызметі мен отаршылдық саясаттағы алатын орнына объективті баға беру;
- патша үкіметінің қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып тастауының себептері мен салдарын анықтау;
- қазақтарды Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жолындағы әрекеттердің себебін анықтау;
- қос төңкеріс тұсындағы діни басқарма мәселесін саралау;

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Диссертациялық жұмысты даярлау барысында мұрағат құжаттарын, баспасөз материалдарын, мәліметтерді ғылыми айналымға кеңінен тарта отырып, дерек көздерін екі топқа алып қарастырдық.

Бірінші топты - мемлекеттік мұрағат қорлары, яғни Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты, Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының қорлары құрайды. Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатының № 6-қоры «Орынбор әскери губернаторының кеңсесі», № 10 – қоры «Орынбор губернаторының кеңсесі», № 172-қоры «Орынбор діни басқармасы», № 174-қоры «Орынбор және Орал епископының кеңсесі», № 177-қоры «Орынбор діни семинариясы», № 179-қоры «Орынбор Успендік әйелдер монастыры» қорларының материалдары диссертациялық жұмысқа негіз болды. Бұл қорлар деректері зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттерінің орындалуына үлкен көмегін тигізді.

Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатының Губерниялық басқарма мен Әскери губернатор қорларында Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасы тарихының алғашқы кезеңі бойынша материалдар жинақталған. Мұнда жергілікті әкімшіліктің діни мекемені басқару механизмін көрсететін құжаттар кездеседі. Мұхаметжан Хүсейінов, Габдесаллям Габдрахимов, Габдұлвахит Сүлейманов сынды мүфтилердің министрлер, әскери және азаматтық губернаторларға жазған хаттары және Ресей мұсылмандарының жетекшісі лауазымына кандидаттарды іздестіруі жайында материалдары аса құнды дерек көзі болып табылады. Қорларда діни мекемені қайта құру жөнінде көптеген жобалар, діни басқарма мен орталық әкімшілік шенеуніктері жазысқан хаттар бар. Бұл құжаттар, жоғарғы мәртебелі шенеуніктердің, бір жағынан, мүфтилерді ұстауға бағытталған, ал екінші жағынан, оларды мақтай отырып, өз дегендеріне көндіру мақсатындағы екі жүзді саясатын ашып көрсетеді.

Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатының қорларында Сенат, Ішкі басқарма, Сенат мекемелері, Құпия кеңсе туралы құнды материалдар сақтаулы тұр. Олар Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасының құрылуының алғышарттарын, бұл істегі кейбір мемлекет қайраткерінің қосқан үлесін ашып

көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда, қордағы кездескен құжаттардың уақыт өтуі салдарынан ескіруі, онда хронологиялық тәртіптің сақталмауы, сондай-ақ, отарлық әкімшіліктің мақсат-мүддесінің қоғамдық пікірден жасырылуы, өлкедегі дінге қатысты саяси істердің өрескел бұрмалануы зерттеу жұмысы барысында қиыншылықтар туғызды.

Жалпы алып қарағанда, мұрағат құжаттарының басым көпшілігі ресми-әкімшілік сипаттағы деректерге жатады. Олардың көпшілігінде ислам және оның институттарына деген кемсітушілік, ал кейде тіпті антогонистік көзқарастар байқалады. Діни басқарма материалдары болса Құран және діни кітаптардан үзінділерге толы болып келеді.

Өкінішке орай, мұрағатта мүфтилер, ахундар мен имамдар арасындағы хаттар аз кездеседі. Бұл өз кезегінде, төменгі дінбасылар мен жоғарғы мұсылман мекемесі арасындағы қарым-қатынастар секілді маңызды мәселені зерттеуге кедергі келтіреді.

Жұмыста түрліше жылдары жарияланған деректер де қолданылды. 1902 және 1905 жылдары жарық көрген «Сборник циркуляров и иных руководящих распоряжений по округу Оренбургского магометанского собрания» жинағында діни мекеменің 1836-1903 жылдарды қамтитын ең маңызды құжаттары жарияланған. Жинақ төменгі дінбасылардың күнделікті қолданысында болғандықтан, оған жоғарғы инстанциялардың белгілі бір себеппен күшін жойғызған үкімдері кірмеген. Бұл жинақтан басқа, патша әкімшілігінің дін саясатына байланысты ережелері, жоғарғы рескриптері мен бұйрықтары топтастырылған құжат жинақтарын да көптеп пайдаланылды.

Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатының И-295-қоры «Орынбор мұсылмандарының Діни басқармасы» құжаттарының маңызы зор. Кеңес дәуірінде мұрағат қорын сақтап қалу үшін мүфти Р. Фахретдин көп күш-жігер жұмсаған. Діни басқарма қорында 1789-1917 жылдар аралығын қамтитын 68250 мұрағат бірлігі сақтаулы тұр. Діни мекеменің күнделікті жұмысы 1836 жылдан бастап жинақталған журналдардан көрініс тапқан. Оларды жүргізу діни басқармада Ресей империясының басқа да мемлекеттік мекемелердегідей болды. Алғашқыда хатшы мүфти мен кадийлердің қарауына талқыланайын деп тұрған мәселе бойынша қысқаша мәліметтер береді. Баяндамадан кейін діни мекеме соған сәйкес үкім шығаратын. Діни басқарманың өз шешімін шығару үшін ондаған жылдар жұмсап, кейде оны қайта қарастырып отырған кездері де жиі орын алған.

Сонымен қатар, бұл аталған қорды пайдалану барысында байқағанымыз, құжаттардың басым көпшілігін отбасылық-некелік және мүліктік мәселе төңірегіндегі өтініштер мен арыздар құрайды. Бұл мәселелерді шешу тәжірибесін ескере отырып, діни басқарма қол астындағы ахун, имам мен муедзиндер үшін ортақ циркулярлар мен үкімдер шығарып отырды. Мұқият зерттеген жағдайда, оларды шығаруға тек діни басқарма шенеуніктері ғана емес, сондай-ақ жергілікті және орталық әкімшіліктің шенеуніктері де өз үлестерін қосқандығы анықталды. Кейбір құжаттар, соның ішінде мүфтидің фетвалары толығымен Орынбор генерал-губернаторы мен азаматтық

губернаторы кеңсесінде даярланды. Қорда басқа да іс құжаттары бар, олар діни басқарма мен түрлі мемлекеттік органдардың қарым-қатынасын, мүфтилер мен мұсылман дінбасыларының көрнекті өкілдерінің қызметін қадағалауға мүмкіндік береді.

Діни басқарма қорында статистикалық сипаттағы құжаттар өте көп. ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап діни басқарма мешіттер мен ондағы бар діни қызметкерлер саны жайлы мәліметтер жинай бастады. Бұл ақпаратты жинастыруға әкімшілік те қомақты үлес қосты. 1839 жылдан бастап діни басқарма мұсылмандар арасында туу және өлім, неке және ажырасу туралы статистика жүргізіп отырды. Статистикалық мәліметтердің шынайылығы күдік туғызбайды. Бірақ, шынын айта кету керек, кантон бастықтары мен башқұрт-мещеряк әскерінің старшындары мешіт санын азайтып көрсеткен. Бұл олардың жабылып қалмауын қамтамасыз етуден шыққан шара еді.

Десек те, біздің диссертациялық жұмысымыз үшін Қазақстан мұрағаттарының қорлары негізгі дерек көзі болғанын атап көрсетуіміз керек.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының № 4- қоры «Орынбор қырғыздарын облыстық басқару», № 6 қоры «Орынбор генерал-губернаторының кеңсесі», № 25 қоры «Торғай облыстық басқармасы», № 44 қоры «Жетісу облыстық басқармасы», № 78 қоры «Ішкі қырғыз ордасын басқару туралы уақытша кеңес». Осы қорлардан аса құнды мәліметтер алынды. Бірақ, басым көпшілік құжаттар 1854-1906 жылдар аралығын қамтығандықтан, бұл қордағы құжаттар Орынбор мүфтилігінің құрылуын толық анықтап бере алмайды.

Деректердің екінші тобын - кітапханалардағы және ондағы сирек кездесетін қорлар бөліміндегі, тарихи-өлкетану мұражайындағы материалдар құрайды. Жұмысымыздың алдына міндет етіліп қойған маңызды мәселе – Орынбор мүфтилігінің қызметі мен оның тарихын зерттеу үшін өткен ғасырда мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар пайдаланылды. Мәселен, Н.К. Крупская атындағы Орынбор облыстық универсальды ғылыми кітапханасы мен Орынбор облыстық мұрағатында сақталған мерзімді басылым материалдары диссертациялық жұмыстың мазмұнын байытып, кеңейте түсті. Бұл орындардан патша өкіметінің дін саясатына қатысты бұйырықтары, заң актілері, жарғылар, естеліктер мен жазбаларда жарияланған материалдар нақты тарихи оқиғалар туралы хабарлар алуымызға мүмкіндік береді.

Орынбор қаласында 1838-1914 жылдар аралығында «Оребургские губернские ведомости» [67,50-51-бб.], 1893-1906 жылдар аралығында «Оренбургский листок» [68,2-7бб.] газеттерінің жинағы шығып тұрған. Мұнда Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевтың 1886 жылғы есептері, Симбирск және Уфа иеліктерінің губернаторы барон О.А. Игельстром және иеліктердегі кеңесші Д.Б. Мертвагоның заң актісінің қабылдануына ат салысқандығы туралы құжаттар жарияланған. Зерттеу жұмысының негізгі объектісі болып отырған діни басқармаға қатысты ІІ Екатеринаның жарлықтары деректік құжаттар қорын толықтыра түседі [69,4-9-бб.].

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында деректер мен материалдар топтастырылған жинақтар да пайдаланылды. Мәселен, патша заңдары мен жарлықтары кеңінен топтастырылған «Обзор Оренбургской губерний за 1895 год» [70,97-б.] атты жинақтың материалдары отаршылдықтың бет-пердесін ашуға мүмкіндіктер жасады. Әсіресе, «М. Хүсейіновтің 1797 жылғы өз қолымен жазған журналы» [71,27-б.] өте маңызды болып отыр. Мүфтидің журналында Кіші жүз ішіндегі тап күресін бәсеңдеткісі келгені көзге түсіп тұрады, мұның себебі мүфтидің өзі старшина тобын жақтайтын адам болғандықтан да түсінікті. Дегенмен, оқиғаларды баяндаудағы бірбеткейлікке карамастан, мүфтидің журналдары деректік мәліметтердің байлығы мен нақтылығы жағынан алғанда аса құнды құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бөлімінен «Қазақ» [72,78-б.], «Дала уалаяты» [73,76-б.], газеттері секілді ұлттық басылымдардан алынған мәліметтердің көмегі айтарлықтай болды.

«Қазақ» газетінің бетіндегі мақалалар, негізінен А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың мақалалары орыстандыруға ғана емес, сондай-ақ татарлық ассимиляцияға қарсы бағытталған болса, «Дала уалаяты» газетіндегі қазақ өлкесіндегі татар молдаларының жағдайы жайындағы мәліметтер тақырыпты аша түсуде өз септігін тигізді.

Жоғарыда көрсетілген деректік мәліметтерді толықтыра түсу мақсатында осы күнге дейін жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтары да кеңінен пайдаланылды. Мәселен, Патшалық Ресейдің қазақ өлкесін рухани отарлауына тарихи шындық тұрғысынан баға беретін С.К. Жақыпбек, М.А. Қадыртаева, А.А. Бельбаева, З.Т. Садвокасовалардың құрастыруымен жарық көрген «История Казахстана (XVIII - начало XX вв.). Сборник документов и материалов» [74,295-б.] атты құжаттар жинағы болды.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің көпшілік кітапханасы, ҚР Орталық Мемлекеттік музейінің ғылыми кітапханасы, мерзімдік баспасөз мәліметтері дерек ретінде пайдаланылып, молынан қолданысқа түсті.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Бұрын ғылыми айналымға түспеген көптеген құжаттар негізінде құрамына Ресей бодандығындағы қазақ халқы да енгізілген Орынбор мүфтилігінің құрылуы мен қызметі және оның қазақ қоғамының саяси өмірінде алатын орны, отандық тарихта тұңғыш диссертациялық жұмыстың зерттеу объектісіне айналып, шынайы ғылыми тұрғыдан кешенді түрде зерттелгендігін айта келіп, жұмыстың төмендегідей жаңалықтарын атап көрсетуге болады:

- Орынбор мүфтилігін құру арқылы патша үкіметі Ресей мемлекетінің құрамындағы мұсылман дінбасыларын өз бақылауына алып, оларды Ресейдің ішкі және сыртқы саясатының құралына айналдырғаны деректік негізде дәлелденді;

- патша әкімшілігіне мойынсынуды насихаттауда мүфти Мұхаметжан Хүсейінов ерекше белсенділік танытқаны және қазақтардың Сырым Датұлы

бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншуда патша үкіметінің мүфтиді шебер пайдаланғаны ашып көрсетілді;

- 1867-1868 жылдардығы саяси-әкімшілік реформаларға сәйкес қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып, жергілікті отарлық әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру саясаты жатқандығы дәлелденді;

- XIX ғасырдың соңына қарай қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жолында діни толқулардың өріс алғандығы жан-жақты деректер негізінде баяндалды;

- қос төңкеріс тұсында мүфтилік мәселесі өз жалғасын тауып, нәтижесінде Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қайта қарату туралы шешім қабылданғандығы анықталды.

**Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар.** 1788-1917 жылдар аралығындағы Орынбор мүфтилігінің тарихы мен қызметін зерттеуге байланысты мына мәселелер қорғауға ұсынылады:

- Орынбор мүфтилігінің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі деректер негізінде отандық тарихта тұңғыш рет ашып көрсетіледі;

- патшалық Ресей Орынбор мүфтилігі арқылы қазақ даласында өз отаршылдық саясатын өткізіп отырғандығы дәлелденді;

- метраполиялық орталық пен отарлық тәуелділіктегі елдің ара қатынасында ислам дінінің қоғамдық институт ретіндегі алатын орнының ерекшелігі айқындалды;

- Орынбор мүфтилігі тәуелділіктегі қоғам үшін империялық билік тарапынан төнген түрлі зорлық-зомбылықтан қорғану құралы болса, билік жүйесі үшін оның мақсатқа жету жолындағы құралы болғандығы дәлелденді;

- XIX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметінің ислам дініне байланысты саясаты қазақ даласында мектептер мен медреселер салдыру, қазына есебінен Құранды бастырып, оны қазақтар арасына тегін тарату сияқты шаралар арқылы іске асырылып отырғандығы баяндалды;

- мүфтиліктің қазақтар арасында ықпал ету ауқымын тарылта түсу мақсатында патша үкіметі қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып, оны жергілікті отарлық билік орындарының қолына берді;

- өлкедегі дінбасылары, қазақтың белсенді азаматтары қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді;

- 1917 жылы Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды;

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны** – Орынбор мүфтилігінің құрылуы. Мүфтиліктің қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани өміріндегі алатын орны мен қызметі. Зерттеудің субъектілері – мүфтилер, ахундар, молдалар, имамдар, мүдәрістер, ишандар, азаншылар, мұғалімдер және т.б. болып табылады.



**Зерттеу жұмысының мерзімдік шегі** – Орынбор діни басқармасының 1789-1917 жылдар аралығындағы қызмет кезеңін қамтиды.

**Зерттеу жұмысының методологиялық негізі мен зерттеу әдістері.**

Орынбор мүфтилігінің құрылу тарихын, оның қызметін зерттеу барысында қазіргі кезеңдегі отан тарихында кеңінен қолданылып жүрген жаңа методологиялық және теориялық тұжырымдар мен көзқарастар негізге алынды. Зерттеу методологиясында проблемалық, тарихилық, объективтілік сияқты ғылыми принциптер мен жүйелеу, талдау, логикалық қорыту әдістерін қолдану шынайы ақиқатқа жетудің басты шарттары ретінде саналып, еңбекте кеңінен қолданылды.

Жұмыста қарастырылған мәселенің барлық тұстарын жан-жақты зерттеу және қорытындылар жасау арқылы тарихи шындықтың объективті түрде, жаңаша көзқараспен бейнеленуіне әрекет жасалды. Соған орай, диссертант соңғы уақытта қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ой-тұжырымдар мен пікірлерге арқа сүйеді.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысы - Орынбор мүфтилігінің тарихы мен мүфтилік құрамында болған қазақ халқының рухани өміріне қатысты арнайы жазылған кешенді еңбек ретінде келешекте осы тақырып аясында даярланар басқа да жұмыстарға теориялық және методологиялық негіз жасауға мүмкіндік беретін ғылыми туынды рөлін атқаратын болады.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған негізгі қорытындыларды Қазақстан тарихының патшалық Ресей империясы мен кеңестік кезеңдері бойынша іргелі еңбектер, оқулықтар, оқу құралдарын дайындауда және жоғарғы оқу орындарының тарих факультеті студенттеріне, мектеп оқушыларына дінтану пәнінің тарихы негізінде арнайы курстар мен дәріс, семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі.** Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары ғылыми мақалалар түрінде жарық көріп, бірнеше халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды.

Зерттеу жұмысы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Қоғамдық пәндер кафедрасында және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, магистратура бөлімінің Гуманитарлық мамандықтар кафедрасында дайындалып, талқыланды және қорғауға ұсынылды.

**Диссертацияның құрылымы.** Жұмыс кіріспеден, әрқайсысы үш бөлімнен құралаған екі тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен тұрады.

# **1 ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ӨРІСТЕУІ ЖӘНЕ ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)**

## **1.1 Орынбор мүфтилігінің құрылуы**

Патша өкіметінің Ресей империясын мекендейтін халықтардың, әсіресе мұсылмандардың дініне қатысты саясаты II Екатерина патшайым тұсында ғана біртіндеп өзгере бастады. II Екатерина патшайым 1773 жылы мамыр айында Синодқа арналған бұйрығында: «Жаратқан Иеміз жердегі бүкіл діндерді, тілдерді бірдей деп қабылдаса, Жоғарғы мәртебелі де қасиетті ишаратқа орай сол сияқты істеуді ұйғарды» [75,5-10-бб.], - деп мәлімдеген болатын. Патшайымның бұйрығы жарияланғаннан кейін империяның мұсылман тұрғындарына мешіттер салуға рұқсат алу әлдеқайда жеңілдеді. Мешіттер салуға рұқсат алу мәселенің шешімі енді жергілікті ахундардың құзырына берілді. Шартты түрдегі еркіндікті пайдалана отырып мұсылмандар өздері мекендейтін елді мекендерде (қалалар мен ауылдық жерлерде) өз қаржыларына мешіттер салып, мектептер аша бастады.

Ресей отарына айнала бастаған Қазақ елі үшін Орынбор мүфтилігінің орны мен рөлі өте зор болғаны белгілі. Орынбор мүфтилігін құру туралы мәселені алғаш Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А. Игельстром көтеріп, 1787 жылы Сенатқа ұсыныс түсірген еді. Оның ұсынысы Сенат тарапынан да, II Екатерина патшайым тарапынан да қолдау тапты. 1788 жылы 22 қыркүйекте II Екатерина патшайым Орынбор мүфтилігін құру туралы жарлыққа қол қояды [76,1-6-пп]. Жарлыққа сәйкес, XVIII ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың басына дейін, жарты ғасырдан астам уақыт бойы, қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарамағында болды.

Орынбор мүфтиліне дейін Ресей империясында Қырымда Таврия мүфтилігі, Кавказда шииттер мен сунниттердің екі мүфтилігі құрылған болатын [77,82-б.]. Отаршылдық саясатты қарқынды түрде жүргізіп, империяның орыс емес халықтарын шоқындыруды жеделдете жүзеге асыруды мақсат еткен патша әкімшілігі Ресей мұсылмандарына арнап орталық билікке бағынышты жағдайда болатын діни басқармалар - мүфтиліктер құруды қолға ала бастады. Патша әкімшілігінің бұл саясатына қалыптасқан ішкі және сыртқы жағдайлар үлкен әсер еткен болатын.

Сыртқы жағдайлар қатарына, негізінен, XVIII ғасырдың соңына қарай Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың шиеленісіп, соғысқа ұласуын жатқызуға болады. Қалыптасқан жағдайда II Екатерина патшайым Түркияның Ресей мұсылмандарына ықпал ету мүмкіндіктерін барынша шектеуді көздеп, қауіпсіздік шараларын ұйымдастырды. Өйткені, 1788 жылы Түркияның Бұхар әмірлігіндегі елшісі Ресеймен соғыстың мақсаты «мұсылмандарды орыс үстемдігінен қорғау» деп мәлімдеген еді. Түрік сұлтанын жақтаған Бұхар әмірі де өз тарапынан қаны мен діні бір Түркияны қолдау үшін Ресей мұсылмандарын орыстарға қарсы күресуге шақырып, үндеу таратып жатты. Жағдайдың шиеленісуінен сескенген патша үкіметі орыс қол астындағы

мұсылмандардың рухани сұраныстарына ізгі ниетте екендігін танытуға тырысып, мұсылман діни басқармаларын, яғни мүфтиліктер құруды қолға алады [77,83-б.].

Мүфтилікті ашуға әсер еткен ішкі жағдай мұсылмандардың отаршылдық саясатқа деген қарсылықтарын бәсеңдетумен байланысты еді. Мұны қазақ даласындағы орыс шенеуніктерінің орталық билік орындарына беріп отырған мәлімдемелерінен де аңғаруға болады. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті директорының атына жіберілген осындай мәліметтердің бірінде былай делінген: «Біздің Даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздардың (қазақтардың) және Орта Азиядағы өзге де мұсылман халықтардың діни істеріне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Мұндай жағдай өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және Даладағы ықпалды адамдарды тартуға байланысты туындады. Соған орай, үкімет орындары алғашқыда исламға төзімділік танытып ғана қойған жоқ, оған қамқорлық та көрсетті» [77,82-85-бб.].

Мұсылмандық діни рәсімдердің сақталуын қадағалау, мешіттер мен медреселерді салуға басшылық ету және оларға имамдар мен мүдәрістер тағайындау, неке қию істерін жүзеге асырып отыру, т.б. бірқатар міндеттер жүктелген мүфтиліктерді патша үкіметі қатаң бақылауда ұстап, олардың қызметі империя мүддесімен үндесіп жатуына ерекше назар аударды. Сөйтіп, мүфтиліктерді билік орындары отаршылдық саясат жолында барынша пайдалануға тырысып бақты. Отарлық билік орындарының уысында болуына байланысты мүфтиліктерге патша өкіметінің дегеніне көнуден басқа жол қалмады. Сондықтан да, 1789 жылы 4 желтоқсанда Уфадағы мүфтиліктің ашылу салтанаты кезінде мүфти М. Хүсейінов мұсылмандарды II Екатерина паташайымға адал болуға шақыруға мәжбүр болды [76,5-п.].

XVIII ғасырдың 40-шы жылдары бой көтерген Қарғалы слободасындағы Сейіт ауылы дін мамандарын даярлайтын орталыққа айналады. Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы құрылған кезде мұнда 4 мешіт пен медресе қызмет етті. Ахун лауазымына талапкерлердің емтихандары осы Қарғалы слободасында өтті. Мысалы, старшындар мен молдалардың қалауымен Исет провинциясының ахуны болып сайланған Абдулла Муслимов губернатордың келісімін тек 1771 жылы Сейіт ауылында емтихан тапсырғаннан кейін ғана ала алды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарына жағымды көріну үшін Ресей үкіметі XVIII ғасырдың 80-ші жылдары қомақты қаржы бөліп Уфа иелігі мен Орынбор облысының шекарасында тастан мешіт пен медресе салдыртады. Тобыл епархиясы жіберген миссионер - уағызшылардың іс-әрекеттеріне қарсылық білдірген Троицк және Челябинск округтерінің башқұрттары 1788 жылдың аяғы мен 1789 жылдың басында наразылық толқуларын өткізеді. Кезекті көтерілістен сескенген патша өкіметі 1789 жылы 7 ақпанда миссионерлердің қызметін тоқтатып, оларды епархиялардан шақыртып алуға бұйрық береді.

XVIII ғасырда дін мәселесі бойынша көптеген шаралардың іске асырылғандығына қарамастан, Ресейде ислам мен оның институттарын

мемлекет тарапынан мойындау Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы құрылғаннан кейін ғана орын алды.

Мүфтилікті құруға қатысты заң актісінің қабылдануына ат салысқандар – Симбирск және Уфа иеліктерінің губернаторы барон О.А.Игельстром мен аталған иеліктердегі кеңесші Д.Б. Мертваго болды [78,29-б.]. 1788 жылы 1 мамырда О.А. Игельстром әйел императорға губерниялық қалада өлке ахуны Мұхаметжан Хүсейінов (1756-1824) жетекшілігімен дін істері бойынша ерекше комиссия құру туралы ұсыныс жасайды. Комиссияға өлке ахуны М. Хүсейіновпен қатар штаттағы екі молда мен тағы бір ахун кіруі тиіс болды. О.А. Игельстром діни лауазымға талапкерлерден емтихан қабылдауды жаңадан құрылған осы ерекше комиссияға тапсыруды жоспарлайды. Ахун, молда немесе муэдзин (мәзім) лауазымына бекітудегі соңғы шешімді иеліктегі билік өкілдері қабылдауы тиіс болды. Комиссия құзырының онсыз да шектеулі болғандығына қарамастан, генерал-губернатор оның үстінен қатаң әкімшілік бақылау орнатқысы келді. Комиссияның барлық мәжілістеріне жоғарғы үкімдік (расправа) пен губерния прокуратурасынан екі өкілдің міндетті түрде қатысуы жоспарланды [79,1-4-пп.].

О.А. Игельстром дін істері бойынша ерекше комиссия құру арқылы мұсылман уағызшыларының санын азайтуды жоспарлаған болатын. Бұрынғы патшайым Анна Иоанновнаның 1736 жылы 11 ақпанда жариялаған ахундардың санын 4 адаммен шектейтін бұйрығы іс жүзінде күшіне енбеген еді. Өлкенің әкімшілік құрылысының өзгеруіне байланысты бұрынғы аймақтық бірліктер жойылып, уездер пайда болады. Генерал-губернатордың сөзіне қарағанда, XVIII ғасырдың соңғы ширегінде мұсылмандардың діни мекемелерінің қызметін мемлекет тарапынан қадағалау біршама бәсеңдеп, бұл жағдай түрліше ахундар, молдалар мен азаншылар санының күрт көбеюіне алып келген. Өлкедегі мұсылман дінбасыларының көбеюін О.А. Игельстром материалдық себептермен түсіндіреді. Молда қатарына өткендер өз діндарларының есебінен өмір сүруге бейімделді. Мұсылман дінбасылары исламды уағыздауды сылтау етіп, ел ішінде еркін жүріп тұру, шетелдерге шығу мүмкіндігіне ие болу үшін өздеріне діни лауазымдар алуға ұмтылды [80,6-п.]. Генерал-губернатордың хабарламасында «қаңғыбастар» деп аталған көшпенді молдалар мемлекетке шынайы қауіп төндіруші элементтер екені, ал үкімет дін бостандығын жариялай отырып, мұсылман дінбасылары секілді ықпалды әлеуметтік топтың іс-әрекетін ескерусіз қалдырғаны жайлы баяндалады. Биліктен материалдық жағынан да, рухани тұрғыдан да тәуелсіз дінбасылар өз қандастары ортасында қоғамдық сананы қалыптастыруда еркіндік алды. Әрине, генерал-губернатордың қауіптеніп отырған «еркіндігі» шартты ғана еркіндік болатын. Ең беделді дінбасылардың өзі әкімшіліктің қатаң бақылауында болды. Мысалы, башқұрттар арасында кең танымал Габдрахим және Жағыфар молдалар 1785 жылы Троицк уезінің Ахуново деревнясында сопылық ілімді уағыздап, «кәпірлерге» қарсы көтерілуге шақырғаны үшін сотқа тартылады. Қамауға алынған молдалар азғана уақыттан кейін бостандыққа шығарылып отырды. Олар билік көзінен таса болғысы келіп, өздерінің тұрғылықты

жерлерін ауыстыратын. Ал, Габдрахим болса отбасымен тіпті Кабулға көшіп кетеді [81,92-п.].

О.А. Игельстром ерекше комиссияға жылына 680 сом күміс ақша бөлмекші болды. II Екатерина патшайымға жазған хатында генерал-губернатор былай дейді: «Әрине, бұл аз шығын, бірақ өз пайдасын береді. Себебі, мұндағы ислам дінін тұтынушы халықтар Сіздің тарапыңыздан жасалған қамқорлықты ескеріп, олардың Сізге деген қошеметі күшейе түседі» [82,105-п.].

II Екатерина патшайымның 1788 жылы 22 қыркүйекте жариялаған бұйрығының негізін генерал-губернатор О.А.Игельстром жасаған жоба құрады. Бірақ, генерал-губернатор жобасы мен патшайым бұйрығы арасында біршама айырмашылықтар да болды. Егер өлке билеушісі ерекше комиссияның өкілеттілігі тек Уфа иелігі мен Орынбор облысына ғана жүреді деп есептесе, әйел император комиссия өкілеттілігін Таврия облысынан басқа Ресейдің бүкіл аймақтарына таратуға бұйырды. Сонымен қатар, II Екатерина патшайым діни басқарма жетекшілігін мүфти және Қазан губерниясында сайланған үш заседательдің жүргізуін қалады. Ислам елдерінде мүфти (парсыша – муфти, түрікше – мюфти – фетва шығарушы) дін және басқа да мәселелер бойынша ерекше қорытынды (фетва) шығару міндеті жүктелген жоғары діни лауазым болды. Діни басқарма төрағасы лауазымының атауын М. Хұсейінов ұсынған болса керек. М. Хұсейіновке Ресей мұсылмандарының тарихтағы тұңғыш діни басшысы – мүфти болу мәртебесі тиді. Оны осы лауазымға бекіткен бұйрық 1788 жылы 22 қыркүйекте шығады, алайда ол Ресей үкіметінің назарына бұрыннан-ақ іліккен болатын. XVIII ғасырдың 70-ші жылдары М. Хұсейінов Бұхара мен Кабулға сапар шегіп, жергілікті медреседен тәлім алудан бөлек, Шетел істері коллегиясының тапсыруы бойынша құпия ақпарат жинаумен шұғылданған еді. Шетелден оралған соң ол Орынборда офицер қызметін атқарады [71,26-б.].

1785 жылы О.А. Игельстром өлкеге наместник болып келгеннен бері М. Хұсейіновтың бағы жанып, қызмет сатысында көтеріле бастайды. О.А. Игельстромның қазақ сұлтандарының қолдауына арқа сүйеп қазақ даласында патша билігін күштеп орнатуды көздеген шенеуніктерден айырмашылығы – ол отарлауды бейбіт жолмен өткізуді жөн санаған саясаткер болды. Ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыру үшін О.А. Игельстромға осы мақсатқа дипломатиялық жолмен қол жеткізетін орындаушылар қажет болды. Таңдаудың Мелдияр Бекчурин мен Мұхаметжан Хұсейіновке түсуі кездөйсоқ емес еді. 1778 жылы қазақ сұлтандарымен келіссөздер жүргізу үшін кіші жүзге келген М. Бекчуриннің мұндай тәжірибесі мол болатын [82,94-101-пп.].

Қазақтарға қатысты саясаттағы жаңа үрдістерді дер кезінде байқай білген М. Хұсейінов О.А. Игельстромның сенімді көмекшісіне айналады. 1785 жылы ол Орынбор шекаралық экспедициясы жанында айлығы күміс ақшамен 350 сом болатын ахун лауазымына ие болды. Сол жылдың маусым айында М. Хұсейінов қазақ даласына арнайы сапар шегіп, біршама нәтижелерге қол жеткізіп қайтады. Сапар барысында бастапқыда бірқатар қарсылыққа тап болғанымен, бірте-бірте старшындардың көңілін тауып, оларға Уфа

наместнигінің хатын тапсырады да, Орынборға қазақ делегацияның келіп-кетуін қамтамасыз етеді. Делегация 1785 жылы шілде айында келеді. Сол жылдың күзінде және 1786 жылы Кіші жүзге жасаған сапарлары нәтижесінде М.Хүсейінов қазақ ақсүйектеріне пара беру, сыйлық таратып көңіл аулау, діни мәселелерде білгірлігімен шешендік таныту арқылы қазақ сахарасында патша билігін бекіте алатын дипломат даңқына ие болған еді. Ахунның еңбегі орыс әкімшілігінің назарынан тыс қалмады. 1786 жылы 12 қарашада II Екатерина патшайым О.А. Игельстромға рескрипт жіберіп, шекаралық соттың нығаюына қомақты үлес қосқаны үшін ахун М. Хүсейіновтің жылдық жалақысын тағы да 200 сомға көтеріп, оған өлкедегі бас ахун дәрежесін беру туралы тапсырады. Бас ахунның сыртқы саясаттағы міндеттері анық болса, ал наместничество ішіндегі міндеттерін анықтау күрделі мәселе. Бір анығы, оның өкілеттілігіне мешіт салуға рұқсат беру кіретін. Мысалы, 1786 жылы бас ахун М. Хүсейінов башқұрт Айтқұл Мұллақаевқа Битичево деревнясында 9-шы башқұрт кантоны 20-шы ауылының өз қаржыларымен мешіт салуға рұқсат берген бұйрыққа қол қояды. Бірақ мұндай құқыққа бас ахунмен қоса қатардағы ахундар да ие болып отырғандығын көрсететін деректер де кездеседі [81,4-п.]. Діни басқарманы құрған кезде үкіметтің құпия мақсаттарының бірі - өлкедегі мұсылман дінбасыларының қызметіне бақылау орнату болғанын ескерсек, онда ахундардың М. Хүсейіновке бағыныштылығы шартты түрде болғаны айқын көрінеді.

Өкімет бірінші мүфтидің материалдық жағдайын да ойластырды. Оған күміс ақшамен 1500 сом жылдық жалақы белгіленіп, башқұрт жерлерін сатып алуға рұқсат берілді. Бұл жердегі қызықты жәйт – заң бойынша православие дінбасылары жекеменшікке жылжымайтын мүлік ала алмайтын. Осыны ескере отырып, губерниялық прокурор Н.И. Тимашев өкіметтің шешіміне наразы болып, православие дінбасылары сияқты мұсылман дінбасылары иерархиясының жоғарғы өкілі – мүфтидің де «башқұрттардан жер сатып алуға құқығы жоқ» деп есептеді. Бұған орай Сенат Ресейде православтар сан жағынан басым, олардың мұсылмандықпен ешқандай жақындығы жоқ, сондықтан да мұсылмандық біздің заңға сәйкес келмейді деп мәлімдеме жасап, дауды басуға тырысты [81,5-п].

Мұсылмандар діни басқармасы 1789 жылы 4 желтоқсанда Уфа қаласында салтанатты түрде ашылды. Діни басқарманың ашылуының нәтижесінде бұрын бірде-бір мешіті жоқ, тек қырық-елу мұсылман тұрғыны бар Уфа қаласы XVIII ғасырдың аяғына таман Ресей мұсылмандарының діни орталығына айналап шыға келді. Діни басқарма орналасатын қаланы анықтағанда Уфа қаласының мемлекеттік басқару мекемелері орналасқан губерниялық қала екендігі ескерілді. Жаңадан ашылған мемлекеттік мекеме жергілікті атқару органдарының қатарын толықтырды.

Діни басқарманың «Орынборлық» деп аталуы көптеген зерттеушілерді діни басқарманың орналасқан мекен-жайы бастапқыдан-ақ Орынбор қаласы болған деп қате қорытынды жасап, шатасуға алып келген. Шатасулар діни басқарманың қызметке кіріскен уақытына да байланысты орын алған. Мысалы,

Ш. Марджани діни басқарманың қызмет ете бастауын 1778 жыл деп көрсетіпті [2,211-б.]. Ол: «Діни басқарма ашылған соң бастапқыда Орынбор қаласында орналасты, бірақ үш жылдан кейін (заседательдердің өкілеттілік мерзімі – 3 жыл) өткен соң, азық-түлікпен қамтамасыздандыру қиынға соқты да, осы шеткейге – Уфа қаласына көшірілді» [2,212-б.], - деп жазды. Башқұрттың әйгілі түркітанушысы А.З. Валиди діни басқарма ІІ Екатерина патшайымның 1787 жылы 10 қыркүйектегі бұйрығымен Орынбор қаласында құрылды деген пікірде болды [85,55-70-бб.]. Сондай-ақ, «История Татарии в документах и материалах» [86,348-б.] атты жинақтың құрастырушылары да ІІ Екатерина патшайым бұйрығының шыққан уақытын анықтауда қате жіберген. Көптеген мұрағат құжаттары мен жарық көрген деректерде де діни басқарманың құрылған уақыты ретінде 1782 жыл көрсетілген [76,5-п.]. Бірқатар авторлар аталған жинақтың мәліметтерін пайдалану салдарынан көптеген қателіктерге жол берген [86,15-б.]. З.А. Ишмухаметов пен Ю.Н. Сергеев сынды зерттеушілер 1782 жылы әйел императордың бұйрығымен мүфтиат (іс жүзінде жұмыс істемеген орган), ал 1788 жылы – Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы құрылды деп есептейді [19,78-б.]. Біз жоғарыда аталған авторлар тұжырымдарымен келіспейміз, себебі, ресми мұрағат құжаттары діни мекеменің бастапқыда Уфа мұсылмандарының діни басқармасы деп аталып, 1797 жылы Уфа иелігінің Орынбор губерниясы болып қайта құрылуынан кейін басқа да мемлекеттік мекемелермен бірге Орынборға көшірілгенін айғақтайды [88,76-п.]. Тек осы уақыттан бастап ол Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы деп атала бастаған. 1802 жылдың аяғы – 1803 жылдың басында діни басқарма қайтадан Уфа қаласына көшіріледі [89,14-15-пп.]. Азаматтық мемлекеттік мекемелердің Уфа қаласына қайтып оралуының себебі – Орынбор қаласында азық-түлік тапшылығы және ол қаланың губернияның негізгі уездерінен алшақ орналасуынан еді. Қайтып оралуға ұсыныс жасағандар – сенаторлар М.Г. Спиридонов пен И.В. Лопухин болды. Олар өздерінің 1800 жылы губернияда жүргізген ревизиялық тексерулерінің нәтижелері туралы есепті баяндамаларында Уфа қаласын губерниялық мекемелердің орналасуына ең қолайлы, бүкіл империяда азық-түлік бағасы ең арзан елді мекен деп көрсеткен. Уфаға қайта көшуді қолдағандардың ішінде мүфти М. Хұсейінов те бар еді [90,12-п.].

Діни басқарманың 1789 жылы 4 желтоқсандағы ашылу рәсіміне жиылған мұсылман қауымының алдында мүфти М. Хұсейінов: «Екатерина патшайым басқарған ресейлік азаматтар шаттануда... Байыппен, алды-артын ойлайтын анамыз дінге көз жұмып сенгенге емес, жүрекпен сенгенге ілтипатты» сияқты «философиялық ой-толғам» мен мадаққа толы сөз сөйлейді. М. Хұсейінов патшайымның мұсылман қауымына жасаған жақсылықтарын тізбектей келіп, мұсылмандарды «ортақ тыныштық пен берекенің қамқошысы» ІІ Екатерина патшайымға сенімділік білдіруге шақырады [91,81-п.].

Мемлекеттік діни мекеменің қызмет істеуін құқықтық базамен қамтамасыз ету керек еді. Осыны ескеріп, 1789 жылы 6 желтоқсанда О.А. Игельстром ІІ

Екатерина патшайымның кеңсесіне Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының құрылымы туралы жобаны жібереді [91,82-п.].

Мұсылман заңындағы жарғыда діни басқарманың деңгейі жоғарылатылды. Онда діни басқарма Уфа иелігі басқармасының қарамағында екендігін және дәреже жағынан жергілікті орта буынды сот органдарымен теңестірілгені заңдастырылған. Бұл бап XVIII ғасырдың екінші жартысында орын алған мемлекеттік басқару унификациясына сәйкес келді. О.А. Игельстром діни лауазымдар (азаншы, молда, ахун шені) алу тәртібін қатаң белгіледі. Тілек білдірген молдалардың санына қарамай мұсылмандар қоныстанған әрбір уезге екі ахуннан белгіленді. Дін шешендері заңнан тыс деп жарияланды. Дін қызметкері лауазымына қол жеткізу қиын және көпсатылы болды. Молданы алдымен ауыл тұрғындары сайлайтын. Сайлаудың қорытындысы туралы жергілікті земство бақылаушысы немесе жергілікті кантон бастығы жергілікті иелік билеушісіне хабарлайтын. Ал, жергілікті иелік билеушісі сайлаудың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, талапкерлерді діни басқармаға емтихан тапсыруға жіберетін. Емтиханға жоғарғы үкімдіктің екі мүшесі міндетті түрде қатысып, олардың белгілі бір сәйкессіздіктерді байқаса діни мекеменің шешімін өзгертулеріне құқықтары болды. Бұл жарғы XVIII ғасырдың соңғы онжылдығында табыспен қызмет етті. Емтиханнан сүрінбей өткен үміткер губерния билеушісінің бұйрығын алды [92,601-602-бб.].

О.А.Игельстром Орынбор мұсылмандары діни басқармасының компетенциясы (құқығы мен міндеттері) белгіленген жарғы жобасын да жасап шықты. Жарғы жобасының алғашқы бөлігінде – некелік-отбасылық қарым-қатынастар мәселесіне айрықша көңіл бөлінді. Генерал-губернатор бұл салада мұсылмандар «әділдік пен заңдылықты» әрдайым сақтай бермейтінін атап көрсетеді. О.А. Игельстромның пікірінше, неке қию, ажырасу, мұраны бөлісу барысында орын алатын заң бұзушылық пен асыра сілтеушілік мұсылман дәстүрінен еуропалық дәстүрге көшкен жағдайда ғана жойылуы мүмкін құбылыстар саналды. Күйеу жігіт үйленбей тұрып қатарынан үш жұма намазда болашақ неке туралы хабарлауы қажет болды. Ажырасу туралы да осылай хабарланатын. Ажырасуды заңдастырған діни тұлға діни басқармаға оның себептері жазылған хат жіберетін. Неке мен ажырасулардың жағдайын қадағалап отыру – діни мекеменің міндеті болды. Діни басқарма егер заң бұзылып отырғанын байқаса, ол мешіт қауымы шығарған шешімнің күшін жоятын. XIX ғасырда аталған баптың тек ажырасу процесіне қатысты тармақшасы ғана іске асып отырды [92,563-б.].

О.А. Игельстром жобасының екінші бөлігінде - мешіттер салу және олардың қызметі жайында ережелер жазылды. Мешіт салу мәселесінде 1735 жылғы азаматтық билік орындары рұқсат беретін жоба негізге алынды. Бұл іске діни басқарма да тартылды. «Кімде-кім мешіт салғысы келсе, онда ол Мұсылман заңындағы Діни басқармадан рұқсат алуы қажет, басқарма өтінішті қарастырып, оны жергілікті иелік басқармасына өткізуі керек» [92,565-б.]. Православ шіркеулері туралы заңдағыдай мұсылмандарға да әрбір 100 үйге бір мешіт ұстауға рұқсат берілді. Салт-жоралғылық мекемедегі діни қызметкерлер



санын генерал-губернатор арнайы бекітпесе де, жобаның бастапқы нұсқасында олардың саны екеу деп көрсетілген еді. Мешіттер мен мектептердегі діни шенеуніктер тікелей уездік ахундарға қарайтын болды.

Діни басқарманың өкілеттілігі туралы жазылған жобаның үшінші бөлігінде - дінге қарсы қылмыстардың жазасы қарастырылды (оқылмаған намаздар, зина жасау, ішімдік ішу және т.б.). Тәртіпті өрескел бұзғандарды шарифат заңы бойынша дүре соғып жазалайтын. О.А. Игельстром шарифат заңының осы дәстүрін болдырмауды ойлап: «бірде-бір дін қызметкері немесе діни басқарма ешбір адамды жазалауға немесе дүре соғуға құқығы жоқ» [92,566-б.], – деп жазды. Дүре соғу жазасының орнына О.А. Игельстром айыпты адамды ел алдында әшкерелеу, мешітке қосымша барғызу және тіпті мешіт жанында қамауда ұстау секілді шаралармен алмастыруды ұсынды.

О.А. Игельстром жобасының төртінші бөлігінде: «барлық мектептер Мұсылмандардың діни басқармасы қарамағында болсын және мекеме онда оқытылатын пәндерді қадағаласын» [93,1-п.], – деп жазылды. Мектептерді тек мешіт жанынан ашуға рұқсат беріліп, ал үйде немесе басқа жерде мектеп ашуға тыйым салынды. Жаңа мектептер ашу тәртібі мешіт ашу заңына сәйкес келді. Діни мекемеде емтихан тапсырып, лауазымын бекіткен мектеп оқытушылары (муддаристер) ай сайын генерал-губернаторға оқушылардың аты-жөні көрсетілген тізім беріп отыруға міндетті болды.

Жоғарғы билік О.А. Игельстром жобасын бекітпеді, дегенмен діни басқарма оны нормативті акт ретінде орындап отырды. Заң жобасының көптеген ережелері өкіметтің жарғылары мен бұйрықтарына негіз болды. О.А. Игельстром өз жобасын шарифатқа сай жасалған деп есептеді.

Төменгі-жоғарғы дәрежелі расправалар, басқа да мемлекеттік басқару мекемелері ұзақ жылдардан бері мұсылмандардан түскен арыздардың астында қалған болатын, өйткені бұл мекемелердің қызметкерлері мұсылман құқығы мен исламды тұтынантын халықтардың дәстүрінен бейхабар болуына байланысты қордаланған істерді дер кезінде шешуге қабілетсіз еді. О.А. Игельстромның жобасы бойынша діни мекемеге апелляциялық орган міндеті жүктелуі тиіс болды. Ол: «молда немесе ахун үкімімен келіспеген адам өз ісін қарау үшін діни басқармаға өтініш бере алады» [93,2-п.], – деп белгіледі. Сонымен қатар, діни басқарма молдалар мен ахундарды қадағалайтын органға айналды [93,3-п.].

Орынбор мұсылмандары діни басқармасын құрғанда патша үкіметі сыртқы саясатты қатаң ескере отырып құрған болатын. Мүфти М. Хұсейінов алдын ала жоспарланғандай, Қазақстан мен Орта Азияда Ресей империясының мүддесін қорғайтын саяси тұлға рөлін атқарды. Ол діни басқарманы әуел бастан-ақ дипломатиялық мекеме ретінде қабылдады, сондықтан да 1789 жылы 12 қарашада әйел императорға жазған құттықтау хатында өзін «қырғыз-қайсақ мүфтиі» деп атаған [94,78-п.]. Мүфти М. Хұсейінов көптеген татар молдаларын дипломат және конфидент-тыңшы ретінде жоғарыдағы саясатты іске асыруға қызу жұмылдырды. Дипломат және конфидент-тыңшы рөлдерін ойнаған татар молдаларын шартты түрде екі категорияға бөлуге болады. Молдалардың бір

тобы – Орта Азия медреселерінде діни білім дәрежесін көтеріп жүргендер, екінші тобы – сауда-саттық жасап жүрген көпестер рөлін ойнап, орыс билік орындарына ақпараттар жеткізіп отырды. Ресей үкіметі татар молдаларының бұл қызметтерін қаржыландыруға ақша аяған жоқ. Мысалы, Абдулфатых Габделсәлімов, Габделсәлім Габделнасыров сияқты ахундар, Губайдулла Фатхуллин сынды молда үкіметтің тапсырмасымен Орта Азия аймағында барлау қызметін атқарғаны үшін құнды сыйлықтар, бажсыз сауда жасау және жол шығынын өтеп алу құқығына ие болады [95,4-п.]. Патша өкіметі Орта Азия хандықтары, атап айтқанда, Бұхара хандары антиресейлік үгіт жүргізу мақсатымен Қазақстанға аттандырған молдаларға қарсы насихат жүргізу үшін қазақ даласына өздеріне сенімді татар молдаларын жіберіп отырды. Керісінше, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы болған көптеген татар және башқұрт молдалары шекаралас Кіші жүзде Ресейге қарсы бағытталған қызметтер атқарды [71,226-б.]. Мысалы, Оралдан қашқан татар молдасы Хасан мен оның шәкірттері орысқа қарсы бағытталған насихаттары арқылы оппозициялық ниеттегі қазақ ақсүйектері арасында үлкен беделге ие болып, оларды II Екатерина патшайымға берген анттарын бұзуға итермеледі [96,110-п.].

Діни басқарма құрылғаннан кейін мүфти М. Хүсейінов өзінің діни билігін тарату үшін бар күш-жігерін жұмсады. 1788 жылы қаңтар айында Уфадағы жергілікті биліктің нұсқауы бойынша, ол қазақтарға «бүкіл қырғыз-қайсақ халқының рухани ұстазы» ретінде хаттар жолдайды. Хаттардың бірінде М. Хүсейінов: «менің өкілімсіз молдалар мен халық Құранның бірде-бір тұсына талдау жасай алмайды» [97,7-п.] – деп ескертеді. Мүфти исламның мұсылмандар бірлігі туралы идеясын қатты сынға алады. Ол «Біздің дініміздің діндегі бір болғанымен, түрік сұлтаны мен біздің мәртебелі патшайымымыздың қол астындағы мұсылмандар арасында айырмашылықтар бар, сондықтан әр билеуші өз бетінше билейді, сондықтан бірінің саясаты екіншісінің саясатымен ұқсас келе бермейді» [98,2-п.] деп жазады. М. Хүсейінов Ресей мұсылмандарын Осман мемлекетін қолдауға үндеген молдалар халықты өлімге алып бара жатыр деп есептеді. Мүфти мұсылмандарды сабырлық сақтап, Ресей империясына адал болуға шақырды, оның пікірінше, орыс мемлекеті - мұсылмандардың өсіп, өркендеуін қамтамасыз ете алатын ел болды [99,2-п.]. Қазақ старшындарының бір бөлігі мүфтидің осы сарында жазылған жолдауларын Бұхара мен Хиуаға таратты. Ол жақтардан М. Хүсейіновтың «қылмысты, сатқындық үгітіне» ашулы жауап хаттар келіп жатты. Бұхара мен Хиуа улемдеріне православиелік Ресейдің барлық мұсылмандардың жетекшісі – түрік сұлтанына қарсы соғысты ақтап, оң іс деп тануы ұнамады. 1789 жылы қыста М. Хүсейінов Орал қаласына екі ай мерзімге сапар шегіп, қазақ старшындары мен дінбасыларымен кездесулер өткізеді. Сапар сәтті аяқталып, қазақ старшындары мен молдалары мүфтидің билігін мойындайды [100,2-п.].

Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы Ресей империясының мемлекеттік басқару мекемелерінің әкімшілік жүйесінде өмір сүрді. 1803 жылдан бастап Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын Қасиетті синодтың обер-прокуроры князь А.И. Голицын өз қамқорлығына алады. 1810

жылы 25 шілдеде Шетелдік діндердің рухани істері бас басқармасы құрылып, оның құрамына Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы да кірді. 1817 жылдың 24 қазанынан бастап Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы Ресей империясының Дін істері мен халыққа білім беру министрлігіне бағындырылды. Бұл министрлікте діни мәселемен христиан емес діндердің 4-ші бөлімі айналысты. Православие шіркеуінің басқа діндермен формальды түрде теңестірілуін православ дін басылары суық қарсы алады [101,320-321-бб.]. 1832 жылдың 2 ақпанында Шетелдік діндердің рухани істері бас басқармасы Ішкі істер министрлігі құрамына Шетелдік діндердің айырықша департаменті ретінде енгізілді. 1880 жылдың 6 тамызынан 1881 жылдың 16 наурызына дейінгі аралықтағы қысқа мерзімде департамент жеке мекеме ретінде қызмет етті де, кейіннен қайтадан Ішкі істер министрлігінің құрамына қайтарылды [101,325-б.].

Мемлекеттік орталық басқару органдарына діни басқарманың бағыныштылығы айқын болды. Шетелдік діндердің айырықша департаментінің бақылауына діни мекеменің қаулыларын тексеру функцияларына ғана беріліп, ал инспекциялық тексерулер жүргізуге рұқсат берілмеді. Үкіметтің тапсырысы бойынша департамент мұсылмандар арасында түрлі шаралар ұйымдастырудың стратегиялық жоспарын жасап отырды. Діни басқарма қызметін жергілікті жерде 1796 жылға дейін Уфа жергілікті иелік ету басқармасы қадағаласа, ал 1796-1865 жылдары Орынбор губерниялық басқармасы қадағалады. Сонымен қатар, діни мекеменің қызметін генерал-губернатор және башқұрт-мещеряк әскерінің қолбасшысы да қадағалап отырды. Орынбор губерниясының 1865 жылы Орынбор және Уфа губернияларына бөлінгенінен бастап діни басқарма Уфа губерниялық басқармасының қол астына өтеді. 1865-1881 жылдары діни мекемені генерал-губернатор Н.А. Крыжановский өз қарамағына алады [101,327-б.].

Діни басқарма мен мұсылмандардың мүдделеріне қатысты бүкіл заң актілері Санкт-Петербургте, орталық билік өкілдерімен келісіле отырып қабылданды. Бұл актілердің қажеттілігі туралы ұсыныс Орынбор (Уфа) губернаторлары тарапынан шығып отырды. Бұл бір ерекше құбылыс болған жоқ. Астанадағылар өлке әкімшілігі діни басқарма мен мұсылман қауымы мүдделерін жақсы біледі деп сенді. Мұсылмандар мен діни басқарма төңірегіндегі жергілікті шенеуніктердің пікірі мәселені шешуде елеулі және негізгі рөл ойнады.

Діни басқарма мен жергілікті әкімшілік арасындағы қарым-қатынас XVIII ғасыр бойы біркелкі болған жоқ. Діни басқарма губерниялық биліктің қарамағынан шығу туралы мәселені бірнеше мәрте көтерді. Мұны алғаш рет М. Хұсейіновтің өзі көтерген болатын. XIX ғасырдың басында жергілікті әкімшілік діни басқармаға тіпті шектеулі көлемде де тәуелсіздік бермейтіндігіне көзі жеткен мүфти І Александр патшаға өтініш жазып, губерниялық билікті «бізді және мұсылман дінін менсінбейді» [89,15-п.] деп айыптады. М. Хұсейінов губерниялық билік тарапынан қысым көрмей, өз міндеттерін еркін орындауы үшін діни басқарманы басқа қалаға көшіру туралы

да өтініш жасайды. Өтініштің нәтижесі – Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийдің ресейлік мұсылман дін басшысына барлық сый-сияпат көрсету мен көмек беру туралы бұйрығы ғана болды.

Әкімшілік пен діни басқарма арасындағы араздықтар жалғаса берді. 1804 жылдың аяғында мүфти империядағы мұсылман діни басқармасының құрылымын түбегейлі өзгерту туралы жобаны Сенат қарауына ұсынады. Негіздемде М. Хүсейінов былай деп жазды: «мекеме құрылғалы бері губерниялық билік оған өзінің өктемдігін танытып келеді, мұндай жағдай жалғаса беретін болса, онда басқармада құр атынан басқа ешбір құқығы қалмайды» [89,16-п.]. Сондай-ақ ол мұсылмандарға қатысты саясатты бүкіл ел көлемінде реттеп отыру үшін империя астанасы - Санкт-Петербург қаласында Мұсылмандардың орталық коллегиясын құруды және мұсылмандар қалың қоныстанған аймақтарда оның бөлімшелерін ашуды ұсынады. Оның пікірінше, мүфти, ахун, молдалар мен азаншылардың үстінен қозғалған сот істері ең алдымен діни басқармаға хабарланып, басқарма мұсылман дін басыларының мүдделерін азаматтық соттарда қорғауға құқылы болуы керек еді.

Мүфти ұсынған жобаға Орынбор облысының азаматтық губернаторы И. Фризель қарсы шығады. Ол губерниялық биліктің діни басқарма істеріне араласып отыратындығын мойындады, бірақ мұндай араласу сот жүргізу жүйесінің жетілмегендігімен байланысты деп түсіндірмек болды. И. Фризель талас-тартысы көп істерді талқылаған сот процесінде шарият ережелерін қолдануға үзілді-кесілді қарсы болып, ерекше мұсылман коллегиясын құру қателік деп тұжырымдады. Облыстың азаматтық губернаторы мүфтидің империя астанасында орталықтанған мұсылман органын құру туралы ұсыныстарын, біріншіден, жеке амбиция деп бағаласа, екінші жағынан, жергілікті губерниялық әкімшіліктің бақылауынан құтылу шарасы деп сынады [90,2,4-п.].

Бұл мәселе кейінгі уақытта да талқыланады. 1815 жылы әділет министріне жолдаған хатында М. Хүсейінов жоғарыдан төменге қарай сатылы басқаруды қалыптастыру, кантон бастықтары мен төменгі земстволық соттардың дін істеріне араласуын тоқтатуды өтінеді. Әділет министрлігі мүфтидің бұл өтінішін орындау мүмкін емес деп шешеді.

Мұсылмандар ісін басқаруды реттеуге бағытталған қозғалыс төменгі жақтан да қолдау тапты. Мысалы, Қазан губерниясы Царевококшай уезінің Служилый Ур деревнясының молдасы Хабибулла Хүсейінов 1802-1803 жылдары Саратов губерниясын аралап Пенза, Саратов, Симбирск және Қазан губернияларында арнайы діни басқармалар құруды насихаттады. М. Хүсейіновке мұриттері-шәкірттері - Шабан Муслимов пен Рафик Сүлейманов қолғабыс тигізеді [102,17-п.]. 1804 жылдың жазында ол Санкт-Петербургке барып түрлі деңгейдегі шенеуніктердің қолдауын таппақ болып әрекеттенеді [102,18-п.].

Молдалардың насихаты өз нәтижесін берді. Саратов губерниясының мұсылман тұрғындарының басым көпшілігі жеке губерниялық діни басқармалар құру идеясын қызу қолдай бастады. Қалыптасқан жағдайды екі

жақты да келістіре отырып шешудің амалдарын қарастырған Саратов губерниясының басқармасы жоғарғы билік орындарына Орынбор басқармасына қарайтын Саратов мұсылмандарының жеке басқармасын құруды ұсынады. Басқарманың құрамы 3 заседательден, 2 хатшыдан және 1 аудармашыдан тұруы тиіс болды. Заседательдердің біреуі мүфти шенін алатын болды. Саратов мұсылмандарының жеке басқармасының шығыны молдалардың ерікті жарналарынан өтеледі деп шамаланды. Саратов губерниясының әкімшілігі «татарлар еркіндікке тым кетіп қалмасын» деген қауіппен жаңадан құрылған органды өз бақылауларына алғысы келді. Сондықтан радикалды пиғылдағы имамдар - Шабан Муслимов пен Рафик Сүлейманов қамауға алынады [102,18-п.].

1808 жылы Қазан губерниясында мұсылман дінбасылары мен көпестер жергілікті әкімшіліктің қолдауымен тәуелсіз діни басқарма құруды талап етеді [76,5-п.]. Ұзақ уақыт бойы мұсылмандарды мемлекет тарапынан басқару мәселесінде өзгерістер жасауға қарсы болып келген Орынбор губерниялық басқармасы 1822 жылы мұсылмандар тығыз қоныстанған аймақтарда жеке діни басқармалар құру керектігін мойындады. Губерниялық басқарма шенеуніктерінің пікірінше, жергілікті діни басқармалардың шешімдеріне апелляциялық қорытынды шешім шығару үшін империяның ең беделді ахундары жиылатын орталық діни басқарма – Жоғарғы мұсылман басқармасы Санкт-Петербуркте орналасуы тиіс болды [103,201-п.].

Жоғарыда айтылған жобалар мен жоспарлардың көпшілігі іске асырылған жоқ, бірақ діни басқарма өздерінің алғашқы құқықтары мен өкілеттіліктерін сақтап қала алды. 1826 жылы 1 желтоқсанда жарияланған Сенат бұйрығына сәйкес діни басқарманың некелік-отбасылық, мүліктік және басқа да істерді шешудегі өкілеттілігі расталды.

Жергілікті әкімшілік тарапынан жасалатын бақылаудан шығу талпынысын діни басқарма кейінгі жылдары да жалғастырды. 1838 жылы мүфти Габдесаллям Габдрахимов, ал 1855 жылы мүфти Габдұлуахит Сүлейманов діни басқарманың өкілеттілігін губерниялық басқармамен теңестіру туралы өтініштер жасайды. Бірақ үкімет 1831 жылы 23 желтоқсанда жарияланған жарғы бойынша Таврия мұсылмандарының діни басқармасы губерниялық басқарманың бақылауында болатындығы туралы ережеге сілтеме жасай отырып, бұл жарғының талаптары Орынбор мұсылмандарының діни басқармасына да қатысты қолданылатындығын мәлімдеді. 1855 жылы Ішкі істер министрлігі діни басқарманың губерниялық әкімшілікке бағыныштылығы туралы үзілді-кесілді ескерту жасады [103,202-п.].

XIX ғасырдың екінші жартысында билік тарапынан діни басқарма қызметін қадағалау күшейе түсті. Бұл бағыттағы шараларды Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский ұйымдастырды. 1866 жылы генерал-губернатор діни басқарма құрамына шектеусіз өкілетті билік өкілін енгізу туралы ұсыныс жасайды [104,13-п.]. 1872 жылы Уфа губернаторы Ушаков Ішкі істер министрлігіне Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын жабу қажеттілігін «дәлелдеген» хат жолдайды. Онда губернатор: «Аталмыш діни

басқарманың өмір сүруінің өзі мұсылман халықтарының ұлттық және діни бірлігі мен дүниетанымының өміршеңдігін бекіте түседі»[103, 14-п.] – деп жазады. Губернатордың пікірінше, басқарманың жабылуы мұсылман қауымы тарапынан қарсылыққа ұшырамайды, бірақ ислам дінбасыларының беделіне үлкен нұқсан келтіреді [104,15-п.]. 1875 жылы 12 маусымда бұл мәселе Министрлер комитетінің отырысында қаралды. Жағдайдың ұшығып кету мүмкіндігі бар екендігін ескеріп, Министрлер комитеті діни басқарманың жабылуын қолдамады. Сонымен бірге комитет шешімінде діни басқарма қызметінің қатаң бақылауға алынуы қажеттігі атап көрсетілді. Бұл үшін губерниялық әкімшіліктен арнайы мамандар бекіту қарастырылды [104,16-п.].

Министрлер комитетінің шешімі негізінде Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский 1875 жылы діни басқарма қызметін қадағалайтын арнайы шенеунікті бекітті. Нұсқауға сәйкес аталған шенеунік діни мекеменің бүкіл үкімдерімен танысып, жылына екі рет тексеру жүргізді, халықтан арыздар қабылдап, мүфти мен заседательдердің қызметін бақылап отырды [104,17-п.]. Шенеуніктің лауазымы 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы таратылған соң алынып тасталды.

XIX ғасырды соңғы ширегінде Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын тарату үшін Орыс православ шіркеуі қызу шаралар ұйымдастырады. Мысалы, Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевтың 1886 жылғы есебінде: «Уфа және Орынбор преосвещенстволары мүфти лауазымы мен мұсылмандар діни басқармасының артық екендігін көрсетеді» [105,10-п.] делінген. Ішкі істер министрлігі мұсылмандарды ызаландырмау үшін К.П. Победоносцевқа Орынбор мұсылмандарының діни басқармасына қатысты өз жобасын құпия ұстауды өтінді [105,12-п.]. Бірақ православ миссионерлік баспасөзінде орталық үкіметтен Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын жабуды талап еткен ашық хаттар үнемі жарияланып тұрды [76,1-п.]. Орталық мемлекеттік мекемелер мұсылман діни істерін басқаруда өзгерістер енгізу туралы мәселені үнемі кейінге қалдырып отырды, себебі олар дінге тыйым салынады, патша өкіметі мұсылмандарды күштеп шоқындарады және тағы да сол сияқты өсек-аяндар көтерілген сайын алаңдаушылық танытатын мұсылман мемлекеттері тарапынан наразылық тууынан сескенді.

Сонымен, мұсылман халықтары мекендеген аймақтардың орыс мемлекетінің құрамына қосыла бастаған уақытынан бері қаншама жылдар өтсе де патшалық биліктің исламға қатысты саясатында бірізділік болмағаны айқын көрінеді. Жалпы алып қарасақ, орыс мемлекеті мен ислам арасындағы қарым-қатынас эволюциялық бағытта, қарама-қарсы тұрудан өзара ынтымақтастыққа қарай дамыды. 1788 жылы Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының құрылуы империялық биліктің исламды терезесі тең дін ретінде ресми мойындауы болып табылады.

Мұсылмандардың діни басқару әкімшілігін құрғанда патша өкіметі бірқатар мақсаттарды көздеді. Бірінші кезекте, мұсылман дінбасыларын өз бақылауына алу және екіншіден, оларды өз ішіндегі және шетелдердегі мұсылмандар арасында Ресейдің саясатын жүргізу үшін пайдаланбақшы болды.

Сонымен бірге мемлекет діни басқарманың түркі тілдес халықтар арасында беделінің көтеріліп кетпеуін де қадағалап, кедергілер қойып отырды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басыда Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын қатаң қадағалайтын сенімді тетіктер қалыптасты.

Мұны Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының екі жақты бағынышты жағдайда болуынан айқын байқауға болады, яғни ол бір мезгілде Ресей империясының Ішкі істер министрлігі мен Шетелдік діндердің айырықша департаментінің бақылауында тұрды.

XIX ғасыр бойына Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы өзінің деңгейін көтеріп, алғашқыда Орынбор, кейіннен Уфа губерниялық әкімшілігінің қарамағынан шығуға талпынды. Бірақ өкімет діни мекеменің бұл бағыттағы барлық талап-ұсыныстарын кері қайтарып отырды. Онымен қоймай XIX ғасырдың аяғында діни басқарма қызметін қадағалау күшейе түсті. Бірақ, бұл жерде айта кететін жәйт, кейбір жоғарғы дәрежелі шенеуніктердің жымысқы әрекеттеріне қарамай-ақ патша үкіметінің Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын толық жауып тастауға батылы жеткен жоқ.

## **1.2 Отаршылдық саясаттағы Орынбор мүфтилігінің орны**

Орынбор мұсылмандары діни басқармасының қызметіне төраға (мүфти) және үш кеңесші (қазылар) басшылық жасады. Мекеменің құрылуына басқа да қызметкерлер мен хатшылар өз үлестерін қосты. Мұсылман дінбасылары (ахундар, имамдар, муэдзиндер) діни басқармаға бағынды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр ішінде Орынбор мұсылмандарының діни басқармасына келесі мүфтилер басшылық етті: Мухамеджан бине әл-Хұсейн бине Мансұр бине Анас әл-Жабали әл Борындықай (Мұхаметжан Хұсейін 22.09.1788 - 17.07.1824), Габдессалым бине Габдеррахим бине Мухаммад әл-Бугелмави әл-Габдери (Габдессалым Габдрахимов 30.09.1825 - 31.01.1840), Габдулвахит бине Сүлеймен бине Саглюк бине Габделхалик әл-Жабали әл-Арбашги (Габдұлвахит Сүлеймен 10.06.1840 - 04.08.1862), Салимгерей бине Шахигарей бине Юсуф бине Котлыгмухаммед бине Тевкель бине Мамаш бине Даулетмухаммед бине Оразмухаммедхан бине Ундан бине Шигайхан бине Жадыкхан әл-Чингиз бине Тенгреберди бине Тевкел бине Салават бине Тукебай (Салимгерей Тевкелев 28.04.1865 - 02.01.1885), Муххамед бине Мухаммедшариф бине Баязит бине Габделжамил бине Султан бине Мамет бине Чобан бине Татар бине Козай бине Котлыш бине Акьюл (Мұхаммедияр Сұлтанов 2.01.1886 - 15.08.1915). Мүфтидің өлімінен кейін тиісті адамды тағайындағанға дейін діни мекеменің басшысы қызметін аға кеңесші атқарды. 1840-1862 жылдары діни басқарманы Тажеддин Максюттов, 1863-1865 жылдары – Аухадий Ескендіров, 1885-1886 жылдары – Мұхамеди Салихов басқарды [88,90-п.].

Патша билігіне мойынсынуды насихаттауда муфти М. Хұсейінов ерекше белсенділік танытып, қазақтар арасында Бұхара мен Хиуа дінбасыларының ықпалын әлсіретуге айрықша мән берді. М. Хұсейінов Орынбор маңындағы

Сейіт татарларының арасынан шыққан адам. Саудагердің баласы, жас шағында оны құпия мәліметтер жинау үшін Сыртқы істер коллегиясы Кабул мен Бұхараға жібереді, одан қайтып келген соң офицер болып қызмет істейді. 1785 жылы Орынбор ахундығына, 1787 жылы мүфтилікке тағайындалады. 1824 жылы Уфа қаласында қайтыс болды. Өз мирасқорларына мыңдаған десятина жер, мың сан мал, мол мүлік қалдырды [88,91-п.].

Мүфтидің құқықтық дәрежесі мен мұсылман дін басылары иерархиясындағы орны XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында анықталды. Діни басқарманың жарғысында мүфтидің құқықтық дәрежесі нақты анықталмаған болатын. Мүфти М. Хүсейінов өзіне «мұсылмандардың бірінші адамы» ретінде митрополиттің қоғамдық дәрежесі сияқты дәреже берілуін талап етті. Мүфтиді билік орындары ұсынған мемлекеттің басқару әкімшілігіндегі ортан қол шенеуніктің рөлі қанағаттандырмады. М. Хүсейінов Уфа мен Санкт-Петербургтің беделді кісілерін мұсылман мүфтиіне маңызды мемлекеттік тұлға ретінде қарап, тиісті қоғамдық дәреже беру керектігіне сендіре аламын деп ойлады. Өзін-өзі үлкен мүмкіндігі бар адам ретінде қабылдап, ұдайы Санкт-Петербургке сапар шегуге және II Екатерина патшайымның қабылдауына жазылып, одан өзінің саясатын қолдаймыз деген сөздер естуге құмарлығы М. Хүсейіновтың табиғатын көрсетсе керек. Мүфтиге 1789 жылы қарашада әйел императордың қабылдауы аса қатты әсер етеді. Желтоқсан айында Санкт-Петербургтен қайтып оралған соң М. Хүсейінов өзін бірінші дәрежелі шенеунікке, кем дегенде генерал-поручикке теңмін, сондықтан да «Жоғары мәртебелі және Аса қадірлі» аталуға құқым бар деп деп жариялайды. Оның бұл әрекеті жергілікті әкімшіліктің назарынан таса қалмады. Уфа жергілікті иелік әкімшілігі мүфтидің астанадағы байланыстарының сырын түсіне алмай, одан қауіптенгенін Санкт-Петербургке жазылған хаттардан байқауға болады. Мүфтидің бүкілресейлік беделге ие тұлғаға айналуы жергілікті әкімшілікке ұнамады. Бұл шекаралық аймақты басқаруға кедергі келтірер еді [88,92-95-пп.].

О.А. Игельстром және оның ізбасары А.А. Пеутлинг мүфтидің бұл әрекетіне тыйым салуды ойластырады. 1790 жылы генерал-губернатор О.А. Игельстром императордың хатшысы князь А.А. Безбородкадан М. Хүсейіновтың жоғарыдағы әрекеттеріне тыйым салу үшін көмек сұрап, «мүфтидің жергілікті әкімшілікке бағынышты болуы» туралы мәселе көтереді. Генерал-губернатор мүфтиді «Жоғарғы шенді» деп атауды ұсынды. О.А. Игельстромды алмастырған А.А. Пеутлинг 1790 жылы 14 ақпанда А.А. Безбородкаға жазған рапортында губерниялық әкімшілікті М. Хүсейіновтың тегеуірінінен қорғауын өтінеді. Қажетті қолдау тапқан әкімшілік М. Хүсейіновке «діни лауазымына қатысты істермен ғана шұғылданып, азаматтық істерге араласпауын, бұл істермен әкімшіліктің өзі айналысатындығын» [92,559-б.], - айтып, мүфтиді орнына қоймақ болады.

Бүкілресейлік деңгейде үлкен өкілетікке қол жеткізе алмаған М. Хүсейінов енді діни басқармада жеке билігін орнатпақшы болды. 1802 жылы Сенат мүфтидің өкілеттігін шектеп, оған діни басқарманың отырыстарында төрағалық



ету құқын ғана берді. Сенат қаулысы бойынша мүфти өз шешімдерін заседательдермен келісе отырып қабылдауға және олардың келісуінсіз қандай да бір бұйрық шығармауға міндетті болады. Бірақ М. Хұсейінов бұл қаулыға құлақ аспады. Жиырма жыл өткен соң Дін істері және Халық ағарту министрі А.Н. Голицын «Орынбор мүфтиі қаулыға құлақ аспай, істерді діни басқарманың келісуінсіз жеке өзі шешеді» [106,1-п.] – деп жазды.

Мүфти мен жергілікті әкімшілік арасындағы қарым-қатынас тату болмағандығына қарамастан, әкімшілік М. Хұсейіновке ұдайы көмек беріп отырды. 1798 жылы императордың бұйрығымен мүфтиге Орынбордан үй сатып алу үшін күміс ақшамен 4 мың сом берілді. М. Хұсейінов қазындан алған ол үйді жалға беріп, жылына 400 сом пайда көрді [107,1-п.].

Генерал-губернатор барон О.А. Игельстромның тұсында, яғни 1775, 1786, 1787 және 1790 жылдары мүфти М. Хұсейінов жауапты тапсырмалармен бірнеше қайтара Кіші жүзге сапар шегеді. Старшын топтарына жақындығын пайдаланып қазақтар туралы мол мәліметтер жинастырған М. Хұсейінов өзі шығарып отырған журналдар мен хабаршыларда Кіші жүздің жағдайы, Сырым батырдың тобы, қазақ қоғамының ішкі күресінің себептері, өзара жауласқан феодалдық топтар туралы шынайы деректерге сүйенген тарихи материал қалдырған. М. Хұсейіновтың 1790 жылғы шығарған журналы осындай тарихи деректер мен мағлұматтарға толы. Дегенмен мүфти өзіне мәлім болған істің бәрін бірдей айта бермеген. Мысалы, оның Кіші жүз ішіндегі әлеуметтік тартысты бәсеңдетіп бергісі келгені көзге анық байқалады, мұның себебін мүфтидің өзі старшын топтарын жақтайтын адам болғандықтан деп түсіну керек [76,7-п.].

М. Хұсейіновтың мүфтилік қызмет уақытындағы ішкі саяси қызметін белсенді және сылбыр кезеңдер деп екіге бөліп қарастыруға болады. О.А. Игельстром өлкеден кеткеннен кейін қазақтарға қатысты қатаң талаптарды жақтаған оның ізбасары А.А. Пеутлинг 1790 жылы мүфтиді дипломатиялық қызметтен толықтай шектеді. Жаңа генерал-губернатордың пікірінше, М. Хұсейінов дала халқына қатысты бейтарап саясат ұстанған. Бұл мүфтидің әкімшіліктен шекаралық бекіністерде тұтқындалған кінәсіз қазақтарды босату және старшындарға беретін мөлшерден тыс сыйлықты тоқтату туралы өтініштерінен көрінді. А.А. Пеутлинг М. Хұсейінов пен М. Бекчуринді өзінің «жолдасы емес, жауы» деп есептеді. М. Хұсейіновтың шеттетілуін қазақ ақсүйектері жақтамады. 1790 жылдың жазында қазақ өкілдері – Қаракөбек би мен Шұбар би Шетелдер ісі коллегиясының мүшесі граф А.А. Безбородкадан «болашақта біздің дала халқын барон О.А. Игельстром мен мүфти Мұхаметжан екеуі бірігіп басқарсын және біздің жұртқа зиянды адамдарды өздерінен алысырақ ұстасын» [108,30-п.] – деп сұрайды. А.А. Пеутлингтің айтуынша, мүфти қазақ старшындарын императорды, генерал-губернаторды қызметтен кетіру туралы ойлармен сендірмек болған көрінеді.

Қазақ халқының Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінде ерекше із қалдырған Сырым батыр Датұлының қозғалысын басуда патша әкімшілігі бас мүфти М. Хұсейіновтің қазақтар арасындағы беделін

пайдалануды көздеп, оны Сырым батырмен келіссөздер жүргізуге тиімді пайдалана білді.

Сырым қозғалысы 1785 жылдың жаз айына дейін қазақ жасақтарының әскери линияларға жаппай шабуыл жасауымен ерекшеленсе, кейінгі уақыттарда Кіші жүз ішіндегі тартысқа түсумен сипатталады. Сырым қозғалысы, бір жағынан, патша өкіметінің отарлық саясатына, екінші жағынан, Нұралы хан мен хан тұқымынан шаққан сұлтандарға қарсы бағытталды.

Симбирь және Уфа наместничествосының генерал-губернаторы, 1784 жылы өлке бастығы болып тағайындалған О.А. Игельстром (оған Орынбор губерниясы да бағынған) Нұралы ханға халықтың мейлінше наразы екендігі туралы толық мәліметтер алған. О.А. Игельстром қазақ старшындарының патша әкімшілігіне көзқарасы 1783-1784 жылдармен салыстырғанда қатты өзгергенін де жақсы білді. Ол 1789 жылғы «Түсіндіруінде» сол жылдардағы оқиғаларды еске ала отырып, қазақ старшындарының патша өкіметіне көзқарасы ашық түрде жаулық ниетте болғандығын айтады және әскери линияда ірі жанжалдардың шығуына линия маңындағы орыс әкімшілігінің қазақтарға зорлық-зомбылық жасауы себеп болғандығын жасырмайды [15,57-б.]. Старшын топтарымен арадағы осы сияқты қайшылықтар патша әкімшілігі үшін үлкен қиыншылықтар туғызады. Патша әкімшілігі тек қарулы күшке ғана сүйеніп Кіші жүзді билеп тұра алмас еді. Хан тобына сүйенуден де нәтиже шықпады. Ханның қатты әлсіреп, халық ортасында беделінің түскені Нұралы хан мен О.А. Игельстром арасында жазысқан хаттардан айқын көрінеді. Мысалы, 1785 жылы мамыр айында О.А. Игельстром Нұралы ханға хат жазып XVIII ғасырдағы әдет бойынша Кіші жүздегі орыс тұтқындарын босатуды талап еткенде, хан қатты ренжіп мынадай жауап қайырған: «Сіздің мұныңызға менің таңым бар; сіздің жоғары мәртебелі құзырыңызға жазған хатымда бұл бұзықтардың мені өздеріне жау деп есептейтінін хабарладым емес пе, ал Сіз бұған сенбей маған бұзақы қазақтарға өз балаңды жібер дейсіз, бұзықтар менің бұйырығымды тыңдамауы былай тұрсын, керек десеңіз жіберген балаларымды өлтіріп тастауы мүмкін» [15,224-б.]. Нұралы ханның мұндай халде болуы О.А. Игельстромды ханды айналып қазақ старшындарымен тікелей қарым-қатынас жасауға мәжбүрлейді. 1785 жылы мамыр айында қазақ старшындарымен құпия келіссөздер жүргізу үшін М. Хүсейінов жіберіледі. М.Хүсейіновтың бұл сапары қазақ старшындарының патша үкіметіне соншалық жау ниетте екендігін көрсетеді. Елек өзенінен өтісімен-ақ қазақтар «аузына келгенін айтып, сені өлтіреміз деп қорқытты» [15,226-б.] –дейді М. Хүсейінов. Оны Жолбарыс деген старшынның ауылына апарғанда, мұндағы қазақтар «жиналып алып бастапқы кездескен қазақтарша қорқытқан». Ахун қазақтарды әрең дегенде тыныштандырып, генерал-губернатордың ашық хатын тапсырады. Бұл хатта мынадай талаптар қойылған: «еркімен жүрген халық арасынан кімде-кім патшаның ұлық мәртебесінің қарауындағы басқа халыққа шабуыл жасап, ұрлық жасайтын болса, ондай адамдар жалпы тыныштықты бұзған қылмыскер ретінде заң бойынша қатаң жазаға тартылады». Генерал-губернатор бұрынғы шабуылдар үшін қазақтарға

үкіметтен кешірім алып бермек болады. М. Хүсейіновтың Кіші жүзге жасаған сапары барысында патша әкімшілігі ханды айналып өтіп, қазақ старшындарымен тікелей байланыс орнатудың мүмкіндігі бар екендігі белгілі болды. 1785 жылы шілде айында О.А. Игельстром II Екатерина патшайымға ахун оралған соң қазақ старшындары жиналысынан 5 өкіл келді деп хабар береді. Бұлар старшындардың қолы қойылған хат әкелген. Старшындардың тілегі Әбілхайыр ханның балаларын хандық биліктен тайдыру болды. «Осылай болса, - деп жазады старшындар, - біз барлық старосталар және Кіші жүздің барлық халқы бағынып тұруға уәде береміз және патшаның императорлық ұлық мәртебесінің жоғары дәрежелі екендігін танимыз, ал падишахты өте мейірімді және қайырымды деп білеміз» [107,1-п.].

Осы хатқа қойылған қолдар Нұралы ханның Кіші жүз ішінде жалғыз қалғандығын және халық ортасында Сырым батырдың беделі орасан зор өскендігін көрсетеді. Хатқа Кіші жүздің мына рулардың старшындары қол қойған: Шекті, Төртқара, Қаракесек, Шөмекей, Кете, Алаша, Серкеш, Таз, Сықлар, Адай, Беріш, Есентемір, Масқар, Қызылқұрт, Жаппас, Байбақты, Тана, Жағалбайлы, Табын, Тама, Кердері. Хатқа қол қойғандардың арасынан Сырым қозғалысында көрнекті рөл атқарған атақты старшындардың да аттарын кездестіреміз: Төртқара руынан - Қаракөбек, Кете руынан - Көккөз би, Серкеш руынан - Тормамбет би, Табын руынан - Тіленші батыр. Сырым батырдың өзін қоспағанда, хатқа барлығы 53 адам қол қойған. Хатта Абул-Жәлел қожаның да қолы бар, оның «бүкіл қырғыз-қазақ жұртының пірі» деген құрметті атағы болған. Нұралы ханды Кіші жүзді билеуден тайдыруды талап еткен хатта Қарасақал, Алтын, Рамадан руларының қолы жоқ екендігін байқаймыз. Ханды қолдаған ауылдардың жалпы санын М. Хүсейінов 185 деп көрсеткен [107,2-п.].

Старшындардың Нұралы ханды биліктен тайдыру жөніндегі талабымен танысқан О.А. Игельстром бастапқы кезде істің артын бағу ұстанымында болды. Қыркүйек айында М. Хүсейінов Кіші жүз ішіне тағы да жіберіледі, онымен бірге ассессор М. Бекчурин аттанады. М. Хүсейінов пен М. Бекчурин қазақ старшындардың жиналысына өздері тікелей қатынасуды ұйғарып, жиылыс Илецк қорғаныс камалынан 100 шақырым жердегі Жөнбішке деген өзеннің бойында 21 қыркүйек күні ұйымдастырылады. Билік орындары М. Хүсейіновке аталған жиында ебін тауып қазақ старшындарын Нұралы ханмен татуластыруға тырыс деген тапсырма алған болатын. Патша әкімшілігінің талабын старшындар жиылысының өкілдеріне жеткізеді. II Екатерина патшайымға жазған хатында О.А. Игельстром М. Хүсейінов қазақ старшындарын Нұралы ханмен «татуласуға көндіру үшін барынша тырысты» [107,3-п.] – деп хабарлайды. Әкімшілік М. Хүсейінов пен М. Бекчуринге: «старшындармен халық жиылысына келген соң, Сырым батыр мен Мұрат биге және басқаларына өздеріңіздің тілектеріңізше қырғыздардың ханы болмай, қырғыздар Орынборда құрылған шекара сотына және шекара бастығына тікелей бағынса қырғыздар үшін пайдалы болар еді дегенді айтыңдар» [108,4-п.], - деген құпия нұсқау да берген болатын. Өлке наместнигінің елшілері

ханның емес, Сырымның ставкасына келуінің өзі Кіші жүз ішінде Нұралы ханның жалғыз қалғандығын айқын көрсетті. Старшындар орыс үкіметіне ниеттерінің дұрыстығын көрсету үшін «өмір бойы адал, қайырымды және тілалғыш боламыз... Қайырымды бодан ретінде адал қызмет істейміз, сіздің императорлық ұлық мәртебеңіздің қоластындағы басқаларға ешқашан, ешқандай залал келтірмейміз» [107,5-п.], - деп салтанатты жағдайда ант береді.

О.А. Игельстромның тапсырмасы бойынша, М. Хүсейінов осы жиылыста шекаралық сот құру туралы мәселе қояды. Шекаралық сот құруы туралы мәселенің қозғалуы патша әкімшілігінің отаршылдық саясатының түпкі мақсаттарының бетін ашады. Шекаралық сот құру қажеттілігі туралы мәселені ІІ Екатерина патшайым тіпті 1784 жылдың өзінде-ақ генерал-губернатор Апухтиннің алдына қойған болатын.

XVIII ғасырдың 70-жылдарының аяғында вассалдық қарым-қатынастар жүйесінің іргесі сөгіліп, көшпелі қазақ қоғамында тарихи тұрғыдан қалыптасып қалған «экономикадан тыс еріксіз көндіру» жүйесінің бұзылғандығын біз жоғарыда көрдік. Хан енді өз билігін сақтау үшін қазақ қоғамына емес, сыртқы күштерге арқа сүйеуге мәжбүр болады. Феодалдық езгі отарлық езгімен ұштасып, қанаудың феодалдық-отаршылдық жүйесі қалыптасады.

Феодалдық алымдар мен отарлық талаудың осы ұштасуын орыс материалдары да дәлелдейді. Мысалы, М. Хүсейінов қазақ даласында көп болған кісі. Ол Кіші жүз ішіндегі хал-ақуалды орыс әкімшілігінен әлде қайда жақсы білді. Хан қорқытып қазақтардың малын тартып алғанда, ол мұны орыс үкіметінің уәкілдерімен ақылдасып істеді – деп жазады М. Хүсейінов [71,40-44-бб.].

1787 жылдың күзінде Сырым батырдың Кіші жүз ішіне қайтып келуі О.А. Игельстромның өз «реформасын» аяқтауға мүмкіншілік береді. 1787 жылы қыркүйек айында Қобда өзенінің бойында өткен старшындар жиынында генерал-губернатордың расправалар құру туралы ұсынысы қабылданады. Әрбір әулеттен бір-бірден, барлығы үш расправа құрылады. Бұл қаулы патша әкімшілігінің уәкілдері – халық кеңесшісі М. Бекшурин мен бас ахун М. Хүсейіновтың қатысуымен қабылданады. Старшындар сол жиында патша үкіметіне адалдығына ант береді. Олар Серкеш руын қоспағанда 39 200 үй үшін ант берген, ал Серкеш руы үйлерінің саны мәлім емес. 1787 жылғы ант беру құжаттарынан Сырым қозғалысына қатынасқан беделді старшындардың бірде-бірінің қолын таба алмайсыз. Құжатта Қаратау би, Сыпыра би, Бөдене би, Тормамбет би және тағы басқа атақты билердің қолдары жоқ. Тіпті Сырым батырдың да қолы жоқ. О.А. Игельстром қазақ халқының өкілі орнына Санкт-Петербургке М. Хүсейіновты аттандырып, реформаны өзгерту жөніндегі мәселені тез шешу керек екендігін хабарлайды.

1790 жылы жазғытұрым О.А. Игельстром Уфадан кері шақырылып, оның орнына генерал-губернаторлыққа А.А. Пеутлингтің тағайындалуынан кейін орыс әкімшілігінің қазақтарға қатысты саясаты қатал сипат алады. 1789-1790 жылдың қысында қазақ жеріне қарулы шабуыл жасау күшейеді. Полковник

Персидскийдің 20 наурызда граф Воронцовқа жазған хатында жағдай былайша сипатталған: «қырғыздар туралы менің айтарым мынау – қарсы жақ бұларды мүлде бұзықтандырып жіберген, олар осы қыста ұры емес, дәл жау ретінде әрекет жасады, басшылары Сырым батырдың туысқандары, үш бекетке шабуыл жасады..., егер естілген хабарға сенетін болсақ, алдымыздағы жазда бұхаралықтардың жәрдемімен Орал линиясына шабуыл жасамақ...» [71,45-б.]. Сөз жоқ, қозғалыстың өршуіне Бұқара ханының тапсырмасымен қазақтар ішінде тыңшылық әрекеттер жасап жүрген молдалардың үгіт-насихаты шешуші ықпал еткен. Молда Абдул-Керім шамамен 1790 жылдың ақпан айында Кавказ наместничествосының билеушісі С.А. Брянчанинковке Орал қаласынан қашып келген Ясан деген молда және Шекті руынан шыққан Қаражігіт деген молданың старшын Қаратау бимен жолығысқандығы туралы астыртын хабар берген. Аталған кездесуде Сырым батыр да болған. Молдалар старшындарға өздерінің «Ресейліктермен араздасып, оларға қарсы шыққандығын» дәлелдей келе, былай дейді: «егер де бұлар да осылай істемесе, өздерінің заңдарынан айырылып, мұсылман бола алмайды, өйткені бұлар Хиуадан және Бұхарадан хат алған, бұл хаттарда молдалардан да осылай әрекет жасауды талап еткен». Молдалардың үгіті іске асқандығына күмән жоқ. Кездесуде Сырым батыр мен Қаратау би Ресеймен татулықта болу бұл күні зиянды іс, сондықтан да біз Ресейге қарсы шығуға ризамыз деп, қолдарына Құран ұстап ант ішкен [110,45-б.]. Кездесуден кейін аталған кісілер Елек өзеніне көшіп кетіп, өздеріне келгендердің бәріне біз орыстармен татулықтан айырылдық, егер мүмкіндіктерің болса, сендер де біз сияқты Ресейге қарсы шығындар деп үгіт-насихат жүргізген [110,47-б.]. Сырым батырдың азаттық қозғалысын ислам дініне адал болу ұраны арқылы көтеруге ұмтылғанында ешқандай күмән жоқ, оның үстіне ислам дінін берік ұстау туралы бұхаралықтардың үгіт-насихаттары күннен-күнге күшейе бастайды. Мұны Шахмұраттың хаты да дәлелдейді. Хат ислам дінін жақтаған рухта жазылған. Бірақ шын мәнінде исламшыл идеологтар Сырым батыр бастаған қозғалысқа іштей жау ниетте болды, сондықтан қозғалыстың мән-сипатын ислам идеологиясы тұрғысынан түсіндіру қателік болар еді. Қазақтардың дінқұмар халық еместігін ескерсек, онда исламшыл идеологтардың Сырым батырдың халық бұқарасын азаттық күреске көтеруіне үлкен ықпал жасай алмағандығы белгілі болады. Сырым батыр аталған идеологтардан 1790 жылдың өзінде-ақ бас тартады. Сырым күресінің бұдан былайғы дамуында, атап айтқанда, Бұхарамен арадағы 1792 жылғы қарым-қатынастарында исламизм идеясының әсері көзге түспейді. Бірақ осы идеялардың қазақ ортасына тарау фактысымен патша үкіметі санасуға мәжбүр болады. Дін үгітін өз қолына алу патша әкімшілігі үшін қажетті мәселе екендігін біз осыған қарап жақсы ұғынамыз. О.А. Игельстромның қазақ феодалдарының балалары үшін арнайы мектеп ашу, Ресейді жақтайтын молдаларды тағайындау, Құранды кітап етіп басып шығару жөніндегі шаралардың қолға алынуы осы мәселелерді шешуге бағытталған іс-шаралар болатын. О.А. Игельстромның қазақ феодалдарының балалары үшін мектеп ұйымдастырамын, қазақ даласында мешіт саламын деген талаптарының

нәтижесінде діншілдік фанатизм өршіп кетті деген пікірмен ешуақытта келісуге болмайды. Молдалардың қазақ даласындағы Ресейге қастас әрекеті О.А. Игельстромның үнемі санасып отыратын фактісі болған.

1790 жылы жазда Сырым батыр патша өкіметтерімен қайтадан бітімшілік позиция ұстануға мәжбүр болады. Сырым батыр азаттық қозғалысқа кең, жалпы бұқаралық сипат бере алмады. «Сырымның талаптары қара халық ішінде әлі де іске аспай келеді, өйткені ол халықтан бізбен жауласуды, бізден бөлініп кетуді талап етеді, бірақ қара халық өзінің орналасқан жерлерінен айрылғысы келмейді» [110,50-б.], - деп жазады Персидский. Персидский кейінгі хаттарында да осындай пікірлер айтқан [71,281-б.].

Қарапайым халық ғана емес, старшындардың да өздеріне қолайлы қоныстарынан кеткісі келмегендігі жөнінде қызықты мәліметі Кіші жүз ішінде ұзақ уақыт тұрған Абдул-Керім молда да берген. Абдул-Керім молда Сырым батыр мен Қаратау би молдалардың үндеуі нәтижесінде шеп бойынан қашып кетті деп тұжырымдаған. Бірақ басқа мәліметтерге қарағанда, Қаратау биге қарайтын ауылдар старшынның баласы Қашнебайдың жетекшілігімен Оралдан көшіп кетуден бас тартқан. Бұларды көндірмекші болып Жорғауа батыр келеді, бірақ бұдан ештеңе өнбейді. Одан кейін келген «Адай руының үш жолдас ерткен Досмамбет деген молдасы да бүкіл ұлыс болып Оралдан көшіндер дейді, бірақ олардың айтқанын да тыңдамайды». Ең ақырында, Сырым батыр мен Қаратау би әлгі тіл алмай отырған ауылдарға Байбақты руынан Кенсару деген батырын жіберіп: «біз ресейліктермен татулықтан айырылды, сондықтан оларды талауға орайы келген жерде сендерге де мүмкіншілік береміз, дегенді айт дейді» [71,282-б.].

Сонымен, 1790 жылы жаз айларында Сырым батыр бастаған азаттық қозғалысында екі ағымның қалыптасқаны айқындалады, олардың бірі - патша отаршыларының шабуылына белсене қарсыласу жолын ұстанады, яғни халық бұқарасын орыстарға қарсы белсенді қарулы күреске шақыру бағытын жақтайды. Сырым батырдың өзі де осы бағыттағы ұстанымда болды. Қозғалыс ішіндегі екінші ағым өкілдері қарулы күресті тоқтатуға тырысып, бұл ағымды жақтайтындарды «бұзықтардың сотқарлығы» [71,283-б.], - деп қарайды. Соңғы көзқарасты ұстанған старшындар Сырым батырға ашық наразылық білдіреді. Олар Сырым батырды өзінің жеке бас мүддесіне сәйкес келген кезде ғана «тыныштық орнатқыш адам болып көрінгісі келеді», ал шын мәнінде «екіжүзді», «екі сөзді» адам деп айыптайды. Кіші жүз ішіндегі жағдайдың тұрақтануы үшін старшындардың бір бөлегі хан билігін қайта орнату қажет деп санай бастайды.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастарда патриархалды-рулық салт-дәстүрлердің үстем болып отыруына байланысты халық бұқарасы старшындар билігіне мойынсұнып, олардың ықпалынан шыға алмайтын.

Қазақтардың өз ру басыларына экономикалық жөнінен тәуелділігі де осы бағытта жүріп жатты. Сырым батырдың старшындардың қолдауына тікелей тәуелді екенін патша әкімшілігі ұғына алмаса да, старшындардың өздері жақсы білетін еді. Сырым батыр да жақсы білді. Қаратау бидің мүфти

М. Хүсейіновке 1790 жылдың басында жасаған мәлімдемесі бұл жағдайды айқын көрсетеді: «Маған жеткен хабарларға қарағанда, Сырыммен болатын келіссөздерге Сырымның жалғыз өзі келсе жеткілікті, басқаларының керегі жоқ деген пікірлер айтылыпты. Егер мәселе осылай қойылатын болса, онда, біздің ойымызша, Сіздің өткендегі сөздеріңіздің іске асуы күмәнді, өйткені Сырымның жарлықтарын ешкім де орындамайды... Қажет деп тапсаңыз, біздің ұлысымызға өзіңіздің келуіңізге әбден болады, сонда кең отырып сөйлесе аласыз, біздің елдің құрметті кісілері толғағы келіп отырған осындай кездесу өткізу үшін менің ауылыма жиналуға даяр отыр» [71,284-б.].

Сырым батырдың старшындардан қол үзе алмайтын себептері жеткілікті болатын. Қарулы күрес жалғасқан жағдайда халық империямен шекаралас аудандардағы мал жайылымдарынан айырылып қаламыз деп қауіптенетін. Сондықтан да, Сырым батырдың жоспарының кенет өзгеруі де табиғи нәрсе, сондықтан да ол патша үкіметімен жанжалдасуды шектеп, жергілікті әкімшілікпен келісуге талаптанады және басқа старшындармен ақылдаса отырып, келіссөз жүргізу үшін ел ішіне М. Хүсейіновты жіберуді өтінеді [71,285-б.].

Генерал-губернатор А.А. Пеутлинг Сырым батырдың бұл өтінішін қанағаттандырады және мүфти М. Хүсейіновтың беделін Бұхара молдаларының Ресей империясына дұшпандық әрекеттеріне қарсы пайдалану үшін оны қазақ ішіне жұмсауды ойластырады. А.А. Пеутлингтың арнайы тапсырмасын алған мүфти М. Хүсейінов наурыз айының ортасында шеп бойымен Кулагин бекінісіне қарай жолға шығады. Генерал-губернатор мүфти арқылы ел ішіне үндеу жазылған «өсиет хат» жібереді, бұл хатта басқа діндегі билеушіге мұсылмандардың бағынуы мұсылман заңына қайшы келмеуі былай тұрсын, қайта мұны шарифат заңы жөн көреді, сондықтан да орыс патшасына қарсы шығу адал ниетті мұсылман үшін үлкен күнә болып табылады, деген ойды дәлелдеу үшін Құран сүрелерінен мысалдар келтіріп жазады [71,286-б.].

Мүфти М. Хүсейінов Орынбордан шықпай тұрып-ақ оның ел ішіне келу-келмеуі жөніндегі Кіші жүз ішінде талас-тартыс басталған болатын. Сұлтандар мен олардың жақтастары мүфтіді ел ішіне келтірмеуге тырысып, старшындардың мүфти миссиясына сенімін жоюға ұмтылады. Осы көңіл-күй жайында молда Ғұбайдолла Феткуллин мүфти М. Хүсейіновке мынандай хабар береді: «нұртайлықтар, яғни ханды жақтайтын адамдар, қазақ арасында мүфти М. Хүсейінов қасында 500 адамнан тұратын жақтастары бар биліктен босатылған Нұралы ханды да ала келеді екен және бұларға Сырым батырды ұстап алу қажет деген жарлық беріліпті деп өтірік хабарлар таратып жүр». Орал қаласынан келген Қасым деген татар молдасы Кіші жүз ішін аралап жүріп қазақтар арасында мынандай хабар таратады: «әйел патшайымның рұқсаты бойынша хан бұрынғы атағына ие болып, Ордаға қайтып келеді және өзінің басынан кешірген барлық михнаты үшін ол Сырымнан кек қайтаруға тырысады да, елдің тыныштығы кетіп, іргесі шайқалады» [111,28-б.]. Осындай хабарлар таратуда Орал казак әскерінің атаманы Д. Донсков та белсенді рөл атқарады [111,29-б.].

Нұралы ханның қайтып келетіндігі туралы Кіші жүз ішінде жайылған суық хабар Сырым батыр үшін де, мүфти М. Хұсейінов үшін де үлкен қиыншылықтар туғызады. Мүфти М. Хұсейінов осы хабарларға байланысты Кіші жүз ішінде ханды жақтаушылардың белсенділігі өскендігін атап көрсетеді. Ол «Хан партиясына қарасты қырғыз-қайсақ халқы, оның келуін қуана күтіп, Сырым тарханға әбден кіжініп жүр» деп жазады [111,30-б.].

Сенімсіздік пен күдік Сырым батырдың өз басында да туа бастайды. Ол және оны жақтайтын старшындар сөйлесу үшін қазақ даласында мүфтидің жіберілуін құптайды, бірақ олар Кулагин бекінісіне көшіп келуден бас тартады. Тек мүфти Орынборға қайтып кетемін деп қорқытқан соң ғана Сырым батыр линияға 5 шақырымдай жақын келуге мәжбүр болады.

Нұралы ханның қайтып келетіндігі туралы хабарлар, әрине, патша үкіметінің Ералы сұлтанмен арадағы қарым-қатынастары арқылы дем алып отырады. Генерал-губернатор А.А. Пеутлинг Қайып сұлтан өлгеннен кейін, Әбілхайыр хан тұқымдарының билігін қайта орнатуға старшын топтарын көндірудің онша қиындығы болмайды деп есептеді. Бірақ әңгіме патша әкімшілігі күткендей болып шықпайды, мысалы, Нұралы ханның Кіші жүзге хан болып қайта келуі жөніндегі хабарлардың әсерімен шұғыл қимылдаған Сырым батыр хан билігін қайта орнатуды жақтайтын старшындардың бірқатарын үгіттеп уақытша болса да өз жағына шығарады. Бұл мүфтимен кездесуден соң айқындалады [110,50-б.].

Мүфти М. Хұсейінов пен Сырым батыр 2 мамыр күні кездесіп, сөйлеседі. Сырым батыр мен старшындар келіссөз үстінде патша әкімшілігіне қандай талаптары мен шағымдары бар екендігін айтады. Бұлар ең алдымен, Орал казак әскерлерінің атаманы Донсковтен көрген зорлықтарын, оның жазықсыз қазақтарды өлтіргендігін мәлімдейді. Осы зорлық-зомбылықтардың салдарынан «қазақ халқы, мұның ішінде Беріш руынан Амандық батыр, Сықлар руынан Қаратау би бастарын қорғау үшін өздеріне қараған елдері алып мезгілсіз уақытта шекарадан алыс жаққа қашуға мәжбүр болды, ондағы мақсаттары Ресей патшалығынан мүлде айырылып кету еді» [110,51-52-бб.].

Старшындардың бұдан әрі айтқаны: мүфтидің шарифат жолын көрсетіп, Құраннан келтірген мысалдарына біз сенеміз, «Ресей патшалығының қоластына қарау біздің заманымызға ешқандай қайшы келмейтіндігі де рас, дінді теріс айтып жүрген молдалардың тіліне ермей, оларға осы күні елдің көбі дұрыс көзбен қарамай жүргені де рас», бірақ Кіші жүз ішінде осы «бұрмалаушыларға» еріп жүрген қазақтар да аз емес дейді. Қандай түрде болса да, уәде беруге уәкілдік алмаған мүфти ешқандай салмағы жоқ жалпы сөзбен старшындарға жауап берген болады. Отанның әрбір азаматы өзінің тыныштығын бұзбау үшін қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті екенін еске салған мүфти, Орал казак әскерлері басшыларының зорлық-зомбылықтары жөнінде айтылған шағымдарды талқылаудан бас тартап, өзінің қазақтар арасына «арыздарды қарастыру үшін емес, тек қана келіссөз жүргізу үшін» жіберілгенін хабарлайды. Дегенмен, М. Хұсейінов арыздарды үкіметке жеткіземін деп старшындарға уәде береді, бірақ «болған істің әділетін



айтындар, жазықсыз ешкімді кінәламаңдар» деп старшындарды сақтандырады. Мұнымен қатар, мүфти: «Қырғыздар берген анттарын бұзып үнемі ұрлық істеп жүргендіктен де, линия бойындағы казак әскерлері елді талауға кірісті» дейді. Сырым батыр кейбір кісілердің тарапынан ұрлықтардың болғандығын жоққа шығармай, «ел болған соң ішінде ұры-қары болмай тұрмайды» деп жауап қайтарады және тұтқындалған орыстарды қайтаруға уәде беріп, жергілікті орыс әкімшілігі де қамаудағы қазақтарды да қайтаруын талап етеді. Сырым батыр старшындармен келісе отырып, мәселе толық шешілгенге дейін Кулагино бекінісінде қалмақшы болады [111,28-б.].

3 мамыр күні мүфти старшындармен екінші қайтара бас қосып сөйлеседі. Сырым батыр мен старшындар «аса ренжіп, аяныш білдіре отырып» әділетсіз істері үшін полковник Д. Донсков пен старшина Димитрий Мизиновтың қазақтардың алдымызда өз кінәларын мойындарына алуын талап етеді. Осындай талаптар арқылы Сырым батыр мен старшындар орыстар алдында өздерінің кінәсіз екендігін көрсетуге тырысады. Мүфти мен сендердің өтініштерің бойынша келдім, «келгенде де сендердің мүдделерін туралы сөйлесу үшін келдім..., бірақ сендердің Орал әскерлері бастықтарымен араларыңдағы дау-шарларыңды шешу үшін келгем жоқ», - деп жоғарыдағы мәселелерді талқылаудан бас тартады. Ол Сырым батыр мен старшындарға арыздарыңды әйел патша қарастырады деп уәде береді. Бірақ «себепсіз ешкімге жала жабушы болмаңдар» деп тағы да ескертіп кетеді. Мүфтидің бұл сөзіне старшындар қатты ренжиді. «Әлім руынан Наурызалы би мүфтидің өзі де Орал бастықтарын жақтайды деп ашуланып, Алаш деп ұран шақырып, өзіне қараған адамдарын ертіп, аттарына мінісіп алды» [71,120-121-бб.], - деп жазады мүфти. Мүфтидің қасында тек Сырым батыр ғана қалады, ол М. Хүсейіновтан «әлгілердің тентектігін» кешіруді сұрайды және «соларды қайтарып алып келу үшін өзі де аттанып кетеді». Нұралы ханның Кіші жүз ішіне қайтарылуы жөніндегі негізгі мәселе айқындалмай тұрып, мүфтимен арадағы сөзді үзуге болмайтындығын Сырым батыр жақсы ұғынған көрінеді.

3 мамыр күні болған осы оқиға старшындардың бір бөлігінің патша әкімшілігіне көзқарасы тұрақсыз екендігін және араларының шиеленісіп бара жатқандығын көрсетеді. Осыған байланысты атап көрсете кететін бір мәселе, старшындар мүфти М. Хүсейіновтың көнімсіздігіне наразы болса, жергілікті әкімшілік, атап айтқанда, генерал-губернатор, мүфтидің старшындардың ығына жығылғандығына наразы болады. Мүфтидің старшиналармен кездесіп, сөйлескені туралы хабарына жауап беріп, генерал-губернатор А.А. Пеутлинг 14 мамыр күні М. Хүсейіновқа «қырғыз-қайсақ халқының ырқына көне берме және олардың берген анттарын бұзып, теріс мінездер көрсетіп отырғандығын әшкере ет» [71,122-б.] – деген тапсырма береді. Мүфти старшындардың көңілін алдау үшін біраз сыйлықтар таратқанда генерал-губернатор оның бұл қылығына наразы болып «қырғыз-қайсақ старшындарына ешқандай сыйлық таратушы болмаңыз, керісінше жағдайда мүфтидің қырғыз-қайсақ старшындарына таратқан сый-сыяпат шығынын қазына есебіне алмаймын» [71,124-б.] – дейді. Генерал-губернатор А.А. Пеутлинг мүфти М. Хүсейіновқа

барша қазаққа айт, егер кінәларын мойындарына алып, жаздық-жаңылдық демесе, қалай да бір жаза тартпай қалмайды деп ескертеді. Ал, қазақтардың Орал казак әскерінің атаманының үстінен берген шағымдарына келсек, бұл туралы генерал-губернатор мүфтиге «полковник Донсков мырзамен қатынасып, кеңес» дегенді айтады. Шекара бекіністерінде тұтқында жатқан қазақтарды босату жөнінде де патша әкімшілігі икемге келмейтін бағыт ұстанады. Орынбордың обер-коменданты Я.М. Зенбулатов, мүфтидің тұтқындағы қазақтарды босату жөнінде берген хабарына генерал-губернатордың қайтарған жауабын негізге ала отырып, М. Хүсейінов: «қырғыздарды босатып жіберіп, сіздің көпшілігіңізге бере алмаймын» [71,125-б.] – деп хабар береді. Рас, кейіннен, мүфтидің белсенділігінің нәтижесінде бекіністерде жазықсыз тұтқында жатқан 6 қазақ Сырым батыр босаттырған тұтқын орыстармен алмастырылады. Мүфти миссиясының нақтылы нәтижесі тек осы ғана болатын.

Мүфти М. Хүсейінов Сырым батырмен соңғы рет 8 маусым күні жолығысады. Кездесу барысында Нұралы хан туралы мәселе қозғалып, мынадай қаулы алынды деп жазады мүфти: «елдің бәрі бір ауызды болсын, ханмен арадағы талас-тартыстары жойылылып, екі жақ та осы мәмлеге тоқтасын» [71,130-б.]. «Біздің байқауымызша, - дейді бұдан әрі мүфти, - бұлар көпшілік атынан патшаға өтініш түсіріп, ханды балаларымен, нөкерлерімен қоса өздерінің ордасына қайтарып беруді сұрайтын ниеттері бар екен, бірақ олардың ордасында құрылған сот пен сот басшыларының топшылауына қарағанда, ханды Орда ішіне қайтарғанда оған хан билігін қайтарып беру үшін емес, тек ханның қалған өмірін өз елінде, туысқандарының ортасында өткізуі үшін қайтарылсын дегенге саяды» [112,46-б.]. Ханның Кіші жүз ішіне хан атағын бермей қайтарылуына старшындардың келісуі ханды жақтаушы сұлтандар тобының көңілін аулау арқылы билікті өз қолдарында сақтап қалғылары келетіндігін айқын көрсетті.

Осындай әрекеттер арқылы старшындар патша әкімшілігімен ымыраға келіп, қарым-қатынастарын сақтаймыз деп үміттенеді, керісінше жағдайда өздері жек көретін сұлтандар тобының билігі қайта орнайтындығын және империямен шекаралас жерлерді мекендеп отырған қазақ көшпелілерінің шаруашылықтарына үлкен қиыншылықтар туындайтынын жақсы біледі. Сауда қатынастары бұзылып, «ішкі жақтағы» ең шұрайлы жайылымдардан айырылар еді.

Бұл үміттің баянсыз екендігі көп ұзамай-ақ көрінді. Бірақ, 1790 жылдың өзінде-ақ күрес аренасына тағы да бір күш келіп қосылады. Бұл күштің қозғалыс тағдырындағы маңызын старшындар да, Сырым батыр да, патша әкімшілігі де дер кезінде аңғармай қалады. Бұл күш – халық бұқарасы болатын. Аталған жылы халық бұхарасының белсенділігі өсіп, ел ру басыларының ырқынан шыға бастайды. Мысалы, мүфти М. Хүсейінов Кулагин бекінісінің маңына келгенде Әбдош деген қазақ молдасы былай деген: «Сырым туралы айтқаны, - келіссөзге ол өрескел сөз айтатын болса, оның мұндай мінезін айып-шам көрмесін, ол осылай деп түсіндіруді бұйырық етті» [112,48-б.] – дейді. Өзіне қараған халықпен арадағы қарым-қатынастың шиеленісіп тұрғанын

Сырым батырдың өзі де сезеді. Кіші жүз ішінде дін жолын бұрмалап жүрген молдалардың әрекеті туралы мүфтиге әңгімелей отырып ол былай дейді: «бұлар менің Ресейге ниетімнің дұрыстығын көріп, сол үшін мені кәпір атандырды», сондай-ақ, маған Құраннан мысал келтіріп өсиет айтты, сондықтан мен сенімсіз халде болдым, мұнымен қатар халықта дұрыс пиғыл шегінен шыға бастады». Халық бұқарасының наразылығы артқандығын табын руының Жәнібек деген старшынының мүфтиге айтқан сөзінен де айқын байқауға болады. Ол былай деген: «қырғыз-қайсақ халқы өткен қыста, тіпті күзден бастап қобалжып, толқи бастағаны сондай, мен шамам келгенше өзіме қарайтындарды да, бүліншілік жасап жүрген басқаларды да тыныштануға үгіттеп көп еңбек еттім» [112,49-50-бб.]. Сырым батыр да ел ішіндегі осындай көңіл-күйді мүфтиге былайша білдірген: «біздің ел шыдамы әбден таусылған соң жаппай қобалжуға бет бұрды» [15,291-б.]. Ол М. Хұсейіновқа тағы да мынадай шағым айтады: «дін жолын бұрушылардың тіліне еріп қобалжып жүрген кейбір рулардың қырғыздарын тәртіпке салу маған әжептәуір ауыр тиді, бірақ мен мұндай ұшқары ойлыларды да дұрыс жолға салуға тырыстым» [15,292-б.].

Мүфтидің өзі де Елек өзенінің бойындағы старшындарға, билер мен батырларға жазған үндеуінде былай деген: «ал Сіздерге, құрметті старшындар, батамды беріп айтарым: халық ішіндегі қобалжуды тоқтатыңыздар, халыққа патшаның рахымы түседі деп жариялаңыздар» [15,293-б.].

Осы сияқты мәліметтерді полковник Персидский де берген. Ол 1790 жылы былай деп жазады: «менің байқауымша барша қара халық осы күнгі мекендерін тастағысы келмейді. Сөз жоқ, бұлардың арасында қайырымды адамдар да бар, бұлар ел бүлдірушілердің бұзақылығына қатты кеиді және осылар жазаға тартылмаса тыныштық болар ма екен деседі, бұлардың осы сөзіне, әрине, сенуге болады» [15,294-б.]. Персидский айтып отырған «қайырымды адамдардың» бұқара белсенділігінің өсуінен қорқып, «тыныштыққа» құмартып жүрген старшындар екендігінде күмән жоқ.

Сырым батырдың басшылығымен бірнеше жылдан бері жалғасып келе жатқан күрес, әрине, бұқара белсенділігінің күшеюіне себеп болды. Бұқара белсенділігінің артуы 1790 жылы жазда старшындар тобының өз ішінде жіктелуі, халық бұхарасының старшындарға наразы болып, айтқандарына көнбей, старшындарсыз-ақ өз беттерімен күреске шығуы арқылы айқын көзге түсе бастайды. Қозғалыстың мұндай формасы старшындардың мүддесіне сай шеңберден шығып, ендігі кезекте старшындардың өздеріне қарсы күреске айнала бастайды. Осы кезді, яғни бұқара қозғалысының белсенділігі өскен уақытты ерекше атап көрсету қажет, өйткені бұл кез старшындар ұстанған бітімшілік позиция жағдайында феодалдық қанау жүйесіне қарсы әлеуметтік күрес негізінде ғана дами алатын болады. Азаттық жолындағы күрестің бұдан былайғы дамуы енді осы әлеуметтік жіктелудің дәрежесіне байланысты болады.

Мүфти М. Хұсейінов Қоғалы бекінісінен кеткеннен кейін көп уақыт өтпей-ақ Орал казак әскерлерінің қазақ ауылдарына шабуылдарды қайта жаңғырды. Генерал-губернатордың құзырындағы жергілікті әкімшілік өлкені басқарудағы

«неплюевтік әдістерден» бас тарта бастады. 1790 жылы тамыз айының басында Төртқара руының билері Сыртқы істер коллегиясының мүшесі, граф А.А. Безбородкаға сөз салып, Орал казак әскерлерінің атаманы Д. Донсковтың үстіне тағы да шағымданады. Қазақ старшындары «басымызға пәле жауғызып отырғандардың ең бастысы генерал-губернаторлардың өзі» деп түсініп, жергілікті әкімшілікке шағымданудан бас тартады. Старшындар А.А. Безбородкаға жазған шағымдарында генерал-губернатор А.А. Пеутлинг Орынбор Айырбас Сарайында қазақ билерін тұтқынға алды, ал ол билер «елдің ең алдымен қолдарына Құран ұстап шын ниеттерімен антқа берген адамдар еді» [15,295-б.] – дейді.

Старшындар қазақ даласын билеу үшін барон О.А. Игельстромды және М. Хусейиновты қайтадан жіберуді сұрайды. Сырым батыр да II Екатерина патшайымға берген хабарында осы туралы өтінген. Сырым батыр: «қазақтарға әйел патшайымның аналық мейірім жасайтындығы туралы» мүфтидің сендіруіне қарамастан, атаман Донсков «1500 солдат ертіп келіп, 225 үйдің талқанын шығарды, олардың барлық мүлкін тартып алып, 150 адамды өлтірді, 57 адамды тұтқындап алып кетті, онымен қоса толып жатқан жылқы, түйе, қой, сиырларды шауып алды» [111,29-б.].

Мүфтимен арадағы сөзден нәтиже шықпағаннан кейін де Сырым батыр жоғары билік орындарына тағы да сөз салып, қарым-қатынасты реттеуге үміттенген. Сырым батырдың арызына байланысты, үкімет 21 қазан және 5 қараша күні екі жарғы шығарып, генерал-губернатор А.А. Пеутлингке қазақ еліне жазалаушы экспедиция жібермеуді тапсырады. Жарлықта үкімет казак әскерлерінің жорықтарынан қазақтардың еш жазығы жоқ ауылдары жапа шегіп отыр деген дәлелдер келтіреді. Бірақ, үкіметтің бұл жарлығы да генерал-губернаторға бөгет бола алмайды. Сыртқы істер коллегиясының тапсырмасын өзінше түсіндірген генерал-губернатор А.А. Пеутлинг жарлықта тек тыныш отырған ауылдарға ғана жазалау экспедицияларын шығармау туралы сөз болып отыр, ал бүлікшіл ауылдар туралы қарулы күш қолдану саясатын бұрынғыша жалғастыра беруге болады деп есептейді.

Жаңадан жазалау экспедициясын жіберу үшін сылтау табу қиын болмайды. Шекаралық өкімет орындарының зорлығына старшындар үкіметке хат жазып, шағым айту жолымен қарсылық білдіретін болса, ал халық бұхарасы Орал казак әскерлерінің зорлықтарына шекара линиясына шабуылдар жасауды күшейтумен жауап береді. Осы шабуылдарға Сырым батыр мен басқа беделді старшындардың қатынасқаны байқалмайды.

Қозғалыс 1790 жылдың күзінде қазақтардың ұсақ-ұсақ жасақтарының жеке-жеке шабуылдары ретінде өрбиді.

Осы шабуылдарға жауап ретінде 1791 жылдың басында генерал-губернатор А.А. Пеутлинг қазақ даласына қарулы отрядтар жіберілсін деген жарлық шығарады.

Беделді старшындарды өз жағына тарту үшін Сырым батыр ел ішінде Дөнен би, Серкеш руының биі Тормамбет пен Алаша руының биі Сыпыра

орындарынан алынды, Ресейден «бұлардың орындарына басқа старшындар сайлансын деген жарлық келді» деп хабар таратады [113,123-б.].

Бірақ қарым-қатынас хат жазысумен ғана шектелген жоқ. Сырым батыр екі ойлылар мен өзіне қосылмай жүргендерді өз жағына тарту үшін ауылдарды аралап, үгіт-насихат жүргізеді. Сырым батыр үгітке көнбеген старшындарға қысым көрсету әдісін де қолданады. Бұл туралы мәлімет берген кеңесші Нұрмұхаммед қожаның айтуына қарағанда Сырымның үгіт-насихатына көнбей, оған дұшпан ниетте қалған старшындар - Әлімұлы әулетінен Қаракөбек би, Жаназар би, Мұратбек би, Байұлы әулетінен Тіленші батыр, Тілеп би және Жәнібек би. Бұлардың арасынан Мұратбек, Қаракөбек және Тормамбет, сол сияқты Шекті руының старшыны Сегізбай хат жазысу арқылы Ералы сұлтанмен төте қатынас жасап отырған.

Бірқатар старшындардың Сырым батырға қарсылығының күшті болғандығын Абұлсатар Халитовтың мына бір уақиға жайында айтқан әңгімесінен көруге болады. Ол Беріш руында жүрген кезде осы рудың старшыны Бөдене би Сырым батырдың хат алады. Сырым батыр беріштерді «Орал өзені жағына көшпеге және халықты Орынборға сауда істеу үшін жібермеуге» шақырады. «Сырымның пәлеге шақырған осы сөздеріне Бөдене би ашуланып Сырымның хатын жыртып-жыртып лақтырып жіберді» [113,124-б.] – дейді А. Халитов.

Сөз жоқ, 1791 жылдың басында Сырым батырға қарсы бағыт ұстанып жүрген старшындардың бір бөлегі патша әкімшілігімен келісу жолымен Кіші жүз ішінде өз үстемдігін сақтап қалуым мүмкін деп әлі де үміттеніп жүреді. Ол топқа Төртқара руының старшыны Қаракөбек те қосылған болса керек. Оның мұнысы Ералы сұлтанды хан етіп сайлағанда көзге түскен. Д. Донсков 1792 жылы ақпан айында Шекара істері экспедициясына мынаны жазып, Тама руының Шобак деген старшынының «маған білдіргені – Адай, Сентемір және Беріш руларындағы қазақтардың көбі оған риза емес көрінеді және осы жазда бұлардан тыныштық ой күтуге болмайды» [114,15-б.] – дейді. Таймас Сейтов деген молда былай деп жазады: Адай руының кейбір қазақтары түркімендерден қоныс айырып, теңіз араларына барып орналасты, өйткені бұлар өткен күзде старшындардың тілін алмағанымыз үшін Ресей өкіметі бізді жазалайды деп қорқады. Сырым, Сегізбай, Мұратбектер өздеріне жіберілген Хұсаин Абдулсалимов деген молдаға 1792 жылы шілде айында «біздің Ордамызда әртүрлі алауыздық істер толып жатыр, бұлар ілгеріде тағы да көбейе бермек» [114,16-19-бб.] – деген пікір айтқан.

Тіленші Бөкенбаевтың ауылдары да тыныш отырмайды. Бұл старшынның Сеиіт Бекмұхаммедов молдаға «егер де мен алысқа көшіп кетсем, менің халқым түгелімен зұлымдарға қосылып кетіп, өзімді масқара қылар деп қауіптенемін» деуі қалыптасқан жағдайдан толық мәлімет берсе керек. Тіленші Бөкенбаев сынды беделді старшынның өзі халықты шекара өкіметтері жазалайды деп қорқыту арқылы ғана бағындырып ұстап тұра алды. 1792 жылы жазда генерал-губернатор А.А. Пеутлинг Әлімұлы әулетіне жіберген Хұсайын Абдулсалимов деген молдаға старшындар: «біз өзіміз бұл жақтағыларға қарсы зұлымдық

әрекет жасай алмаймыз, бірақ ұшқары ойда жүрген халықты сотқарлықтан тоқтатамыз деп те айта алмаймыз» [115,16-б.] – деп мәлімдеген.

Мұрағат құжаттарының арасында Сырым батырды белсене жақтағандардың қатарында тағы да бірқатар адамдардың аттары аталады. Молда Ғубайдолла Феткуллин Наурызалы батырдың басшылығымен Кете руының жасағы аттанды деп хабар береді. Табын руының Елекбай, Бармақ, Досыбарақ және Асау деген старшындары Сырымды қолдау үшін 500 кісілік жасақ алып аттанады. Абдүлфатих Абдулсалимов деген молданың мәліметіне қарағанда Сырым батырды қолдау үшін Шеркеш руынан белгілі Жарқыбай батыр аттанған.

Сырым қозғалысының өрлеуі салдарынан Ресей үшін туған нақтылы қауіп – қазақтардың шекара бекеттеріне шабуылдарының күшеюі мен орыс керуендерінің қазақ даласында тоналып отыруына байланысты Орта Азия хандықтарымен сауда-саттықта туған қиыншылықтар болды. Мұның үстіне, Сырым қозғалысының белсенді сипат алуы Кіші жүз ішінде хан билігін қалпына келтіру мәселесін шиеленістіріп жібереді. Хан билігін қайта орнату жөнінде Сырқы істер коллегиясы қаулы алып қойған. Бірақ Ресей үкіметі Сырым бастаған халық қарсылық көрсетіп отырған жағдайда Кіші жүзге хан билігін қайта орнату мәселесін жүзеге асыру оңай болмайтынын жақсы сезді. Кіші жүз ішіндегі қозғалысты Сырым батырды ұстап алып залалсыз ету әрекетінен де ештеңе шықпайды. Сырым батыр сақтанып, шеп маңынан алыста көшіп жүреді. Патша әкімшілігі сұлтандармен қарым-қатыныс жасауда сыннан өткен ескі әдісті қолдануға бел байлайды [116,306-б.].

Мамыр айында Сырым батырға молдалар Ғубайдолла Феткуллин және Әбілпейіз Мансуровты жібереді. Бұларға «әйел патшадан келген сыйлықтар мен генерал-губернатор А.А. Пеутлингтің хатын Сырымға апарып беру тапсырылады және бұл хатқа Сырым дұрыс жауап беру үшін барлық амалын қарастыру керек» [116,307-б.], – деген құпия нұсқау беріледі.

Сырым батырдың ауылына келген молдалар сыйлықтар мен хатты тапсырады. Молдалардың айтуына қарағанда, Сырым батыр «мұны көңілденіп қабылдайды». Сырым батыр жақын ауылдардың қазақтарын жыйнап алып, оларға: «әйел патша жіберіп отырған мына сыйлықты қабылдап алыңдар», ал «алғыларың келмесе, онда маған өкпелемендер» дейді. Бұған жиылған халық «біздің өкпелеріміз жоқ, сыйлықты әйел патша Сырымға жіберіп отыр, сондықтан оны Сырымның өзі пайдалансын» [116,308-б.], – деп жауап беріп, патша сыйлығын алудан бас тартады. Сыйлықты алмағанда Сырымға келген сыйлық деп алмауы, Кіші жүз ішіндегі үстем болып тұрған әдеттер жағдайында, мүлде сенімсіз болып көрінеді. Халыққа сыйлық алыңдар деп ұсыныс жасауының сырын Сырым батыр молдаларға жасырын түрде былайша түсіндірген: «халыққа мұндай ұсыныс жасағанда артынан елдің өкпе-назына қалмайын деп жасадым» [115,16-б.]. Сырым батыр сыйлықты қабылдауын қабылдағанымен де, патша әкімшілігіне сенбеуін жалғастырды.

Жетіру әулетіне қарасты Кердері расправасында іс жүргізуші қызметін атқарған молда Ғ. Феткуллин 1791 жылдың қараша айында Шекара істері

экспедициясына мынадай мазмұндағы хат жолдайды: «Сырым батыр аз санды ұлысын, атап айтқанда байұлы рулары мен тілеуқабақтарды алып өзінің құдандас ұлыстарына көшіп барып Бөрлі өзенінің бойына орналасты. Ұзынқұлақтың хабарларына қарағанда, ол мұнда Шүмекті табындармен, Досыбарақпен қосылып Ресейге қарсы шықпақ зұлым ойы бар көрінеді, осы зұлымдыққа басқа қырғыз-қайсақ халқын да шақырған. Төртқара руының старшыны Қаракөбек тархан мен Әлімұлының старшыны Мұратбек те Сырыммен бірлікте» [115,18-б.]. Бұл хатта Сырым батырды жақтайтындардың арасында аса беделді старшындардың аттары тағы да кездеседі, сондай-ақ, Сырымның ұлысы әртүрлі рулардың қазақтарынан құралған. Тегі, Сырым батыр қандай рудан шыққан болса да барлық наразыларды өзіне тарататын орталық тұлғаға айналған болса керек.

1792 жылдың бас кезінде, яғни қаңтар, наурыз айларында Сырым батырды қолдаған старшындардың аттарын қарасақ біз бұлардың арасынан, Феткуллиннің хатында саналған старшиналардан басқа, Қайсары мен Рысалының, Беріш руынан Амандық батырдың аттарын кездестіреміз. Сырым батырды қолдағандардың ішінен Кете руының старшыны Тілеп Қойбасовтың аты жиірек кездесе бастайды. Тілептің Сырым батырға жазған хаты сақталған. Сырымның Ералыны хан деп танымауға шақырғанына Тілеп Қойбасов былай деп жауап берген: «Біз бұл туралы 40 молдадан сұрадық, олар бізге ханды орыстардың тағайындағаны дұрыс емес дейді. Бізбәріміз бір дінде болғандықтан, сіз не айтсаңыз, біз соған көнеміз және сізбен бұрынғы уәделескен сөзден айырылмаймыз» [117,4-б.].

1791 жылдың қараша айында Сырым батыр Бұхардан хат алады. Орынбор әкімшілігінің мәліметтеріне қарағанда бұл хатта: «Егер де Ресейге қарсы аттану үшін Сырымға көмек керек болса, оған бұхарлықтар даяр тұр» деген ұсыныс жасалған. Бұхардан шыққан молдалар да Кіші жүз ішінде осы бағытта үгіт-насихат жүргізеді. Дегенмен, 1791 жылдың күзінде Сырым батыр Бұхармен белсенді қарым-қатынас жасаудан бас тарта бастайды. Оған себеп болған жағдай – Сырым батырдың хан билігін қайта орнату мәселесінде патша әкімшілігінің болашақта қандай саясат ұстанарын болжап білмеуі болса керек. Бірақ, 1792 жылдың жазында Сырым батыр Бұхармен қатынасын қайтадан күшейте түседі. Тіпті қаңтар айының орта кезінің өзінде Д. Донсков Шекара істері экспедициясына менің қолыма түскен хабарларға қарағанда Сырым батыр мен оны жақтаушылар «шабармандар арқылы Бұхар билеушісімен хат жазысып жүр» [114,20-23-бб.], – деп хабар берген. Кіші жүзге барлау үшін жіберілген походный советник Абдулсатар Хамитов 3 қаңтар күні хабар беріп, Сырым батыр Тіленші старшынға өзінің Бұхардан хат алғандығын білдіріпті дейді. Сырым батырдың Бұхармен қарым-қатыныс жасауға кіріскендігі туралы және түрікпендермен, қарақалпақтармен күресті тоқтатытындығы жөніндегі мәліметтерді Заит Бәкиев деген молда 1792 жылғы 20 қаңтар күні хат арқылы хабарлаған. Маусым айының бас кезінде молда Абдулсатар Хамитов Орынбор обер-коменданты И.А. Трейденге Сырым батырдың Қарақұмды қыстаған өз туысқандарына жазған хаты туралы хабар береді.

1792 жылы май айында Қобда және Елек өзендерінің арасында қазақтардың көп адам қатысқан жиылысы болып, Ералының тағы да хандыққа сайланғаны туралы әңгіме тарайды. Ералы, сол сияқты оның туысқаны Ешім сұлтан бізге өте залалды адам делінеді. Ералы ханның атымен қатар Есімнің аталуы кездейсоқ мәселе емес, өйткені старшындар жиылысқа әзірленгенде оған хат арқылы сөз салған. Хатқа Сырым батыр да мөрін басқан. Бұл хатта жиылыстың себебін «оның өлген атасы Нұралы ханға құран оқу және Орданың жағдайы туралы кеңесу үшін» [114,24-26-б.], – деп түсіндірген. 1792 жылы маусым айында болған жиылыс жөнінде неғұрлым толығырақ мәліметтер жиылысқа қатынасқан старшындар атынан генерал-губернаторға жіберілген хатта қамтылған.

Старшындардың хатына жауап 1792 жылдың шілде айында жіберілген, ал молда А. Хамитов тамыз айында Шекара істері экспедициясына: «Сырым Датұлы, Қаракөбек және Башиқара азынаулақ халық болып марқұм Нұралы ханның баласы Есентай сұлтанды өз беттерімен хан сайлап алған» [118,160-б.], – деп хабар береді. Патша үкіметінің еркіне қарсы жаңадан хан сайлап алудың өзі патша әкімшілігіне қыр көрсету деген сөз еді және шеп маңында қарулы күрестің күшеюіне соғар еді. Сондықтан Есентай (Есеналы) хандыққа сайланғаннан кейін, А. Хамитов молданың хабарында айтылған старшындар даланың түкпіріне қарай көшіп кетеді және басқа старшындарға да бізге еріндер деп ұсыныс жасайды. Есеналының хан сайлануы да халық бұқарасы қозғалысын белсендіре түседі. Халықтың патша әкімшілігіне өшпенділігінің күшейгені соншалықты А. Хамитов молданың жаны шошып, қазақ даласына баруға батылы бармайды. Дұрысында, Сырым батырдың Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасы қағаз жүзінде қалды. Сырымның қарулы қарсыласуы 1792 жылдың қыркүйегінде оның төңірегіне қарапайым халықты бірлестіреді. Сейіт Бекмұхаммедов молда Шекара істері экспедициясына Сырым батырдың «байбақтылардан, шектілерден, алашалардан, масқаралардан, байұлылардан, әрбір рудан адамдары бар» [118,161-б.], – деп жазуының сыры осы болатын.

1796 жылы желтоқсан айында Орынборға соғыс губернаторының қызметіне барон О.А. Игельстром тағы да тағайындалады. Онымен бірге Орынборға мүфти М. Хұсейінов те қайтып келеді.

Наурыздың 26-нан 27-не қараған түні Краснояр форпостынан 5 шақырым жерде Есім хан өлтіріліп, ауылдары таланады. Ханды өлтіруге Сырым батыр қатынаспайды, бірақ хан өлтірілген түні «ханды өлтірушілерді қорғау керек болып қала ма деп Оралға таяу бір жерде болады» [118,162-б.].

Бөкей, Қаратай және Бегалы сұлтандардың айтуына қарағанда, «жоғарыда аталған ұрылар мен бұзақыларға басшы болған және ханның ордасын» көрсетіп берген Кердері руының старшыны Тілеп Қойбасов. Хан өлтірілер жолы оның ауылдарына шабуыл жасағанда Сырым батырдың қазақтары ханның патша әкімшілігі тағайындаған іс жүргізушісі молда Ғ. Феткуллинді өлтіреміз деп қатты іздейді, бірақ молданың Орынборға кетіп қалуы себепті де оны таба алмайды.



Есім хан өлтірілген кейін, Байұлы әулетінің сұлтандары мен атақты адамдары патша әкімшілігіне сөз салып, жаңадан хан тағайындауды өтінеді [119,2-б.], ал 28 маусым күні осы сұлтандар мен старшындар хан етіп Нұралы баласы Қаратай сұлтанды бекіту туралы өтініш жасайды. Мұны Қаратайдың өзі де өтінеді, мұның өтінішін Шотқара, Шорман және Елтай деген сұлтандар да қуаттайды [119,3-5-бб.]. Өзінің саяси бағытынан айнымаған Сырым батыр сұлтандардың хан өкіметін қайта орнатамыз деген бет алысына халық жиылысының шешімін қарсы қоюға тырысады. Ол хан өкіметі жөніндегі мәселені шешу үшін маусым айында старшындар сиезін ұйымдастырмақ болып талаптанады.

Сырым батырдың тактикасы ру басшыларының күш-қуаттарын біріктіруге емес, қайта старшындар тобының жігін ашуға әкеліп соғады. Осы жік ашылудан старшындар тобының бұқарадан қорқатындығының белгісі көрінеді және өзінің хан өкіметіне қарсы жүргізген қажырлы, бітіспейтін күресімен ру басшылары алдында «Орда тыныштығын» бұзушы болып шыққан адамды жек көрушілік те көзге түседі.

Ұзақ үзілістерден кейін мүфти Кіші жүзге сапарларын қайтадан жалғастырады, оның ықпалымен 1797 жылы Хан кеңесі ұйымдастырылды. М. Хүсейінов оны толықтай басқара отырып, қазақ сұлтандарына Ресейге бейтарап Айшуақ сұлтанды хан етіп сайлауға кеңес береді.

Хан өкіметі турасындағы мәселе жөнінде Кіші жүз ішінде күрестің шиеленіскендігі туралы патша әкімшілігі толық хабар алады. Патша әкімшілігі хан өкіметін тезбе-тез орната қою қауіпті іс деп санайды да, ымыра шешім жасау жолымен Кіші жүз ішінде тыныштық орнатуға ұмтылады. Осы мақсатпен Игельстром 6 маусым күні Шекара істері экспедициясына жаңа хан сайлаудан әзірше бас тарту, Кіші жүзді басқару ісін Хан кеңесіне тапсыру, Хан кеңесінің Кіші Қобда өзенінде орналасауы туралы ұсыныс жасайды [120,97-б.].

Хан кеңесі 1797 жылы 8 тамыз күні ашылады, кеңестің соғыс губернаторы тағайындаған құрамы мынадай болды: төрағасы Айшуақ сұлтан, мүшелері: Әлімұлы әулетінен – Сары Шоннай би, Байұлы әулетінен – Сұлтанбек би, Шақшақ би және Жетіру әулетінен – Көшекбай би мен Бітік мырза. Хан кеңесіне патша үкіметінен уәкіл етіліп мүфти М. Хүсейінов жіберіледі. Старшындардың өздері қайтарылуын талай рет сұрап жүретін мүфти М. Хүсейіновтың Хан кеңесінің жұмысына қатынасуы Сырым тобының жаңа өкімет орнына жөнді көзбен қарауына белгілі түрде кепілдік береді. Старшындардан барлығы 7 өтініш түседі, бірақ өтініштердің бәрінің мазмұны бір-біріне ұқсас. Бәрінің тілейтіні: хандыққа Қаратай сұлтан бекітілсе екен және хан сайлауын Орынбордың Айырбас Сарайы жанындағы мешітте өткізу. Осылайша, сұлтандар хан сайлау үшін қазақ даласына барудан бас тартады. Тегі, сұлтандар қазақ даласына барсақ хандыққа өз өкілімізді өткізе алмаймыз деп есептеген көрінеді.

Старшындардың біразы өздерінің даулы мәселелерін шешкізу үшін кеңеске барып отырады, мүфтидің сөзіне қарағанда, мұндай старшиналардың саны көбейе берген. «Менің байқауымша, – деп жазады мүфти соғыс

губернаторына, – қырғыз-қайсақ Кіші Ордасының бүкіл қоғамы кеңестің құрылуын қанағаттанумен қабылдап отыр, өйткені Кіші Орданың барлық 32 руының басты-басты старшындары, билері, батырлары және басқа да таңдаулы адамдары кеңеске және маған күнде келіп отырады, бұлардың әрқайсысы аса мейірімді патшаға өздерінің қамын ойлағаны үшін алғыс айтып кетеді» [110,40-б.].

Старшындардың басын біріктіремін деген бет алыс кеңестің Сырым тобына қараған көзқарастарынан да көрініп тұр. Хан кеңесінің әрекетінде оның Сырым батырмен бірлесіп жұмыс істеуге болады деген бағыты көзге түседі. Мүфти М. Хұсейінов 21 тамыз күні О.А. Игельстромға: «Ордада ұсталып жатқан ресейлік тұтқындарды тауып алып, оларды құтқару үшін Айшуақ сұлтан Сұлтанбек, Шақшақ деген билерді, Сырым батырды қосып 11 тамыз күні кеңес мүшелерін жіберетін болды» [110,41-б.].

Сырым батырдың Хан кеңесінде қандай бағыт ұстағандығы жөніндегі мәліметтер үзінді-үзінді болып келеді және бір қарағанда, біріне-бірі қайшы келетін де сияқтанады. Кеңес ұйымдастырылысымен батырдың өзін және оның жақтаушыларын Кіші жүзді басқару ісінен тайдырамыз деген әрекет болады. Хан кеңесінің бастапқы құрамы Сырым батырды қанағаттандыра алмайды. Бірақ мұнымен қатар, патша үкіметі тағайындап отырған Хан кеңесін Сырым батыр да бағаламай тұра алмас еді, мұның үстіне кеңесті басқарып отырған Айшуақ емес, мүфти М. Хұсейінов болатын. Кіші жүзді басқару мәселелеріне мүфтидің қандай көзбен қарайтындығын Сырым батыр 80-жылдардағы оқиғалар негізінде бағалай береді.

Жиылыстағылардың бірі Қара Шоннай би (Әлімұлы әулетінен) хан сайлау туралы мәселе көтергенде жиын оны даусынан айырып тастайды: «Бізге бұл туралы әлі бұйрық келген жоқ, сондықтан біз сол бұйрықты күтуіміз керек және бұл сенің жұмысың емес деп бүкіл жыйылыс оны сөйлетпей қояды» [15,45-б.]. Бірақ мұның өзі де хан өкіметі жөніндегі мәселе біржолата шешілді деген сөз емес, дұрысында, бұл мәселенің шешілуі тек кейінге қалдырылды деген сөз еді. Сонда мүфти М. Хұсейінов О.А. Игельстромға «менің байқауымша Кіші Орданың қырғыз-қайсақ қоғамы өзіне алуға әжептәуір бейімделіп қалған көрінеді» [121,1-2-пп.], - деп хабар берген. Әзірше старшындар Қаратай сұлтанды хандыққа бекітуге батыл түрде қарсы болған. Жиылыстан кейін таңдаулы адамдар мүфтиге келіп мынаны айтады: «бізге жеткен мәліметке қарағанда, Оралдың төменгі бойындағы хан тұқымы, бұйрық бойынша ма, жоқ па, оны ақ киізге салып қолдарына көтеріпті. Хан тұқымының бұйрық болмай тұрып, қоғаммен келіспей тек жеке өздері ғана хан сайлап алатыны қалай..., сондықтан бүкіл қоғам бұған күмәнданып, наразы бола бастады» [122,560-п.]. Мүфти жылы сөйлеп қоғамды тыныштандыруға тырысады да, старшындарға: «бұл хабар дұрыс бола қояр ма екен, өйткені патша қырғыз-қайсақ халқына қашан да болса мейірімділік істейді ғой» [123,173-б.], – деп жауап қайтарады.

Патша әкімшілігінің уәкілі Қаратай сұлтанның ханға сайланғандығын старшындар алдында бекер етіп көрсеткен пайдалы деп есептейді. Мүфтидің

бұл жөнінде келтірілген дәлелі қызық, ол Қаратайды хандыққа сайлау ісінің жүргізілуі мүмкін емес, өйткені барон О.А. Игельстром кіші жүзге қашанда өзінің мейірімін түсіріп отырады. Мүфти Қаратай сұлтанның хандыққа сайлануы старшындар тобына қарсы істелген қастық акт екендігін жанай мойындап өтеді. Барон О.А. Игельстромның өзі де осы көзқараста болды ма? Патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының бірқатар мәселелері жөнінде мүфти мен соғыс губернаторының арасында толық бірауыздылық болғандығын атап көрсету қажет. Мүфти өз пікірін губернатордың пікірлерімен сәйкестендіріп отырды.

Қазан айының өзінде-ақ О.А. Игельстромның ел билеуді Хан кеңесінің қолына беру туралы шешімнен бас тартып, хан өкіметін қайта орнату жағына қарай бет алғаны кездейсоқ емес. 1797 жылдың күзінде кеңес белгілі дәрежеде беделге ие болып, старшындар өкіметіне айналып кетеді, сондықтан ол патша үкіметі үшін ұнамды болмайды. Дегенмен, Кіші жүз ішінде хан өкіметін қайта орнатқанда, О.А. Игельстром хандыққа Қаратай сұлтанды тағайындамай, Айшуақ сұлтанды тағайындайды. Қаратай сұлтанның кандидатурасының өтпей қалу себебі патша әкімшілігі үшін хандыққа беделді сұлтанды өткізу ұнамсыз болғандығынан еді. Айшуақ сұлтанды хандыққа тағайындағанда соғыс губернаторы осы пікірді қолдады ма екен, өйткені старшындардың арасынан таңдаулы адамдар Кіші Қобда өзенінде мүфтиге ашықтан-ашық өтініш жасағаннан кейін, Қаратайдың хандыққа бекітілуі өзара күрестің тағы да шиеленісе түсу қаупін туғызар еді.

Жаңа хан 16 қазан күні Орынбор маңындағы Айырбас Сарайында сайланады, ал 31 қазан күні Айшуақ хандыққа да бекітіліп қояды [124,170-173-бб.].

Патша үкіметінің бұл саясаты Сырым тобының Кіші жүз ішіндегі жағдайын кенет өзгертіп жібереді.

Сонымен хандыққа Айшуақтың сайлануы патша әкімшілігінің Қаратайды хан деп танудан бас тартқандығын көрсетті, сөйтіп, Сырымның 1797 жылы тамыз айында старшындардың едәуір тобын өз төңірегіне жинап алуына себеп болған негіз енді біржолата жойылған еді. Өз руынан айырылап, жаңа ханның тағайындалуын жайбарақат қабыл алған Әлімұлы әулетінің ру басшыларынан жәрдем көре алмай, Қаратай бастаған сұлтандар соңына түсіп Сырым батыр 1797 жылы Хиуа хандығының жеріне көшіп кетеді [125,300-п.].

Жалпы алғанда, М. Хұсейіновтың ықпалды қазақ тұлғаларымен жақсы байланыс жасауға тырысқандығын айта кеткен жөн. 1790 жылдың өзінде мүфти Кіші жүз ханы Нұралының Уфадағы қызына үйленгісі келген. Хан келісімін берген, ал А.А. Пеутлинг II Екатерина патшайымнан тиісті шара қолдануын өтінген. Үйленулеріне не кедергі болды: Петербург шенеуніктерінің рұқсат бермеуі ме, әлде Нұралы ханның қазасы ма, анықтау қиын?! 1798 жылы мүфти жаңа қадам жасайды. Ол сұлтандармен келісіп, қаза болған Есім ханның қызына үйленбек болады. 2 қарашада М. Хұсейінов II Павел императорға өтініш жіберіп, ал 21 желтоқсанда некелесуге рұқсат алады. Алайда қалыңдықтың туысқандары оны шекарадан алыс алып кетіп, Жәнібек

сұлтанның ұлына күйеуге береді. М. Хұсейінов императордан қалыңдығын қайтаруға көмектесуін өтінеді, бірақ ІІ Павел тек өзінің күшіне сенуіне кеңес береді. Ұрлаушылардың әрекетіне қарсы тұра алмаған мүфти жаңа қалыңдық іздестіруге мәжбүр болады [125,304-п.].

Мүфтидің келесі таңдауы Айшуақ ханның туысқаны, бұрынғы Хиуа ханы Қарай сұлтанның қызы – Қаракөз болды. Кейіннен М. Хұсейінов орыс мәнеріне лайықтап оны Елизавета деп атады. Орынбордағы 1800 жылғы 1 тамыздағы неке қию рәсіміне қазақ қоғамының барлық билеушілері мен губерния сенаторлары М.Г. Спиридонов пен Н.В. Лопухин қатысты [126,170-173-бб.].

Алғашқы онжылдықта мүфти әлі де болса өлкеде дипломатиялық қарым-қатынастарда негізгі саяси тұлға болып қала берді. М. Хұсейіновтың сапарларының бағыттары айтарлықтай кеңейді. Ол Кавказға барады және сол жерде ресейлік кепілдікке алынған кабардиндіктерді қабылдайды, сол жерде рулық сотты және ресейлік билікке адал болу жағдайын ұйымдастырады. 1805 жылы мүфти Каспий теңізінің шығыс жағалауында өмір сүретін түркімендер ісі бойынша құпия комиссияға қатысады, ал бір жылдан кейін Астраханьға барып, қазақ сұлтандарымен келіссөздер жүргізеді. Биліктің тапсыруымен М. Хұсейінов Санкт-Петербургке Кіші жүзді құру туралы жобаны жасап ұсынды және тәуелсіз елдермен сауда жасайтын көпестердің шығындарының орнын толтыру амалдарын қарастырады [127,8-б.].

Алайда М. Хұсейіновтың ішкі саяси қызметі бірте-бірте құлдырай берді. Г.С. Волконский айтқандай, мүфтидің тәкаппарлығы мен пайдакүнемдігі сенімсіздік тудырып, қазақ сұлтандары мен оның айналасындағылар оны жек көре бастайды. Сондықтан болар, 1817 жылы Жантөре, Қаратай сұлтандар және т.б. мүфтидің әйелі Жанбикені қызымен отанына қонаққа келуге тыйым салып, Уфаға қайтарған. Оның үстіне, қазақ жүздеріне ресми түрде келу қауіпсіз болды. Қазақ старшындарының көбі діни қызметкерлердің насихаттарына көңіл аудармады және көп жағдайда соңғылары кепілдікке алынып отырды. Губернатор Г.С. Волконский сенімді түрде былай деп айтты: «қазақ ақсүйектерімен қарым-қатынаста ескі әдістер өзінің маңызын жоғалтты» [128,60-п.].

Министр А.С. Шишков жоғары мұсылмандық қызметке кандидатура беруді ұсынады. Жергілікті әкімшілік те, қазақтар да оның кандидатурасын жақтырмады. Генерал-губернатор П.К. Эссе А.С. Шишковқа жазған хатында: «Орынбор мешітіне ахун Абдұссалам Абдрахим лайықты, өйткені ол шығыс тілдерін және мұсылман заңын жақсы біледі, сонымен қатар, оны осы өлкені мекендейтін барлық мұсылмандар, тіпті далалық қырғыз-қайсақтар да сыйлады» [128,62-п.] – деген еді. 1825 жылы 30 қыркүйекте І Александр патша Габделсалам Габдрахимовты мүфти етіп тағайындау туралы бұйрыққа қол қояды. 1826 жылы 15 ақпанда ол өз міндеттерін атқара бастады, ал наурыз айында үй тұрғызуға немесе сатып алуға күміс ақшамен 4 мың сом көлемінде жәрдемақы алады [125,305-п.].

Г. Габдрахимов (1765-1845) Қарғалы ауылында және Орынбор медресесінде діни білім алған адам. Сол жерде ол шетел тілдерін: араб, парсы,

түрік тілдерін жақсы меңгереді. Сондықтан болар, ол Орынборлық шекаралық комиссиясынан аудармалары үшін сыйлыққа ақша мен мата алған. Мүфти орыс тілін онша жақсы білмеген. 1799 жылы қыркүйекте Г. Габдрахимов Орынбор бас мешітінің имамы және ұстазы болып тағайындалады, ал 1805 жылы тамызда діни басқармада сынақтан өтіп, ахун және мударис деген лауазымдарға ие болады. Осы оқиғалар аралығында, яғни 1802 жылы мүфти оны шарифат заңдарын бұзғаны үшін қызметінен босатты, ол Құдайға құлшылық ету күнін белгілеген уақытынан 4 күн бұрын ерте өткізді деп кінәланды. Г. Габдрахимов мұны діни адамдар мен діни басқарманың екі мүшесінің келісімімен өткіздім деп ақталды. Мүфти мен қалалық молданың арасындағы дау-жанжал 1803 жылдың ортасында болған Орынбордың жаңа мешітінің ашылу салтанатында жалғасын тапты. Мерекелік шараға Уфадан келген М. Хұсейінов жиналғандардың алдына шығып, мешіттің ішкі құрылысы мұсылман канонына сай емес деп мәлімдеді және Г. Габдрахимовқа молда лауазымына кандидатурасын бермеу туралы ұсыныс жасады. Сөз алған Г. Габдрахимов мүфтидің ұсыныстарына қарсы тұрады және тыңдарманның назарын өзіне аудара білді. Діни беделді адамдар Орынбор губерниялық меңгерушісіне молданы М. Хұсейіновтың қысымынан қорғауды өтінеді. Соңғысы бұл істі соңына дейін апармай, қаланы тастап кетеді. 1803 жылы 16 қыркүйекте мүфтидің қысымымен Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы Г. Габдрахимовты қызметінен алып тастау туралы екінші мәрте шешім шығарады [125,306-п.].

Алайда имам аз ғана уақыт қызметсіз отырды. Оның пайдасына Кіші жүз ханы Айшуақ пен Орынбор губерниялық меңгерушісі діни мекемені имамның ісін қайта қарауға көндірді. 1805 жылы 12 тамызда Г. Габдрахимов ахун және мүдәріс дәрежесін алады [125,307-п.].

Г. Габдрахимовке деген биліктің ерекше көзқарасы былайша түсіндірілді: ол Орынбор шекаралық комиссиясы мен генерал-губернатордың тапсырмаларын тыңғылықты орындап отырды. Орынборлық ахун өзін қазақ хандары мен сұлтандарының тілін таба білетін, епті дипломат ретінде көрсетті [125, 308-п.].

Генерал-губернатордың резиденциясы Орынборда орналасқандықтан күнделікті істер бойынша Г. Габдрахимовтің қызметіне сүйенді.

16 сәуірдегі императордың бұйрығымен ахун жылына күміс ақшамен 150 сом жалақы алып тұрды. Генерал-губернатор Г.С. Волконскийдің ойынша Г. Габдрахимовтың наградалары құпия жансыз ретінде алынған. Қысқасы, бұл қызметті жансыз деп атасақ, ол оны XVIII ғасырда кіші жүзде сауда-саттық қатынастарға байланысты сапарларында меңгерген.

1817 жылы Г. Габдрахимовтың жалақысы күміс ақшамен 300 сомға көтеріліп, ол тархан дәрежесін алады. 1814 жылы оны алтын медаль және алтын сағатпен марапаттайды. 1823-24 жылдары Г. Габдрахимов Шерғазы, Айшуақ хандар басшылық жасаған Орда істерін шешу туралы комиссияның мүшесі болды [125, 309-п.].

Г. Габдрахимовтың қазақ ақсүйектерінің балаларын медреседе оқытуы, олардың араларын бұрынғыдан да жақындата түсті. «Құрметті қырғыздардың» балаларының өмір сүруі мен оқуының барлық шығындарын ресейлік қазына көтерді.

Мүфти Г. Габдрахимовтың кезінде діни басқарманың жұмысы тұрақтанды. Алғаш рет толығымен штат ұйымдастырылды, ал XIX ғасырдың 30 жылдарының ортасында ол кеңейе түсті. Мүфти тарихта Уфадағы діни ғимараттың ұйымдастырушысы ретінде қалды. 1830 жылы оның ұсынысымен 2-ші гильдиядағы царевокошайлық көпес Мугмина Тагировна Хозясеитованың ақшасына 1-ші бас мешіт тұрғызылды, ал 1834 жылы кеңесшілер мен мұсылмандар үшін 1827 жылы Г. Габдрахимов азаматты билікке діни басқармаға жеке ғимарат тұрғызу жобасын ұсынды. Оның сұрауымен 1834 жылы ғимараттың құрылысы үшін мұсылмандардан 30 тиын көлемінде салық жиналды [125, 310-п.].

Мүфти Г. Габдрахимовты адал ниетті қызметкер категориясына жатқызуға болады. Бұл байқаусыз қалған жоқ. Бұрынғы жүлделеріне тағы да 70 бриллиант тастан тұратын алтын медаль, 14 және 18 тастан тұратын екі жүзік және бұлғын терісінен жасалған ішік қосылды. Сондай-ақ, мүфтидің балалары тархан дәрежесін иеленді [125,311-п.].

Мүфтидің қазасынан кейін оның артында ассигнациямен 21 532 сом көлемінде мұра қалды. Г. Габдрахимовке Орынбор губерниясының Меизилан уезіндегі жер тиесілі болды. Ол мұрагерлеріне бриллиантты жүзікпен төленген 11 мың сом көлемінде қарыз қалдырды. Г. Габдрахимов жақсы кітапхана ұйымдастырған еді. 1832 жылы оның қорында шығыс тілдерінде жазылған 77 кітап болды және олардың көбі 30 және одан да көп томдардан тұрды. Нәтижесінде кітапхананың маңызы айтарлықтай кеңейеді және 1840 жылы кеңесшілер оны ассигнациямен 4560 сомға бағалады. Мүфти астрономиямен шұғылданған болса керек, себебі ол үйінің шатырына дүрбі орнатқан еді [128,56-59-пп.].

Мүфти Г. Габдрахимов дүниеден өткен соң оның орнына кандидатураны таңдауды Шетелдердің діни істер департаменті айналысты.

Император I Николай мен Шетелдердің діни істер департаменті 1836 жылғы бұйрықтарында «Орынбор мүфтиі кандидат мұсылман қоғамынан тандалынады және Ішкі істер министрінің айтуынша кезекті сайлауда мемлекет ресейлік мұсылмандарға басшы таңдау механизмін дайындаған жоқ» [108, 1-п.] делінген. 1840 жылдың ақпан айында Ішкі істер министрлігі «құрметті пайдалы молдалардан» үміткер іздеді. Орынбор губерниясының билік орындары кандидаттарды жоғары дәрежеге көтермеуді жөн көрді. Азаматтық губернатор министрлікке «жергілікті мұсылман дінбасыларының көбісі Бұхарда білім алған және орыстарға деген жек көрушілік сезімін бойларына сіңірген» деп хабарлады. Губернатор мүфтиді тез анықтауды тапсырды. «...Г. Габдрахимов қаза болғаннан кейін оған қатысы бар қазандық және астрахандық татарларға кара хабар берді» [108, 32-п.].

Орынбор және Қазан губернияларының мұсылман дінбасыларының бірқатары Орынбор губерниясының Туркеев Белебеев уезінің ахуны Абдулхали Ахметовты мүфтилікке тағайындағылары келді және мұны Ішкі істер министрлігінің алдында ашық айтты.

Алайда билік басындағылар әрқашан мұсылмандардың төменгі және орта деңгейдегі дінбасыларының ұстанымдарына онша мән бермейтін, тіпті жоғарыда көрсетілген кандидатураны қабылдамақ түгіл, тіпті қарастырмады.

Орынбор губерниясы әкімшілігінің қарсылығына байланысты жоғары діни қызметке кандидаттар тізімін жасаумен Санкт-Петербургте айналысты. Ішкі істер министрлігі «биліктің барлық жағына сай келетін» адамды тандады. 1840 жылы 10 маусымда І Николай Санкт-Петербург мешітінің имам-хатыб қызметін атқарған тархан Габдулвахит Сүлейменовты мүфти қызметіне тағайындау туралы бұйрық шығарды.

Г. Сүлейменов Симбир губерниясының Құрмыш уезінде ахун отбасында 1786 жылы өмірге келген. Бірнеше медреседе, оның ішінде Қарғалы селосындағы медреседе діни білім алған. Басқа да мүфтилер сияқты, Г. Сүлейменов араб және парсы тілдерін жақсы білді. ХІХ ғасырдың басында ол Санкт-Петербургке келеді және татар көпестеріне қызметке тұрады. Сауда қызметімен қатар ол мұсылмандардың жұма күнгі жиындарында құдайға құлшылық ету рәсімін жасайды.

1835 жылы Г. Сүлейменов ұлы князь Михаил Павловичтің әскери-оқу мекемесі бастығының көмегімен Царскосельск кадет корпусының мұсылмандық тәрбие беру мұғалімінің қызметіне тағайындалды. 1826 жылы ол Ұлы және Орта жүз сұлтандарымен келіссөздерге қатысып, оларды Ресейге қосылуға үгіттеген.

1836 жылы Г.Сүлейменовтың қазасы діни реформаның бастауына түрткі болды. Билік алдында діни басқарманың кезекті басшысын тағайындау мәселесі тұрды. Кезекті кандидатураны тандауға күтпеген жерден діни басқарманың өзі араласты да, Ішкі істер министрлігіне мүфти таңдауды ұйымдастыру принциптерін түсіндіру жөнінде өтініш жасады. Министр Т.В. Валуев Орынбор, Қазан, Самара губернаторларына діни мекеме басшыларын таңдау жобаларын жасап, ұсынуды тапсырды.

1864 жылдың аяғында үкімет діни басқарманың басшылығына адам тағайындағанға дейін уақытша мүфтиді анықтау керек деп шешті. Жергілікті әкімшілік 3 кандидатураны қарастырды, олар - Стерлитамак ахуны Камалетдин Шарафетдин, подполковник Абдулла Даулетшин, Орынборлық помещик Сәлімгерей Тевкелев. Алғашқы екеуін генерал-губернатор А.П. Безак мынаған байланысты ұсынды: «...олар, мұсылман дінін жеткілікті біледі, олардың көмегімен Құранның дәлме-дәл түсіндірмесін шығарады және сондықтан үкімет мұсылман халықтары мен орыстарды жақындастыру үшін жолсерік іздеуі негізсіз екенін түсінеді». Генерал-губернатордың ұсынысымен Сәлімгерей Тевкелев болды. Генерал-губернатор А.П. Безак бірнеше рет кездескеннен кейін оның дворян екенін қатты ұнатады.

Діни басқарма басшысын тағайындау тәртібінде басты тенденцияларды бөліп көрсетуге болады. Алғашқы 3 мүфти – М. Хүсейінов, Г. Габдрахимов және Г. Сүлейменов діни сословиенің өкілдері еді. Аталған адамдарды қызметке тағайындай отырып, үкімет олардың шығыс көршілеріне қарым-қатынастары бойынша Ресей империясының ішкі саясатында белсенді рөлдерін негізге алды. Кандидатураны таңдауда жергілікті әкімшіліктің де пікірі маңызды болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында мүфтилерді тағайындау тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Талапкер іздеуге орталық билікпен қатар Шетелдердің діни істер департаменті қосылды. Егер С. Тевкелевті мүфти қызметіне тағайындау барысында орынборлық генерал-губернатор А.П. Безак маңызды рөл атқарса, 1886 жылы Мұхаммедияр Сұлтановты тағайындау жергілікті биліктің қатысуынсыз жүрді. Жоғарғы мұсылмандық қызметтің міндетіне кіретін талаптар да өзгерді. С. Тевкелев пен М. Сұлтанов мұсылман дінбасыларынан болған жоқ.

1885-1886 жылдары мүфти тағайындау барысында Ішкі істер министрлігі прогрессивті деп есептелінген жадидтік ілімді ұстанатын талапкер белгіледі. Орталық және жергілікті билік органдары дамып келе жатқан белсенді мұсылман халықтарынан қорғанды. Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский 1862-1865 жылдардағы сайлау барысын бақылай отырып, былай дейді: «мұсылмандар қанаушылық, қайыршылық рөлден талап етуші рөліне ауысты» [108,34-п.].

Сөйтіп мүфти міндеті діни емес, әкімшілік қызмет ретінде қарастырылды. Діни қызметкерлер енді сыртқы саяси бағдарламаларға қатысқан жоқ. Діни басқарма басшысының беделі мұсылмандар арасында төмендей берді, мұны үкімет жақсы біледі. Үкімет мұсылман қоғамының мүфтиін сайлау туралы заң дайындамайтын болды. Оның тағы бір себебі – мұсылман дінбасыларының сайлау өткізу барысындағы дау-жанжалдары еді. Ресей әкімшілігі мүфти қызметіне мұсылман халқын жақын түсінетін, діни ғана емес, қоғамдық көшбасшылық қабілеті бар беделді адамды тағайындаудан қорықты.

### **1.3 Орынбор мүфтилігінің қазақ даласындағы діни-ағартушылық қызметі**

Қазақстан тарихының XVIII-XIX ғасырлардағы ақтандақ беттері туралы аз жазылып жатқан жоқ. Алайда күрмеуі көп осы бір аласапыран кезеңнің кейінгі ұрпаққа қалдырған ауыр зардаптары толыққанды зерделенді деу қиын. Соның бір саласы – патшалы Ресейдің «ағартушылық ізгі іс-шаралар» ретінде енгізілген оқу-ағарту жүйесі.

XVIII ғасырдың бірінші жартысынан Қазақ хандығына қарасты Кіші жүз елі Ресей бодандығын қабылдайды. Патшалық Ресей қарапайым, аңғал халықтың бай жерін көп күш жұмсамай-ақ иемденудің оңай да олжалы жолдарын іздестірді. Отарлау саясатын кең түрде қолдана отырып, діни арқылы бағындыру, бірте-бірте шоқындыру, яғни орыстандыру еді.



Орынбор мүфтилігін құрудағы патша үкіметінің алдына қойған мақсаты мемлекет пен мұсылман халықтары арасында ағартушылық саласында өзінше бір делдал болады деп ұйғарған еді. Орыстардың татар молдалары арқылы қазақ арасына енуі тиімдірек болды. С. Бабажановтың айтуынша: «қазақтар арасында басқаша білімді татар молдалары пайда болып, олар ислам дінін ұқтырып уағыздай бастаған» [41,16-б.].

Патшалық Ресей тарапынан жүргізілген бұл бағыттағы «игілікті» істердің өзіндік көлеңкелі тұстары айтылмай келеді немесе «жабайы, тағы халықты сауаттылыққа, мәдениетке үйрету» ұранының көлеңкесінде аңғарылмай қалды. Бұл бағытта да патша үкіметі қазақ халқының арасында «сауаттылық пен ағартушылықтың нәрлі ұрығын себе отырып», сонымен қатар өзінің отаршылдық принциптеріне сүйеніп, халықты қараңғылық пен надандықтың шеңберінде ұстауға тырысқан. Бұл іс-шараларды мектептер жүзеге асырған.

Қазақстандағы XVIII ғасырдың соңында басталған отаршыл сипаттағы халық ағарту ісі екі бағытта: діни және азаматтық бағытта дамыды. Діни бағыттағылары жергілікті тұрғындардың есебінен қаржыландырылды. Ал азаматтық мектептер патша үкіметінің арнайы есебінен ұсталды. Шекаралық комиссия бекіткен молдалардың ашқан мектебі де, медресесі де болмады. Ш. Уәлиханов татар молдалары ұстаздық еткен ауыл мектептерінің ауыр жағдайы туралы: «Таңқаларлық бір беткейлік, өлі схоластика және бірде-бір нақты ой-пікірге құралмаған оқу» [5,200-б.] – деп ашына жазады.

Ресей патшалығының қол астындағы түрлі діндегі, түрлі тілдік жүйеде сөйлейтін орыс емес халықтарды православие дініне шоқындырып, орыстандыру үшін жүргізілген отаршылдық саясат тым ертеден басталған еді. Бірақ бұл саясат орыс емес халықтардың тұрмыс ерекшелігіне, діни нанымына, әдет-ғұрпына, салт-санасына, дүниетанымына сай сан түрлі айла-тәсілмен жүзеге асырылған.

Діни мәдениет саласынан өзге мұсылмандардың білім саласын, некеге тұру, сот ісін жүргізу, жанұялық және мұрагерлік істерді өзіндік сенім принциптері бойынша іске асырып отырды. Осыған байланысты, II Екатерина патшайым мұсылман дін басыларын Ресей саясатының маңызды тетігі ретінде қазақ даласына енгізу арқылы өз билігін орнатуды қарастырды. Бұған сыртқы саясаттағы жағдайлар әсер еткен болатын, нақты айтқанда, орыс-түрік соғысының нәтижесінде Қырымның Ресейге қосылуы, Орта Азия мемлекеттерімен экономикалық байланыстардың орнауы.

Осындай жағдайда татар молдалары қазақ даласында белсенді рөл атқара бастады. XVIII ғасырда олар қазақ ақсүйектері мен орыс үкіметінің арасындағы дәнекер болды. Араб графикасы негізінде жазылатын «татар тілі» дейтін тіл Ресей үкіметінің қазақ қоғамындағы басқарушы элитамен тікелей дипломатиялық қарым-қатынас тіліне айналады. Қазақ элитасына көп таралған арызда оларға татар молдаларын тағайындау ұсынысын дәлелдеуді анықтауда «шекаралық басшылықтан оларға жіберілген әртүрлі жарлық және жазылу жұмыстарында сол жауаптарға оқыту және сендіру» [122,561-п.] – қажет болған. Ол уақытта указной молдалар орыс әкімшілігі үшін маңызды “мәлімет

жеткізіп отыратын” тыңшылар рөлін атқарды. Орынбор мүфтилігінің құжаттарынан мынадай жағдай айқын байқалады: өте жиі кездесетіндей молдалардың айтуы бойынша. «...болып жатқан мәліметтердің құрылуын мақұлдау қажеттігі, басшылықтың көңілін және басқаларына уәде ету» [122,562-п.] – қарары тұр.

Осыған байланысты революцияға дейін-ақ белгілі зерттеуші Добромислов жазғандай, татарлар мен татар мешіттері қазақтар мен орыс әкімшілігі арасындағы көпір маңызын ойнады [123,173-б.].

II Екатерина патшайымның мұсылман халқына қатысты саясатын іске асыруда жасаған алғашқы қадамдарының бірі - 1782 жылы 8 шілдеде және 1784 жылы мамырда жариялаған мешіттер салу жөніндегі жарлығы болды.

Көпшілікке арналып салынған сыйыну орындары «біздің шекарамызға жақын маңайда көшіп жүрген немесе өмір сүріп отырған, сол сияқты уақыт өте келе әртүрлі жағдайлардың әсерінен өз еріктерімен» [124,170-173-бб.] – дін жолына түскен қазақ тұрғындарының назарын аударады деп есептеді.

Жарлық жарияланғаннан кейінгі төрт жыл шамасында жанадан төрт мешіт салынды, олардың біріншісі – «жақын болғандықтан Кіші жүз ханы Нұралының келіп тұруына ыңғайлы» болсын деп Орынборда, екіншісі – «атақты старшын көштерінің орналасу бағытына қарай» Жоғарғы Оралда, үшіншісі - қазақтардың «саудаға тоқтаусыз келуіне байланысты» Троицк қамалында, төртіншісі - «Орта жүздің ханы Уәлидің жақында келуіне арнап» Петропавл қамалында салынды [123,164-б.].

Орынбор генерал-губернаторы кеңсесінің қорында Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының мәжіліс хаттары сақталған.

1840 жылы қыркүйектегі отырысында жарияланғандай: «Жоғары мәртебелі Ұлы Императордың сол жылдың 19 қыркүйегіндегі жарлығы бойынша Орынбор мүфтиі болып имам Хатип Тархан Ғабдулвахит Сүлейменов тағайындалды...» [125,200-п.]. Сәл кешіректе Шетелдердің діни істер департаментінің «оған мәлімет жеткізу» жөнінде: басқарманы басқаруға құрамында мұсылмандар 4 діншіл (топқа) секторға бөліне ме деген сауалына: «Діни басқарма, ведомствосында тұрған мұсылмандар, діншіл секторларға бөлінбейді, бірақ олардың біреуіне жатады...» [125,201-п.] – деген жауап қайтарды.

Діни басқарма «бесуақытылы» мешіттер салуға рұқсат беру жөніндегі арыздарды қарастырды. Ал, 1844 жылы мамырда Шетелдердің діни істер департаментінің талабына шет елдік ғибадат етуді түсіндіру, «бесуақытылы» атауында нақты қандай мешіттер жобаланып отырғанына, Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының берген жауабы: «ол діншілдер күніне бес рет жіберілетін мешіттер» делінген.

1844 жылы 5 тамызында Орынбор губерниялық басқармасының төменгі Чебеньков ауылындағы мешітті көшіру жөніндегі жарлығына кедергі жоқ па деген сауалына, Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы: «басқарма тарапынан мешітті көшіруге еш кедергі жоқ» [125,202-п.] – деген жауап берді.

«Орынбор уезіндегі Сеитов посадасындағы мешітке келетіндер мен дін басыларының саны қанша екенін анықтауға» қатысты жарлығына Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының 1851 жылы қаңтардағы жауабында: «аталып отырған мешітте 8-ші ревизия бойынша 529 приходтық жан, дін басыларынан – бір имам және бір азаншы бар» [125,203-п.] екендігі хабарланған.

1844 жылы 2 маусымдағы рапортында имам Малюкаев мешітті көшіруге рұқсат береді. Орынбор казак әскерлерінің басқармасына бірнеше рет мәскеулік татар слабодасынан саудагер М. Абдулов және татар слабодасының тұрғындары имам Агиевтің «олардың кішкене балаларын оқытпайтынын және кәмелетке толмаған қыз Бадыгүлземалыны қытайлық елшімен некеге отырғызғаны» [125,204-п.] жөнінде шағымданады.

Қазандық дәрігерлік басқармасы Қазан губерниясында және оған шектес жатқан губернияларда қанша мешіт бер екендігі туралы мәлімет беру туралы мәселе қояды. Орынбор мұсылмандарының діни басқармасынан 1851 жылдың басында келесі мәліметтер келген: «Қазанда - 724, Вятскіде - 133, Пермде - 147, Төменгі қалалық - 32, Сібірлік - 166, Саратовта - 135 және Орынборда - 1576, барлығы - 2913 соборлық және бесуақыттық» [128,45-50-пп.] мешіттер бар екендігі баяндалған.

II Екатерина патшайым 1785 жылы 25 қарашада және 1787 жылы 21 сәуірінде Сібір және Уфа генерал-губернаторы барон О.А. Игельстромға қазақ руларын татар молдаларымен қамтамасыз етуге байланысты жарлық береді. Жарлықты іске асырудың міндеті мұсылман халықтарының арасынан Ресей империясының қол астына басқалардан ертерек кірген, басқару аппаратында үлкен тәжірибелері бар, Ресейге қызмет ету жолында өздерін талай рет «жақсы қырларынан көрсеткен», «сенімділігімен», «адалдығымен» көзге түскен татар мен башқұрттардың мұсылман дін басыларына жүктелген болатын. Татар және башқұрт молдалары қазақ даласында ортаазиялық молдалардың әсеріне жол бермеу үшін күрес жүргізді.

Сонымен қатар, жарлықта бұл іске Қазан губерниясының молдаларын тарту, оларға шекара аймағында жүрген қылмыскер қашқындарды ұстау міндеті де жүктелді. Жарлықта Ресейге беріле қызмет еткен молдаларға «үлкен сый-сияпаттар көрсету керектігі» [126,8-б.] ерекше атап көрсетілген.

Олардың басты қызметінің бірі бала оқыту еді. Кейбір ауқатты байлар үйлерінде жеке-жеке молда ұстаған.

Патша үкіметінің жоғарыдағы саясатты тезірек жүзеге асыруға ынтықтығы сондай, 1800 жылғы 15 желтоқсандағы жарлық бойынша Шығыс баспаханасы Петербордан Қазанға көшіріледі. 1800 жылы мұсылман әдебиетін шектеусіз шығаруға рұқсат беріліп, бұл іспен Қазан университеті жанында құрылған Азиат баспасы арнайы айналыса бастайды.

1716 жылы I Петрдың бұйырығымен Петерборда «Алкоран о Магомте, или Закон турецкий» деген атпен Құранның француз тілінен аударылған орысша толық нұсқасы жарық көреді. Бұдан кейін де Құранның бірнеше аудармасы басылып шықты. 1787 жылы Петербордағы Ғылым Академиясының

баспасынан II Екатерина патшайымның тапсыруымен Ресейде ең алғаш рет Құранның арабша толық мәтіні басылып шығады. Арнайы құйма қалыптағы араб әріпімен терілген осы Құранда белгілі ислам дінтанушысы Осман Ибрахимовтың түсіндірмесінің қоса берілуі басылымның діни танымдық тағылымын ерекше арттыруға мұрындық болды. Оның үстіне сол замандағы белгілі мұсылман көркем жазу шеберінің жазу үлгісіндегі бұл шрифт бүкіл Еуропадағы араб әріпінің ішіндегі ең озығы болды. Бұл басылым 1789-1798 жылдары бірнеше рет қайта басылды. Құранның бұл басылымын Сильвестр де Сам. Хр. Шнуррер сияқты ірі шығыстанушы ғалымдар жоғары бағалады. 1797 жылы Петерборда Құранның 3000 данасы діни кітаптың 82300 Құран, 77500 Иман шарт болды [116,75-б.].

1800 жылғы 15 желтоқсандағы нұсқауға сәйкес Ресей территориясында ислам діни әдебиеттерін басып шығаруға қойылған шектеу алынып тасталды. 1802 жылы Қазанда ең алғашқы мұсылман баспаханасы ашылды. 1802-1806 жылдарда бұл баспаханадан шыққан 41200 діни кітаптардың 3500 данасы Құранның толық мәтіндері еді. Бұдан кейінгі жылдары Қазан баспаханасы басылым тиражын ұлғайтты. 1833 жылы Құран кітабы – 600, 1843-1852 жылдары – 23600, 1853-1859 жылдары – 1859 дана болып басылып шықты. XIX ғасырдың аяғына таман Шығыс елдерінде де Құран кітабын баспа әдісімен жарыққа шығару ісі жолға қойылады [127,80-б.].

Мұсылман дін басылары осы заң актілерін даярлау мәселесінде билік құрылымдарының серігіне айналады және Ресей мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатына іске асыру жолында белсенділік танытты.

Патша үкіметі сайланған молдалардың қызметіне бақылау орнатуға, мешіттер мен мектептер салыну ісін қадағалауға көп күш-жігер жұмсады.

Діни басқарманың бірқатар міндеттері болды, олардың ішінде молда қызметіне үміткерлерден емтихан қабылдау, молдалардың арасынан сенімділерін мешіттерге, басқарманың қызметіне таңдау міндеттері де кірді.

Ресей мұсылмандарының арнайы басқару құрылымдарын ашу арқылы үкімет исламды ымыраласуға болатын дін ретінде мойындады. Қазақстан мен Орта Азиядағы өзінің сыртқы саясатында діни басқарманың белсенділік танытатына сене отырып және дін өкілдерін империяның мемлекеттік басқару қызметіне нақты қоя отырып орыс үкіметі мұсылмандарды өз бақылауына алды.

Орынбор діни басқармасының емтихандарынан ойдағыдай өткен молдалар Орынбор губерниялық басқармасынан арнайы бұйрық алып отырды (осыдан барып « указной молдалар» атауы шықты). Осындай сыннан өткен молдалар ғана қазақ даласына жіберілетін еді. Бұл топтағы молдалар империяда мұсылман дін басыларының әлеуметтік иерархиясында ерекше орынға ие болды. Олардың функциялары ортодоксальды исламды насихаттаумен шектелмеді. Сонымен қатар, молдалар өздерінің діндестерін Ресей өкіметіне берілген және заңға бағынушылық рухта тәрбиелеуге міндетті болды.

XVIII ғасырдың 80-жылдарынан бастап Ресей үкіметі татар мен башқұрт молдаларын қазақ даласына тұрақты қызметке ауыстыра бастады. Негізінен бұлар Қазан губерниясы мен Орынбор губерниясының Сейітов посадасының татарлары, алтыншы, тоғызыншы, он екінші кантондардың башқұрттары еді. Олар қазақ рулары - табын, тама, жағабайлы, жаппастар мекендеген жерлерге көшірілді. Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатында 1800-1820-шы жылдар шамасында Орынбор губерниялық басқармасының қазақ даласына жіберген молдаларының тізімі сақталған. Осы құжатқа сай, Батыс Қазақстан өңіріне үшінші мешеряндық кантоннан - 5 адам, тоғызыншы башқұрт кантонынан - 17 адам жіберілген [128,60-п.]. Мұрағат құжаттарын зерттеу барысында көңіл аудартқан мына жайтқа тоқтап өту қажет: татар мен башқұрт молдалары қазақ хандарының, сұлтандарының, старшындарының жеке өтініштері арқылы жіберіліп отырған. Қазақ ақсүйектері «өзара сыйластықтағы, өздеріне тең дәрежедегі мұсылман діни адамдарымен» араласып, олардың тәрбиесіне өз балаларын тапсыруды қалаған [129,262-п.]. Қазақтар арасында ерекше сый-құрметке ие болған молдалардың бірі - Оралдың арғы бетіндегі шептегі мешітте қызмет атқарып жүрген имам Абдұлсаттар Сүлейменов болды. Шерғазы хан жақсы қызмет атқарғаны үшін Орынбор әкімшілігінің алдында оған күміс медаль беру жөнінде ұсыныс жасаған [130,2-п.]. Қазақ даласына татарлар мен башқұрттардың ішкерілеп ене бастауы жөнінде Орта жүз ханы Уәлидің 1809 жылы жазған хаты көп мәлімет бере алады. Орынбор генерал-губернаторы Г.С. Волконскийдің атап өткеніндей: «Кіші жүз қазақтарында Ресей тарапынан келген оқымысты молдалар мен қажетті сүрелерді жаттап алған діншілдер баршылық, бірақ мұндай діншілдер Орта жүз қазақтарында жоқ десе де болады» [130,3-п.].

XIX ғасырдың 30-жылдарының басына дейін қазақ даласында мешіт салу ісі қолға алынбаған болатын. Десек те, мұрағат құжаттарының арасында Орман Нұралиевтің Сарайшық қамалының маңында салынған мешіт жайында 1809 жылы берген мәлімдемесі, Абдұлмұклим Ашимовтың, Тәуке және Баймұхаммед Айшуақовтардың 1809 жылы Қобда өзенінің жағасында 200 адамдық мешіттің салынуы жайындағы мәліметтері сақталған. Мешіт салу туралы сұраныстардың көпшілігіне патша үкіметі бұл құрылыс мол қаржыны керек ететінін айтып, сылтауратуға тырысқан [130,4-п.]. Орынбор әкімшілігінің жобасы бойынша мешіттер тұрғызу ісі XIX ғасырдың бірінші жартысында іске асырыла бастады. Мешіттер негізінен шекара шептеріне жақын жерлерде салынды, олардың іске асуына ынталы болғандар арасыда татар молдалары ерекше көзге түсті. 1838 жылы Илецкідегі «айырбас және сауда орындарында» мешіттер тұрғызу ісіне қаржы жинауда қазақтар мен татарлардың бірлесе қызмет еткендігі жайында деректер бар. Сұлтан Тәуке Айшуақов «қазақ балаларын татар сауатына, мұсылман заңына оқытатын мешіттің жанынан мектеп ашу үшін жылу жинау ісіне қамқорлық көрсетуге өзі тіленген еді» [131,9-п.]. Кіші жүздің батыс бөлігін басқарушы сұлтан Баймұхаммед Айшуақов өз тарапынан аталған мешіттің құрылысына 20 алтын теңге (400 сом) бөлген болса, ал сол маңайда көшіп-қонып жүрген қазақтар 9 қой әкеп берген

[131,10-п.]. Мешіт 1833 жылы салынып бітеді. Мешітке молда болып кезінде Қазан губерниясында қызмет еткен татар Ғайнолла Ғадилшин деген кісі сайланады [131,11-п.].

Өкінішке орай, дәл сол тұста қазақ даласында өмір сүрген молдалардың нақты санын анықтау қиынға соғып отыр. II Екатерина патшайымның бұйырығына қарамай, губерниялық басқарма бұл процесті толық басқарған жоқ, олардың қызметі татар және башқұрт молдаларына деген сұраныспен ғана қанағаттандырылып отыруына байланысты қазақ ортасына жіберілген татар мен башқұрт молдалары алыстағы қазақ ауылдарына барған жоқ. Қазақ ақсүйектерінің губерниялық басқармадан молдалардың қызметіне қатысты жарлық шығару жөніндегі ұсыныстары татар молдаларының қазақ даласындағы діни-ағартушылық қызметтерін көп жағдайда әкімшіліктің рұқсатынсыз-ақ орындағандарын көрсетеді. Оған Жантөре хан мен Ішкі орданың ханы Бөкей Нұралиевтің ставкасында татар молдаларының 35 жылға жуық уақытта өмір сүргені нақты дәлел болады [132,30-п.].

1820 жылы Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен молдалар тағайындау ісінің қағаз жүзінде еместігіне назар аударып, Орынбор шекаралық комиссиясынан осы мәселені анықтауды талап етеді. Деректерге қарағанда, татар мен башқұрт молдалары қазақтың атақты ру басыларында ғана емес, сонымен қатар, ешқандай руды басқармайтын старшындарда да, «мүлдем атағы жоқ қарапайым адамдар да» болған [132,12-п.]. Осындай пікірлер башқұрт-мещерян әскерін басқарушы да болды, 1837 жылы Орынбор губернаторына тапсырған баяндамасында айтқандай: “башқұрт және мещеряндардың белгілі бір бөлігі қызметіне байланысты дін басылық лауазымды қабылдады, ал Орынбор діни басқармасы мен губерниялық басқарма бекітілген бөлім бойынша еркін қимылдайды» [133,5-п.] делінген.

Шекаралық комиссияның анықтауы бойынша 1851 жылға қарай Кіші жүздің территориясына 17-20 молда аттандыру жоспарланған болатын [134,5-п.].

Қазақ халқының өмірінде татар молдаларының рөлі мен белгілі дәрежеде әсер етуі XIX ғ. бірінші жартысында қазақ өлкесінің басқа аудандарынан – Ішкі Ордадан бөлініп шықты. Жәңгір ханның ұсынысымен Орынбор әкімшілігі рұқсат беріп Ішкі Ордаға татар молдаларын көшіру іске асырылады. Ханның ұсынысы бойынша Ішкі Ордада ахун қызметі тағайындалады. Қазан губерниясынан келген Забир Хаметов деген молда Ішкі Ордада 20 жыл ахундық қызмет атқарады. Ахундық қызметке кіріспес бұрын З. Хаметов Жәңгір ханның балаларына араб, парсы және түрік тілдерінен сабақ беріп келген еді [125,210-п.].

Молдалар бір мезгілде іс жүргізуші қызметтерін де қоса атқарды. Мысалы, Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконский Қаратай сұлтанға 9- кантонның башқұрт молдасы Әбдібакір Күнгүрбаевті құпия тапсырмамен жіберетіндігін жазған [135,1-п.].

Сонымен қатар өлкеде молдалар өздерінің жоғарғы білімдерімен және қабілеттерімен айтарлықтай дәрежеде ерекшеленіп отырды. Олар ел арасында

тек дін басылары ретінде ғана танылған жоқ, бір жағынан қазақ қоғамының өз ішіндегі руаралық мәселелерді реттеуге, екінші жағынан, қазақ пен орыс тұрғындары арасындағы шиеленісті мәселелерді шешуде дәнекер болды. Мысалы, 12-ші башқұрт кантонының молдасы Жамалатдин Гисматулин Алғазы Айшуақов сұлтан билеген тұста Кіші жүздің байұлы және жетіру тайпаларының арасындағы «өзара тартыстарды және келіспеушіліктерді тоқтатып, Мәртебелі тақсырдың заңдарына иландырып отырды» [135,1-п.]. Шығай Нұралиев сұлтан кезінде 3-ші мешеряндық кантонның молдасы Исхак Исбұлатов та «орыстар мен қазақтар арасындағы жанжалдарды ақылмен әділетті түрде шешіп отырды» [135,2-п.]. Татар және башқұрт молдаларының осы еңбегі үшін қазақ ақсүйектері әкімшілікке аталған кісілерге атақ-шен және бағалы сыйлықтар беру жөнінде өтініштер түсіріп отырды. 1807 жылы сұлтан Сейдалы Нұралин Қазан губерниясынан келген молда Сейфолла Файзулинді «орыстар мен қазақтар арасындағы жағдайларды шешуде» көрсеткен ерекше қызметі үшін шенмен марапаттауды сұрайды [135,3-п.]. 2-ші мешеряндық кантонның молдасы Асфандияр Абдуханиев «Ордада башқұрттардан ұрланып алынған жылқыларды тауып, өз қожайындарына қайтаруға ерекше ат салысқаны үшін» жүздіктің шеніне тағайындалды [136,320-п.]. Шерғазы хандық құрып тұрған кезде 3-ші мешеряндық кантонның молдасы Ғабдұлсамат Бұлаков қазақтарға тұтқынға түскен «ресейлік тұтқындарды қайтаруға көмектескені үшін» урядник қызметіне тағайындалады [136,322-п.]. Бұл мысалдар бір жағынан, молдалардың қазақ көршілерінің салт-дәстүрлерін жақсы білетіндігін, екінші жағынан, молдаларға қазақтардың құрметпен қарайтындығын көрсетсе керек.

Молдалар өлкеде татар оқуын таратуда да белгілі рөл атқарды. Сейітов посады мешітінің жанынан қазақ балалары оқитын мектептер ашыла бастайды. Сұлтан Жәңгір өзінің 1791 жылы 26 желтоқсанда Орынбор обер-коменданты И.А. Трейденге жазған хатында Сейітов посадына өз ұлы Бішкінді оқуға жіберетіндігін хабарлайды [137,78-п.]. 1792 жылы Сейітов посадында «татар сауаттылығына оқыту үшін» ұлы Ералыны жібереді [137,79-п.].

Молдасы бар ауылдарда заң бойынша мұсылмандық мектептер де болды, онда 25-тен 50-ге дейін қазақ балалары оқыды. Қазан оқу округінің попечителі В. Попов жазғандай, «қырғыздарға алғашқы мұсылмандық дінді оқуындағы түсінікті тілде баяндалған» ең негізгі оқу құралдары - татар кітаптары болды [137,80-п.]. 1815 жылы Шерғазы хан 9-шы башқұрт кантонының башқұрты, ахун Нигметолла Сүйіндіковті алтын медальмен марапаттау туралы ұсыныс түсіреді, оған себеп болған жағдай аталған ахунның кезінде өз балаларын «мұсылмандық сенімге» тәрбиелеп, Орал өзені бойында көшіп-қонып жүрген қазақтарды Құдай алдындағы парыздарын өтеуге сендіруі және қазақ руларына Ресей заңдарын түсіндіріп, елді тыныштық пен сабыр сақтауға көндіруі еді [129,262-п.]. Бұл мысалдар молдалардың мұғалім қызметінде өлкеде үлкен беделге ие болғандығын көрсетеді.

Қазақ балалары Сейітов посадының, Стерлитамақтың, Уфаның, Қазанның белгілі медреселерінде білім алды. Ішкі хан ставкасында ашылған татар

медресесі үлкен беделге ие болады. 1842 жылы ашылған бұл медреседе дәрістер жүргізу үшін Қазаннан, Сімбірден, Нижегородскіден, Томскі губерниясынан татар молдалары шақырылған еді [138,1-п.]. Хан ставкасында бір уақытта қазақ балаларын гимназияға даярлайтын училищелер де ашылады. Татар тілінің мұғалімі қызметіне Сейітов посадында «сыйласымдық пен төзімділік» көрсете білген мүдәріс Сафретдин Аминев шақырылады [139,4-п.].

Қазақстанның империяға жақын өлке болуы отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асыруды жеңілдетті. Қазақ жастары орысша білім алу үшін алғашқы кезде көп уақытқа дейін қазақ жерінен тыс, Ресей қалаларында оқиды. 1840 жылдан бастап Ішкі Бөкей ордасындағы ауқатты қазақтар балаларын Астрахань қаласына орысша оқуға бере бастаған. Астраханьда әр бала жеке-жеке молда жалдап оқуға мәжбүр болғандықтан, оқу қымбатқа түскен. Сондықтан да болуы керек «Жәңгір хан ордалықтарға білім беруді өз жерінде қолға алуды ойластырды және білімнің нағыз бұлағы, жалғыз көзі ретінде Орынборға жол ашуды қарастырды» [140,4-п.]. Сөйтіп қазақ жеріндегі ең алғашқы орыс-қазақ мектебі Жәңгірдің басшылығымен 1841 жылы 6 желтоқсанда ашылды. Алғашқыда онда 14, кейіннен 60-қа жуық шәкірт білім алған. Олардың көбі ханның жақындарының балалары еді. Мектептің алғашқы оқытушылары - Әминов пен К. Ольдекан деген кісілер болды. 1843 жылы Жәңгір ханның келісімі бойынша Орынбордағы Неплюев корпусының екінші эскадронына, яғни Азиялық бөліміне, Ордадан 10 бала оқуға жіберілетін болды. Бірақ бір жағынан, Орынбордың қашық болуы, екінші жағынан, молдалардың қаталдығын көріп-біліп жүрген ата-аналардың өз балаларын оқуға жіберуге келісім бермеулеріне себеп болды [41,16-б.]. Мектепті үздік бітірген 8 бала 1845 жылы сол Неплюев кадет корпусына оқуға түсуге жолдама алады. Жәңгір мектебі қатаң қадағаланып, 1847 жылдан бастап оқу-ағарту министірлігінің қарамағына алынады да, оған жылына 1404 сом қаржы бөлініп отырған. Басқа діни мектептерден ерекшелігі бұл мектепте оқушылар алғаш рет қазақ топырағында азаматтық пәндерді оқып үйрене бастайды (мысалы: орыс тілі (оқулық авторы – Востоков. Краткая русская грамматика), орыс әдебиеті (Галахов. Краткая хрестоматия), есеп (Буняковский. Арифметика), жағрапия (Шульгин. География. Часть I-II), тарих (Устрялов. Русская история. Часть I-II), ислам діні сабағы).

Бөкей ордасында кейінірек ересектер мектептері де құрыла бастайды. Ондағы жүргізілген сабақтар ересектерге білім беру немесе сауаттандыру бағытында емес, іс жүзінде ислам негіздері мен тілмаштыққа ғана дайындады. Және екі сыныптық курсты бітіргендер шала сауатты мұғалім ретінде ел арасына жіберілді. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының тағдыры оқытушы мамандар еңбегіне байланысты екендігі мәлім. Оқытушының терең теориялық білімі, бай ұстаздық тәжірибесімен бірге дүниетанымына, мінез-құлқына және кісілік қасиеттеріне ерекше мән беріледі. Бірақ ондай оқытушылар ол кезде Қазақстанда бірлі-жарым ғана болған. Сондықтан орыс-қазақ мектептерінде мұғалімдік қызметке Қазан қаласындағы оқытушылар семинариясын, Орынбордағы қазақ мектебі мен Неплюев кадет корпусын



бітірген қазақ, татар, орыс жастары тартылды. Бірақ Қазан оқытушылары семинариясы негізінен, православие шіркеуінің миссионерлерін дайындайтын оқу орны болатын. Ал, орыс-қазақ мектептеріне оқытушылар даярлайтын ең алғашқы педагогикалық оқу орны БІ. Алтынсариннің басшылығымен 1883 жылы 10 көкекте Ор қаласында ашылды. Оған қабылданатын жастардың саны басында 60 адам деп жарияланғанымен, іс жүзінде небары 20 адам ғана оқыған. Онда да сабақтар орыс тілінде жүргізілуі қадағаланған. Діни мектептердегі ұстаздармен салыстырғанда орыс мектептеріндегі оқытушылардың әлеуметтік белсенділігі, ынтасы жоғары болғандығы рас. Олар қазақ арасында орыс-қазақ мектептерін ашу, халықтың сауаты мен мәдениетін көтеру мәселесіне тікелей араласты. Бұл мектептерде негізінен, дәстүрлі қазақ мәдениеті емес, орыс мәдениеті насихатталды. Олар қазақ арасындағы ескі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің зиянды сарқыншақтарын, мұсылман мектептерінің шәкірттерді оқыту, тәрбие жұмыстарындағы жиі кездесетін кемшіліктерін бақылайды.

Қазақ жастарына орысша білім, тәрбие беруде 1850-1869 жылдары Орынбор қазақ мектеп-интернаты ерекше рөл атқарды. Шекаралық комиссия Кіші жүздегі сұлтандар мен дистанциялық бастықтары жанында іс жүргізе алатын, сондай-ақ тек қазақтар ғана тағайындалатын басқа да қызмет орындарында жұмыс істеуге қабілетті қызметкерлер даярлау үшін 1844 жылы 14 маусымда арнаулы ереже қабылдайды. Бірақ әр түрлі себептермен мектеп тек 1850 жылы 22 тамызда ғана ашылады. Мектептің оқу мерзімі 7 жыл болып белгіленеді. Оған 20 оқушы қабылданады. Ол кезде Орынбор өлкесіне бағынатын қазақ даласы Шығыс Орда (Торғай), Орта Орда (Орал облысы), Батыс Орда (Бөкей Ордасы) деген үш аймаққа бөлінді. Осыған орай Орынбор қазақ мектеп-интернатына Торғайдан 10 бала, Оралдан 3 бала және Бөкей Ордасынан 7 бала оқуға қабылданады. Мектептің бас тәрбиешісі болып Қазан университетінің Шығыс тілдері факультетін бітірген Салықжан Куляшев деген татар жігіті тағайындалады. Ол басқарған 6 жыл ішінде қазақ шәкірттерін татар тағлымы рухында тәрбиелейді. Жатақханадағы тәрбиешілер унтер офицерлер еді. Олардың бала тәрбиесімен ешқандай хабары болмаған [136,327-п.].

Орынбор қазақ мектебінде қазақ тілі сабағының халі мүшкіл еді. Мектептің оқу жоспарында көрсетілгендей, пән қазақ-татар тілі деп аталғанымен, шын мәнінде ол татар тілі сабағы болатын. Мектеп шәкірттері намаз оқып, шаштарын алдырып, бастарына тақия киіп, дастархан мәзірі мұсылманша болғанымен, орысша тәрбиеленеді. Оны 19 жыл бойы Неплюев кадет корпусының араб және парсы тілдерінің аға оқытушысы, колледж ассесоры Мірсалық Бекчурин оқытқан. М. Бекчуриннің орыс тілінде жазылған кітабы «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с кратким объяснением существующих в Оренбургском крае наречий башкир и киргизов и с приложением к нему русско-персидско-татарских слов, разговоров и прописи» (Казан, 1859) деп аталады. Оқулықта қазақ, башқұрт тілдері грамматикасына орын берілмеген. Орынбор қазақ мектебі небары 19 жыл ғана өмір сүрді. Оған оқушыларды жылына бір рет қана қабылдап отырды. Алғашқыда, яғни 1850 жылы онда 20 шәкірт оқып, 3 ұстаз

сабақ берсе, 1859 жылы олардың саны 40 оқушы 9 ұстазға жеткен. Бұл мектеп ұжымының сан жағынан барынша өскен кезеңі. 1862 жылы мектептің оқу мерзімі 6 жыл болып қысқартылады. Ал, 1869 жылы ол біржолата жабылады. Сол жылы оқуларын жалғастыру үшін қазақ мектебінің 31 шәкірті Орынбор ұлдар гимназиясының қарамағына жіберіледі. Бірақ гимназияға олардың ішінен тек 9 бала қабылданады. Орынбор қазақ мектебін 19 жыл ішінде 48 жас қазақ бітіріп шығады. Олардың кейбіреулері Шекаралық комиссияның өзіне жұмысқа қалдырылады. Бірқатары өз еліне барып, жергілікті әкімшілік-басқару аппаратында әр түрлі кеңсе қызметтерін атқарады. Ал, біразы 1860 жылы Қазақстанда жаңадан ашылған орыс мектептерінде сабақ береді. Мәселен, Орынбор қазақ мектебінің алғашқы түлектерінен Тройскіде ашылған қазақ мектебінде Нұрым Мұңсызбаев, Ырғыз бекінісіндегі мектепте Шахмұрат Құлыбеков, Торғай бекінісіндегі мектепте Ыбырай Алтынсарин оқытушылық қызметін бастаған. Орынбор мектебін кейінірек бітірген жастардан Байқадам Орынбаев, Ізтілеу Жақсыбаев, С. Нұрмұханбетов мектепте ұстаздық еткен. Сол сияқты мектепті 1857 жылы бітірген, кейін қызметін Шекаралық комиссияның кеңесіннен бастаған Мірғали Бақтияров қазақ халқының рухани мұраларын зерттеп жүрген орыс ғалымдарына көп көмегін тигізіп, игілікті жұмыс атқарған. Осындай жұмысқа кейінірек Б. Саматов, М. Бекішов те араласқан. Қазақ халқының тіл байлығы, әдеби мұрасы, тарихы жөнінде жинаған, жазған еңбектерін орыс ғалымдары оларға тексертіп алып отырған. 1858 жылы 8 қазанда Орынбор арнаулы әскери корпусы бойынша берілген бұйырықта Ш. Құлыбеков, Ы. Алтынсарин, Т. Қосуақов, Ш. Көшербаев және М. Бақтияровқа «зауряд хорунжий» деген әскери атақ беріледі. Орынбор қазақ мектебін бітіргендердің ішінде 1856 жылы тағы да 3 адамға осындай атақ берілген. Олар: Б. Наурызбаев, Б. Оразбаев және С. Нұрмұханбетовтер. Сонымен, Орынбордағы қазақ мектеп-интернаты шәкірттері ел басқару, заң, ағарту ісі және мәдениет саласындағы жұмыстарға белсене араласады [137,79-80-пп.].

Орынбор қазақ мектебінің үлгісімен 1865 жылы Омбы қаласында да қазақ мектебі ашылады. Орынбордағы шекаралық комиссия 1861 жылы 17 қарашада қазақ балаларын жаппай орысша оқытатын бастауыш мектептер санын барынша көбейту туралы екінші рет шешім қабылдайды. Ол мектептерде Орынбор қазақ мектебі мен Неплюев кадет корпусын бітірген қазақ жастары сабақ береді деп ұйғарылады. Бұл мектептерде қазақ және орыс балалары араласып бірге оқитын болғандықтан, оларды орыс-қазақ мектептері деп атайды. Бастауыш білім беретін орыс мектебінің қазақ арасында ашылуын күткен адамдар аз болған жоқ. Алайда бұл мектептердің сапасы өте төмен, әрі тек патшалық Ресей мүддесіне ғана сай болғандықтан көпшіліктің үмітін ақтамайды. Бұл 1897 жылғы халық санағын жүргізу барысында айқын аңғарылады. Ана тіліндегі сауаттылық сұраққа жауап қайырушы орысша оқи білмейтінін айтқан жағдайда ғана белгіленеді.

Орыс-қазақ мектептері негізінен орыстандыру саясатын жүзеге асыру мүддесіне қызмет істегенімен олардың қазақ балаларының сауатын ашу, ғылыммен танысу тұрғысында прогресшіл рөлін жоққа шығаруға болмайды.

1858 жылдан бастап үш жылдай Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет атқарған кезінде Н.И. Ильминский астыртын миссионерлік іспен айналысады. Ол Орынбор өлкесіндегі қазақтардың өмірі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын жақсы білген. Әсіресе, олардың мұсылман дініне деген қатынасына үңіле қарап, ерекшеліктерін жақсы таныған. Өйткені қазақтар ислам дініне тез көндігетін халық деген тұжырымға келген еді [141,38-б.].

XIX ғасырдың ортасына қарай Ішкі Ордада 38 мұсылмандық мектептер салынып, онда 400 оқушы оқыды, оның ішінде қазақтардан – 350, татарлар - 50 шәкірт болды [142,127-б.]. Нәтижесінде, татар жазуы қазақ даласында кеңінен тарап, татар тілін білмеген қазақ өз ортасында сауатсыз болып есептелді [143,67-б.].

Белгілі этнограф-тарихшы Салық Бабажанов Бөкей ордасының қазақтары 1800 жылдарға дейін жазумен таныс болмағанын айта келе: «қазақтардың сылтау-сыралғы сөздеріне қарамастан, жіппенен шырмағандай еш ұмытылмайтын, едәуір уақыт өтсе де өткен оқиғалары қайта сөз болып, орыс бастықтардың, қандай да болмасын, тапсырмалары, сыйлық беру немесе ақтау, аяу жарлықтары хат пен қағаз мәселесі халық арасында үлкен әңгіме мен ынта, талап тудырды. Барлығы да, тіпті мәртебелі хан да, жазудың қасиеттеріне бас имей тұра алмады. Осының өзі-ақ қазақтарға жазудың – сауатсыздықтың күдіретін мойындатты» [41,67-б.], - деуі орыс шенеуніктерінің қазақ халқын бодандықта ұстауда орыс тілін үйрету жолын таңдауы бекер еместігін дәлелдей түседі.

XIX ғасырдың 50 жылдары мұсылман мектептері мүлдем жабылып қалмағанмен, саны күрт азайды. Мұрағат құжаттарынан халықтың өз еркімен орыс мектептерінен бас тартқан, өз қаражаттарына рұқсатсыз медреселер ашып, мешіттер салған фактілерін көптеп кездестіруге болады. Қазақтардың арасынан мешіт салуға, медреселер ашуға ресми түрде рұқсат сұраған өтініштер де көптеп түсіп жатты. Мысалы, мұрағатта Торғай облысының Ақтөбе уезіндегі Теректі болысынан Гатаулла Басбековтың Кеш өзенінің бойына өз қаражатына соққан мешітті заңдастырып, жаңадан медресе ашу туралы өтініші тіркелген. Тастөбе болысындағы Қаратоғай ауылында мешіт рұқсатсыз салынған. Сонымен қатар Торғай қаласында Байту молда салдырған ортақ медресе жұмыс істеген. Бұл медресе де ұзақ жылдар бойы мұсылманша оқу үзілмеген. Байту молданың ұлы Салихтан жыл сайын 100 шақты шәкірт дәріс алып отырған. Сырдария облысы Ходжент уезінің бастығы 1878 жылы 12 сәуірдегі баяндамасында «бұл уездегі 15 орыс балаларына ғана арнап орыс мектептерін ашпаса, жергілікті халыққа арнап мектеп ашудың пайдасы жоқ. Бұлар жергілікті молдалардың ықпалымен капитан Путинцевтің орыс мектебін ашу туралы ұсынысына да қарсылық көрсеткен. Сондықтан олар орыс мектебін ашуға қаражат бөледі деп үміттенудің қажеті жоқ» [144,82-б.], - деп мәлімделген.

Осындай оқу орындарының Жетісу өңірінде де ашылуы жайында зерттеуші М. Қойгельдиев былай дейді: «Орталық билік орындарының орыстандыру саясаты халық ағарту ісімен де ұштастырылды. Ресей империясының үстемдігі Жетісу өңіріне орнаған бетте мұнда орыс тұрғындарына арналған оқу орындары ашылып, қызмет ете бастаған-ды. Жетісу өңірінде ең алғашқы орыс оқу орны қазақтар қоныстанған Сергирополь станциясында 1852 жылы ашылған еді. Отаршыл әкімшілік жүйенің қолдауымен Жетісуда ашылған орыс оқу орындары приход училищесі, алты станциалық мектеп (Кіші Алматы, Сергирополь, Үржар, Лепсі, София, Қапал станцияларында) және бір поселкелік мектеп болды» [55,156-б.].

Орынбор мүфтиі мұсылмандардың жерді иелену процесі кезінде табатын пайдалары жайында Орынбор округіндегі барлық мешіттерде араб және татар тілдерінде оқытылуы тиіс деп 12 фетв құрастырды [145,48-п.]. Мұндай құжаттың пайда болуына түрткі болған жағдай көшпелі халықтарды, нақтырақ айтқанда, қазақтар мен башқұрттарды отырықшыландыру жөніндегі жергілікті әкімшіліктің саясатын жүргізу мақсаты еді. Татар молдалары қазақтардың өзге дәстүрлерге, отырықшы-егіншілік шаруашылығына үйренуіне, сонымен қатар өркениетаралық әрекетіне әсер ете алды. Н.И. Ильминскийдің пікірінше, егер қазақ «көшпелі тұрмыста қолайсыздықты сезініп, оған көзі жеткен болса және отырықшы өмірдің ыңғайын үйренуді шешсе, онда ол орыстардың ғана емес, татарлардың, нақты айтқанда ортаазиялықтардың тұрмысын игереді» [146,45-б.].

Мұсылман діни басқармасы жөніндегі мәселе ылғи да патша өкіметінің назарында болды. Татар және башқұрт молдаларының қазақ халқына әсер етіп, олардың ортасында мұсылман мәдениетін таратуын билік орындары «татарлық озбырлық» деп атады. Діни мекемелер, конфессионалдық мектептер, діни кітаптар «татар әсерінің» негізгі құралы болып саналды, сол себептен де мемлекеттің алдында тұрған басты мәселе, бір жағынан, татар мәдениетінің таралуына шектеу жасау, екінші жағынан, исламның әлсіреуіне әсер ету болды. Сол себептен, үкімет үшін көп жағдайда исламдағы нақты біріңғай қатынас жолын бөлшектеу үшін ұтымды нәрсе табу маңызды болды. ХІХ ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап «фанат татарларды» қазақ менталитетіне қарсы қою әрекеттері басталды. Екіншіден, номадтарға тән психологиялық орнатуларға ерекше қызығушылық, әлеуметтік және тұлғааралық реттеу механизмдеріне, әкімшілік аппараттардың белгілі қимылдарындағы көмекке жол бермеуі мұсылмандық діни басқармалар үстінен бақылауды қатайтты. Осыдан қорытынды жасай отырып, Діни істердің департаменті қазақ тұрғындарының және отырықшы мұсылмандардың, негізінен көрші губерниялардағы татарлар, оның көзқарасы бойынша «біршама дамыған, ертеде қалыптасқан тәртіпке діни міндеттерді атқаруда біршама үйренген» діни мәселелердің бір ғана басқармасының болуының пайдасына күдіктене қарады. Сонымен бірге, бір жыл бұрын, қазақ халқына «өзінің жарқын болашағы үшін көптеген кепілдікке ие, еңбекке бейімді, бірақ та әлі әлсіз» деген мінездеме берілген еді. «Фанатизмнің дамуы мен күштің бекуінде мұсылмандық діни басқарманың

дамуы ұрықтану басталған кезде басылып тасталуы мүмкін» [147,1-п.], - деп анықталған болатын.

Қазақтардың мұсылмандық ағартушылығына бұлай келу бағытына 1854 жылы Орынбор әскери губернаторы В. Перовский, өзінің әкімшілігіндегі сұлтан-басқарушыларға «шекаралық комиссиядан өте отырып, мұсылмандық басқармамен тікелей байланысқа шығуға» олардың құқығы жоқтығын қатал ескертті, сонымен қатар В. Перовскийдің башқұрттық-мищеряндық әскерді басқарушыға башқұрттар мен мищярларды қазақ даласына балаларды татарша оқытуға және құдайға құлшылық етуге жіберуге тиым салуына ұйғарым жасаған болатын [147,2-п.]. Бұл шаралар үкіметтің өлкеде «мұсылмандықты әлсіретуде» және халықты бір-біріне айдап салуда әкімшілік әдістерге көшкеніне куә болады.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Орынбор әкімшілігі Ішкі істер министірлігіне мұсылмандық діни істердің өкіметке байланысты жақтары мен оларға бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстары мен баяндамаларын жиі-жиі жіберіп отырды. Орынбор губернаторы Н.А. Крыжановскийдің 1805 жылғы есебі осының ерекше көрінісі болып табылады. Мұсылмандық діни істерді, “тұйық тап” ретінде, мұсылмандардың ақылына әсер етушілер, жалпы айтқанда қазақ халқының және олардың интеграциясының Ресей мемлекетінің құрылымына кедергі келтіруін анықтай отырып, Н.А. Крыжановский мұсылмандық діни істердің әрекетін бақылауға ала отырып «көбіне үкіметке деген қатынасын дұрыс» қою қажет деп санады. Бұл үшін ол діни басқарманың реформасын өткізуді ұсынды, іс қағаздарын орыс тілінде жүргізу, мұсылман дін басыларына «әртүрлі ұрыс-керістерге жол бермеу» және молдаларды үкіметке тәуелді ету үшін қазынадан ақша бөліне бастады. Татар және башқұрт молдаларына қазақ балаларын оқытуға тиым салынды [145,45-п.]. Н.А. Крыжановскийдің баяндамасында II Александрдың резолюциясы жалғасты, Ішкі істер министірлігіне көтерілген мәселенің алдағы әзірлігі қажеттілігі, тапсырылған болатын.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі татар діндарларының қолымен қазақ жұртын мұсылмандыққа бейімдеудің болашағына күмәнданып, саясатының бағытын өзгерте бастайды [145,46-п.].

1868 жылы 21 қазанда «Орынбор губерниясын басқару туралы уақытша ереженің» енгізілуі әкімшіліктің қазақтарды сауаттандыру мақсатында басқару құрылымын қайта құруды іске асыруына белгілі дәрежеде ықпал етті. Ережеге сәйкес қазақтардың діни істері Орынбор діни басқармасынан алынып, азаматтық мекемеге, яғни ішкі істер басқармасына берілді. Мешіт пен медреселердің құрылыстары бақылауға алынды. Осының нәтижесінде әр болыста бір мешіт және әскери губернатор тек қазақ ортасынан іріктеп тағайындайтын бір молда ғана ұстауға рұқсат етілді. Молда қызметінен үміткер адам бұрын сотталмаған, әкімшілік жауапқа тартылмаған кез-келген қазақтан іріктелінді. Молданы бекітуді және оған шен беріп, орнынан босатуды тек әскери губернатор ғана жүзеге асыра алды [148,274-б.]. Ережеге сәйкес Торғай облысының 50 қазақ болысына 15 мешіт салуға рұқсат етілді, яғни 5-10 жанға

бір мешіттен келді. Ал, 1763 жылғы 23 тамызда жарияланған жарғыға сәйкес 500 жанға 1 мешіт қана ұстауға рұқсат етілген еді [149,339-б.]. Бұл - Орынбор мұсылмандарының діни істеріне араласуға мүмкіндік жасаған алғашқы заң актісі болды. Татар мен башқұрт тұрғындарына қатысты айтатын болсақ, олар мұсылмандардың діни істері туралы жарғысының 1424 бабына сәйкес Орынбор діни басқармасына қарады.

Патша өкіметі Ресей үстемдігінің орныққанын сезінген шағында империяны күшейту үшін өзге халықтарды орыстандыру керек деген міндет қояды. Орыстандырудың сыннан өткен механизмі – отарланған халықтарға орыс тілі мен менталитетін күштеп таңу, христиандандыру және т.б. болатын. Орыстандыру ісі мемлекеттік саясатқа айналады [150,83-б.].

«Орынбор губерниясын басқару туралы уақытша ережеге» сәйкес бастапқы уақытта әрбір уезд басқармасында жалпы білім беретін бір мектеп ашу көзделді. Оның бағдарламасын Халық ағарту министрілігінің кеңесімен Орынбор генерал-губернаторы бекітеді [149,340-б.]. Бағдарламада «Қырғыз-қайсақтардың діни наным-сенімдері шын мәнінде мұсылмандықтан гөрі өздерінің ата-баба сенімдеріне жақын, сондықтан да оларды христиан дініне өткізу үлкен қиындық тудырмаса керек. Облыс әкімшілігі сахарада іске асырылуы тиісті осы миссияға қауіп төндірмеуі үшін ешқандай зорлық-зомбылықсыз, тек үгіт пен сендіру тәсілдерін ғана қолдана отырып әрекеттенгені жөн» [148,105-б.], - деп ашық жариялаған болатын. Қазақ балаларына арнап ашылған мемлекеттік мектептерге сүйеніп отырып аталған мақсатты жүзеге асыру міндеті православие шіркеуіне жүктелді.

Сөйтіп, патша үкіметі қазақтарға білім беру арқылы халықтың қоғамдық санасын, мәдениетін көтеруді емес, қайта оларды ана тілінен, ата дінінен, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінен айырып, рухани құлдықта, надандықта, мәңгүрттікте ұстауды көздейді. Ашылған мектептер орыс саясатының қолшоқпарына айналды.

Ағарту ісі саласындағы үкіметтің жүргізіп отырған саясатының шын сырын, түпкі мақсатын Халық ағарту министрі граф Дмитрий Толстойдың 1870 жылы айтқан мына сөздерінен де аңғаруға болады: «Біздің елімізді мекендейтін барлық бұратана тайпаларға білім берудегі түпкі мақсат – оларды орыстандыру... екендігі күмән тудырмауы тиіс» [151,15-б.]. Патша әкімшілігінің осы саясаты ең соңғы күндеріне дейін, сол қалпында ешқандай өзгеріссіз жүргізілгені белгілі. Ал, аталған саясатты жүзеге асыратын үкіметтің саяси құралы – дін миссионерлері еді. Олар «бұратаналарды» орыстандыру жолына өте қызу кіріседі.

1842 жылы Қазан қаласында ашылған Діни академия патша үкіметінің ең сенімді тірегінің біріне айналды. 1854 жылы Діни академияның жанынан арнайы миссионерлік бөлім ұйымдастырылды. Қазан қаласының архиепископы Григорий (Постников) оның төрағалығына, ал Қазан университетінің профессоры А. Қазанбек пен Н.И. Ильминский мүшелігіне тағайындалады. Олардың бәрі де араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білетін белгілі миссионерлер болатын [152,25-б.].

1847 жылы 2 маусымда патша үкіметі мен Синодтың келісімімен Қазан діни академиясы жанынан аудармашылар комитеті ұйымдастырылады. Оның басшылығына 1846 жылы Қазан діни академиясын бітірген және сол академияның арнайы мақсатпен ашылған мұсылмандыққа қарсы бөлім кафедрасын басқарған жас ғалым Н.И. Ильминский тағайындалады. Аудармашылар комитетінің құрамына төмендегідей сыннан өткен, танымал, белсенді миссионерлер енді: Н.Я. Бмуновский, Е.А. Малов, В.Т. Трофимов, Н.И. Золотницкий, И.Я. Яковлев, Н.А. Бобронников, В.В. Катаринский және священник Н.Н. Остроумов енеді. Осы дін қайраткерлері аударып, жарық көрген 307 кітаптың 288-і таза діни кітаптар болғанын татар ғалымы А. Каримкин арнайы атап өтеді. Аударылған кітаптардың ішінде тарих, география, арифметика саласында өмірге керекті бірде-бір кітап болмаған [141,38-б.].

Миссионерлік қоғамның жергілікті бөлімшелері де құрылады. Оларды «стон» деп атаған. Сондай «стондар» Торғай облысында, Ақтөбе қаласында, Александровское мен Михайловское селоларында ашылған. Мұрағаттарда Ақтөбе миссионерлері М. Побельский, А. Искаков туралы материалдар кездеседі. Олар мектептен жалақы алып, патшалық Ресейдің жергілікті идеолог-әкімдері қызметін атқарғаны туралы жазылған [153,47-б.].

Патшалық Ресей өзінің миссионерлік саясатын «бұратана», «жабайы» халықтардың сауатын ашу мақсатында жүргізіп отырмыз деген желеумен бүркемеледі. Миссионер Н.И. Ильминский патша үкіметінің мұсылмандарға қатысты саясатына көңілі толмай, көп сынаған. Ол өзінің Орынбор оқу округінің басшыларына, халық ағарту министрі мен Синодқа жазған хаттары мен ұсыныстарында қазақ халқын орыстандыруды христиан дініне шоқындырудан бастауды, ислам дінінің беделін түсіріп, татар молдалары мен тілмаштарын қазақ арасынан қууды талап етеді. Сол сияқты ол мектеп оқулықтары мен қазақ тілінің тазалығын «ислам дінінің ықпалынан сақтау» және араб әліпбиін кириллицамен ауыстыру сынды қазақтың қоғамдық, мәдени өмірінің күрделі мәселелері жөнінде бірсыпыра пікірлер айтқан. Әсіресе, жергілікті әкімшілік басқару орындарына орысша тіл білетін қазақ жастары мен қазақша түсінігі бар орыстарды тағайындаудың маңызын дәлелдемек болған. Н.И. Ильминскийдің бұл ұсыныстары толық қабылданады [152,18-19-бб.].

Қазақ жерінде мұсылман мектерімен қатар орыс мектептерінің көптеп ашылуы, білімге құштар, арманшыл қазақ жастарының өмірлік мақсат-мұратын айқындап, болашақ мамандық таңдау сияқты келелі мәселелердің бетін ашып алуға, талаптануға баламалық жағдай жасады. Алайда, халықтың рухани дәстүрлері - ғасырлар бойы ауысып отыратын мирас десек, өте сақ, алдын ала ойластырылып, құйтырқы жүргізілген рухани отарлау саясатының ауыр зардаптарын да мойындауымыз керек.

Сонымен қорыта келгенде XIX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметінің ислам дініне қатысты саясаты қазақ даласында мектептер мен медреселер салдырып, Құранды қазына есебінен бастырып, оны қазақтар арасына тегін тарату сияқты шаралар арқылы іске асқандығы айқындалды.

Патша үкіметінің мақсаты халықтың ақыл-санасын дінмен шырмап, қараңғылықта ұстау, қазақ жастарын орыстандыру арқылы өзінің отаршылдық саясатын іске асыру еді.



## **2 ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)**

### **2.1 Қазақтардың Орынбор мүфтилігі құрамынан шығарылуынан кейінгі діни ахуал**

Ислам дініне байланысты патша үкіметінің қазақ сахарасындағы ресми саясатын екі кезеңге бөлуге болады: бірінші кезең - XIX ғасырдың ортасына дейін, яғни медреселер мен мешіттердің ашылып, діни кітаптарды басып шығаруға арнайы қаржы жұмсалып, ислам дінінің таралуының бел алған кезеңі. Бұл кезеңде патшалық биліктің осы мәселеге ерекше ден қойғаны соншалықты, үкімет ашылған мектептердің әрқайсысына 500 сом қаржы бөліп тұрған [154,127-п.], екінші кезең - патша өкіметінің ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан кейін жергілікті халықты христиандандыру және бірте-бірте жаппай орыстандыру саясатына көшіру кезеңі болды.

Осылайша, патша үкіметі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласындағы ислам дініне байланысты саясатын өзгерте бастады.

Азия мен Африка елдеріндегі ислам дінінің даму қарқыны Ресей империясында айтарлықтай қобалжу туғызды. Алжир, Франция, Египет, Индия, Қытай, Түркия жерлерінде мұсылман ұйымдары туралы мәселенің жиі-жиі көтерілуі патша үкіметінің мазасын ала бастады. Мұсылман және христиан мәселелері дүниежүзілік аса ірі әлеуметтік-саяси мәселелердің біріне айналды. Мұсылман әлеміндегі саяси дүмпүлер Ресей жеріне де жетті. Дүниежүзілік мұсылман қозғалысының күшеюінен сескенген орыс отаршылары ислам дінін тарату саясатынан бас тартады. Бұл саясат «Қазақтарды ислам дінінің бұғауынан босатып, халықтық дамуына жол ашу» деген бүркемелі атпен жүргізілді [155,70-б.]. Бірақ бұл мақсатты жүзеге асыру оңайға соққан жоқ. Бұған бірнеше себептер болды: біріншіден, ислам діні қазақ жеріне тамырын терең жайып үлгерген еді, екіншіден, патша үкіметінің аталған саясатына қазақ зиялылары ғана емес, орыс ғалымдардың өздері де қарсылық көрсетті. Олар бұл саясаттың қазақ халқы үшін зияндығын атап көрсетіп, отаршыл орындары әрекеттерінің халыққа қарсы мәнін әшкереледі. Соған қарамастан, патша үкіметі Орынбор мүфтилігіне кеңшіліктер беруге құлықсыздық танытып, керісінше, оның ықпал ету ауқымын тарылта түсуге тырысты. Патша үкіметінің мұндай әрекеті Түркістан өлкесін жаулап алғаннан кейін айқын байқалды. 1867-1868 жылдардағы саяси-әкімшілік реформаларға сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесіндегі өзге де мұсылман халықтардың діни істері ешқандай діни басқарма қарамағына қаратылмай, ол жергілікті отарлық билік орындарының қолына берілді. Осылайша, қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарамағына шығып қалды. 1871 жылы діни оқу орындары Халық ағарту министірлігінің қарамағына берілді.

1891 жылы 25 наурызда қабылданған Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережеде мұсылмандардың діни істері жайлы былай деп атап көрсетілді: «Көшпенді және отырықшы бұратаналар

молданы әр болыста өз ортасынан сайлайды. Сайланған адамды молда атағына бекітуді, сондай-ақ оны осы атағынан айыруды әскери губернатор жүзеге асырады» [149,396-б.].

Орынбор мүфтилігі қазақтардың діни істерін әскери әкімшілік қолына тапсыру әділетсіздік, мұсылмандардың діни сенімін аяқ асты етушілік деп бағалап, наразылығын білдіріп жатты. Осыған орай, 1872 жылы миссионерлердің кеңес беруімен Уфа губернаторы Ушаков Ішкі істер министрілігіне тез арада Орынбор мүфтилігін жабу жөнінде ұсыныс түсірді. Оның пікірінше, Еділ-Орал өңіріндегі татар-башқұрттардың, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың діндес және туыстас екендігін пайдаланған Орынбор мүфтилігі оларды отаршылдық саясатқа бірлесе қарсылық көрсетуге шақырып, дем беріп отырғаны баяндалған [156,4-п.].

Ушаковтың жоғарыдағы ұсынысы мұсылмандықпен күресуде аса белсенділігімен дараланған Синодтың оберпрокуроры К.П. Победоноцевтің тарапынан қызу қолдау тапты. Бірақ патша үкіметі Орынбор мүфтилігін тарату империядағы барлық мұсылмандардың қарсылығын өршіте түседі деп сескеніп, ондай қадамға барудан бас тартады.

Халық ағарту министрілігі миссионер ғалымдардың тікелей араласуымен 1870 жылы 26 наурыздың ережеге сәйкес оқу-ағарту ісін мұсылман халықтарын рухани құлдыққа түсіру арнасына бұрған еді. Бұл ереженің әзірленуі барысында жергілікті әкімшілік орындарының ұсыныстары ескеріліп, Н.И. Ильминскийдің жүйесі басшылыққа алынды. Міне, осы мерзімнен бастап А. Цалихов атап көрсеткендей: «Мұсылман халқына және оның өркениетіне қарсы оқу-ағарту ісімен бүркемелеген күрес басталды. Бұл күрес екі бағытта жүргізілді: біріншісі - мұсылмандық оқу жүйесіне соққы беріп, дамуын тежеу, екіншісі - мұсылмандарды орыстандырып, сіңістіріп жіберу міндетін атқарған орыс-түземдік аралас мектептер ашу» [157,180-б.], - болды.

Сахарада ислам дінінің күшейіп кетуінен қорыққан отаршылар қазақтар арасында православ дінін насихаттаумен айналысты, тек насихаттап қана қоймай, қазақтарды түпкілікті бағындырып, өз дегенімен жүргізу үшін орыстандырып, шоқындыруға кірісті. Бұл іске 1865 жылы Синодтың ұйымдастыруымен құрылған «Православие миссионерлік қоғам» жүйелі бағыт беріп отырды. 1869 жылы Қазан қаласында аталған қоғамның бірінші съезі өтіп, жарғысы қабылданады [157,181-б.].

Қабылданған жарғыда «Православие миссионерлік қоғамының» басты мақсаты - Ресей империясында тұратын христиан емес халықтарды православ дініне шоқындыру» [64,46-б.], - екендігі нақты атап көрсетілді. «Православие миссионерлік қоғамы» құрылған күннен бастап осы мақсатты орындауға құлшына кіріседі. Қоғам құрылғаннан кейінгі 15 жыл ішінде бүкіл империя көлемінде 86 мың, ал 1881-1894 жылдар аралығында 129 мың адам православиеге күштеп кіргізілді [64,47-б.].

Қазақтар арасында христиан дінін насихаттау өлкеде миссионерлік қоғамның бөлімшелері ашылған соң кең өріс ала бастады. Қазақтарды шоқындыруды өз міндетіне алған миссионерлік ұйымдар өлкеде ХІХ ғасырдың

соңына қарай көптеп құрыла бастады. 1882 жылы Томск епархиясы шегінде құрылып, 1895 жылы дербестік алған «Қырғыз православие миссиясының» XX ғасыр басында Семей облысында - 5, Ақмола облысында - 3 жергілікті бөлімшесі болды [158,49-б.].

Ал, жергілікті жерлерде бұл жұмысқа генерал-губернатор, әскери губернаторлар, уезд бастықтары қолдау жасады. Қазан діни академиясының мұсылмандыққа қарсы бөлімін бітірушілер миссионерлер ретінде христиан дінін насихаттауға, қазақтарды шоқындыруға жіберілді. Олардың басты өкілдері қатарында - Н.И. Ильминский, И.П. Остроумов, А.Е. Алекторов, Ф.Д. Соколов болды.

1899 жылы 28 мамырда Мәскеу митрополиті Владимирдің ұсынысы бойынша Түркістан өлкесінің епископы «Православие миссионерлік қоғамының» бөлімшелерін ашуды қолға алады [159,15-16-бб.]. Соның нәтижесінде 1901 жылы 11 қарашада Верныйда епархиялық комитет құрылып, оған қаланың белді шенеуніктері, әскери адамдар мен көпестер енді [141,31-б.].

1871 жылы 28 қазанда орыс патшасының бұйырығы бойынша Қазан оқу округының құрамында қазақ, ноғай медреселеріне арналған инспектор қызметі ашылды. 1875 жылы Орынбор оқу округы Қазан оқу округынан бөлініп шығуына байланысты бұл қызметкерлер осында ауыстырылды. Орынбор оқу округінің қарауына Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір оқу округінің қарауына Ақмола және Семей облыстарын, Түркістан округінің қарауына Сырдария және Жетісу облыстары қарады. Бұл уақытта басқа округтарға қарағанда Орынбор округінің оқу-білім мәселесі әлдеқайда жоғары деңгейде болатын. 1879 жылы Орынбор оқу округі басқармасының өтініші бойынша Торғай, Орал, Бөкей облыстарында оқу инспекторы қызметі ашылды. 1882 жылы Орынборда мұғалімдер дайындайтын арнайы медресе ашылады [160-3-п.].

Халықаралық өмірдегі өзгерістер, мұсылман елдеріндегі барлық мұсылмандардың бірлестігі туралы идеялардың көтерілуі үкіметті алаңдатпай қоймады. Оның үстіне орыс патшасына қызмет істейді деп үміттенген татар молдалары үкіметтің сенімін ақтамады. Олар жергілікті халықты кәпірлерге қарсы насихаттады. Енді үкімет қазақ арасында мұсылман дінінің «зиянды әсерін» шектеуге бағытталған шаралар қолдануға мәжбүр болады.

Бұл шаралардың бастысы - қазақтарды көршілес отырықшы халықтардың ықпалынан қорғау, діни мекемелердің ісін үкіметтің бақылауына алу, қазақ арасында азаматтық білім беретін орыс-қазақ мектептерін ашу, молдалардың қызметін шектеу, үкіметтің рұқсатынсыз мешіт-медреселер салуға тыйым салу, жергілікті әкімшілік орындарында тілмаш, хатшы болып істейтін татар мен башқұрттарды қазақтармен алмастыру сияқты істер еді.

Ш. Уәлихановтың: «Қырғыздар орыстарға кіріптарлыққа түспей тұрғанда мұсылмандықты шартты түрде ғана ұстады. Олар мұсылман әлеміндегі суниттер ағымын құрды. Қырғыздар мұсылман заңдарын ешқашан қабылдаған емес және бұл заң далаға ішкі бюрократиялық бұйырықпен, патша өкіметінің бастамасымен енгізілді. Сібір даласында округтік бұйырық негізінде молдаларды

сайлап, мешіттер мен татар училищелерін салуды ойластырған Сперанский Мұхаммедтің елшісі іспеттес еді» [5,32-33-бб.], - деуі Ресей патшалығының XIX ғасырдың I-ші жартысында қазақ жерінде ислам дінінің тарауына ықпалын айғақтайды.

Бұл оқу орындары ашылған күнде де «өз қандастарын іздемейтіндей және мектептен алған өнегесін сол дәрежеде ғана насихаттайтындай етіп тәрбиелеу» ісі басты назарда болуы тиіс болды. «Бұларды жоғарғы деңгейде тәрбиелеу пайдасыз болмақ. Тіпті біздің орта дәрежелі оқу орындарына қырғыздарды жақындату аса зиянды» [152,32-б.], - деген Н.И. Ильминскийдің пікірін негізге ала отырып, татар тілмаштарының орнына орыс тілін білетін қазақ мамандар даярлау мақсат етілді. Жаңа мешіттер, мектептер мен медреселер ашуға бақылау орнатуды жоғарыдағы Н.И. Ильминскийдің ұстанған қағидасының патшалық режимнің қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту саясатының басты принциптеріне айналғандығын дәлелдейді.

VIII ғасырдан бастап сахарада тамырын жая бастаған, қазақ халқының дүниетанымында өз орынын алып үлгерген ислам дініне қарсы патшалық режим жүргізген күресті қазақ халқы өз өміріне қол сұғу деп түсініп, қарсылық көрсете бастады. Бұл қарсылық үкіметтің тыйым салғанына қарамастан өз қаражаттарына мұсылман мектептерін ашу, балаларын орыс мектептеріне бермеу, орысша-қазақша мектептерге қаражат бөлмеу сияқты әрекеттермен айғақталды. Бұндай қарсылық, әсіресе, ислам дінінің ықпалы күштірек оңтүстік аудандарда жиі кездесті. Сондықтан да XIX ғасырдың соңына қарай мұсылман мектептері солтүстікке қарағанда оңтүстік аудандарда басым болды.

Үкімет мұсылман мектептерінен гөрі орыс-қазақ мектептерінің өмірге қажеттілігін дәлелдеп, беделін көтеруге тырысты.

Патша үкіметі Қазақстанның шаруашылық аудандарын, халықтың әдет-ғұрпын, дәстүрлі басқару жүйесінің жайын зерттеп алуды ұйғарды. Отарланған аудандардағы бұратана халықтың тарихымен, саяси-әлеуметтік жағдайымен, мәдениетімен танысу мақсатындағы зерттеу жұмыстарын Ресей ғалымдары мен саяхатшылары жүргізе бастайды. Қазақ даласына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Отарланған аудандардың тарихын, мәдениетін зерттеудің инициаторлары миссионерлер мен олар ұйымдастырған қоғамдар болды. Отарланған халықтардың өміріне, дініне байланысты шығармалар мен сөздіктерді де құрастырғандар солар еді.

Мұсылман дінбасылары - имамдар мен молдалар орыс - түземдік мектептерін шоқындырудың бірден-бір құралы санап, мұсылман балаларын мұндай оқу орындарына бермеуге шақырды [53,52-б.]. Имамдардың ықпалына ерген, әрі талай ғасырдан бері мұсылмандық дәстүр бойына сіңген халық орыс - түземдік мектептеріне балаларын беруден бас тарта бастады. Соның нәтижесінде, 1902 жылы Қапал уезіндегі үш орыс - түземдік мектебінде 57, Жаркент уезіндегі 4 орыс - түземдік мектебінде 158, Верный уезіндегі 4 орыс - түземдік мектебінде 270 оқушы ғана білім алады [160,5-п.].

Мұның өзі патша үкіметі орыстандыру құралы ретінде ашқан орыс - түземдік мектептерінің алдына қойылған міндеттің орындалмай жатқанын

аңғартатын. Жетісу облыстық әскери-губернаторына 1886 жылы келіп түскен материалдарға қарағанда, облыста 7909 бала (657 ұл, 1752 қыз) мұсылман діни мектептерінде білім алған. Бұл балаларға мұсылмандық білім беру үшін 361 молда қызмет еткен [161,80-п.].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы фон-Кафуман мұсылман оқу орындарына «араласпау саясатын» ұстанған-ды. Оның пікірінше, жергілікті мұсылман оқу орындарының ісіне араласпау, яғни олардың бақылаусыз болуы күйреуге әкеліп соқпақ, мұсылман оқу орындарын орыс - түземдік мектептері күнделікті өмірден бейбіт түрде ығыстырып шықпақ. Алайда, Жетісу облысында орыс - түземдік мектептері мұсылман оқу орындарын ығыстыра алмады. М.Қ. Қойгелдиев атап көрсеткендей, қазақ ауылдарында мұсылмандық білімді таратушылар негізінен татар молдалары болды. Жергілікті әкімшілік орындары мұндай молдаларды «көшпелі молдалар» деп атады. 1882 жылы, толық емес мәліметтерге қарағанда, Жетісу облысында 281 «көшпелі молда» болды, олардан 4608 қазақ пен қырғыз балалары білім алған [162,4-п.].

Патша үкіметі қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Сондықтан мұсылман балаларының бір мектепте оқуына қарсы болып, олардың балаларының бөлек оқуын қадағалап отырды. Осылайша, 1876 жылы Жетісу облыстық оқу ісі меңгерушісі Верныйда татар мектебінде оқып жатқан қазақ балаларын мектептен қуып жіберіп, олардың бұл мектепке қайтып келмеуіне тыйым салды [163,2-п.]. Бұл жағдай облыстағы басқа да уездерде көрініс тапты. Мәселен, Қапал уезі бастығының 1879 жылы 14 мамырда Жетісу облысының әскери-губернаторына жолдаған мәлімдемесінде: «Қапал қаласында екі мұсылман мектебі бар. Оның біреуі бұдан отыз жыл бұрын ашылған. Мұсылман мектептеріндегі балаларды оқыту әдістерімен танысу мақсатымен, мен жуырда осы аталған екі мектепте болдым. Осы танысу кезінде уездегі көршілес болыстардың қырғыз балалары да мектепте оқып жатқанын көрдім. Бұл қырғыз балаларының сауаттылыққа деген құштарлығын аңғартса керек. Бірақ мұсылман мектептерінде орыстарға қарсы Рух беретін құранның оқытылатынын ескеріп, қырғыз балаларын мектептен шығарып жібердім және олардың мұнда оқуына тыйым салдым. Мен сіздің құзырыңызға осы әрекетімді хабарлай отырып, мұны жоғары әкімшіліктің мүддесіне сай келетіндігіне көз жеткізу үшін уез бастықтарын мұсылман мектептеріне қандай қатыста болу керектігін көрсететін нұсқаулармен камтамасыз етуіңізді сұраймын» [164,4-7-пп.], - деп көрсетілген.

Осыдан кейін, көп ұзамай 1879 жылы 30 мамырда Жетісу облысының әскери-губернаторы уез бастықтарына құпия түрде мынандай мазмұндағы нұсқау жолдайды: «Барлық мұсылман мектептерінде Құран оқытылады. Оның ілімі негізінде оқушылар бойына орыстарды жек көрсететін сенім қалыптасады. Мұхаммед пайғамбардың ілімі өлкені басқарудағы орыс үкіметінің мүддесіне сай келмейді. Мұндай мектептерде оқып шыққан қырғыз балалары жақын арада даладағы мұсылман миссионерлеріне айналуы ықтимал. Сондықтан да уез және қала басшыларына қырғыз балаларын мұсылман мектептерінде оқуын жиі қадағалауды ұсынамын» [165,46-п.].

Жергілікті әкімшілік орындары мұсылман мектептеріне Түркістан халықтарын діни негізде біріктіретін рухани күш ретінде қарап, олардың қызметіне тежеу салуға тырысты. Патша әкімшілігі, әсіресе облыстырдың әскери-губернаторылары мен халық училищелерінің инспекторлары мұсылман мектептерін жіті қадағалап, олардың идеологиясына қарсы тұру үшін қазақтар орыс – түземдік мектептерін көптеп ашуға күш салды.

1886 жылы Жетісу облысында тұрақты түрде қызмет ететін 144 мектеп болған. Оларда 3340 ұл және 1504 қыз бала оқыған. Бұдан өзге қазақ ауылдарында молдалардан 4179 ұл және 491 қыз бала білім алып жатқан [166,1-6-пп.].

Қазақстанда мәдениет пен қоғамдық сананың өзгеруіне ғылыми қоғамдар мен мәдени-ағарту мекемелері өз үлестерін қосты. Солардың бірі – 1868 жылы құрылған Императорлық жағрафиялық қоғам. Қоғамның корреспондент-мүшесі болған ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин Жағрафиялық қоғамның Орынбор бөлімінің 1870 жылы шығарған бірінші жинағында «Орынбор ведомоствосы қырғыздарының құда түсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» деп аталатын зерттеу еңбегін жариялады. Жағрафиялық қоғамының жергілікті бөлімдері мен бөлімшелері Қазақстанның басқа облыстық қалаларында да ашылды.

Христиан дінінің жағдайын нығайта түсу мақсатында патша үкіметі шіркеу, монастырь, приходтар салуға жер және қаржы бөліп отырды. Сонымен бірге, христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, қолдау көрсететті. Патша үкіметі жәрдем ақшаның мөлшерін белгілеуді жергілікті әкімшілік орындарының өз еркіне берді [167,10-15-пп.].

Православие діні мен патша билігінің мызғымайтындығын насихаттауда орыс-қазақ мектептері ерекше орын алды. Орыс-қазақ мектептеріндегі оқыту ісі мен тәрбие жұмыстарын христиан дініне сенушілік, патшаға шын бағынушылық сенімдерін оқушылардың бойына сіңіру мақсатына сай құруға тырысты. Мектептерде уақыттың көбі діни мейрамдар мен патша әулетінің құрметіне арналған күндерді тойлауға бөлінді. Орынбор оқу округы попечителінің нұсқауымен орыс-қазақ мектептерінде патшаның туған күні (26 ақпан), таққа отырған күні (6 мамыр), патшайымның туған күні секілді мейрамдарды тойлау тапсырылды. Сонымен қатар, орыс-қазақ мектептерінде Пасха мейрамы, Қасиетті Троица күні, крестің көтерілген күні, Қасиетті Богородицаның храмға енген күні және т.б. православиелік діни мейрамдар тойлануы тиіс болды [168,38-39-бб.].

Отарлық әкімшілік қазақ жерін тартып алып, салықтардың мөлшерін ұлғайтып, тілі мен дініне ауыз салды. Миссионерлер қазақтарды шоқындырды, оларды орысша ойлауға және сезінуге үйретті. Мысалы, Қостанай поселкесіндегі Николаев шіркеуінің священнигі Ф. Соколов өзінің Орынбор және Орал епископы Макарийге жазған мәлімдемесінде айтылғандай, екі жыл ішінде (1892-1896) 26 қазақты шоқындырғанын ескерсек, бұл процестің қазақ халқы үшін қаншалықты қауіпті сипат алғанын көруге болады.

Осылайша, Орынбор епархиясы мен облыстық әкімшілік христиан дінін уағыздау, орыс ұлты өкілдерін сахараға кеңінен қоныстандару арқылы қазақ халқын шоқындыру және орыстандыру бағытында бірлесе, тізе қосып қызмет етті.

М. Тынышбаевтың сөзімен айтқанда: «мешіттер мен намаз оқитын үйлерді жабу, Құранды және біздің дінімізді қорлау мен балағаттау, біздің балаларымыз оқитын орындарда дінімізді оқытуға тыйым салу, біздің арамызға христиандықты таратпақшы миссионерлер үшін әкімшілік тарапынан көмек көрсету, абақтыға жабу және де басқа осындай әділеттік пен заңдылық тұрғысынан дәлелдеуді талап ететін жазалаулар - біздің даламызда тайраңдаған заңсыздық пен зорлықтың бәзбір тамаша мысалы осындай» [69,23-б.]. Алайда, қазақтарды орыстандыруды түпкі басты мақсаты етіп қойып отырған дін өкілдері үшін бұл әрекеттер де мардымсыз көрінді, олар: «орыс қоныстанушыларының отарлауы арқылы біздің өлкені орыс державасына бағындыруды аяқтай отырып, бұратана элементтерді орыс азаматтарына және православиелік христиандарға айналдыруға көп үлес қосқанымен, сандық жағынан болса да, бұл істе әлі түпкілікті нәтижелерге жеткен жоқ» [169,24-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Орынбор губерниясының барлық тұрғындары діни сенімдері бойынша православтар, діндестер, раскольниктер, католиктер, лютерандар, иудейлер, караимдар болып бөлінді [170,1-2-пп.]. Орынбор губерниясында православие дініндегілер сан жағынан көпшілік болды. Олар сол өлкедегі тұрғындардың 73,5 пайызын құраса, одан кейінгі тұрған мұсылмандар тобы 22,8 пайыз еді. Ал, басқа дінге сыйынатын топ аздаған қазақтардан, башқұрттар, татарлар және тағы басқа ұлт өкілдерінен құралды [170,3-5-пп.]. Ислам кең көлемде және тереңдеп тараған ірі діни орталықтар - Хиуа мен Бұхараның ықпалында болған Оңтүстік Қазақстан өлкелерін есепке алмағанда, жалпы қазақ халқының ортодоксалды мұсылман болмағандығы бәрімізге белгілі. Қазақтардың діни сенімге бейғамдығын білген патша үкіметі оларды шоқындыру үшін әр кезеңде әр түрлі бағытты ұстанып, түрліше әдіс-тәсілдерді қолданды.

Сөйтіп қазақ даласына миссионерлер бірінен соң бірі ағылып келе бастады. Бұлардың бәрі христиан миссионерлері болғандықтан «жәдігөй ағартушылар» қызметін атқарды. Олар қазақтарды христиан дініне зорлық-зомбылық көрсету арқылы мәжбүрлемек болды. Бірақ бұл әрекет қазақтардың қарсылығын туғызды. Қазақтарды христиан дініне зорлықпен шоқындыру патшаға абырой әкелмейтінін байқаған және оның күрделі мәселеге айналып кеткенін көрген соң, Сенат 1744 жылы 23 шілдеде «Бұратана халықтарды күшпен шоқындыру» туралы жарлық шығаруға мәжбүр болды [14,19-б.]. Патша өкіметі енді қазақтарды дінмен дуалап бағындырудың жаңа тәсілін ойлап табады. Ол қазақ халқының жанына жақын, өздері сыйынатын және шаманизмнің белгілерімен үйлесіп, өзара сіңісіп кеткен мұсылман дінін халықтың «өз еркін жүгендеудің» бірден-бір ыңғайлы жолы деп біледі [119,2-б.]. Халық арасына діндарлықты сіңіру және дін арқылы есеңгіретіп, басын айналдырып алу қазақ халқын бағындырып, өз уысында ұстаудың тиімді құралы деп білді. Бұл отаршылардың

халықты қанауы үшін қолайлы жағдай тудыра алатын еді. Осы себептен патша өкіметі қазақтардың арасына мұсылман дінін тереңірек уағыздауды жан-тәнімен қолдап, оны таратуға ыңғайлы жағдай жасап отырды.

Бірақ патша өкіметі қазақ халқын күштеп шоқындырудың сәтсіз аяқталғанын естен шығармай, оларды мұсылмандандыру процесін қалай болса солай, бағытсыз-бағдарсыз, өз бетінше жүргізгісі келмеді. Өйткені, дәл осы кезде ірі-ірі мұсылман орталықтары – Хиуа мен Бұхар қазақтарға ықпалын күшейте түскен еді.

XIX ғасырдағы бұратана халықтарды отарлаудағы ең сенімді, өте нәтижелі әдіс - орыс шаруаларын қазақтармен араластыра қоныстандыру болып есептелді. Бұл әдіс шоқындыру, орыстандыру үшін де пайдалы еді. Өздерін мұсылманбыз деп санағанмен діни, азаматтық және ар-ұждан мәселелерінде шарифат заңдарын басшылыққа алмай, ата-баба салт-дәстүрлеріне сүйенген қазақ халқының ерекшеліктерін зерттеп білген орыс шенеуніктері, миссионерлері мен ғалымдары оны өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысты. Себебі, ол кезде патшалық Ресейге бағынышты түркі тілді халықтардың арасында сан жағынан басымы да, жер көлемі жағынан үлкені де қазақтар еді. Мұнымен отаршылар санаспай тұра алмады. Олар кең байтақ өлкені экономикалық және идеологиялық жағынан толық жаулап алудың зор саяси мәні барлығын түсінді. Сондықтан миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, олармен араластырмауды мақсат етіп қойған. Өйткені, қазақ арасындағы мектеп пен медреселерде сабақ берген татарлардың дін тарату, кеңсе жұмыстарын атқару, тілмаштық қызмет ету істерінде шешуші ықпалы болды.

Сонымен, осы кезеңде жергілікті халықты орыстандыру отарлық саясаттың шын мәніндегі өзегі іспеттес болды. Осыған орай, қазақтардың этникалық тарихын, мәдениетін, тілін зерттеуге ерекше көңіл бөлінді. Орыс шенеунігі Н. Торнаудың: «Шығыста көп жылдар бойы болуым, әсіресе, Каспий облысының басқармасында қатарынан бес жыл еңбек етуім менің жергілікті халықтың әдет-ғұрпын, тілін үйреніп, зерттеуіме көп мүмкіндік берді. Ислам дінін тек қана олардың Ресей заңдарына бағынуына байланысты оқып-үйренуге тұрарлық іс деп ойлаймын. Мемлекеттік басқару орындары мен жеке жауапты адамдар осы ұлттық ерекшелікке баса назар аударулары тиіс» [119,5-б.], - деуі де сондықтан болса керек.

Орыстандыру жолындағы патша үкіметінің айла-әрекеттерінің бірі – мұсылман халықтарын ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб әліпбиі негізіндегі жазуын қолданудан шығару болатын. Араб жазуын орыс қол астындағы мұсылман халықтарының қолдануынан ығыстырып, оның орнына кириллицаны енгізу мәселесінде Н.И. Ильминский, Н.П.Остроумов секілді миссионер ғалымдар аса белсенділік танытты. Н.И. Ильминский әліппидің қай уақытта болса да дінмен бірге қабылданғанын империя шенеуніктеріне түсіндірумен болды. Мәселен, Батыс Еуропа латын әліпбиін латын шіркеуі, орыстар грек әліпбиін православие шіркеуі арқылы қабылдаған болса, қазақтар да араб жазуын өзге мұсылман халықтары тәрізді ислам дінінің таралуына



байланысты алған болатын. Сондықтан да, Н.И. Ильминскийдің ойынша, мұсылман халықтарының тұрмысына орыс жазуын енгізу арқылы оларды ислам дінінен айыруға және біртіндеп православие дініне көшіруге болады [146,45-б.].

Орыстандырудың бірден-бір тиімді жолы – жергілікті халықты орыс тіліне мұқтаж ету саясаты болатын. Мұқтаждық жергілікті халықты бірте-бірте орыс оқуын игеруге мәжбүрлейтін еді. Қазақтардың өнер-білімге бейімділігін түсінген орыс шенеуніктері жергілікті халықтың білім деңгейін орыстардан төмен дәрежеде ұстауға ұмтылды. Мақсатқа жету үшін үкімет мұсылман мектептерін мүмкіндігінше жауып, орнына орыс-қазақ мектептерін ашуға тырысты. Мұсылман дінбасыларының құқығы мен артықшылықтарына шек қойылды.

Үкімет қазақ балаларын орысша оқуға тарту үшін әкімшілік қызметке орыс-қазақ мектептерін бітіргендерді қабылдау туралы үкім шығарып, оқу әдістемесін жеңілдету сияқты шаралар қолданды. Бұдан былай қазақ даласында мұсылман мектептерінің ашылуына шек қойыла бастады. Бірақ үкіметтің тиым салған саясатына қарамастан қазақтардан мұсылман мектептері мен мешіттерін ашу туралы өтініштер толассыз түсіп жатты. Патша үкіметінің «Заң ережелерінде» мешіт салу мәселелері арнайы көрсетіледі. Мәселен, 99 бап бойынша мешіт генерал-губернаторлардың рұқсатымен ғана салынды. Мешіт салуға рұқсат беру үшін келушілердің саны 200-ден кем еместігі, мешіт қызметкерлерін қаражатпен қамтамасыз етудің мүмкіндігі, мешіт салатын арнайы жер үлесінің болуы, жергілікті тұрғындардың келісімі туралы құжаттар талап етілді [171,16-п.]. Орыс мектептерінің көптеп ашылуы барлық жерде бірдей қолдау таппады. Үкіметтің бұл әрекеті кейде мұсылмандыққа қол сұғу деп бағаланды. Халық ағарту министрі И. Толстой атап көрсеткендей: мектептер «мемлекеттегі орыс еместердің бәрін орыстандыру» міндетін атқаруы тиіс болды. Патша үкіметі қазақ халқын өркениетке, мәдени дамуға қабілеті жоқ төменгі нәсіл өкілі деп санады. Орыс шенеуніктерінің бірі жасаған мәлімдемеде қазақтар «өте нашар дамыған және орыстың қоғамдық өміріне бейімделмеген, діни наным мен тегі жағынан орыс халқына жат нәсілдің өкілі болғандықтан, өзінен күшті нәсілдердің қанауына көнуі тиіс» [172,3-п.], - деп жазылған еді. Отаршылар қазақтарға тек жағымсыз әдеттер мен қылықтарды ғана теліп, ақыл-ойы артта қалған жабайылар деп есептеді. Бұл жөнінде саяхатшы Н.М. Прежевальский: «Номадтардың қандай да болмасын дайын үлгі бойынша өркениетті өмірге өтуі мүмкін екедігіне күдіктеніп қана қоймай, бұл тайпалардың ондай өзгеріске толық жарамсыз екенін нақты пайымдауға да болады. Қойдың тазы иттері сияқты кәсіпке үйретілмейтіні тәрізді топас, жалқау, енжар көшпелі де өзінің табиғи жаратылысына сай, жігерлі, өркениетті адамға айнала алмайды» [173,478-б.], - деп өзінің шовинистік пиғылын білдірген болатын. Отаршылдықты жақтаушылар қазақтардың ұлттық ерекшеліктерін, тілі мен дінін кемсітіп, рухани жанши отырып, мәдениетін кенже қалдыру арқылы орыстандыруды дәріптеді. Патша үкіметі қазақтар үшін мектептер ашқанда оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес,

керісінше, өздерінің отарлық саясатын жүзеге асыруға керекті төменгі дәрежелі қызметкерлерді, яғни отарлық саясаттың қолшоқпарларын даярлау мақсатымен ашып отырды.

Ресей мемлекетінің қазақтарға қатысты саясатының мәнін кеңесші Д.В. Волков өзінің «Орынбор өлкесі жөніндегі жазбаларында»: «Біз қырғыздардың Ресейді сүюіне және біртіндеп орыстандыруына қол жекізуіміз керек» [67,305-б.], - деп айқын көрсетіп берген еді.

Патшалық Ресейдің бұратана халықтарды күшпен орыстандыру және шоқындыру арқылы отарлау саясатының шешуші кілті халық ағарту жүйесінде жатты. Қазақстанды толығымен бағындырғаннан кейін пайда болған империялық ағарту жүйесі отаршыл идеологиялық аппараттың бір бөлігіне айналды және оның басты мақсаты қазақтарды орыстандыру болды. Қазақ даласындағы орыс тілді мектептер желісін кеңейту шаралары түгелімен осы саяси мақсатқа бағындырылды. Генерал-губернатор Н.А. Крыжановский «Уақытша ережені» дайындау комиссиясына жіберген өлкедегі мектептердің жағдайы жөніндегі мәлімдемесінде: «... қырғыздардың оқуға деген ынтасы зор, жергілікті халықтың осы табиғи қабілетін олардың арасында орыс тілін тарату үшін пайдалану керек, ал оған халықтың қажеті мен үкіметтің көздеген мүддесін қанағаттандыратын мөлшерде ұйымдастырылған халық мектептері арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін, әрине, оқу орындарына бөлінетін қаржыны ұлғайтуға тура келеді, бірақ бұратаналарды өркениет рухы мен мүддесіне оқытуға жұмсалатын шығындардан қайтар пайда мол. Ол шығындарға бола бұл істі тоқтатуға болмайды» [174,10-11-пп.], - деп жазды. Аталған комиссия генерал-губернатордың пікіріндегі отаршыл әкімшіліктің астыртын пиғылын: «Өлкедегі оқу мәселесінің саяси маңызы өте жоғары екені сөзсіз. Біздің үкіметіміз ең алдымен осы маңыздылықты түсінгендіктен қырғыздарды оқытуға байланысты шаралар қабылдап отыр» [174,12-п.], - деп айқындап берді.

Н.И. Ильминский Халық ағарту министріне хат жолдап «Уақытша ереженің» 259-бабында көрсетілгендей молдаларды, мешіттер жанынан ашылған мектептер мен медреселерді әкімшілік бақылауына алу және аталған оқу орындарында орыс тілін оқыту мақсатымен мынандай шаралар белгілеп, іске асыру жолдарын атап көрсетеді:

- жаңадан мектептер мен медреселер ашу үшін олардың жанында мұсылмандардың қоғамдақ қорының есебінен қаржыландырылатын орыс тілінің мұғалімдерінің жұмыс істеуі;

- мектептердегі орыс кластарына бақылау жасау бастауыш училищелер инспекторына жүктелуі.

Орынбор әкімшілігінің тапсыруымен Орынбор мүфтиі аталған ережелердің талаптарының орындалуы барысында «орыс тілінің таралуына молдалар тарапынан қарсы әрекеттер тууынан» қауіптеніп, жоспарланған шаралардың толығымен жүзеге асуына жағдай жасауды міндеттейтін арнау сөз жіберді [174,13-14-пп.].

Патша билігі тұсында Қазақстанда ана тілінде оқытатын бірде-бір орта немесе жоғары оқу орны болған жоқ. 1878 жылы Орынбор қаласында ашылған мұғалімдер институтына «бұратаналар» қабылданбайтын. Орынбор оқу округінің попечителі П. Лавровский 1878 жылы 4 қарашада институт директорына: «Халық ағарту министрі мұғалімдер институттарының тәрбиеленушілері қатарына мұсылмандарды, еврейлерді және пұтқа табынушыларды қабылдауды қажет деп таппайды» [175,106-п.], - деп хабарлаған.

Патша үкіметі «ислам орыс билігіне және кез-келген басқа да христиан үкіметіне көмектесе алмайды, ал сатқын татар дінбасыларына мүлдем сенуге болмайды» [176,11-п.], - деген мәлімдемесін естен шығарып, тағы да ислам дінінің көмегі арқылы мұсылман халықтарын өзінің қол астына бағындырғысы келді. Шынында да татар дінбасылары қазақтарды бағындыру ісінде патша үкіметіне сенімді тірек бола алмады. Татар молдаларының көпшілігі қызмет бабын пайдаланып, қара бастарының қамын ойластырды. Бұл құбылыс мұсылман дінінің беделінің түсуіне әкелді. Қазақтар татар молдаларының даладағы арамза ниеттегі сауда-саттық істеріне көздері жеткеннен кейін олардың діни уағыздарына да сенімсіздікпен қарады.

Діншілдердің алдында беделін жоғалтқан татар дінбасылары өз қателерін түсініп, мұсылман халықтарына ықпалын қайта күшейтуді ойластыра бастады. Ал, патша үкіметі өзі жоспарлаған «бұратана халықтарды орыстандыру» саясатына қызу кіріскенде, татар дінбасылары бұл саясатты белсенді түрде қолдай бастады. Олар өздерінің «кішкентай кезінен орыстардың бәріне сенімсіздікпен қарап, енжарлық (ырықсыз) немесе белсенді қарсылыққа тәрбиеленген қараңғы, сауатсыз бұратана халықтарды арандату ісіне ылғи да қатысып жүргендігін ұмытып та кетті» [177,97-б.].

Патша үкіметі мұсылман дінбасыларын өз жағына тарту мақсатымен татар молдаларына бірнеше жеңілдіктер жасайды. Мемлекеттік қызметкер деп есептелгендіктен, молдаларға діни іс-шаралар атқару үшін көлік-жол шығынына қазынадан мол ақша бөлініп отырды. Орынбор мұфтилігінің 1900 жылғы 22 мамырдағы мәлімдемесінде: «молдалардың қатынасуы міндетті болған кезде қылмыстық сот өндірісі жарғысының 979 және 98 баптарына сүйеніп, оларды ақшамен және тәуліктік қаражатпен қамтамасыз ету керек» [170,6-п.], - деп жазылған.

Мұсылман дінбасыларына берілген тағы бір жеңілдік - молдалардың пошта корреспонденцияларын ақысыз пайдалануы болды. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің 1893 жылы 14 шілдеде жіберген № 2512-ші мәлімдемесінде полиция басқармасы мен болыстық басқармаға молдалардың пошта арқылы лауазымды тұлғалар мен өкімет мекемелеріне жолдаған хат-хабарларының немесе оларға келген корреспонденциялардың ақысыз, дәл уақытында жеткізіп тұруын қамтамасыз ету керектігі туралы тапсырма-нұсқаулар берілген [14,19-б.]. Патша үкіметі мешіт салу жұмысына да жіті көңіл бөлді. Бұған мешіт құрылысын жүргізу мемлекеттік құрылыс жарғысының «Мұхаммед мешіттерін салу туралы» деген тарауына сәйкес арнаулы мемлекеттік

мекемелердің жобасы бойынша және олардың бақылауымен жүзеге асырылғандығы дәлел бола алады. Орынбор губерниясындағы мешіттер тастан және ағаштан салынды.

Кесте 1 - Орынбор губерниясындағы тастан және ағаштан жасалынған мешіттер

Қалалар мен уездер	1895 ж.		1901 ж.	
	Тастан	ағаштан	Тастан	ағаштан
Орынбор қаласы	5	2	7	-
Орынборлық	6	140	9	152
Ор уезі	2	154	5	153
Ор қаласы	-	4	1	3
Жоғарғы Орал қаласы	-	2	-	2
Жоғарғы Орал уезі	-	95	1	103
Троицкі қаласы	-	6	6	-
Троицкі уезі	-	23	-	34
Челябинскі қаласы	-	1	1	-
Челябинскі уезі	-	83	-	81
Елек қорғаны	-	1	-	2
Барлығы	13	511	30	530

Дерек мәліметтеріне қарағанда, 6 жыл ішінде Орынбор губерниясында тастан салынған мешіттер саны 13-тен 30-ға дейін өскен, егер 1895 жылы тас мешіттер тек Орынбор және Орск уездерінде ғана болса, алты жыл ішінде Орынбор губерниясының көптеген уездерінде де тас мешіттер салынып, пайдалануға берілген [178,25-п.].

Орынбор губерниясындағы қазақ тұрғындарының көпшілігі осы мешіттерге келіп, Құдайға құлшылық еткен. «1868-1870 жылдары Орынбор губерниясы тұрғындарына жүргізілген халық санағының статистикалық есебіндегі» мәліметтерге қарасақ, 2851 қазақтың (әйелдері мен еркектерін бірге есептегенде) мұсылмандары 2823-ге жетіп, губерниясындағы барлық қазақ тұрғындарының 99 пайызын құраған. ХІХ ғасырдың аяғына таман 4971 еркек пен 1704 әйел мұсылман дініне сыйынған. Орынбор губерниясындағы қазақ тұрғындарының қалалар мен уездер бойынша бөлінуі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - Орынбор губерниясындағы қазақ тұрғындарының қалалар мен уездер бойынша бөлінуі

Уездер мен қалалар	Еркектер	Әйелдер:	Барлығы
Уездерде (қалаларсыз)	2384	1473	3857
Қалаларда	803	231	1034
Орынбор уезінде	342	123	465
Орынбор қаласында	322	63	385
Елек қорғанында	45	15	60
Жоғарғы Орал уезінде	197	133	330
Жоғарғы Орал қаласында	32	-	32
Ор уезінде	227	45	272

## 2- кестенің жалғасы

Ор қаласында	121	18	139
Троицкі уезінде	1013	799	1812
Троицкі қаласында	275	135	410
Челябинскі уезінде	605	373	978
Челябинскі қаласында	8	-	8

Орынбор губерниясында тұратын қалған қазақтар православиеге құлшылық еткен.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл процесс, бір жағынан, патша үкіметінің көздеген мақсаты - ислам дініне бойсындыру арқылы көшпелі қазақтарды орыс империясының еркіне бағындыру болғанымен, екінші жағынан, қазақтарды православиеден алшақтатуға алып келді. Осылайша, қазақтардың бір бөлігінің православиеге бет бұруы патша үкіметінің қазақ жұртшылығын орыстандыру саясатының құрамдас бір бөлігі болатын. Қазақтардың бір бөлігінің православиені қабылдай бастауы «православие дінін бұратана халықтардан» таза сақтау керектігі туралы бұрынғы шектеулердің бірқатарын алып тастауға мәжбүр етті [179,25-п.].

Епархиалды басшылардың ықтиярымен шіркеу қызметшілеріне қазақтарды шоқындыруға рұқсат берілді. Бірақ қазақтарды шоқындыру процесін «алдын-ала түсіндіру арқылы емес, бірден жүзеге асыру тапсырылды» [180,5-п.]. Өйткені, шоқынуды ниет еткен қазақтардың кейбіреулері шіркеуге барып дін қызметкерлерімен, православиені қағидаларымен танысып көреді, бірақ шамалы уақыт өткен соң, мұсылман «туыстарының үгіттеуінің кесірінен екі ойлы болып, бұрынғы жақсы ниетінен адасып қалатын» жағдайлар жиілей бастаған еді. Сонымен қатар XIX ғасырдың бірінші жартысында мұсылмандардың христиандармен некелесуіне тиым салу тенденциясы сақталса, ал ғасырдың екінші жартысында бұл тенденция өз күшін жойып, түрліше дінді тұтынатын адамдардың некелесуіне мүмкіндік туа бастайды. Православие дініндегілермен некелесуге мүмкіндіктің тууы қазақтарды христиан дінін қабылдай бастауға түрткі болды. Орынбор өлкесіндегі кейбір қазақтардың христиан дінін қабылдай бастауына тұрмыс жағдайларының нашарлауы да қатты әсер ете бастады. Әсіресе, ашаршылық жылдары кедейленіп қалған қазақтардың біразы православиені қабылдайды. Осы жәйт туралы орыс зерттеушісі Беротев былай деп жазды: «Ашаршылық жылдары қырғыздардың материалдық жағдайын жақсарту мақсатымен амалсыздан православ дініндегілермен некелесіп, отырықшылыққа өте бастауға мәжбүр болуын оларды шоқындыруды мақсат етіп жүрген орыс миссионерлері табыспен пайдалана білді» [14,25-б.]. Қазақтар «астық мол шыққан жылдары Мұхамемед іліміне қайта оралып, селолардан өз даласына қайтадан қашып кететін» [14,26-б.]. Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында православиені миссионерлерінің қазақтарды шоқындыру мақсатында жүргізген іс-әрекеті біршама табыстарға жеткені де рас.

Орынбор губерниясының қазақтары православтардың қатарын біртіндеп толықтыра түсті. Егер, 1868-1870 жылдары Орынбор губерниясы тұрғындарына жүргізілген санақтың мәліметтеріне қарайтын болсақ, шоқынған қазақтардың небары 28 адам, немесе Орынбор губерниясында тұратын қазақтардың 0,9 пайызын әзер құрағандығын көреміз. 1872 жылы православие дініне қазақтардан 4 ер адам және 2 әйел, ал 1875-1876 жылдары тағы да 4 ер адам, 1 әйел кірген. 1868-1870 жылдардағы статистикалық есептерге қарағанда, шоқынған қазақтар мал шаруашылығын тастап, жер өндеумен айналыса бастағанын көруге болады [88,90-п.].

1897 жылы Ресей империясында жүргізілген тұңғыш жалпыхалықтық санақ қарсаңында шоқынған қазақтардың саны 80-ге жеткен, олардың 33-і ер адам және 47-сі әйелдер болған. Бұлар Орынбор губерниясындағы қазақ тұрғындарының жалпы санының 1,6 пайызын құраған. Шоқынған қазақтардың көпшілігі Орынбор (23 адам) мен Челябинск (41 адам) уездерінде тұрған [88,91-92-пп.].

1897 жылғы санақ материалдарынан крестьяндар ортасына сіңген шоқынған қазақтар мен мұсылман қазақтардың санын салыстырар болсақ, онда бір-бірімен шамалас, біркелкі сан мөлшерін көруге болады. Крестьяндар ортасына сіңген қазақтарға келетін болсақ, олардың негізінен патша үкіметі қазақ жеріне Ресейдің отарлық аудандарынан мұжықтарды жаппай көшіре бастаған кезеңде пайда болғанын байқауға болады. Орынбор губерниясының қазақтары өздерін крестьяндар қатарына қосып, осы амалмен жерден айырылмау шараларын жасап бағады. Мұндай тәжірибе, әсіресе, Торғай облысы қазақтарында мол еді. Ресейде капитализмнің жедел қарқынмен дамуы барысында патша үкіметінің Орынбор губерниясы қазақтарына қатысты діни саясатының өзгерістерге ұшырауы осылай өрбіген болатын. Мұсылман дінбасыларының тұрақсыздығына көзі жеткен патша үкіметі Орынбор губерниясын мекендеген қазақтардың назарын өзіне аудару үшін әр түрлі жәрдем шаралары мен айла-тәсілдерді қолданды. Екіншіден, православ шіркеулеріне христиан діни догмаларын қазақ ортасына таратуға рұқсат береді. Бұл саясаттың нәтижесінде Орынбор губерниясы қазақтарының діни құрамы өзгеріске түсіп, православиеге кірген қазақтардың саны көбейіп, мұсылмандардың саны азайа бастаған. Қазақтардың бір бөлігінің біртіндеп православиеге ауысуының тағы бір себебі - экономикалық мүдде болды.

Императорлық Дербес экономикалық қоғам тұсында Петерборлық білім комитеті 1896 жылы тиісті мекемелерден мәліметтер жинайды. Осы мәлімет бойынша, «қырғыз халқы тұратын 7 облыстың ішінен Торғай облысында халық ағарту ісі қанағаттанарлықтай дәрежеде жүргізілуде, ал қалған жерлерде нашар дамуда» [181,47-б.], - деген шешім қабылданады. Торғай облысында білім ошақтары Жетісу облысына қарағанда екі есе, Бөкей ордасына қарағанда үш есе, Ақмола облысына қарағанда екі есе, Сырдария облысына қарағанда төрт есе, Самарқанд облысына қарағанда бес есе, Ферғана облысына қарағанда алты есе көп болды [182,5-п.].

Торғай облысы инспекторының 1894 жылы облыстық әскери губернаторға жолдаған есебінде аталған облыста Халық ағарту министрлігіне қарайтын екі жылдық 5 орыс-қазақ медресесі, бір кластық 11 және 708 ер бала, 127 қыз бала оқитын 22 ауыл мектебі болған, сондай-ақ, 8 орыс мектебі, бір кластық 5 және 3 ауыл мектебінің курстары жұмыс істеген [183,1-5-пп.]. Облыс инспекторы Торғай облысының білім деңгейін басқа облыстармен салыстыра келе жалпы халықтық орыс-қазақ мектептерін ашуға қарсы еместігін атап өтеді. Зерттеу барысында бір ғана қарсылыққа кездескенін атап көрсете келе ол былай деп жазады: «Беделді қазақ Байзай Түркебаев деген кісінің уағыздауымен Николаевский уезінің Аманқарағай болысында жалпы саны 1000-нан аса тұрғыны бар 180 қыстауда мектеп ашуға ешкім мекеме бермей отыр. 1894 жылы 10 желтоқсанда бұл кісі маған келіп үкімет мектебіне ешкім баласын бермейтіндігін ашық айтты. Менің ойымша, бұның себебі - Байзай Түркебаевтың үйіндегі заңсыз ашылған медресе. Бұл медреседе жиналған 20-30 балаға Мендіқара болысынан келген қазақ молдасы дәріс береді. Жергілікті халық жаңа медресе салуға дайындалуда. Бұл үшін елден жиналған қаражатқа орман ағаштары мен шатыр жабатын темір дайындалып қойылған» [183,6-7-пп.].

Торғай облысында 95 мұғалім, олардың 47-і христиан, 48-і мұсылман, 14-і мұсылман дінінің мұғалімдері болды. Олардың 55-і арнайы оқу орнын, 9-ы орта оқу орындарын, 38-і бастауыш мектептерін бітірген болса, ал 3-і ешқандай оқу бітірмегендер, яғни не мұғалім, не молда аталуға құқы жоқтар. Барлық типтегі оқу орындарындағы мұғалімдердің 705-і (51,2%) православие, 661-і (48%) мұсылман дініндегілер болған [183,5-б.]. 1895 жылға дейін Ақтөбе уезінің Теректі және Ақтөбе болыстарында орыс мектептері ашылды.

Ырғыз уезінде бірде-бір мұсылман мектебі болмады. Бұл уездің балалары Орынбор уезіндегі Қарғалыға, Орынбор, Троицк, Орск қалаларына, Никольск, Шебенкі станцияларына, тіпті Бұхараға барып білім алды. Буртинск болысында 40 шәкіртті 3 молда, Тұзтөбеде 20 шәкіртті 2 молда, Хобдыда 15 шәкіртті 1 молда, Ақтөбеде 30 шәкіртті 1 молда, Қаратоғайда 15 шәкіртті 1 молда оқытқан [184,41-б.].

1786 жылы азаматтық мектеп ретінде Омбы қаласында Азия мектебі, 1789 жылы Орынбор қаласындағы Айырбас Сарайы жанынан үкімет мектебі ашылады. Онда балалар тілмаштық, хатшылық мамандықтарға үйренді.

Оқу-ағарту ісін миссионерлік мүддеге пайдалануға жан сала кірісе отырып, патша үкіметі араб әліппіі негізінде қалыптасқан қазақ жазуын орыс алфавитіне ауыстыру мәселесін қояды. Осы мәселе бойынша 1876 жылы Орынборға арнайы келген Халық ағарту министрі граф Толстой қазақтар үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқаулар береді. Осы жылы император қазақтардың ғасырлар бойы қолданып келген арабша жазуын кириллицаға ауыстыру туралы жарлыққа қол қояды. Бұл туралы Ы. Алтынсарин өзінің «Қазақтардың облыстық мектептері туралы жазба» атты еңбегінде: «1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде ең алдымен талқыға салынған мәселе - қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы

мәселе еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы Крыжановский, Орынбор оқу округінің попечителі Лавровский, Қазан оқытушылар семинариясының директоры Н.И. Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатысты. Бұлардың бәрі де орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген еді» [6,89-б.], - деп жазды. Жергілікті халықты әкімшілік жағынан басқаруды бір жүйеге келтіргеннен кейін оқу-ағарту мәселесі де біршама ыңғайлана бастайды. Енді біртіндеп шоқындыру ісіне кең жол ашылады. XIX ғасырдың басынан қолға алына бастаған бұл шара елдің ауыр тұрмысымен ұштастырылды. Аштықтан аман қалу үшін кейбір қазақтар өз балаларын хиуалықтарға, орыс шонжарларына сатуға мәжбүр болған.

1805 жылы 25 тамызда Орынбор бекетінің директоры П.Е. Величко сауда министрі Н.П. Румянцевқа қазақтар өз балалары асырай алмай, хиуалықтарға 100 сомнан сатып жатқанын хабарлаған [186,8-п.]. Ашаршылықтан күйзелген қазақ отбасыларын Орынбор генерал-губернаторы Г.С. Волконский орыс мұжықтарымен араластырып шекараға таяу орналастырады да, балаларын шоқындырып, орысқа айналдырады [187,45-п.].

XIX ғасырдың соңында қазақ даласындағы ықпалы күшейе бастаған молдалардың идеологиялық қызметі ерекше мәнге ие болды.

Қазақтар қандай да бір мұсылманша сауаты бар адамдың барлығын молда деп атай берген. «Молда» сөзінің мағынасы білімді, оқымысты, мұсылман дәстүрінің білгірі, дін қызметкері, дін мектебінің мұғалімі дегенді де білдірген. Кейде молдаларды «абыз» деп те атаған. Мұндағы «абыз» сөзі, Л. Будаговтың мәліметіне қарағанда, Қазан татарлары тілінде «оқымысты», «білгір», «сауатты адам» дегенді білдірген болса, ал «абыстай» сөзі «апай, дін басы болған адамның әйелі, мұғалім әйел» деген мағына білдірген [188,39-б.]. 1892 жылы Түркістан қаласында молдалар мен діни қызметкерлердің саны – 1628, соның ішінде әйелдер – 67, ерлер – 65, ер балалар – 752, қыз балалар – 744, Түркістан уезінде – 3123, оның ішінде әйелдер – 729, ерлер - 735, ер балалар – 841, қыз балалар – 854, Түркістан қаласындағы қожалар саны – 876, оның ішінде әйелдер – 341, ерлер – 305, ер балалар – 121, қыз балалар – 126, оның ішінде әйелдер – 37, ерлер – 36, ер балалар - 36, қыз балалар – 23 болды [189,13-14-пп.].

Алғашқы кезде молда қызметін татарлар мен сарттар атқарған болса, ал кейінірек қазақтардың өз ішінен де молдалар шыға бастайды. Болашағын ойлаған ауқаттылар қазақтар өз балаларын молдалық оқуға береді. Сұлтандар мен билердің балалары мұсылманша білім алу үшін Орынборға, Бұхараға, Қазанға аттанып жатты.

Қазақ балалары негізінен 7 жастан бастап дәріс ала бастайтын [190,141-б.]. Оларды отбасымен бірге қазақ ауылдарымен араласып көшіп-қонып жүретін молдалар оқытатын. Медресеге баруға мүмкіндігі жоқ, өздері сияқты шала молдалардан дәріс алған «молдалардың» білім деңгейі таяз болды. Олар көбінесе мұсылманша жазып, оқумен ғана шектелді.



Дәріс таң намазынан басталып, кеш батқанша жалғасатын. Молдамен бірге шәкірттер мешітте бес мезгіл намаз оқитын, ораза уақытында ауыз бекітетін. Көбінесе қыз балалар мен ер балалар және әр түрлі жастағы балалар бірге дәріс алатын. Ата-аналарының балаларын «сүйегі менікі, еті сенікі» деп тапсырып кетуі молдалардың балаларға қатаң қарауына жол беретін. Жасына, жынысына қарамай балалардың барлығына бірдей талап қойылып, жауапкершілік жүктелген. С. Бабажанов молдалардың балаларға көрсететін жәбір-зорлықтары мен қатыгездіктерін: қан шыққанша құлақтан, тілінен тарту, көзінен жас шыққанша басын бұлғақтату сияқты әдеттерін қатты сынаған еді. С. Бабажанов қазақтар арасында «молданың шыбығы мен таяғы тиген жер тозаққа түссең де күймейді-міс» деген оспадарсыз сөздің кең тарағанын мінейді [41,66-п.].

Ресей империясы Қазақстандағы билігін нығайту үшін бастапқы кезде татар молдаларын пайдалануға тырысты. Қазақтармен мәдениетінің, дінінің, тілінің ұқсастығы татар молдаларының қазақ арасына енуін жеңілдетті. Татар молдалары орыс өкіметі мен қазақ халқы арасындағы елші іспеттес болды. Татар молдалары әкім, тілмәш, хатшы қызметтерін атқарды. Екі ортадағы жақсы байланысшы болу үшін молдалар өкімет орындарының мақсаттары мен мүдделерін жақсы түсінулері керек еді.

Бұхарада мұсылмандардан алынатын салық мөлшерінің басқалардан төмен болуына байланысты орыс миссионерлері мен татар көпестері саудаға араласты [190,142-б.]. Сауда-саттық мүддесі үшін олар ислам дінін кеңінен насихаттады. Отырықшы халықтарға еліктеп «мұсылманбыз» деп қысқа қайырумен шектелетін қазақтар енді топ-тобымен тазару жолына түсе бастады, молдалардың әрбір сөзіне зейін қойып, діни ғұрыптарды үйренуге бет бұрды [119,5-6-бб.].

Қазақтар арасында молдалардың қадірі күнен күнге өсті. Халық арасында татар молдаларының алып келетін діни кітаптары, түсті болжайтын кітаптар, дұғалар, Құранның арабша түсіндірмелері тез тарай бастады [114,124-125-бб.]. «Молдаларға барлық жерде қонақ етіп сый-сияпат көрсетіп, айтқандарына сене бастады, қазақтар арабша жазу-сызу білетін молдаларға қарап қоғамда оқымыстылық пен сауаттылықтың адамға құрмет әперетінін түсініп, әкім-қараның молда біткенді «ырыс иесі» санап, жақсы ас-дәмдерімен тойғызатындықтарын байқап, оқудың пайдалы жақтарын ұқты. Оқымыстылықтың пайдасы мен қуатының түсінікті болғандыны сондай, олар өздері үшін молда шақырып, үйде бала оқытатын мұғалім етіп ұстады» [41,17-б.].

Алайда, ислам ықпалының күшейе түсуі патша үкіметінің қаупін туғызбай қойған жоқ. Орыс пен қазақ халықтарының жақындасуына септігі болады деп үміт артқан татар молдалары сенімді ақтамады. Керісінше, қазақ халқының татарланып кету қаупі туа бастады. «Дала уалаяты» газетінің № 42 нөмірінде жарияланған патшаның Орынбор округында 1891 жылдан бастап орысша оқып, жаза алмайтын молдалардың орындарынан босатылатындығы туралы жарлығы үлкен дүрбелең тудырды. Кейінірек мұндай талаптар қазақ молдалары мен сайлауға түсетін халық басшыларына да қойылды [75,79-б.]. Молдалардың

сауат ашу саласында атқарған қызметі қазақ жастарының оқу-білімге ұмтылуына негіз қалады. Татарша хат тану қазақ жастарының ой-өрісін кеңейтті, сауаттылығын арттырды, ғылымға бой ұруына игі ықпалын тигізді. Қазақ жастары ислам дінінің адамгершілікке, тазалыққа баулитын қағидаларымен танысты. Молдадан дәріс алған жастар әрі қарай білімін өз беттерінше жалғастырды. Кейінірек олардың ішінен халқының қамын ойлайтын азамат қазақ зиялылары өсіп-жетілді.

Мемлекет тарапынан арнайы қаулылармен бекітіліп, арнайы жарлықпен тағайындалып, мешіттің қарамағына жіберілген молдалармен қатар қазақ ауылына бірте-бірте «дүмше молдалар» да ағылып келе бастады. Бұлардың қатарын қазақ арасында молдалық қызметтің пайдасын түсіне бастаған татар саудагерлері мен әскерге барудан қашып, жасырынып жүріп өтірік молда атанған ноғайлар көбейтті. Олардың қатарына жергілікті қала молдалары, қырғыз бен сарт молдалары да қосылды [191,90-б.]. Татар молдалары бірте-бірте қарапайым халықтың сеніміне кіріп алып, о дүниедегі тозақ отымен қорқытып, күнәларынан арылуға көмектесеміз деп сендіріп, жалған куәліктер, тұмарлар жазып беріп, байлардың қыздарына үйленіп, кедейлердің малын алдына салып айдап әкетіп отырды [192,74-б.]. Намаз оқи аларлық қана сауаты бар дүмше молдалардың қазақ қоғамындағы зиянкестігін Құрбанғали Хамидтың 1910 жылы жазған мақаласы толық дәлелдей алады: «Қазақ билері бұл күнде шарифат жолын тұтпай, өздерінің бұрынғы білгендерінен де айырылып жүргендерінің себебі, бұлардың далада жүріп білімнен кенже қалғандығы. Екіншіден, Ресейге әскерге барудан тартынып, Қазақстан арқылы Ташкент, Бұхарға дейін қашып жүрген және ауылдардағы жасырын өтірік молда болып жүрген ноғайлардың кесірі. Себебі, олар өз білгенінше аңғалдығынан мынау шарифат деп жұртқа түсіндіргендіктен қараңғы халық бір сөзін теріс демей нана берді» [40,280-б.]. Осыдан «шала молда дін бұзар, надан сопы ел бұзар» [40,280-б.], - деген қағида пайда болған.

Әр жерде әр түрлі, бір-біріне кереғар бұйрықтар шыға берген соң Орынбор мүфтиі 1858 жылы өткен үкіметтің үлкен жиынына қатынасып, ел ішін реттеу үшін указной молда сайлау туралы бұйрық шығартады. Ол молдалардың істерін тексеріп тұру үшін округ ахуны, облыс ахуны және мухтасибтар (есепші) тағайындалды. Бірақ бұл тағайындалған кісілердің көпшілігінің указной молдадан білімдері артық болған жоқ. Сондықтан, указной молда сайлау туралы реформалардың пайдасы шамалы болды. Сонда да болса ноғайдан әр облысқа бір-бірден указной молда тағайындатып алу үшін қазақ ауылдарына ақша жинаушылар шықты.

Молдалар қазақ ауылдарын аралап, күймелермен желдіртіп, қолдарына молда болып тағайындалғандығы туралы бұйрықтарын алып, мойындарына шынжыр баулы сағаттарын салып, той-думанда жүргендей келіп, кетіп жатты. Низам (ереже) бойынша молдалар қазақ ауылдарына тууы, қайтыс болғаны туралы куәлік, неке, талақ сияқты істерді тіркеп отыратын дәптер сияқты арнайы іс-қағаздарын ала келді.

Қазақ арасына келген указной молдалардың іс-әрекеттерінде ешқандай береке болмады, олар тіпті дін негіздерін де жақсы меңгермеген кісілер болып шықты. Кісі қайтыс болған жерлерге указной молда, немесе оның атынан біреу бармаса жаназа оқылмай мәйітті сасытып жіберген оқиғалар да кездесті, ал обал-сауап деп басқа біреулер жаназа оқып қойса, ол адам указной молда тарапынан қуғынға ұшырайтын. Ондай адамды қайда жүрсе де таптыртып алып жазалатып, айып төлетіп әуре ететін болған соң, жаназаға ешкім жоламай, указной молданы іздеп табу үшін кісісі қайтыс болып, қара жамылып отырған жандар қаражатқа шашылып, қатты әбігер болатын. Молда келген соң қаралы үйді молдаға зекет етесің, пидияға мынаны бересің, Құранға мынаны ұсынасың, жаназаға мұны төлейсің деп ойына келгенін істейтін. Көп жағдайда тіпті қашан болса да бір өлім деп хал үстінде жатқан адамдардың пидияларын тірілей алуға айналды.

Қазақтар алғашқы кезде жалпы дүрмекке ілесіп, әуре болып ізденіп өздеріне молда шақыртып алғандарымен де, артынан дүмше молдалардың қылықтарына қатты ызаланғандықтан да оларды ел ішінен қуа бастады. Дүмше молдаларды ақын-жыраулар келеке етіп өлеңге қосып, жастар ашықтан-ашық мазақтайтын еді. Дүмше молдалар жесір дауына да араласып, түрліше сорақылықтар көрсете бастады. Ауылдарда көзі ашық оқығандар болғанымен, оларды келген указной молдалардың мысы басып кетті. Халықтың указной молдаларының үстінен берген шағымдарына ахун, мухтасшбтер құлақ аспады. Сөздерін тындамады. Дүмше молдалардың ісін тексеру тапсырылған ахундар ешқашан да адал шешім шығармайтын еді. Себебі, олардың указной молдалармен жемтігі бір болған еді. Сол үшін ахундар мүфтиге дүмше молдаларды мадақтаған мәлімет түсіріп отырды. Үкімет болса халықтың мүфтиден, молдалардан әбден безер болғанын көріп отырып біз рухани іске араласпаймыз дегендей сыңай танытты. Керісінше дүмше молдалардың ел арасындағы келеңсіз істеріне дем беріп, сырттай бақылап, рахаттанып отырушы еді.

Жергілікті елдің қолдауымен қазақ ортасынан шыққан ауыл молдалары ақша шығындап, арыздана жүріп ақырында мүфтидің қабылдауына қол жеткізеді. Осылайша, он жылға жетер жетпес уақыт билік жүргізген дүмше молдалардың қазақ аулдарындағы биліктеріне тиым салынады. Осындай жағдайлардың кесірінен қарапайым қазақ көшпелілері ғасырлар бойы ұстанып келген ата-баба дәстүрінен де қол үзді, дүмше молдалар насихаттаған шарифатты да игере алмай екі ортада дал болды. Қазақ ортасына сыймаған дүмше молдалар ел арасын дінсіздік жайлады деп уағыздауға көшті, ал қазақ халқы осы берекесіздікті сырттай бақылап отырған мүфтиден де бас тарта бастады. Мүфтидің атынан келген молда бізге керек емес деді. Ал, қарсы жақ қазақтарды діннен безді деп айыптауға көшті. Мүфти дүмше молдалардың шектен шыққан, халықтың намысына тиіп, қорлайтын, көргенсіз істеріне тиым салудың орнына қазақтарды осылайша заңсыз және негізсіз айыптаудан аса алмады [40,282-б.].

Мүфтияттың ағартушылық қызметі ол тағайындаған дүмше молдалардың надандығымен ұштасып жатты. Қазақ халқының арасында молдаларға деген көзқарас қатты өзгереді. Дүмше молдаларды Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ұлы қайраткерлер қатал сынға алды. Молдалардың халық арасында беделінің түсуі ишандар мен сопылардың беделін арттырды. Сауатсыз, надан молдалардан тазару үшін үкімет тарапынан да әрекеттер жасалды. Молдаларды мүмкіндігінше жергілікті тұрғындардың өз ішінен сайлау туралы ұсыныстар жасалды. Бірақ қазақтардың өзінің діни басқармасы болмағандықтан сайланған молдалардың білім деңгейлерін тексеріп отыру мүмкін емес еді. Сондықтан да халықтан «Молдалардың білім деңгейін тексеретін және сайланған молданың діни оқуының өкімет пен халыққа пайдасы мен зиянын анықтау үшін мүфтият молдаларды сыннан өткізіп, сайлап отырса» [193,106-б.], - деген өтініштер түсіп отырды.

1887 жылы 20 қаңтарда мүфтидің өтініші бойынша молдалық қызметке тағайындалатындардан олардың қай діни оқу орнында оқығандығын растайтын куәлік талап ету туралы № 1098-ші циркуляр жарияланып, ал 1889 жылды «Переводчик» газетінде молдалардың орыс тілін міндетті түрде білуі керектігі туралы мақала шықты [194,31-п.].

Мұрағат құжаттарынан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінінің Қазақстанның тек оңтүстігінде ғана емес, солтүстігінде де кең тарала бастағанын байқаймыз. Солтүстік аудандардың, оның ішінде Ақмола облысындағы діни істердің Орынбор мүфтиятына қарауы бұл өңірлерде ислам дінінің тарауына айтарлықтай ықпал етті. Петропавл уезіндегі қазақтар арасында ислам дінін уағыздау жұмысын негізінен Орынбор, Троицк сияқты қалаларда дәріс алып келген молдалар жүргізді. Бұл қалалардағы діни мектептер Петропавл молдаларының тікелей бақылауында болды. Сондықтан да, бұл өңірлердегі діни мектеп дінге берік болып, діни ғұрыптардың қатал орындалуына көп көңіл бөлді.

Петропавл уезіндегі молдалардың беделін түсіру мақсатымен орыс шенеуніктері діни ғұрыптарды атқаруды ауыл старшындарына жүктеуге тырысты. Ауыл мешіттерін үкімет қарамағына өткізіп, молдалардың қызметін бақылау үшін арнайы тыңшылар бекіту керектігін дәлелдеп бақты [195,131-б.].

Орынбор мүфтиі мен мүфтиятының қазақтардың діни дүниетанымына тигізетін әсерінен сескене бастаған Ақмола облысының әскери губернаторы 1900 жылы 15-16 желтоқсанда барлық уезд бастықтарынан қазақтар ортасында мұсылманшылдықтың таралуына ықпал етіп отырған негізгі факторларды анықтауды және оларды шектеу шаралары туралы құпия есеп беруді талап етті. Осыған байланысты Көкшетау уезінің бастығы өз рапортында Орынбор мүфтиятының қазақтар арасындағы ықпалын мүлдем тежеу үшін Көкшетау мен Ерейментаудағы татар мешіттерін мүфтият қарамағынан алып үкіметке беру қажеттігін ұсынады. Сонымен қатар, Константинополь, Орынбор, Троицк, Қазан сияқты мұсылман мәдени орталықтардағы діни оқу орындарын

бітіргендерден болыстық молдалар мен мектеп мұғалімдері сайланбау керектігін де мәлімдейді [195,132-б.].

Омбы уезінің бастығы 1900 жылы 10 ақпанда берген рапортында өзі басқарып отырған уезде діни істердің Орынбор мүфтиятынан тәуелсіз екендігін, бірақ Петропавл қаласындағы мүфтияттың бақылауындағы діни мектептер қызметкерлерінің, қазақ ауылдарын емін-еркін аралап жүретін черкес, сарт, татар мұғалімдерінің, Омбы қаласындағы мешіт пен оның ел арасында ерекше беделді ахуының қазақтар арасында ықпалды болып отырғандығын атап көрсетеді.

Ислам дінінің таралуына ықпал етіп отырған факторларды атай отырып, уезд бастықтары оны шектеу үшін төмендегідей шараларды ұсынды:

- Орынбор мүфтиі мен мүфтиятының билігін мүмкіндігінше шектеу, азаматтық басқарманың беделін көтеру үшін діни қызметкердерді мадақтауды азаматтық басқармаларға жүктеу;

- Үкімет тағайындаған молдаларды орнынан босатып, қалғандарының (қалалық, ауылдық) қызметін қатал қадағалау үшін арнайы тіркелген адамдарды тағайындау;

- Мешіт жанындағы мектептерді үкімет қарамағына алып, қатал бақылау орнату;

- молдалардың рөлін мен беделін төмендету үшін ауыл шаруашылығына куәлік қағазын енгізу, неке қию сияқты діни рәсімдерді атқаруға рұқсат беру;

- бір болыста бір ғана мешіттің болуына рұқсат ету, ал мешіттер одан көп болса, оларды жөндетуге тыйым салу;

- көшпелілерге орыс тілімен бірге орыс мәдениеті туралы түсініктерді алып келетін сенімді мұғалімдердің көмегімен орыс-қазақ мектептерін жаппай ашу;

- қазақ молдаларын әкімшіліктің қарамағында қалдырып, қалған ұлт өкілдерін даладан кетіру және ахунның қызметін қатал қадағалау;

Бұл мұрағат құжаттарынан ислам дінінің солтүстік аймақтардың өзінде бір қалыпты таралғанын байқауға болады. Ақмола облысына қарасты Ақмола, Петропавл уездерінде ислам дінінің таралуы айтарлықтай болса, ал Атбасар сияқты уездерде оның ықпалы төмен болды. Оны Атбасар уезі бастығының 1900 жылы 8 тамызда Ақмола облысының әскери губернаторына жазған рапорты да дәлелдейді. Рапортта Атбасар уезіне келуші татарлардың негізінен тек саудамен ғана айналысатындығы және олардың арасында мұсылман фанатизімін таратуға әсер ететіндей беделділердің жоқтығы туралы баяндалған [195,133-135-бб.]. Омбы, Ақмола, Петропавл уездерінің Орынбор қаласына жақын орналасуы осы аймақтағы қазақ балаларының діни мектептерде оқуын жеңілдетті. Орынбордағы діни басқарманың қазақтың лауазымды адамдарына әсері күшті болды. Олар қазақ халқын орыс саясатына қарсы қоюға тырысты. Жаңадан салынған темір жолдарды пайдаланып уағыздау жұмыстарын жасырын жүргізушілердің саны күнен күнге өсті. Діни адамдардың халық арасында беделі күшті болғандықтан халық оларды патша шенеуніктерінен жасырып отырды.

Жетісу өңіріндегі мұсылман оқу жүйесінің мүшкіл халіне ХІХ ғасырдың соңына қарай жедел өрістеген жәдидтік қозғалыс жаңа леп ала келді. Жәдидтік қозғалыстың көш басында мұсылман халықтарын өркениетке тартуды көздеген И. Гаспринский тұрды. Ол мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар, дүниетану ғылымдары – математика, жағрафия, тарих, биология және сол секілді т.б. пәндерді оқыту заман талабы екенін насихаттады. Жас балалардың тәрбие алатын жері - мектепті түзеп, ұлтжандылық тәрбиесін мектептен бастау керектігін баса атап көрсетті. И. Гаспринский осы мақсатқа жету үшін ең алдымен араб әліпбиін түркі халықтары тілінің үндестік заңына лайықтап, дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, бір жазу үлгісін енгізуді, яғни ескі «қадымшылықтан» жаңа «усул-жәдидке» көшуді ұсынды [195,136-б.].

Заман талабына жауап беруден қалған ескі қадими жазу үлгісіндегі мұсылмандық оқу жүйесін жаңа деңгейде білім алуға сәйкестендіріп қайта құруды ұсынған И. Гаспринскийдің пікірі Түркістан өлкесіне де жетті. Жаңа оқу үлгісіндегі жәдидтік оқу орындары Жетісу облысында ХХ ғасырдың бас кезінен бой көтере бастады. Жетісу өңірінде жәдидтік оқу орындарының ашылуы жергілікті халық тарапынан кең қолдауға ие болды. Халықтың мұндай белсенділігін жергілікті әкімшілік орындары күтпеген еді. Сондықтан да әкімшілік орындары жергілікті жерлерде жәдидтік мектептердің ашылуы жайлы немесе ескі қадими мұсылмандық оқу орындарының жәдидтік болып қайта құрылып жатқандығы жөнінде бастапқы кезде хабарсыз болды. Мәселен, Жетісу облысы халық училищелерінің инспекторы Верный қаласындағы 1904 жылы жәдидтік болып қайта құрылған Ысқақ Ғабдувалиев медресесін 1912 жылы ғана кездейсоқ білгенін құпия түрде Түркістан өлкелік бас оқу инспекторына хабарлаған [195,137-138-бб.].

Жетісу өңірінде ескі қадымшылықтан жәдидтік жолға түскен ең алғашқы оқу орны – 1883 жылы Верныйдағы татар мешіті жанынан ашылған Ысқақ Ғабдувалиев медресесі болды. Бұл медресе жоғарыда айтылғандай 1904 жылы жәдидтік болып қайта құрылған еді. Осыған орай «Тәржіман» газеті 1904 жылғы санында: «Ысқақ Ғабдувалиев өз медресесіне жаңа оқыту жүйесін енгізді. Бұл оқиға жергілікті халық тарапынан қолдауға, зор ризашылыққа ие болды. Халық оянып, қазіргі өмір талабын түсіне бастады. Кертартпалық көзқарастар мен түсініктер өскелең өмір ағысымен біртіндеп ығыстырылуда» [196,125-129-бб.], - деп хабарлаған болатын.

Верныйдағы аталмыш медресе қаладағы «Ғабдувалиев және оның балалары» атты сауда үйі есебінен қаржыландырылды. Медресеге бөлінген қаржыны жұмсау және медреседегі оқу процесін ұйымдастыру ісімен З. Тазетдинов айналысты [196,130-332-бб.].

Жетісу жеріндегі жәдидтік оқу орындарын ұйымдастыруда, балаларды оқытуда татар зиялыларымен қатар, көзі ашық қазақ азаматтары белсенділік танытты. Мұның жарқын көрінісі Қапал уезінің Қарағаш елді мекенінде ағайынды Мамановтар мен Тұрысбековтер ашқан мектеп. Оны жұрт кезінде «Мамания» медресесі деп атап кеткен. «Мамания» медресесінің өз уақытында аса беделді оқу орнына айналғанын жергілікті орыс әкімшілікшілігі де

мойындаған болатын. Мұрағат құжаттарына қарағанда «Мамания» медресесі 1909 жылы өкімет орындарының рұқсатынсыз ашылып, 1912 жылы ғана заңды түрде тіркеуден өткен [197,65-70-бб.].

«Мамания» медресесі атанған жәдидтік оқу орнына қазақ зиялыларының алғашқы толқынының өкілі Ғабдолғазиз Мұсағалиев жетекшілік еткен [198,7-12-пп.].

Жетісу өңірінде жәдидтік оқу орындарының көп шоғырланған жері Жаркент уезі болды. Онда жәдидтік мектептердің саны 1912 жылға қарай 13-ке жетті. Әр оқу жылында оларда 579-ға дейін шәкірт білім алатын [199,1-5-пп.].

Жәдидтік оқу орындарының бағдарламасы негізінен еуропалық орта мектептердің бағдарламасына сәйкестендіріліп жасалды. Мұсылман оқу орындарындағы жаңа оқыту әдісінен сескенген жергілікті әкімшілік Полиция департаментіне жәдидтердің әрекеті туралы: «Ресей мұсылмандарының ұлттық сезімін ояту арқылы автономия мен ұлттық мектептерді иеленбекші. Осылайша өздерінің оқшауланған шеңберін құрып алған соң, орыс ықпалына және үкіметтің орыстандыру саясатына қарсы әрекет етпекші» [200,25-п.], - деген мазмұндағы шағым хаттар түсіріп жатты. Мұндай шағым хаттар орталық үкімет орындарын жәдидтерге қарсы тезірек шара қолдануға итермелеген еді.

Түркістан генерал-губернаторы Самсонов 1909 жылы 14 наурызда Халық ағарту министріне жолдаған құпия мәлімдемесінде жаңа бағыттағы мұсылман оқу орындарда азаматтық пәндермен қатар діни пәндер де қоса оқытылып жатқандығын айта келіп, былай деп хабарлайды: «Мұндай пәндердің оқытылуымен бірге жастардың бойында сеператистік, тар ұлттық сипаттағы идеялар сіңірілуде. Жағдай бұдан әрі осылай жалғаса берсе, онда мұсылман оқу орындары панисламизмнің ғана емес, пантүркизмнің де ошағына айналуы мүмкін» [201,1-15-пп.].

1909 жылы Түркістан өлкесі халық училищелерінің бас инспекторы Ф. Керенский үкімет орындарының жәдидтік мектептерге деген көзқарасын өзгертуді ұсынады. Ол мұсылман мектептерінің дамуын тежеуге ешқандай негіз жоқ, ал мұсылман мектептеріне қарсы жасалған кез-келген әрекет жасырын жағдайда жұмыс істейтін мектептердің пайда болуына алып келеді. Ал, ондай мектептерде жалпы мемлекеттік мүддеге қайшы келетін оқу-тәрбие жұмысы жүргізілетін болады деген пікір білдіреді [202,8-п.].

Патша үкіметінің жәдидтік мектептерге деген қатынасын айқындауда 1908 жылы Түркістан өлкесінде болған граф Паленнің комиссиясының пікірі де ерекше ықпалды болды. Пален өз есебінде жәдидтік мектептердің кең қанат жаюының себебін мұсылман әлемінің бұрынғы құдіретін жаңа өмірді насихаттау арқылы қалпына келтіруді армандаған алдыңғы қатарлы «исламшылдар» әрекетімен байланыстыра түсіндіуге тырысты. Мұсылмандар арасында біртіндеп өршіп бара жатқан саяси және діни ынтымақтастықты одан ары нығайта түсу үшін «исламшылдар» ең алдымен қараңғылықты жою мәселесін бірінші кезекке қойып отырғандығын дәлелдеуге тырысады [203,179-б.].

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде дәстүрлі қазақ қоғамында ислам дінінің ықпалының өсуі Ресей империясының отарлау саясатымен тығыз байланысты болды және ислам дінінің ықпалының күшейе бастағандығын ресми билік орындары да мойындауға мәжбүр болады. Патша үкіметінің отарлау саясаты қазақ халқының ұлттық сана-сезіміне үлкен өзгерістер енгізіп, дала мәдениетіндегі ислам діннің орнын түпкілікті анықтап берді.

Қорыта айтқанда, патша өкіметінің қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан алып, жергілікті әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру пиғылы жатқан еді. Мұрағат мәліметтері патша үкіметінің отарлау саясатының сипатын ғана айғақтап қоймай, ресми билік орындарының қазақ ортасында мұсылман дәстүрлерінің дендеп таралу үрдісін тоқтатуға дәрменсіздік танытқандығынан мағлұмат береді. Сондықтан да, құйтырғы саясаттарынан нәтиже шыға қоймағанын көргеннен кейін патша отаршылары аяқтарын андып басып, қазақтарды орыстандыру мәселесінде жан-жақты ойластырылған, жымсық саясат ұстануға мәжбүр болады. Осы мәселе бойынша Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы С. Духовский былай деген болатын: «Ғасырлар өте келе біздің 14 миллион мұсылман халықтарымыз жаппай христиандықты қабылдайды деп үміттену бекершілік, бірақ біз христиан шіркеуінің құшағына еруге ниет еткен жекелеген адамдарды барынша жылы қарсы алуымыз керек, сондықтан да уақыты жетіп, негізі қаланғанша миссионерлік істерді жылдамдатудың ешқандай қисыны жоқ. Миссионерлердің шамадан тыс белсенділігіне қарсылық ретінде мұсылмандар өзара бірігіуге тынысуы мүмкін» [202,8-п.].

Патша үкіметінің қазақтарды шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты ХХ ғасырдың басына қарай үдей бастаған болатын. Ақпан революциясынан кейін осы саясатты енді кеңес өкіметі жандандырды. Патша билігінің жасай алмағанын кеңес өкіметі асыра орындады. Соның нәтижесінде қазақ халқы ата-баба дінінен, тілінен, әдет-ғұрпынан, салтынан, дәстүрінен айырылып бірте-бірте орыстана бастаған еді.

## **2.2 Қазақтардың Орынбор мүфтилігіне қайта қосылуы жолындағы әрекеті (1905-1917 жылдар)**

ХХ ғасырдың басында 20 миллиондай мұсылман тұрғыны бар Ресей империясы үшін ең бір өзекті мәселелердің бірі - діни басқармалардың құрылымын түпкілікті қайта жүйелеу мәселесі болды. Әсіресе, мұсылман діни басқармаларын жүйелеп, реттестіру мәселесі күн тәртібінен түспеді. Өйткені, христиандық діни басқармаладың қызметі бұл кезде бір ізге түсіп, мемлекет тарапынан материалдық та, моральдық та қамқорлыққа ие болып, миссионерлік саясатын күшейтіп отырған болатын. Ал, мұсылман діни басқармалары бұрынғы қалпында жүйесіз түрде өз күнін өзі көріп жатты. Оның үстіне олардың қызметі түрлі заңдар мен ережелер сияқты түрлі кедергілерге душар болып отырды. Мұсылман діни басқармаларының осындай шарасыз жағдайлары жайлы және олардың құрылымына түпкілікті өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар ХХ ғасырдың басында көптеп түсе бастаған еді.



Ресей империясы аумағында ашылған мұсылмандар діни басқармалары былайша жіктелді:

1. Закавказьедегі ерекше құқылы шейхь-уль-ислам басқаратын мәжіліс;
2. Қырым мен Батыс губерниялардағы Тавриялық мұсылман діни басқармасы;
3. Түркістан өлкесінде генерал-губернаторға және Закаспий облысында облыстық әкімшілікке бағынған діни басқарма;
4. Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстары әкімшілік және азаматтық ведомстволарға бағынған діни басқармалар;
5. Солтүстік Кавказ бен Дағыстаннан басқа Ресейдің Еуропалық және Азиялық бөлігінің діни басқармасы;

Мұсылман діни басқармаларының қалған бөлігі Орынбор мүфтиатына бағынды [203,180-б.].

Орынбор мүфтилігінен қазақтардың діни істерінің шығарылып тастауы даланың белсенді азаматтарын бейжай қалдырмады. Өлкедегі дінбасылары қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді үдете түсті. 1872 жылы бұрын Ішкі Ордада имамның көмекшісі қызметін атқарған, Түркияда білім алып қайтқан Әбсаттар Жәбіров деген кісі қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жайлы халық арасында белсенді үгіт жүргізеді. Ол осы әрекеті үшін елден аластатылып, Түркияға қуылған [77,82-87-бб.].

«Дала Ереженің» 99 бабына сәйкес медресе (мектептер) ашып, мешіт салу үшін Дала өлкесі генерал-губернаторының арнайы рұқсаты керек болды. Қазақ ортасында жаңа мектептер мен мешіттер салуға рұқсат беруді жеңілдетпек түгілі, жергілікті әкімдер Семей мен Көкшетау қалаларындағы мешіттердің жанындағы мектептерді жаптыртып тастады.

Аталған ереже бойынша жаңадан туылған баланы тіркейтін кітапша ауылнайдың қолында болды, ал ауылнайлардың көпшілігі хат танымайтын. Крестьян бастықтары шет елге шығатын паспорт беруді сол ауылдың немесе болыстың салықты дер кезінде және толықтай төлеуімен байланыстыра отырып шешетін еді, ал егер белгілі бір елді мекеннің мемлекет алдында қарызы өтелмеген болса, онда қарыз өтелгенше паспорт берілмейтін.

Ар-ождан бостандығы, діни наным-сенім бостандығы, жеке діни басқарма ашу, ұлт тілінде оқытатын мектептер салу мәселесі, қазақ, татар және араб тіліндегі діни әдебиеттерге цензура жасамау, туу туралы куәлік беру ісін жергілікті әкімшіліктің құзырынан алып, діни басқармаға беру, шетелге шығатын паспорт беруді заңдастыру мәселелері дала қазақтары үшін өзекті мәселеге айналды [204,80-б.].

XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың басына қарай өріс алған мұсылман қозғалысында қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату басты талап етіліп қойылды. Осындай толқулар жайында татар тіліндегі «Вақыт» газеті былай деп жазғанды: «Мұсылмандар үкіметтің ұйғарымын орынсыз, әрі зорлық ретінде санап, оған мойынсынудан бас тартты. Губернатор Скарятин әскери күшпен губерниядағы мұсылман елді мекендерін аралап, жүздеген

мұсылмандарды тұтқындады. Олардың біразы жер аударылып, каторгалық жұмысқа жіберілді, ал Ақмола губернаторы жергілікті архиреймен бірге Көкшетау қаласындағы шіркеу алаңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың бір тобын жинады. Ол жиналған топқа православиені қабылдауды ұсынып, осы күннен бастап шарифатпен емес, орыс заңымен өмір сүресіңдер деп мәлімдеді. Сухотин бұл үкімге бағынбаған Көкшетау молдасының куәлігін алып, Сібірге жер аударды» [205,11-п.].

Қолданыстағы заңдар мен заң актілерінің өзінде мұсылман діни басқармаларының атаулары бір үлгіге түсірілмеген еді. Мұсылман діни басқармалары түрлі жиындар өткізілгенде кеңселік жұмыстарды атқаратын басқарма ролінде саналды. Мұсылман діни басқармаларының осындай шарасыз жағдайына күйінген Ахмет Цаликов 1909 жылы «Слово» газетінде былай деп жазды: «Бұдан өткен көне, ескі мекемелерді көру мүмкін емес. Мысалы, Орынбор діни басқармасын алып қарайтын болсақ, оның тек сыртқы пішінінен-ақ қандай бюрократиялық шырмауға түскенін көруге болады, бұл діни басқарма 1786 жылы II Екатерина патшайымның жарлығымен Уфа қаласында құрылды, содан бері тек 1836 жылы 15 қаңтарда Мемлекеттік кеңестің нұсқауымен оның екі кеңсе қызметкері мен бір басшыдан тұратын штаты бекітілгенінен басқа ешқандай өзгеріске түскен жоқ. Олардың айлық қаражаттары да өте төмен дәрежеде беріледі. Мысалы, жиналыс басшысына 280 сом, кеңсе басшысына 171 сомнан және журналистерге, архивариусиарға 143 сомнан белгіленген...» [157,181-б.].

Жалпы мұсылман діни басқармалары ақылы негізде туылу, некеге тұру куәліктерін беру сияқты іс-шараларды ғана атқарды. Мысалы, 1901 жылы осындай іс-шаралардан 14 855 сом жиналған, ал мешіт пен діни орындарға қайырымдылық ісі ретінде халықтан 10 000 сомнан артық қаражат заттай түрде жиналған [157,182-б.].

Осы мәліметтерге қарағанда патша үкіметінің мұсылман діни басқармаларын ашуы халықтың рухани өмір қажеттерін өтеу үшін емес, керісінше, құлдыратуға бағытталып, тек қосымша қаржы жинау үшін ғана пайдаланылған. Ал, православ және католик діни басқармалары елден қаражат жинау үшін емес, жергілікті тұрғындар арасында діни уағыздарын тарату үшін құрылып, оларға үкімет тарапынан қомақты қаржылай көмек беріліп, жағдай жаслып отырды. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторы Ташкентте салынған кафедралық собордың мұқтажы үшін 1902 жылдың 20 тамызынан бастап қайырымдылық іс ретінде халықтан қаражат жинау керектігі туралы өтініш білдіріп, былай деп жазады: «Орта Азиялық мұсылман әлемінің қақ жүрегінде шұғыл әрі міндетті түрде Құдай үйін салу үшін қаржы жинау мақсатында құрылған қайырымдылық комитетінің үндеуін жібере отырып, мен комитет пен Ташкенттің барлық православ тұрғындарының атынан православ Ресейінің шалғай түкпірінде осынау аса маңызды істі орындау үшін Сіздің де өз үлесіңізді қосуыңызды шын жүрегіммен қатты өтініп сұраймын» [206,26-50-бб.].

Ал, бұған жауап ретінде Ішкі істер министрінің орынбасары С. Крыжановский патшаның Ташкенттегі кафедралық собор құрылысына арнап қаражат жинау мерзімін тағы да 3 айға ұзартуға рұқсат бергендігі туралы хат жолдайды [206,51-68-бб.]. Ташкентте салынып жатқан шіркеуге арнап Мәскеудегі Финдлянский зауытында 80 пұттық үлкен аспалы қоңырау құйылған, оны темір жол арқылы жеткізу үшін 1901 жылы 27 наурызда Шымкенттегі Сергиевский шіркеуінің протоіерейі А. Тихомировке арнайы нұсқау берілген.

Бұл іс-шаралар Орта Азиядағы ең басты кафедралық соборды қиыр шеттегі Верный (Алматы) қаласынан Түркістан өлкесінің орталығы болып табылатын Ташкентте көшіріп әкелуді тездету жолындағы әрекет екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, мұрағат құжаттарының арасында бұдан басқа да кішігірім шіркеулер мен христиандық приходтарды (сиынатын үйлер) салуға қаржы бөліп, жағдай туғызғандығы туралы фактілер көптеп кездеседі. Әулиеата уезіндегі Бурное-Ивановский, Новотроицкое селоларында осындай сиыну үйлерін салу үшін патша үкіметінің қаражат бөлуі осының айғағы [206,69-75-бб.].

Ал, жергілікті мұсылмандардың рухани тірегі болып саналатын діни басқармалардың жағдайының сын көтермейтін, олар ескі қалпында жүйесіз әрі қараусыз қалды да, түрлі кедергілерге тап болып отырды.

XX ғасырдың басында белгілі қоғам қайраткері Ахмед Цаликов империядағы мұсылман діни басқармаларының, оның ішінде Түркістан өлкесі мұсылман діни басқарманың ауыр ахуалы туралы талай рет сын-пікірлер айтқан болатын. Автор ресми билік орындарының мұсылман діни басқармасының қызметін жақсарту үшін оған ең құрығанда бюрократиялық мекеме дәрежесінде болса да көңіл аудармай отырғандығына наразылығын білдіреді [157,183-б.].

Рухани саланың тірегі болып саналатын діни басқармалардың жағдайы осындай мүшкіл халде болғанда, халық арасындағы діни-рухани ахуалдың қандай жағдайда болғаны айтпаса да түсінікті деп ойлаймыз. Алайда, қалыптасқан қиын жағдайға қарамастан-ақ мұсылман халықтары рухани отарлауға қарсы азаттық үшін күресін тоқтатқан жоқ. Қайта ұлттық және рухани бостандық жолындағы күрес барған сайын өршіп, жаңа қарқын ала бастады. Бұл күрестің көш басында болған мұсылман зиялы қауым өкілдері ислам әдет-ғұрыптарын сақтай отырып, жаңа заманға лайық өркениет жаңалықтарын бойларына сіңіріп, өз мақсаттарына пайдалана білді.

Қалыптасқан жағдайда мұсылман халықтарының мүддесін қорғап, отаршылдыққа наразылық танытқан мұсылмандық қозғалыс қайраткерлерінің әрекеттері соңғы кезге дейін тарих ғылымында «панисламшылдық», «пантүрікшілдік» көрініс ретінде теріс бағаланып келді. Мұсылмандық қозғалысты «панисламшылдық» деп бағалаушыларға қарсы тұрып III Мемлекеттік думаның мүшесі С. Мақсұдов парламент мінбесінен былай деген еді: «Еуропалық исламтанушылардың жалған түсінігі бойынша панисламизм – діни фанатизм негізінде бірігіп еуропалық өркениет пен бүкіл

христиан әлемін жоюды мақсат еткен қозғалыс екен. Былайша айтқанда, адамзаттың тұрпайылық тарихын да басынан кешпеген, мейірімсіздікпен қырып-жоюды насихаттайтын ілім екен. Мырзалар мен мұны ешқандай сын көтермейтін, мұсылман әлеміне жабылған жала деп есептеймін. Мұсылмандық қозғалыста мұндай пиғыл атымен жоқ. Мен мұның тек Ресей мұсылмандарына ғана емес, бүкіл Шығыс мұсылмандарына да қатысты екенін куәландыра аламын.

Иә, расында Шығыс мұсылмандары ұйқыдан оянуға, оны оянды деуге де болады, бірақ бұл қозғалыс фанатизм емес, бұл еуропалық сипаттағы прогрессивті қозғалыс, бұл әлеуметтік құбылыс, тарихта мұны қайта өрлеу деп атайды» [206,26-68-бб.].

Түркі тілдес мұсылман халықтарын мәдени жағынан жақындастыру үшін И. Гаспринский ең алдымен ортақ араб әліпбиі негізінде түркі халықтарының тіліне лайықталған, дыбыстың ерекшелігіне сәйкес бір ізге түсіріліп жүйеленген жаңа жазу үлгісі – «усул-жәдидті» енгізуді насихаттады. 1883 жылдан бастап өзі түзген әліпби негізінде «Тілде, істе, пікірде бірлік» ұранын көтерген «Тәржіман» газетін шығарып, мұсылман халықтарын саяси оянуға шақырады. Діни схоластикалық мұсылмандық оқу жүйесін азаматтық білім алуға сәйкестендіріп қайта құру идеясы негізінде жәдидтік қозғалыс өріс алады. Қазақстанда И. Гаспринскийге пікір қосып, жәдидтік қозғалысты белсенді насихаттаушылар – Мұхаммед Сәлім Қашимов пен Әбубәкір Кердері болған еді. Жәдидшілер: «мұсылмандар күші мен өнеркәсібі бар басқа халықтармен қатар тұрса екен дейміз. Христиан елдерінде мұсылмандар христиандармен бірдей құқықта болуы керек...» [207,29-б.], - деген пікірді ұстанған.

Жәдидтік қозғалыстың ықпалымен жер-жерлерде оқу үлгісі еуропалық үлгіде құрылған медреселер мен мектептерді ашу қолға алына бастайды. Қазанда «Мұхамедия», Уфада «Ғалия», Орынборда «Хусаиния», Троицкіде «Расулие» секілді жәдидтік медреселер бой көтерді. XX ғасырдың басына қарай қазақ облыстарында да жәдидтік мектептер ашыла бастайды [208,41-п.].

Мұсылман оқу орындарындағы өз ықпалынан айырылғысы келмеген кейбір дін өкілдері жәдидшілдерді исламның ақ жолын бұра тартушылар деп айыптайды.

Екпін алған жәдидтік қозғалыс патша өкіметінің де үрейін туғызады. Полиция департаментінің 1900 жылы желтоқсан айында Жетісу облыстық әскери губернаторына жіберген хатында: «соңғы кезде татар әдебиеттерінде орыс мемлекетінің 14 миллионнан астам мұсылмандарының көп ғасырлық өмір салтын өзгеріске түсіретіндей барынша күшті ықпал байқалуда. Бұл ықпал Гаспринскийдің 1884 жылы жариялаған әліпесінен басталды...»

Орта Азиядағы оқиғалар, әсіресе Әндіжан көтерілісі бізге мұсылмандар арасындағы кез-келген қозғалысқа асқан сақтықпен әрі қырағылықпен қарауды көрсетіп отыр. Сондықтан жаңа қозғалыс Түркия жағынан қаншалықты қолдау тауып отырғандығы, жәдидтік мектептегі мұғалімдердің қай жерде, қандай білім алатындығы және т.б. жайлы бізді тез арада хабардар етіп отырыңыз» [209,18-п.], - деген нұсқау берілген. XIX ғасырдың соңына қарай басталған

жәдидтік қозғалыс бірінші орыс революциясы жылдарында мұсылмандық қозғалыстың маңызды саяси күшке айналуына, сонымен бірге екі буржуазиялық-демократиялық революция жылдары аралығында одан әрі өріс алуына септігін тигізеді.

Бірінші орыс революциясы жылдарында бүкілресейлік мұсылман съездерін өткізуге белсене араласқан қайраткер Абдурашит Ибрагимов революцияға дейін «Автономия» кітәпшасын шығарып, онда түркі тілді халықтардың отаршылдықтан көрген зәбірін сипаттап берді және ұлттық-мәдени және діни автономия алу жолында мұсылман халықтарының бірлесіп күресуі керектігін ашып көрсетеді.

1905 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы атынан Ішкі істер министрлігіне «Дала өлкесіндегі исламның жағдайы жөнінде» атты баянхат келеді. Онда өлкедегі діни толқулардың барысы жайында мынандай жолдар бар еді: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігінде қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырды, ал бұл жағдай ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды бауырлас халық ретінде көрсетіп, далада мерейлерін үстем еткендей болды. Айлакер татарлар қазақтарға «үкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет болуы» ойлаған саясатының салдары деп түсіндірді...» [210,1-2-пп.]. Отаршылдық тауқыметін, ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан қазақ халқының пісіп жетілген наразылықтарының сыртқа шығуына, азаттық қозғалысының қарқын алуына 1905 жылы басталған орыс революциясы өзінің әсерін тигізбей қоймады. В.И. Ленин «Азияның оянуы» атты еңбегінде Шығыс елдеріндегі революциялық өрлеуге сипаттама бере келіп: «Дүниежүзілік капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржола оятты. Езілген, орта ғасырлық тоқырауда тағылған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге, адамның ең қарапайым праволары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмтылып отыр» [211,255-б.], - деп көрсеткен болатын. Бұл пікірдің сол кезеңдегі қазақ халқының азаттық қозғалысына да тән екендігі күмән тудырмаса керек.

Петербургтегі 1905 жылғы «Қанды жексенбі» оқиғасынан кейін бүкіл империя революция жалыны құрсауында енді. «Қанды жексенбі» оқиғасы жайлы хабар шет аймақтарға, соның ішінде қазақ даласына да жетіп, патша өкіметінің халықтың 9 қаңтардағы бейбіт шеруін жауыздықпен атуы кешірілмес күнә ретінде айыпталып жатты [211,256-б.]. Бүкіл империяда қалыптасқан жағдай патшаны да, үкіметті де абыржытты. Басталған революцияның өршуін әлсірету мақсатында II Николай 8 ақпанда Ішкі істер министрі А.Г. Булыгин әзірлеген «халықтан сайланған» адамдарды заң жобаларын дайындауға және талқылауға қатыстыру туралы рескрипке қол қояды. Либералды топтар патша рескриптің «аржағынна жарқын болашақтың перспективалары көрініп тұр» деп мәлімдеп, қуанышпен қабылдап жатты [212,48-б.]. Осы құжатпен бірге сол күні жеке адамдар мен ұжымдарды мемлекет қызметі мен халықтың әл-ауқатын көтеруге байланысты орталық

билікке өз ұсыныстарын жеткізуге үндейтін құжат та өмірге келді. Мұның артынша 17 сәуірде дін еркіндігі жөнінде патша жарлығы шықты. Бұл құжаттар халықтың көңіл-күйін көтеріп, олардың саяси өмірге құлшына араласуына жол ашты. Ресей империясында 1905 жылы қалыптасқан саяси ахуал ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан халықтардың азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді.

Халықтың көңіл-күйіне әсер еткен жоғрыда аталған құжаттарға, соның ішінде «дін еркіндігі» жөніндегі жарлықтың шығуына наразылық танытқан консервативті, ұлы державалық пиғылдағы топтар бой көрсетпей қалмады. Орыс емес халықтарды шоқындыруда аса белсенділік көрсеткен Синодтың оберпрокуроры К.П. Победоносцев дін сыйластығына қатысты қаулы әзірленіп жатқанда бұл құжаттың жариялануына барынша қарсылық көрсетті. Оны К.П. Победоносцевтің император атына жолдаған мына хатының мазмұнынан аңғаруға болады: «Мұсылмандық насихатқа ерік бермекші. Бұл іс өте қауіпті. Ислам бір сәтке де өз қаруын қолынан тастамайтын орасан зор күш. Бұл күшпен үздіксіз күрес жүргізу қажеттігі ғасырлар бойығы тарихтан қалған өсиет. Оған қарсы рухани негізде күрес жүргізу мүмкін емес, себебі діни миссиялар нәтижесіз, жеміссіз болуда... Дінге еркіндік берген жағдайда барлық бұратаналар түгелдей мұсылмандық жолына түсіп, ислам орыс губерниясында орасан зор күшке айналады» [213,204-205-бб.]. Осындай қарсылықтарға қарамастан патша қол қоюға мәжбүр болған құжаттар тудырған көңіл-күй қазақ даласына да жеткен еді. Бұл жайлы Ә. Бөкейханов өзінің «Қазақтар» атты мақаласында былай деп жазды: «Халық сеніміне ие болған адамдарды жинауға және халық мұқтаждығын білдіретін петицияларды беруге рұқсат еткен 18 ақпан рескриптін дала үлкен құлшыныспен қарсы алды. Бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық күшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді. Қазақ халқының мұқтаждықтары жөнінде хат арқылы пікір алмасу басталып кетті. 17 сәуірдегі дін сыйластығына қатысты қаулы көңіл-күйді одан бетер көтере түсті» [214,74-б.].

Ә. Бөкейхановтың пікірлерін Петропавл уезінің 1-бөлімшесінің крестьян начальнигінің 1905 жылы сәуірде Ақмола облысының әскери губернаторына жолдаған мәлімдемесіндегі мынандай жолдар нақтылай түссе керек: «Патша үкімдерінің жариялануынан, дін сыйластығы жайлы жарлықтың шығуынан бері қырғыз тұрғындарының арасында бұрын байқалмаған құбылыстар көрініс бере бастады. Әсіресе, Петропавл қаласында тұратын қырғыздар мерзімді басылымдарға қызығушылық танытуда, олар орталықтан поштаға келіп түскен жеделхаттардың мазмұнын жіті қадағалап, астаналық газеттерді көптен жаздырып алуда. Азды-көпті сауаты бар кез-келген қырғыздың қалтасынан дін сыйластығына қатысты орталықтан келген жеделхаттың көшірмесін және орталықтан шыққан газетті табуға болады. Мәселен, Ақмола уезінің бастығы әскери губернаторға Қызылжардағы Бұғылы болысының қазағы Жәңгір Құдаймендинге хат келгенін мәлімдеп, онда қазақтар атынан Петербургке петиция жолдаудың қажеттілігін насихаттап, халық арасында үгіт жүргізу керектігі айтылғанын, ал петицияны талқылау үшін қазақтардың игі

жақсыларының съезін шақырмақ ниеттерінің барлығын хабарлаған [216,20-21-пп.].

Қырғыздарды әсіресе 4 наурызда Қорғаннан келген жеделхат біраз әбігерге түсірді. Онда Түркістан өлкесі қырғыздарына арнайы діни басқарма құрылатыны жайлы айтылып, Дала өлкесі қырғыздарының діни істері жөнінде ешнәрсе айтылмаған болатын. Осыған орай қырғыздар Ақмола облысында да әлдеқандай бір өзгеріс болар деп алаңдатушылық танытуда. Қырғыздар өздерінің діни мұқтаждығын білдіретін петиция тапсыруға әзірлік үстінде. Діни мұқтаждықтарын қырғыздар арасында танытып қалушылық барған сайын күшейте түсуде» [217,77-п.].

Мұндай мазмұндағы мәлімдемелер Түркістан генерал-губернаторының атына да келіп түсіп жатты. Мәселен, Сырдария облысы Әулиеата уезінің бастығы 1905 жылы сәуірде жолдаған хатында патша рескриптінен кейін қазақтар арасында патшаға петиция тапсыру қажеттігін үгіттеп, жергілікті билік орындарына бағынбауды насихаттаушылар пайда болғаны жайлы мәлімделген [218,77-п.]. Осындай мәлімдемелерден кейін Түркістан генерал-губернаторы облыстық әскери-губернаторларға мынандай мазмұндағы нұсқау хаттар жолдауға мәжбүр болған: «Менің алған мәлімдемелеріме қарағанда соңғы уақыттары қырғыз халқы арасында үкіметке қарсы бағытталған наразылық сөздердің таралуынан тыныштық бұзыла бастаған көрінеді. Осыған орай сіздерге, уез басшыларына және бөлімшелік приставтарға тапсырма беріп, оларға көшпенділерге жіті көңіл бөлу керектігін міндеттеуіңізді сұраймын. Олар қадағалау барысында қырғыздардың тыныштығын бұзатын сенімсіздер, күмәнділер байқала қалса, ондайларды қырғыздар арасынан тез аластау керектігін хабарлап отырсын» [219,2-б.].

Қазақтар арасында 18 ақпандағы патша рескриптінен кейін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу кең етек ала бастағанын жергілікті әкімшілік шенеуніктері жіті қадағалап отырды. Олардың жоғары жаққа тапсырып отырған мәлімдемелерінің мазмұнына қарағанда қазақтар арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізушілер қатарында көршілес уездер мен облыстардан ғана емес, шалғайдағы өңірлерден де келушілер болған. Бұны Семей облысы әскери губернаторының Дала генерал-губернаторына жолдаған мәлімдемесінен де айқын аңғаруға болады. Онда былай делінген: «Қырғыздар Ресейде болып жатқан барлық жағдайды мұқият қадағалауда. Дала аймағына көршілес уездер мен облыстардан, тіпті Бөкей ордасынан адамдар келіп, 18 ақпандағы патша рескриптінің кеңінен насихаттауда. Олар дін сыйластығына қатысты мемлекеттік жарлықтарды бұрмалап түсіндіруде» [215,3-п.].

Келтірілген мәліметтер 1905 жылдың ақпан айынан соң қазақтар арасында саяси белсенділіктің арта түскендігін аңғартса керек. Оны «Русский Туркестан» газетінің 1905 жылғы 6 наурыздағы мақаласы да нақтылай түседі: «Түркістан өлкесінің жергілікті тұрғындары Ресейдегі революциялық қозғалысқа ешқандай ынталылық танытпауда және олар бұл қозғалыстағы өз орындарын анықтай алмай отыр деушілер қатты қателеседі. Біз олардың Ресейдегі революциялық қозғалысқа және оның Түркістан өлкесінде көрініс табуына қызығушылықпен

карап, өзінің мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға талпынып отырғанына көз жеткіздік. Жергілікті халықтың қозғалысының беделін түсірушілердің әрекетіне қарамастан, онда соңғы уақыттардағы оқиғаларға қатысты нақты көзқарас барлығы аңғарылады [222,143-п.].

Бірінші орыс революциясы тұсында орталық билік орындарына елдің түкпір-түкпірінен қазақ халқы атынан жолданған осындай петицияларда басқа да өзекті мәселелермен қатар дін мәселесі де назардан тыс қалмағанын зерттеуші М.Қ. Қойгелдиев: «Осы кезеңдегі қазақ халқының саяси күресі ең алдымен патшаға, орталық билікке петиция тапсыру түрінде байқалғанды» [220,95-б.], - деп дәл атап көрсеткен. Мұрағат құжаттарының мәліметтеріне қарағанда, 1905 жылдың көктемінен бастап дала аймақтарында қазақтардың үлкенді-кішілі жиналыстары өткізіліп, орталық билік орындарына петициялар тапсыруға әзірлік жұмыстары қызады. Мәселен, 1905 жылы 4 сәуірде Ақмола уезі бастығының Ақмола облыстық әскери-губернаторына жолдаған мәлімдемесінде 2 сәуір күні уездік басқармаға осы уездегі қазақтар атынан 7 адамның – Қорғалжын болысынан Жарылқасын Сатыбалдин, Нұра болысынан Тұрысбек Тайшықов, Саран болысынан Жантай Тоқшылықов, Еремен болысынан Кереңбай Тайжанов, Қорғалжын болысынан Құрмет Өтебаевтің келгендігін, олар беделді қазақтардың жиналысын өткізуге рұқсат сұрап, өздерінің діни істерін Орынбор муфтилігіне қаратуды және петицияны Петербургтегі орталық билік орындарына тапсыру үшін 16 мамырға дейін арнайы делегация жіберетіндіктерін жоспарланып жатқандығы жайында әскери губернаторды хабардар етуді сұрағандығын мәлімдеген [218,70-п.].

Сөйтіп, бірінші орыс революциясының бастапқы кезеңінде отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер жазу қазақ даласының барлық аймақтарында қолға алынады.

Патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындары қазақтардың петиция тапсыру үшін өздерінің талап-тілектерін тұжырымдап алатын жиналыс өткізуіне рұқсат бермеуге, ондай жиналыстардың өткізілуіне тосқауыл қоюға тырыстып бақты.

Дегенмен, жасанды кедергілерге қарамай-ақ және жергілікті әкімшілік орындарынан арнайы рұқсат алмай-ақ қазақтар жасырын түрде өз жиналыстарын өткізіп жатты. Мәселен, жиналыс өткізуге рұқсат ала алмағаннан кейін Ақмола уезі қазақтары 2 сәуір күні Ақмола қаласында саудагер Халфиннің үйінде бас қосып, қазақтың белсенді азаматтарының жасырын жиналысын өткізген. Бұл жиналысқа қатысушылардың ішінде жергілікті әкімшілік орындарында тілмаштық қызмет атқарған Кежебаев, Серкебаев, Сатыбалдин секілді азаматтар да болған. Осы үш азамат туралы әскери губернаторға мынадай мәлімет түседі: «Егер менің тыңшылар арқылы алған мәліметім рас болып, жоғарыда аталған үш адамның жиналысқа қатысуы анықталса, онда бұл насихат сөзсіз зор ықпалға ие болып, оның кең тарала түскендігін айғақтайды. Сонымен қатар қазақтардың петиция тапсыруы жүзеге асатындығын да білдіреді. Өйткені, ол үшеуі ақыл-ойының жоғары тұруы



жағынан ғана емес, әкімшілік орындарында істейтін қызметтері жағынан да мұсылман қауымы арасында зор беделге ие» [218,71-73-пп.].

Ақмола уезі қазақтарының осы жиналысында Петербургке петиция тапсыру үшін жіберілетін делегацияның жол шығындарын көтеріп алу мақсатында уездегі әрбір қазақ отбасынан 5 сом көлемінде қаржы жинау жөнінде шешім қабылданды. Бұл қаржыны жинауды басқарып, қадағалап отыру Атасу болысының Бекіржан деген азаматына тапсырылды [222,143-п.].

Ақмола уезінің бастығы толқулар әлі де жалғасын табатындығын сезгендіктен өз тыңшылары арқылы қазақтардың басқа уездермен байланысы болғандығын анықтап, 1905 жылы 2 мамырда әскери губернаторға жолдаған мәлімдемесінде: «Менің тыңшылар арқылы алған мәліметтерім мынандай қорытынды жасауға итермелейді: барлық нұсқаулар мен ұсыныстар Петропавл қаласынан келетіндіктен оны қырғыздар арасындағы қозғалыстың негізгі ошағы деп бағалауға болады.

Қазақтар арасындағы дін істерінің ахуалы 1903 жылы Қызылжарда молда Мұхамеджан Бекішевтің жетекшілігімен құрылған астыртын ұйым тарапынан да көтерілді. Аталған ұйымға молдалармен қатар мұғалімдер, қаланың саудагер тұрғындары, Петербург университетінің студенті Айдархан Тұрлыбаев мүше болған... Ақмола қаласында саудамен айналысатын Хұсайын Бекішев Петропавлда тұратын молда Мұхамеджан Бекішевтің інісі. Ол Мұхамеджан Бекішектен осы іске байланысты ұсыныстар мен тапсырмалар, мұсылман қоғамдары әзірлеген басқа да петициялардың көшірмесін алып тұрады. Хұсайын Бекішевтің үйінде өзекті мәселелер бойынша жергілікті мұсылмандардың жиналыстары өткізіліп, тапсырылатын петиция жобасы талқыланатын көрінеді... Жуырда Ақмола қаласына Петропавлдан М. Бекішевтің қарамағындағы № 3 мешіттің жанындағы мұсылман мектебінің бұрынғы шәкірті болған, Спасск болысының 25 жастағы Мұхамеджан Елубаев деген қырғызы келді. Тыңшылар арқылы алынған мәліметтер бойынша, ол үгіт-насихат жүргізу үшін ақшамен қамтамасыздандырылған көрінеді. Бұл ұйым мүшелері қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолынан алып, мұсылмандық діни басқармаға қарату керектігін айтып 6 үндеу жазып, оларды жер-жерге таратқан, оның бір данасы Сәдуақас Шормановқа, Абай Құнанбаевқа, Жәңгір Құдаймендинге және Ғабдулла Исабековтың қолдарына түскен [223,9-п.].

Шәймерден Қосшығұлов 1903 жылдың қысы мен көктемінде Семейдегі Абайға, Баянауылдағы Шорманұлы Сәдуақасқа және тағы басқа да ел ағалары мен игі жақсыларға хат жазып, ақыл-кеңес сұраған: «Орыстар жерімізді алды, тілімізді алды, енді дінімізге қол сала бастады. Өлгеннен басқа неміз қалды, Ибраһим мырза. Бас қосайық, бүкіл қазақ съезіне жиналып, ақылдасайық» [223,10-п.]. Шәймерден Қосшығұловтың екінші хаты Абайдың қолына тимеген, жандармдар Арқаттағы поштаға Абайдың өзін алып барып, қол қойдырып, хатты тартып алған [204,83-б.].

Бұл үндеулерде тек дін, қазақтарды шоқындыру мәселесі ғана қамтылмай, оқу, тіл, әдет-ғұрып, жер және т.б. мәселелер бойынша патша үкіметінің

отарлау саясаты сыналған. Осы үндеулерді халыққа түсіндіру үшін жер-жерге сенімді адамдар жіберілген. Мысалы, Ақмола уезіне аттандырылған Хұсайын Бекішев пен Мұхамеджан Елубаев халық арасында әңгімелер, жиылыстар өткізеді, қарапайым халыққа патша үкіметінің озбыр саясатын түсіндіреді. Халық мүддесі, әсіресе дін мен тілді қорғауға шақырады. Отаршыл әкімдер олардың сондарына тыңшы салып, басқан қадамдарын бақылаған [217,75-п.]. «Мұхамеджан Елубаев Ақмола қаласына келісімен бұрын жиналысқа қатысқан адамдармен кездесіп, қырғыздар арасында үгіт-насихат жүргізу үшін Спасск мен Қарағанды болыстарына аттанып кетті» [218,76-п.], - деп хабарлап, Петропавлдағы М. Бекішевтің әрекетіне тосқауыл қою жайында өтініш білдіреді.

Уез бастығы Нехорошковтың осындай мазмұндағы мәлімдемесі Дала генерал-губернаторына да жетті. Осыған орай генерал-губернатор Ақмола облысының әскери губернаторына: «Ақмола облысы қырғыздарының арасында пайда болған діни үгіт Петропавл қаласынан келетін көрінеді. Мұндай зиянды ықпалға қарсы сізден жергілікті әкімшіліктің барлық күш-жігерін жұмылдырып, татарлардың қырғыздарға зиянды әсерін жоятындай, дала ережесінің қырғыздардың дініне байланысты қағидалары ешқандай талқыға түспейтіндей шара қолдануыңызды сұраймын» [224,3-б.], - деген мазмұндағы нұсқау хат жөнелтеді.

Дала генерал-губернаторының мұндай нұсқау хатынан кейін жергілікті әкімшілік орындары қазақтар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді қатаң бақылауға алғанмен, одан нәтиже шығара алмайды. Халықтың орталық билік орындарына петиция тапсыруға деген ынтасының күшейе түсуі әкімшіліктің тосқауылына бой бере қоймады. 1905 жылы 4 мамырда Петропавл уезінің Преспов, Станов, Анастай, Петропавл болыстарының беделді қазақтары жиналыс өткізіп, онда тапсырылатын петицияның мәні талқыланып, орталыққа баратын өкілдердің құрамы белгіленді. Сондай-ақ, бұл жиналысты петиция тапсыруға баратын өкілдердің жол қаржысын өтеу үшін халықтан ақша жинау керектігі жайлы шешім қабылданды [224,4-б.].

Сондай-ақ, Петропавл уезінің Полуденский және Тайынша болыстарының қазақтары жиналып, Министрлер Кеңесінің төрағасы атына мынандай мазмұндағы петиция әзірлеген:

1. Діни істер Орынбор мүфтилігіне бағындырылсын;
2. Әрбір ауылға бір мешіттен салуға рұқсат етілсін және әр мешіттің өз молдасы болсын;
3. Тұрғындарды тіркеу молдалардың қарауына көшсін;
4. Неке және отбасылық істерді жүргізу халық соттарының қарамағынан алынып, молдаларға тапсырылсын [224,5-б.].

«Тарджиман» газетінің хабарлауынша, Петропавл уезінің осы екі болысының қазақтары атынан әзірленген петиция Петербургке, Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Ю. Виттеге жеделхат арқылы жіберілген [225,20-п.].

Ақмола уезінің қазақтары сәуір-мамыр айларында петиция жазып тапсыру жолында нақтылы әрекетке көшеді. Бұл істе Ақмоладағы №1 мешіттің молдасы

Рақымжан Аюпов пен Жәңгір Құдаймендин белсенділік танытып, петиция мәтінін жазуды өз мойындарына алады [226,59-п.]. Ақтау болысының Меккеге барып қайтқан қазағы Иса Қоңтарбаев Петербургке жіберілетін делегация үшін қаржы жинау жұмысына кірісіп те кетті [226,60-п.]. 1905 жылдың 20 мамырына дейін Ақмола қаласы мен қала маңындағы Қызылтопар, Моншак, Еремен, Қоржынкөл болыстарының қазақтары атынан Петербургке жеделхат арқылы дін істеріне байланысты петиция жөнелтілді. Сонымен қатар, осы уездің қазақтары жуық арада Петербургке петицияны алып барып, оны орталық билік орындарына өз қолдарымен тапсыратын делегация жіберуді де көздеген болатын. Жіберілетін делегацияның құрамына кіретін адамдарды белгілеу үшін 20 мамырда Ақмола уезінің өкілдер Ақмола қаласына жиналады. Ақмола уезі бастығының көрсетуінше, бұл жиынды ұйымдастыруға Ақтау болысынан Иса Қаңтарбаев, Артау болысынан Жанеш, Жыланды болысынан Құлмұхамбет Сазанов, саудагерлер Халфин мен Жапашметдин Нағамбеков жетекшілік еткен [218,72-п.].

Қазақтардың мұндай жиындары 1905 жылдың мамыр айында Торғай облысының Қостанай уезіне Ж. Сейдалиннің, Торғай уезіне Әбдібек Бірімжанов пен Досмайыл Тоқтабаевтың, молда Мұхаммедқазы Меңдіқұловтың ұйымдастыруымен өтіп, ол жиындарды орталық билік орындарына петиция әзірленді. Бұл петицияларда қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату, халық соттарын жою, мировой судьялар институттарын енгізу, қазақ даласында кресьян начальнигі институтын жоюдың қажеттігі жайлы талап-тілектер білдірілді [228,5-б.].

Осындай мазмұндағы петиция Орал облысының Ілбішін, Гурьев уездерінде жазылып, жеделхат арқылы Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Ю. Виттеге және Мемлекеттік Думаға сайлау мәселесін қарастыратын ерекше кеңестің төрағасы Д.М. Сальскийге жолданды [229,3-б.].

Аталған петициялардың барлығы дерлік болыстық, уездік деңгейдегі халық өкілдерінің қатысуымен жазылып, көп жағдайда тек діни мәселелерді ғана көтерумен шектелді. Орталық билік орындарына петиция жазып тапсыруда 1905 жылдың екінші жартысынан бастап жаңа леп айқын сезіле бастады. Бұл кезеңдегі петициялар жазуда қазақ қоғамы анағұрлым ұйымдастырушылық танытып, өздерінің талап-тілектерін де күрделендіре түскен еді. Осыған орай, 1905 жылдың маусым айында жазылған Қарқаралы петициясы жайлы зерттеуші М. Қойгельдиев мынандай тұжырымды пікір білдірген: «Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл әрине сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қазақтардағы оқиға емес-тін» [221,147-б.].

1905 жылы билік орындарына петициялар тапсыруда үлкен белсенділік танытқан далалық облыстардың қазақтары еді. М. Тынышбаев бұл саяси науқанға өлкеден 25 мың адамның қатысқанын айтып, енді «генерал Сухотинге

барлық қырғыз жұртын Сібірге жер аударып, елсіз далада жеке өзіне патшалық құрудан басқа ештеме қолған жоқ» [168,27-б.], - деп мәлімдеген болатын.

«Қарқаралы петициясы» атанған, Семей облысындағы Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қазақ өкілдері 1905 жылы 22 маусымда Қоянды жәрмеңкесінде жиналып, 16000 адам қол қойған петиция шын мәнінде қазақ жерінің басқа өңірлерінен жіберілген петициялардан анағұрлым жоғары тұрды. Мұның өзін сол кезеңде патша өкіметінің әкімшілік орындарының шенеуніктері де мойындаған болатын [210,3-п.].

Патша өкіметі қазақтардың бұл акциясына ықпал етіп, дем берушілер саны аз болғанымен, саяси күрес аренасында тез ысыла бастаған қазақ зиялылары мен көзі ашық азаматтары деп секем алған-ды. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы петициясын дайындауда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев және сол кезеңдегі басқа да белсенді қазақ зиялылары жетекшілік рөл атқарған [210-4-п.]. Бұл жайлы М. Әуезов А. Байтұрсынов туралы жазған мақаласында былай деп көрсеткен еді: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздер бірінші жер мәселесі. Қазақтардың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған» [230,353-354-бб.].

Қарқаралы петициясының дайындалу барысы жөнінде құпия тыңшылардан Далалық генерал-губернаторға алдын-ала нақтылы мәліметтер жеткен болатын. Дала генерал-губернаторына келіп түскен мәліметтерге қарағанда, Қоянды жәрмеңкесінде өткен қазақтар жиналысынан кейін көп ұзамай Семей, Ақмола және Торғай облыстарынан жіберілген қазақ өкілдерінің Омбы қаласында бірлескен мәжілісі ұйымдастырылуы тиіс болған. Осыған орай Дала генерал-губернаторы Сухотин Ақмола облысының әскери губернаторына мынандай нұсқау берген еді:

1. Омбы полициясы аталған мәжілісті болдырмауға бар күш-жігерін жұмылдырсын;

2. Барлық уез басшылары дала өлкесінде үгіт-насихат жүргізушілердің әрекетіне және бұратаналар арасында басталған қозғалыстың бағытына қатаң бақылау орнатып, крестьян начальниектеріне қырғыздардың жоғарыда аталғандай әрекеттерге баруы заңға қайшы келетінін, ондайға жол бермеу керектігін түсіндіріп, ескертетін болсын;

3. Уез басшылары даладағы үкімет өкілдері болып табылатын болыстар мен ауыл старшындарының заңға қайшы келетін жиналыстарға қатысуына және олардың мұндай жиналыстарды өткізуге ұйытқы болуына жол бермейтін

болсын. Өйткені олардың арасынан өз пайдасы үшін далада бейберекеттік туғызуға ниеттегілер бой көрсетуде» [218,5-п.].

Дала өлкесіндегі жергілікті әкімшілік орындарын әбігершілікке түсірген Қарқаралы петициясы 22 шілдеде пошта-телеграф арқылы Ішкі істер министрі атына жіберілді. Сондай-ақ, петиция мәтіні «Сын отечества» және «Русские ведомости» газеттеріне де жөнелтілді [210,6-п.]. Әлі күнге дейін толық мазмұны белгісіз болып отырған Қарқаралы петициясында дін мәселесі жөнінде төмендегідей талаптар қойылған болатын:

1. Қырғыздар 1868 жылға дейінгі секілді Орынбор діни басқармасына қаратылып, Қазан мұсылмандары толықтырған ережелерге бағындырылсын;

2. Қырғыз халқына мешіттер, медреселер салуға, дін істерін ерікті түрде атқаруға және медреселерде араб, парсы, түрік тілдерінде оқытуға, сондай-ақ, кітаптар мен газеттер шығару үшін баспахана ашуға рұқсат етілсін;

3. Неке және мұрагерлік істер халық соттары қарамағына алынып, молдалардың қарауына тапсырылып, шариғат бойынша шешілетін болсын;

4. Губернатор сайланбалы қызметке ұсынылғандарды бекітпестен бұрын бұл қызметке кімнің лайық екендігі жөнінде ахунмен кеңесуі тиіс;

5. Қырғыз тұрғындары дін қызметкерлерін ұстау (қаржыландыру) мәселесінде өз ережелеріне сай ерікті болсын;

6. Қажылыққа баруға, Қабғаға тәубе етуге қырғыздар ерікті болсын;

7. Қажылыққа бару үшін хафин билеті мен паспорт алуда қырғыздарға кедергі жасалмасын;

8. Қырғыз ауылдарына миссионерлердің келуіне тыйым салынсын;

9. Қырғыздарға мұсылман дінінен басқа дінге өтуіне тыйым салынсын. Әсіресе, өзінің дінін және өтетін басқа дінді жете білмейтіндерге, сондай-ақ кәмелет жасқа жетпегендерге басқа дінге өтуіне рұқсат етілмесін....;

10. Губернатор мен уез басшыларының қарауына неке қию және ажырату істері жатпайтын болсын;

11. Әкімшілік неке істеріне араласпасын....;

12. Мешіттер мен медреселердің жанында вакуфтар болуына рұқсат етілсін;

13. Қырғыздар империяның барлық аймақтарында жер иемденуге, мемлекеттік қызметпен шұғылдануға құқылы болсын. Олардың құқығы православие дініндегілердің құқығымен теңестірілсін;

14. Мұсылман дін иелері православ пастырлары сияқты құрметтелетін болсын;

15. Мектепте мынандай шарттар орындалсын: оқушыларға балиғат жасқа жеткенше қырғыз оқулықтары бойынша мұсылман дінінің қағидалары оқытылсын, кейіннен мұсылмандық пен діни сабақтар қалдырылмастан орыс тілі пәні оқытылсын;

16. Мектептерде қырғыз балаларына христиан дінінің негіздері оқытылмасын;

17. Қырғыз жерлерінде бос жатқан жерлер бола қалған жағдайда мұндай жерлер бір діндегілер қатар өмір сүретіндей етіліп Ресей, Кавказ мұсылмандарына берілетін болсын;

18. Бұрындары салынған мешіттер мен медреселер қазіргі кезде ескіріп, құлауға жақындағандықтан оларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге нұсқау берілсін. Сонда халықтың Ұлы монархқа деген сүйіспеншілігі арта түсер еді;

19. Төтенше съездер жылына бір рет шақырылсын. Бұл съезге басшылармен қатар ахун да қатыссын» [214,76-б.].

Ә. Бөкейханов петиция мәтінінде дінге байланысты талаптардың бірінші кезекте тұрғанын діншіл, түрікшіл интеллигенцияның халық арасындағы ықпалының басым түсүп жатқанымен байланыстырған болатын [215,7-п.].

Қазақ халқының өміріндегі өзекті мәселелерді көтерген Қарқаралы петициясы Петербургке жіберілгені туралы хабар Дала генерал-губернаторына жетісімен Омбыдан Қарқаралы уезі басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде нұсқау келіп түсті [210,6-п.]. Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский петицияны жазуды ұйымдастырушылар мен осы құжатқа қол қоюшыларды анықтауға белсенді түрде кірісіп кетті.

Оссовский өзінің тексеру жұмыстарын жүргізе отырып, Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың қатарында Ә. Бөкейханов, Ж. Ақбаев және А. Байтұрсынов бар екенін, петиция мәтінін Темірғали Нұркенов қазақ тілінен орыс тіліне аударғанын, петицияға қол қоюшылардың ішінен 42 адамның аты-жөнін анықтайды. Бұл жайлы Дала генерал-губернаторын хабардар етеді [210,7-п.]. Сөйтіп, патша өкіметі Ж. Ақбаев, А. Байтұрсынов және Ә. Бөкейхановтың үстінен сырттай іс қозғап, артынан андушылар қояды.

Тарихшы С. Смағұлованың зерттеулеріне қарағанда, петицияны ұйымдастырушылар ретінде Ә. Бөкейхановтың Тоқырауын болысындағы інісі Сымақан Бөкейхановты, Ж. Ақбаевтың Берікқара болысындағы ағасы Ыбырай Ақбаевты, Қу болысының басқарушысы Хасен Ақаевты, Қарқаралыдағы фельдшер Рахмет Райымбековті, Ақшатау болысының қазағы Бұдабек Райымбековті, Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқушысы Асылбек Сүлейменовті патша өкіметі тұтқынға алған [231,47-49-бб.].

Қарқаралы петициясына қол қойған 42 адамның ішінде 21 болыс басқарушысы және 21 халық судьялары болған. Бұлардың барлығы да облыс орталығына тергеуге шақырылғанда мәлімет беруден бас тартып, қалаға бармай қояды [168,30-б.]. Олардың бұл әрекетінің өзін патша өкіметінің отаршылдық саясатына қыр көрсетушілік ретінде бағалауға болады.

Орталық билік орындарында петиция жазып тапсыру 1905 жылдың жазында Торғай және Орал облыстарында да бой көрсетті. Бұл облыстарда жазылған петицияның басты ерекшелігі қатарында екі облыс қазақтарының орталық билікке білдірілетін талап-тілектерінің біріктірілуін және оның арнайы делегация жіберу арқылы тапсырылуын жатқызуға болады.

Деректік материалдарға қарағанда, Орал және Торғай облыстарында әзірленген петицияны Петербургке тапсыру үшін жіберілген делегация

мүшелері Орынбор қаласынан 12 шілдеде шыққан [228,5-б.]. Орал және Торғай облысы қазақтарының петициясын дайындауда Бақытжан Қаратаев басшылық рөл атқарған [219,96-б.].

Арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған бұл петицияға 44 адам қол қойған [227,15-п.]. Оны апарып тапсырған делегация қатарында Б. Қаратаевтан өзге, Мырзағұл Қайдаров, Сабыржан Кийкин, Жұмағұл Мусин, Ғұбайдулла хазрет Ешмұхамедов, Мұхаммедқазы Меңдікұлов, Әбдібек Бірімжанов, Досмайыл Тоқтабаев, Жаһанша Сейдалин болған [227,16-п.].

Орал және Торғай облыстары қазақтарының петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату, Дала ережесін жаңа заңмен ауыстыру секілді мәселелер көтерілді.

Орталық билік орындарына петиция жазып тапсыру Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты қазақ облыстарында 1905 жылдың жаз-күз айларында қолға алынған болатын. Бұл ретте 19 жылы тамызда Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтарының 1000 адам қол қойған [168,31-б.], Сырдария облысы Әулиеата уезі қазақтарының 50 адам қол қойған [227,17-п.] және Қазалы уезі қазақтары атынан әзірленген [232,86-87-бб.] петициялардың орны ерекше. Түркістан генерал-губернаторының кеңсесіне келіп түскен мәліметтерге қарағанда, Түркістан өлкесі мұсылмандары атынан да патшаға петиция жазылған. Бұл петицияны әзірлеуге өзбек халқының көрнекті қоғам қайраткері Мұнауар Қари Абдрашидханов және көрнекті қазақ зиялыларының бірі Сералы Лапин жетекшілік еткен [227,18-п.].

«Тарджиман» газетінің көрсетуінше, Түркістан өлкесі мұсылмандары атынан жолданған петицияда өлкеде өз алдына жеке діни басқарма құру, бастауыш мектептерде ана тілінде білім алуға кедергі жасамау, жергілікті халықтардың газет-журналы болуы, қоныс аудару саясатын доғару секілді талап-тілектер білдірілген [234,86-б.].

Мұндай талап-тілектер граф С.Ю. Витте атына жеделхат арқылы жіберілген Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтарының петициясында да айтылған еді [234,81-88-бб.]. Бұл петиция жайлы М. Тынышбаев: «Онда үкіметтің пасық саясатына ашық наразылық білдірілді» [168,32-б.], - деп атап көрсеткен.

«Русский Туркестан» газеті Әулиеата уезі қазақтарының граф С.Ю. Витте атына жолдаған петициясында дін мәселесімен бірге жер мәселесі де көтерілгендігін хабарлайды [234,87-б.].

Қазалы уезі қазақтарының петициясы Петербургке арнайы делегация жіберу арқылы граф С.Ю. Виттеге тапсырылған [154-120-п.]. Бұл делегацияның құрамында С. Лапин, И. Әбуов және М. Оразаев болған [234,88-б.].

Петицияда Қазалы уезі қазақтары өздерінің дініне ешкімнің де қол сұқпауын, Түркістан өлкесі мұсылмандарына өз алдын жеке діни басқарма құрылуы керектігін талап етіп, қазақтар арасындағы қылмыстық істерді әдет бойынша қарайтын билерді қазылармен ауыстыру керектігін де сұраған болатын [234,89-б.].

1905 жылы қазақ даласының барлық аймақтарында жазылған петициялардың мазмұнымен танысу олардың сол кезеңдегі қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы құжаттар екендігін, сондай-ақ бұл петициялар қазақ халқының Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалысында ерекше көрініс болғанын аңғартады.

Кеңестік тарихнаманың бұл петицияларды «феодалдық-бай жоғары тап пен мұсылман дін басылары» халықты азаттық қозғалыстан аулақтау мақсатында ұйымдастырды» [236,68-б.] деген пікірі шындыққа мүлде жанаспайды. Керісінше, бұл петициялар азаттық қозғалысы барысында саяси күрестің ерекше бір үлгісі болды. Шын мәнінде, бұл петицияларды әзірлеуге дін басылары ғана емес, қазақ халқының көзі ашық, оқыған зиялы азаматтары да белсене араласып, халықтың мүддесін қорғау жолында күресті. Мұны жоғарыда келтірген мәліметтерімізбен қатар М. Дулатовтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «1905 жылдан бері қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеуден, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды» [237,2-б.], - деп жазғаны да нақтылай түссе керек.

Орталық билік орындарына жолданған петициялардағы талап-тілектерді патша үкіметі қанағаттандыруға құлық танытпай, ендігі жерде петициялардың жазылуына барынша кедергі жасауға, ондай әрекеттермен күресуге тырысып баққанымен де қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына тосқауыл қоя алмады. Патша өкіметінің петициялардағы талап-тілектерді ескергісі келмеуі халықты билікке деген сенімнен айырды, қазақ зиялыларын азаттық қозғалыстағы саяси күрестің жаңа тәсілдерін меңгеруге итермеледі. Осы тұста ұлттық-либералдық қазақ интеллигенциясы өзін қоғамның саяси өмірінде үкімет пен жергілікті халық бұқарасын байланыстыратын күш ретінде көрсетуге ұмтылды.

1905 жылы 15 тамызда Нижний Новгородта Бүкілресейлік бірінші мұсылмандар съезі болып өтеді. Үкімет орындарының рұқсат бермеуіне байланысты бұл алғашқы съезді жасырын түрде қала маңында, Ока өзеніндегі «Густав Струве» кемесінде өткізуге тура келді. Татар, әзербайжан, қазақ және тағы басқа мұсылман халықтарының өкілдері қатысқан съезге И. Гаспиринский төрағалық етеді [238,235-б.]. Съез әзербайжан халқының саяси қайраткері А. Топчибаевтың: «Уа, дінге, берік бауырлар! Осы күн мәңгі есімізден шықпас. Бұл күн бұдан соң да Ресей мұсылмандарының жыл сайынғы ұлттық мейрамдарының бірі болатындығына шүбә келтірмеймін. Біз тегіміз, дініміз, тағдырымыз бір түркі бабаларымыз...» [239,170-б.], - деген сөздерімен ашылды.

Бұл съезде делегаттар діни, мәдени, саяси талаптарын империяның шет аймақтарындағы езілген мұсылман халықтарының құқықтары тұрғысынан тұжырымдады. Съезде: «Аталған мақсатқа жету жолында мұсылмандардың прогрессивті тобы заңды түрде іс-әрекет етіп, мұсылмандарға қатысты шектеуліктерді алып тастауды көздейді. Мұсылмандарды орыс мемлекетінің



басқа тұрғындарымен саяси, азаматтық және діни жағынан толық құқықтық теңестіруді талап етеміз» [214,46-80-бб.], - деген тұжырымдама қабылдады.

Сөйтіп, ресми билік орындарының ислам дінін қысымға алып қудалауы, қазақтарды шоқындыруы, мектеп-медреселерде орысша оқытуды енгізуі қазақ халқының, тіптен барлық мұсылмандардың наразылығын тудырды. Бұқара халық өзінің әдет-ғұрпына, салтына, дәстүріне, тіліне дініне зор қауіп төнгенін түсіне бастады. Әрине, бұл наразылық ол кезде жеткілікті дәрежеде ұйымдаспаған, әлі де әлсіз болатын. Дегенмен де, осындай петициялар жолдау арқылы отаршылдық саясатқа ашықтан-ашық қарсы шығуының өзі-ақ отаршыл әкімшілік орындарының, барлық отаршылардың айдауына қазақ халқының оңайлықпен көне қоймайтынын, өзінің ұлттық қасиеттерін сақтау үшін тайсалмай күресетінін анық байқатты.

### **2.3 1917 жылғы қос төңкеріс тұсындағы діни басқарма мәселесі**

Ресей бірінші Мемлекеттік Думасының Мұсылман фракциясы (1906-1907 жылдар) – Ресей империясының татар, башқұрт, қазақ, әзербайжан және т.б. түрік-мұсылмандарын біріктіретін және діни-ұлттық принциппен құрылған парламенттік фракция.

Бірінші Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы (27.04-08.07. 1906) 1906 жылы 21 маусымда құрылып, құрамына 22 депутатты біріктірді. Оның құрамында зиялы қауым өкілдері, либералды бағыттағы саясаткерлер мен мұсылман қызметкерлері болды, мысалы: 1895-1901 жылдары Орынбор мұсылмандарының діни басқармасының жиналысының құрметті хатшысы А. Ахтямов, Орынбордан ахун Ш. Матинов, Қазан губерниясынан молда Ф. Меңдібаев, Уфа губерниясының ахуны Я. Хурамшин, Вятка губерниясынан молда Ш. Хұсайынов [241,56-п.] сынды кісілер енді.

Мұсылман фракциясының бірінші жиналысында оның басқарушы бюросы сайланды: А. Тобшыбаев (барлық фракцияның және бюроның төрағасы), С. Алкин, А. Ахтямов, С. Жантөрин, И. Зиатханов, М. Рамеев, Б. Сыртланов. Мұсылман фракциясы бюросының барлық мүшелері 1905 жылы құрылған Иттифак-ал-муслимин (Мұсылмандар бірлестігінің келісімі) атты жалпыресейлік партия құрамына кірді. Фракция отырысының жоспарына мұсылмандардың кезекті съезіне дайындық туралы мәселе енгізілді. Бұл съезде (1906 жылы тамыз айында Н. Новгород қаласында болып өтті) Иттифак-ал-муслимин партиясы нақты құрылды, бағдарламасы қабылданып, Орталық Комитеті тағайындалды. Мұсылмандар форумының күн тәртібінде басты сұрақтардың бірі - діни мәселелер болды. Съезде қабылданған діни реформалардың жобасы үкіметтің Ресей мұсылмандарының ісіне араласуын шектейтін шараларды ұсынды. Раис ал-улам басқаратын жеке мұсылман министірлігін құру қарастырылды. Съезд шешімінде мұсылмандардың діни басқармасы тек қана діни істерді басқарып қана қоймай, сонымен қатар сауат ашу, қайырымдылықпен де айналысуы керектігі айтылды [241,57-п.].

Екінші Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының саяси бағдарламасы Иттифак-ал-муслимин партиясының бағдарламаларының негізгі

талаптарын қайталады. «Діни құрылым» атты бөлімінде Ресейдегі ешбір дінге мемлекеттік статус (дәреже) бермеуді, мемлекет алдында барлық конфессиялардың тең болуы талаптары ұсынылды. Бағдарламаның келесі тарауларында мемлекеттік ұйымдардың діни қоғамдардың істеріне араласуын тоқтату қажеттілігі, мұсылман қоғамының діни-мәдени салада заңды құқықтарын кеңінен ұсыну қажеттігі айтылды [241,58-п.].

Құрамында, оның ішінде мұсылман өкілдері - Б. Қаратаев, С. Мақсудов, М.Ш. Тоқаевтар да бар, 33 адамнан тұратын «Ар – ождан еркіндігін жүзеге асыру комиссиясы» құрылды, комиссияға діни саясатты либерализациялау бойынша үкімет бағдарламасын (11 заң жобасынан тұратын) қарастырды. Дума комиссиясы шегінде «өз күшіне енген заңдағы ... саяси және азаматтық шектеулерді жою туралы» заң жобасымен жұмыс жүргізетін тағы да шағын комиссия құрылды, оның жұмысына мұсылман депутаттары белсенді қатысты [242,2-п.].

Екінші Мемлекеттік Думаның таратылып, үшінші Мемлекеттік Думаның шақырылуына орай (1.11.1907 - 9.06.1912) православтық негіздегі өкімет пен оған бағынышты жағдайдағы басқа конфессионалды құрамдастықтар туралы мемлекеттік заң жобасын даярлау міндеті халық ағарту органдарының қарауына қайта берілді. Заң жобаларымен жұмыс жасау үшін дін мәселелері бойынша дума комиссиясы құрылды. Оның құрамына Мұсылман фракциясының мүшесі М.Ш. Тоқаев кірді. Аз санды Мұсылман фракциясы (8 депутат) дума комиссиясының төрағасын ауыстыруды, шіркеу священнигінің орнына азаматтық тұлғаны сайлауды ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданған жоқ [242,3-п.].

Үкіметтің діни қатынастарды реттеу туралы заң жобаларының ішінде ең маңыздысының бірі - «Бір сенімнен екіншісіне өтуді қарастыратын заңға өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы болып табылды. Ресей мұсылмандары ішінде ресми түрде христан, православ болып саналса да, іс жүзінде исламды уағыздаушы бірнеше топтар болды. Олардың ата-бабалары кезінде күштеп шоқындырылғанымен де, өз сенімдерінен бас тартқан емес, ал заң жобасын талқылау кезінде мұсылман фракциясының төрағасы К. Тевкелев осы тұлғалар категориясы туралы арнайы атап көрсетті. Дегенмен, Дума қабылданған бұл заң жобасын Мемлекеттік кеңес қабылдамай тастады.

Жалпы сұрақтарды талқылауға қатыса отырып Мұсылман фракциясы негізінен мұсылман мәселелерін шешумен айналысты. Оған, ең алдымен, мұсылмандардың діни ұйымдарын қайта ұйымдастыру қажеттілігі және мұсылман дін басыларының қаржы мәселелері жатты. Ішкі істер министрлігінің 1908 жылғы шығындарының сметасын (болашақ шығындар мен табысқа ретінді түсетін қаржылардың есебі) талқылау барысында депутат К. Тевкелев мұсылмандардың діни басқармаларын қаржымен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қордан өте аз ақша бөлінетіндігін және мұсылмандарға салынатын кейбір жасырын салықтардың бар екендігін дәйекті түрде атап көрсетті.

Мұсылман депутаттарының баяндамаларында Ресей заңдарын бұлжыртпай орындаймыз деп шариғат заңдарын бұзу фактілерінің көптеп кездесетіндігі

жайлы мәліметтер келтірілген. Жекелеп алғанда, «Сауда мекемелерінде, қоймалар мен конторларда қызмет етушілердің қалыпты дем алысын қамтамасыз ету туралы» заң жобасын талқылау барысында Мұсылман фракциясы мұсылман сауда қызметкерлеріне діни мереке күндері демалыс алу құқығын беру туралы бірнеше рет ұсыныс жасады. Мұсылман фракциясының бұл ұсыныстарын Дума қабылдамады. Фракция мүшелері өздерінің қарсылығын отырыс залынан кетіп қалу арқылы білдірді.

1910 жылы 26 желтоқсанда Верный қаласында Б. Сыртанов, Ы. Жайнақов және т.б. қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік Думаға қазақ-қырғыз атынан тапсырылатын талап-тілектер қатарына жер, оқу-ағарту, сот мәселелерімен қатар, діни мәселесіні қостыртады. Түркістан өлкесінде діни істерді жергілікті әкімшіліктің қарауынан алу, өлкеде дербес мұсылман діни басқармасын құру, Жетісу облысының қазақ-қырғыздарын тікелей осы басқармаға бағындыру керектігі атап көрсетілген-ді [221,187-п.].

Патша өкіметі империядағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуынан және олардың өзара ынтымағының нығаюынан сескенгендіктен түркі-мұсылман зиялыларын саяси қудалауға түрліше сылтаулар іздестіре бастаған-ды. Осыған орай, полиция департаменті аудандық күзет бөлімдері мен губерниялық жандарм басқармаларының басшыларына: «Соңғы жылдары империяның мұсылман тұрғындары арасында, сондай-ақ шетелдерде панисламизм деп аталатын идеядан туындаған ашық толқулар көрініс табуда. Ресейде мұндай фанаттық қозғалыс жастүріктер мен жаспарсылардың комитеттері тарапынан жан-жақты қолдау табуда. Бұл панисламшыл қозғалыстың негізгі мақсаты бүкіл мұсылман әлемін саяси және экономикалық жағынан Түркияның қол астына біріктіріп, болашақта жалпытүрік республика құру болып табылады. Түркия мен Ресей мұсылмандарының әйгілі публицистері соңғы уақытта өздерінің түбі бір халықтар екенін айтып, дәлелдеуге тырысуда. Олар мұсылмандардың Ресейге өшпендігін қоздырмақшы. Сондықтан да, панисламизмді мұсылмандық қозғалыс ретінде империяның бүгінгі мемлекеттік құрылысына қарсы бағытталған құбылыс деп тұжырымдауға болады» [242,4-п.], – деген мазмұндағы нұсқау хат жолдай отырып, «панисламистердің» қастандық әрекеттерін әшкерелейтін және олардың ұйымдары жайлы тыңшылар арқылы мәліметтер жинаудың тиімді шараларын қарастыру, мұсылман оқу орындарындағы мұғалімдер мен мұсылман дінбасыларының қызметтеріне бақылау орнату, «панисламшылдық» рухтағы басылымдардың таралуына жол бермеу қатаң тапсырылды [243,7-п.].

Түркістан өлкелік күзет бөліміне мұндай нұсқау түсісімен өлкедегі түркі-мұсылман халықтарының белсенді азаматтарына қатаң бақылау орнатылып, олардың іс-әрекеттерінен «панисламшылдықтың» көрінісін іздестіру қалыпты жағдайға айналды. Сондықтан да, 1910-1912 жылдары Түркістан өлкесінде 170-ке жуық адам «панисламизмге» қатысы бар деген айыппен күдіктілер қатарына тіркелген. Олардың қатарында Верный медресенің оқу ісінің меңгерушісі, татар зиялысы Зайнетдин Тазетдинов те бар еді.

XX ғасыр басында Жетісу зиялыларының көшбасшысы саналған Б. Сыртанов, 1912-1914 жылдары жарияланған публицистикалық мақалаларында М. Сералин, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Лапин, Р. Мәрсеков тез арада жалпықазақ съезін шақырып, халықтың жанына батқан отарлық саясаттың салдарынан әлеуметтік, рухани және саяси күйзеліске ұшыраған елдің көкейтесті мәселелерін шешу жолдарын қарастыруды қолдаған еді. Жалпықазақ съезінде Б. Сыртанов «Қазақ даласында өз алдына бөлек мүфтилік құру» мәселесін де талқылауды ұсынады. Қалыптасқан жандарымдық тәртіп жағдайында аталған съезді өткізіп, оның шешімдерін іске асыру мүмкін еместігін жақсы түсінген қазақ зиялыларының А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов бастаған тобы жалпықазақ съезін шақыруға үзілді-кесілді қарсы шықты [244,2-п.].

«Әскери міндет туралы жарғыға өзгерістер енгізу туралы» заң жобасына түзетулерді енгізу мәселесінде мұсылмандардың рухани тұлғалары әскери борышын атқаруы міндетті еместігі туралы Б. Сыртанов сөз сөйледі. Бұл фракцияның аздаған түзетулерінің бірі болды. Бұл ұсыныс Мемлекеттік Думада қабылданып, кейіннен заңдық күшіне енді.

Төртінші Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы (15.11.1912 - 25.02.1917) 6 депутаттан тұрды. Фракцияның қызметі шиеленіскен саяси жағдайларда жүріп жатты [244,3-5-пп.].

Мұсылман фракциясы елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне уақытында көңіл бөлді. 1917 жылы 15-17 наурызда Петроградта фракция мен бюросының жиналысы өтті. Мұнда мұсылман халықтарының жалпыресейлік съезін шақыру туралы шешім қабылданды. Съезді дайындау мен жүргізу үшін А. Цалихов төрағалығымен Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросы құрылды [245, 23-п.].

Бірінші Мемлекеттік Думаның депутаты Ақтямов Орынбор мүфтилігі туралы: «Мұсылманға мүфтилік бергенде үкімет амалсыздан берген еді. Алай қылып, бұлай қылып мұсылман рухани істерін орыс төрелерімен ұстаймын деп, тізгіннен мұсылман шығып бара жатқан соң, мұсылманға мүфтилік берген еді. Біздің рухани ісімізді түзетсе, бізді аяғаннан емес, тағы да амалдың жоқтығынан жасайды. Біздің мұсылман өзі бірігіп, бір жеңнен қол шығарса»[245,24-25-пп.], - дейді.

Бұдан кейін үшінші Мемлекеттік Думаның мүшесі С. Мақсудов баяндама жасады, ол мұсылман рухани ісін түзеткенде негізі мынандай болса деген еді:

«1-ші – Мүфтиден махалле молдасына шейін жұрт сайлауымен болсын;

2-ші – Әлі күнге дейін рухани басқармасы жоқ мұсылмандар арасында (Түркістан, қазақ облыстары және басқа жерлерде) жұрт тілегімен рухани мекеме ашылсын;

3-ші – Әр облыста Кавказдағы Мәжіліс сияқты мүфти мен махаллені қосып тұратын бір мәжіліс ашылсын;

4-ші – Барша рухани қызметкерлерге қазнадан жалақы берілсін;

5-ші – Рухани қызметкерлердің құқық-дәрежесі орыс попы құқық-дәрежесімен бірдей болсын;

6-шы – Мүфти мекемесінің халықтан алым-салық алып, қазына жинауға құқығы болсын. Бұл қазына рухани ісітерге жұмсалады.

7-ші – Түркістан мен Қырымда уақыт туралы қате заң түзетілсін;

8-ші – Махалле ісіне молдалардан басқа махалле кісілері де қосылсын, махалле заңды жолмен қазынаны қаржыландыруға құқылы болсын, орыс тілінде мұны «юридическое лицо» дейді.

9-шы – Рухани мекемелерінің бәрінде халық сайлап қойған кісілер болсын;

10-шы - Рухани басқарма қол астындағы молдалар мен халық сайлап жіберген өкілдерді сиезге шақыруға заңды тұрғыда құқылы болсын(мұндай құқық осы күні орыс попы мен протестанттарда бар).

11-ші – Мұсылман рухани мекемелері өз арасында хат-хабарды мұсылманша жазсын...;

13-ші – Барша рухани мекемелерде мектеп пен медресе ісін басқаратын бөлім болсын;

14-ші - Мектеп пен медресе істері жөнінде заң қабылдансын;

15-ші – Мұғалім мен шәкірттер рухани бөлімінде тіркеуде болсын және олардың құқықтары заңдастырылсын;

16-шы – Мектеп, медресе, махалле ашу және мәсәжәд салу құқығы рухани мекеменің құзырында болсын. Заңда бұл туралы тура айтылсын;

17-ші - Ресей қол астындағы барлық мұсылмандардың рухани істерін басқаратын бір үлкен мекеме ашылсын, мұның орны Петербургте болсын. Оның басшысы министр мәжілісінде болып, патшаға өз тарапынан баяндама жасай алуы тиіс» [245,26-п.]. С. Мақсудов жасаған баяндама съезд жасаған заң жобасының негізі болып алынды.

Бес күн бойы съезде жарыссөздер тыңдалып, соңғы күні мұсылман рухани жолы осылай болсын деп, заң жобасы қабылданды. Бұл жоба 199 баптан тұрды. Осы жобаның қарары әуел бастан мұсылман съезінде қаралмақ екен. Мұны Ғали Мардан-бек Тобшыбаев пен ахун Ғали зада жолдастарымен келіп съезд алдында таратқан болатын. Осы мұсылман съезі жасаған заң жобасының тікелей қазақтарға қатысты біраз баптары бар.

Семей, Ақмола, Торғай және Орал облысының қазақтары Орынбор мүфтилігіне кірсек деген тілектерін бірнеше мәрте қояды. Қазақтың осы мақсатын қуаттап мұсылман съезіне Семей, Қарқаралы, Қостанай қазақтары телеграмма да берген еді. «Қазақтардың Орынбор мүфтилігіне кіреміз деуі съезд комиссиясында көзбе-көз айтылған болатын. Орал қазақтары атынан Бақытжан Қаратаев та бізге осы лайық деді. С. Жалелов (Түркістан), Сералы Лапин бірі шаһар мұсылманы болып, бірі Түркістан қазағы болып, өз алдымызға діни басқарма ашамыз деді. Бұлар жана діни басқарма құру біздің жұртымыздың қолынан келеді десті. Мұсылман съезі екуінің де тілегін мақұлдады. Енді мұсылман рухани ісі туралы мұсылман съезі жасаған заң жобасы Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңестен өтіп заң жүзінде іске аса қалса, Түркістанда өз алдына діни басқарма болады, өзге жоғарыда жазылған облыстардың қазақтары уақытша Орынбор мүфтилігінің қарамағында болады.

Қазақ жетіле келе қоныс ыңғайына қарай өз алдына әлі бірнеше басқарма ашады» [214,79-б.], - деп жазды Ә. Бөкейханов.

1912-1913 жылдары I Балқан соғысында Түркияның жеңіліске ұшырауы орыс қоғамында православтық көңіл-күйдің көтерілуіне әкелді және Дума мінбесінен оңшыл депутаттар «славяндықтың исламды» жеңгені туралы ашық айта бастады. Мұндай мәселелер Мұсылман фракциясының мүшелерінің қарсылығын тудырды [175,100-п.].

Мемлекеттік Думаның барлық шақырылымдарында мұсылман депутаттары азаматтардың заңды құқықтарын олардың қандай да бір дінді тұтынатындығына қарап шектеу мәселесіне үзілді-кесілді қарсы болып отырды.

Халыққа білім беру мәселелері бойынша фракцияның барлық арыздарында көрініс тапқан негізгі талаптардың бірі – конфессионалды мектептерді Халыққа білім беру министрілігінің құзырына Орынбор мүфтилігі жиналысының құзырына тапсыру болатын. Прогрессивті бағыттағы депутаттар фракциясының мүшелері 1914 жылы наурыз айында Дума талқысына «Орынбор мүфтилігі жиналысының құзырына мұсылман рухани мектептерінің мұғалімі атағына куәлік беру құқығын беру туралы» заң жобасын енгізді. Заң жобасы комиссия қарауына жіберіліп, бірақ Думаның жалпы мәжілісінде талқыланбай қалды [175,101-п.].

Фракция мүшелерінің бастамасымен 1914 жылы жаңа мұсылман съезі шақырылды. Съезд делегаттары «Ресей империясының рухани істерін басқару туралы жарғыны» қабылдады. Ол жарғы мұсылмандардың діни істерін басқарудың біртұтас жүйесін құруды, рухани басқармалардың құқықтарын кеңейтуді және мұсылман рухани тұлғаларына мемлекет тарапынан заттай көмек көрсетуді қарастырады. Съездің шешімдері орындалған жоқ [175,102-105-пп.].

Ішкі істер министрілігі 1914 жылы 29 сәуір мен 11 мамыр аралығында мұсылман халықтарының діни істері жайлы мәселе қараған мәжіліс өткізеді. Бұл мәжілісте ешқандай мұсылмадық діни басқармаларға қарамайтын қазақ облыстары мен Түркістан өлкесіндегі халықтардың діни істерін басқару туралы ереже әзірлеу мәселесі талқыланды. Сонымен бірге, діни басқарма қызметкерлерінің штаты туралы мәселе күн тәртібіне қойылды [246,1-п.].

Осыған байланысты мұсылман фракциясы алаңдатушылық білдіріп, тез арада мұсылман съезін шақыруды қолға алады.

Мұсылман фракциясының төрағасы Қ. Тевкелев Ішкі істер министрлігіне хат жазып, мұсылман съезін өткізуге рұқсат сұрағанда, министрлік аталған съезд мамыр айында емес, маусымда өткізілсін, депутаттар саны 35-тен аспасын, олардың тізімі министрліктен тексеруден өтсін, газет тілшілері қатынаспасын және үкімет тарапынан бақылаушы қойылсын деген шарттар қояды [79,6-п.].

Съезд өткізудің басқа амалын таппаған Қ. Тевкелев министрдің шартына көнуге мәжбүр болды. Ақыры, Петерборда 1914 жылы маусым айының 15-де, жексенбі күні сағат екі жарымды 35 кісі шақырылған мұсылман съезі өз жұмысын бастайды. Съезге Ә. Бөкейханов «тарихи мұсылман басшысы» деп

баға берген И. Гаспринский науқастанып қатыса алмайды. Съезге жиналған делегаттардың жетеуі қазақ өкілдері еді. Олар - Ә. Бөкейханов, А. Аманшин, Б. Қаратаев, С. Лапин, С. Шорманов, Ғ. Нарынбетов, Ж. Сейдалиндер болды [247,450-б.].

Съездің төрағасы болып Қ. Тевкелев, ал орынбасарлыққа А. Топшыбаев пен И. Ахтямов, хатшылыққа М. Бигиев пен С. Мақсұдов сайланды. Съездің күн тәртібінде негізінен мұсылман елді мекендеріндегі діни істердің жайын қарастыру және ол жөнінде заң жобасын әзірлеу қойылды.

Съездің алғашқы күні IV Дума мүшесі, заңгер И. Ахтямов делегаттарды Орынбор мүфтилігі мен қазақтар арасындағы діни істер бойынша қолданылып келе жатқан заңдармен таныстырып, ондағы кемшіліктерді сынға алды [247,451-б.].

Қазақ жерінен келген өкілдер арасынан С. Лапин мен Б. Қаратаев та баяндама жасады. С. Лапин қазақ қоғамындағы діни істерге жалпы шолу жасай отырып, қазақтардың діни істері жергілікті әкімшіліктің қарамағынан алыну керектігін айтты.

Бұл съезде, негізінен, мұсылман халықтарының рухани істерін ретке келтіру мәселесі талқыға түседі. Семей облысының қазақтары барша қазақ халқының атынан Петорборға құттықтау жеделхат жолдай отырып: «қазақтарға мүфтилік мәселесін шешуде табандылық танытуды» [248,3-б.] өтінеді. Съезде қазақтар арасындағы рухани істер жөнінде баяндама жасаған Б. Қаратаев: «қазақтар бұрын Орынбор мүфтилігіне қарайтын, өткен ғасырдың 60-шы жылдары үкімет орындары оларды Орынбор мүфтилігінен шығарып тастағанда қазақтар енді православиеге өтеді деп үміттенді. Сондықтан, әр болысқа бір мешіттен артық салуға рұқсат бермеді. Алайда, қазақтар бір мешіттің орнына он мешіт салып, жасырын әрекет етті» [246,2-п.], - дей келе қазақтарды ендігі жерде Орынбор мүфтилігіне қайта қосу керектігін талап етті. Яғни, Б. Қаратаев Орынбор мүфтилігіне қазақтарды қаратқанда патша үкіметі Қазақ ордасы мен Ресейдің ішкі аудандарының жарасымдылығына ұмтылғанын, ал 1867 жылы мүфтиліктен шығарғанда православ дініне өткізуді көздегенін жан-жақты дәлелдеді. Сөз соңында баяндамашы үкімет қазақтарды ислам дініндегі түркі халықтарымен бірігіп кетеді деп сезіктенетінін мысқылдап, Ресей мұсылмандары бір орталыққа бағынған діни басқарма құруы керек деген ұсыныс жасайды [246,3-п.].

Съезд империяның түкпір-түкпірінен келген делегаттардың ой-пікірлерін талқылағаннан кейін «Ресей мұсылмандарының діни істері» атты заң жобасын әзірледі.

Заң жобасында Петерборда мұсылмандардың орталық діни басқармасы құрылсын, дала облыстарының қазақтары Орынбор мүфтилігіне қосылсын, Түркістан өлкесінде өз алдына жеке діни басқарма ашылсын деген ұсыныстар нақты атап көрсетілді [249,489-б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен Мұсылман фракциясы саяси декларациялармен шектеліп қана қоймай, үкіметке соғысты жүргізуге нақты көмектесетін тәжирибелік әрекеттерге көшті. Фракция бастамасымен 1914

жылы 6-10 желтоқсанда Петроградта өткен Ресей мұсылмандарының қайырымдылық қауымдастығы өкілдерінің съезі шақырылды.

Съезд мұсылмандарды әр түрлі жиналыстар мен діни мейрамдарды пайдалана отырып солдаттар мен олардың жанұялары үшін ақшалай қаражаттар жинауды ұйымдастыруға шақырды. Кавказ майданына жіберілетін санитарлық отряд құру және оны барлық қажетті материалдармен жабдықтау туралы шешімі қабылданды. Майдандағы мұсылман солдаттардың әскери рухын көтеру үшін бір топ молда жіберу қажет деп шешті. Съезд делегаттарының бастамасымен көп кешікпей қоғамдық ұйым жауынгерлер мен олардың жанұяларына көмек көрсетуге арналған Уақытша мұсылмандар комитетін құрады. Комитет мүшелері болып басқалармен қатар Мемлекеттік Дума депутаттары К. Тевкелев, И. Ахтямов, М. Жафаров та кірді. К. Тевкелевтің бастамасымен 1916 жылы ақпанда фракция жанында көрнекті мұсылман қоғам қайраткерлерінің жиналысы шақырылды. Жиналыс басқа мәселелермен қатар фракция жанында депутаттардың күнделікті жұмысына көмектесетін тұрақты бюро құру мәселесін талқылады [175,95-п.].

Аталған бюроны 4 тең құқылы депутаттан құру туралы жарғы қабылданды. Бюроны қаржыландыру мәселесі Қазан, Мәскеу, Орынбор, Уфа және т.б. ірі қалалар мұсылмандарынан жиналатын міндетті салымдар есебінен шешілуі тиіс болды. Көп кешікпей А. Цаликов төрағалығымен бюро өз қызметіне кірісіп кетті [175,99-п.].

Мемлекеттік думаның 1915 жылы 27 қаңтардағы мәжілісінде Мұсылман фракциясы мұсылмандардың орыс халқымен толық бірлікте болып, Ресейдің абыройы мен тұтастығы жолында күресетіндігін мәлімдеді [250,4-б.]. Зерттеуші М. Қойгелдиев дұрыс атап көрсеткендей зиялы қауым бұл кезеңде: «үкімет саясатына ашық қарсы емес, оған бейімделу саясатын ұстанды» [220,169-б.].

Мұсылман фракциясы майдандағы әскерлерге мұсылмандардың көмегін ұйымдастырауды қолға алды. Осы мақсатта 1915 жылы мұсылман съезін шақырды. 1915 жылы 6-10 қаңтар аралығында Петербор қаласында өткен бұл мұсылман съезіне Мұсылман фракциясының мүшелерінен басқа Кавказ өңірінен, Түркістаннан, қазақ облыстарынан және т.б. жерлерден 30-ға тарта делегат қатысты. Бұл делегаттардың ішінде Б. Қаратаев та бар еді. Съезде Ресей мұсылмандары атынан Кавказ майданындағы әскерлерге көмек көрсететін отряд құру, оны қаржыландыру, жәрдем ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдар ашу, мұндай қоғамдық ұйымдардың орталық комитетін құру керектігі жайлы шешімдер қабылданды [220,170-б.].

1916 жылы ақпан айының басында Мұсылман фракциясының ұлт аймақтарының өкілдері қатысқан мәжілісі өтті. Онда Мұсылман фракциясының жанында бюро құру керектігі жайлы мәселе қарастырылды. «Союз» газетінің хабарлауына қарағанда, Мұсылман фракциясының бұл мәжілісіне Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов қатысқан [251,1-б.]. Орынбор жандармериясы бастығының Орынбор губернаторына жолдаған мәлімдемесінде А. Байтұрсынов пен Ф. Каримовты Мұсылман фракциясының төрағасы Қ. Тевкелев бұл мәжіліске арнайы шақырғанын, А. Байтұрсыновтың



Петербордағы Мұсылмандар фракциясының мәжілісіне қазақтарға жеке мүфтилік ашу, қазақтарды атты әскерге жазу, земство мәселесін көтеру, қоныс аударушылар толқынын азайтуды сияқты талаптармен барғандығы мәлімделген.

Бірінші дүние жүзілік соғыс ауыртпалықтарын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс зардаптарын бастан кешіріп отырған Ресей мұсылмандары Ақпан революциясын қуана қарсы алды.

Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроград Кеңесінің арасындағы келісім бойынша 1917 жылы 2 наурызда құрылған Уақытша үкімет 3 наурызда декларация қабылдап, онда саяси қылмыскерлерге шұғыл түрде амнистия жариялау, сөз, бапасөз, жиналыс бостандықтарын беру, діни және ұлттық кемсітушіліктерге тиым салу, мемлекеттік басқару формасын айқындайтын Құрылтай жиналысына әзірлік жұмыстарын жүргізу сияқты мәселелерді шешетіндігін мәлімдей отырып, халық бұқарасын «партиялық, таптық, сословиялық ерекшеліктерді ұмытып» жаңа үкіметтің төңірегіне топтасып, оған қолдау көрсетуге шақырды [252,419-420-бб.]. Уақытша үкіметтің ұлт мәселе бойынша қабылдаған алғашқы актілерінің бірі - 1917 жылы 20 наурызда жариялаған Ресей азаматтарын діни наным-сеніміне, ұлтына қарап шектейтін кедергілерді алып тастау туралы жарлығы болды [253,3-б.].

Ресей тарихында тұңғыш рет діни-нанымдық, нәсілдік кемсітушіліктерді жойып, қағаз жүзінде болса да ұлттар теңдігін жариялаған бұл заң актісі патша заманында бұратана атанып езілген мұсылман халықтарын орыс халқымен терезесін тең сезінуіне жол ашты. Көктен іздегендері жерден табылғандай болған халық Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуге даяр екендіктерін танытып, ұлан-байтақ елдің түкпір-түкпірінен құттықтау жеделхаттар жібере бастады.

Мәселен, Торғай облысының Толағай болысының қазақтары өздерінің жеделхаттарында Уақытша үкіметке қолдан келгеннің бәрімен қызмет етуге әзір екендіктерін білдірген [254,3-п.].

Халықтың Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуіне 25 маусым жарлығының күшін жойып, бұратаналарды қара жұмысқа алуды тоқтатуы, ал 7 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға амнистия жариялауы үлкен ықпал етті [255,7-п.].

Ақпан революциясының жеңісі ұлттық езгінің күш-қуатын әлсіретуге және халықтық демократияның қалыптасуына мүмкіндік берді. Халықтың өзін-өзі басқаруына алғышарттар жасалды. Қазақ халқының Ақпан революциясын зор қуанышпен қарсы алу себебін А. Байтұрсынов былайша түсіндіреді: «алғашқы революцияны қазақтар тура түсіріп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруына және екіншіден, олардың өзімізді-өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді» [256,238-239-бб.].

1917 жылы 15-17 наурызда Петроград қаласында мұсылмандар мәжілісі болып өтті. Мәжіліске қатысушылардың ішінде Қазақстаннан Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Сейдалинов, А. Кенжин, Н. Құрбанғалиев және М. Бозтаевтар бар

еді [257,81-б.]. IV Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының мүшесі И. Ахтямовтың ұсынысымен мәжілісте мұсылман халықтарының талап-тілектерін жүзеге асыру және қалыптасқан саяси жағдайда қандай іс-әрекет жасау мәселесі қаралды. Пікір алыса келе мәжіліске қатысушылар Ресей мұсылмандарының іс-әрекетін үйлестіріп отыру мақсатында Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросын құру және жалпыресейлік мұсылман съезін шақыру қажет деп тапты [257,5-б.].

Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросының төрағалығына Мұсылман фракциясы жанындағы бюроньң мүшесі А. Цалихов сайланды. А. Цалихов Ресей мұсылмандарының азаттық күресінде белсенділігімен көзге түскен азамат болатын [89,10-п.].

Мәжіліс алдағы шақырылар мұсылман съезінің бағдарламасына мәдени сипаттағы мәселелермен қатар діни басқарма, оқу-ағарту ісі сияқты міселелерді де енгізді [258,292-293-бб.].

Осы мәжілістен кейін Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросы барлық мұсылман елді мекендеріне жалпыресейлік мұсылман съезі 1 мамырда өтетіндігі және оған делегаттар сайлау ісін тез арада қолға алу керектігі жөнінде хабарлар жөнелте бастады. Съездің күн тәртібіне 13 мәселе қойылатындығы, оның ішінде елдегі мұсылман халықтардың қоғамдық-саяси істерін бір орталықтан үйлестіріп отыратын Ресей мұсылмандарының кеңесін (Шуро-и-ислам) сайлау секілді маңызды мәселенің қаралатындығы хабарланды [259,7-б.].

Ақпан революциясынан кейін Түркістан өлкесіндегі мұсылман халықтардың ірі қоғамдық-саяси ұйымдарының бірі – 1917 жылы сәуір айында өзбек халқының көрнекті саяси қайраткері М.Қ. Абдурашидхановтың жетекшілігімен құрылған «Шура-и-ислам» ұйымы болды.

Облыстық қазақ съездері ұйымдастырылып, оларда негізінен жер, дін, соғыс міселелері қаралды. Оқу, дін мәселелері, дін ісінің мемлекет ісінен бөлініп қойылуы, оқудың ана тілінде жүруін қолға алатындықтарын аңғартты.

Торғай облыстық қазақ съезі бүкіл қазақ халқының мұқтаждықтарын, талап-тілектерін анықтап, оны шешу жолдарын қарастыру үшін Жалпықазақ сиезін шақыру туралы шешім қабылдап, съезді ұйымдастыратын, құрамына Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов енген 8 адамнан тұратын бюро сайлады [260,12-б.].

Облыстық қазақ съездерінде 1917 жылы 1 мамырда ашылатын Жалпыресейлік мұсылман съезі де назардан тыс қалмады. Торғай, Орал, Ақмола облыстық съездерінің күн тәртібінде Жалпыресейлік мұсылман съезі арнайы мәселе ретінде қаралып, оған делегаттар сайланды. Торғай облыстық съезінде жалпыресейлік мұсылман съезіне Сейтәзім Қадырбаев, Ораз Татиев, Аққағаз Досжанова және Сұлтанғазы Ысқақов сайланды [261,27-б.].

Ақмола облыстық қазақ съезі Мағжан Жұмабаевты, Әбубәкір Дауылбаевты, Хасен Қожанбердинді, Байсейіт Әділовты, Олжабай Нұралинді, Құрманәлі Қосшұғұловты, Ақан Әбілхайыровты Жалпыресейлік мұсылман съезіне делегат етіп белгіледі [262,4-б.].

Орал облыстық қазақ съезі Жалпыресейлік мұсылман съезіне қатысу үшін Жаһанша Досмұхамедовты, Халел Досмұхамедовты, Ғабдола Әлібековты, мұғалім Субхановты және алты молданы жіберу жөнінде шешім қабылдады [262,5-б.].

Жалпыресейлік мұсылман съезіне делегаттар белгілеу ісі өлкедегі қоғамдық-саяси ұйымдар – қазақ комитеттері, мұсылман комитеттері және «Шуро-и-ислам» ұйымы тарапынан да жүрді. Мәселен, Орал облысының қазақ комитеттері Ішкі Ордадан Ғұмыр Қарашевты, Жетісудағы мұсылман комитеті М. Ниязовты, «Шуро-и-ислам» ұйымы К. Тоғысов пен Ғ. Ходжаевты делегат етіп белгіледі [263,8-17-бб.].

Жалпыресейлік мұсылман съезі мәселесі 1917 жылы 7-10 сәуір аралығында Орынбор қаласында өткен мұсылмандар мәжілісінде де қаралған еді. Бұл мәжілісті Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросының нұсқауымен Орынбор мұсылман бюросы ұйымдастырды [263,18-б.].

Мәжіліске Түркістан, қазақ облыстары, ішкі губерния мұсылмандарынан 100-ден астам өкілдер қатысты. Олардың ішінде Түркістан өлкесінен «Шуро-и-ислам» ұйымынан Мұнауар Қари Абдурашидханов, Орынбор мұсылман бюросынан Фатих Каримов, Қазан мұсылман комитетінен Нәджиб Халфин, Уфа мұсылман комитетінен Әбдірахман Рахметдинов секілді қайраткерлер болды.

Жаңа қалыптасқан саяси жағдайда мұсылман халықтарының іс-әрекеті мен пікірлерін айқындау мақсатында ашылған мәжілістің күн тәртібінде болашақ мемлекеттік құрылысқа мұсылмандардың көзқарасы, Жалпыресейлік мұсылман съезіне әзірлік жұмыстарын жүргізу, Құрылтай сайлауы, жер, оқу-ағарту және дін мәселелері қойылды.

Мәжілісте дін істері мемлекет істерінен бөлініп қойылсын, шет аймақтарға қоныс аудару тоқтатылсын, ұлттық мектептерде ана тілінде оқытылсын, Жалпыресейлік мұсылман съезінде Ресей мұсылмандары кеңесі құрылсын деген қарар қабылданды.

Ресейде қалыптасқан жаңа саяси жағдайда мұсылмандардың талап-тілектерін тұжырымдап, іс-әрекеттерін бір арнаға түсіруге басты назар аударылды. Осы мақсатта Ресей мұсылмандарының уақытша орталық бюросының ұйымдастыруымен 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Жалпыресейлік мұсылман съезі өтті [263,19-20-бб.].

Бұл съезге қазақ облыстарынан, Түркістаннан, Кавказдан, Қырымнан, Сібірден, Хиуа мен Бұқара хандықтарынан және т.б. жерлерден 830 делегат қатысты [263,21-22-бб.].

Олардың арасында Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ғ. Әлібеков, М. Жұмабаев, К. Тоғысов, У. Танашев, А. Теміров сияқты қазақ зиялылары да болды [264,5-б.]. Съезге 200-ге тарта дін иелері қатысты, оның 30-ға жуығы Орта Азия мен Қазақстаннан еді. Қазақ даласынан барған дін иелерінің ішінде Атбасардан Ә. Дауылбаев, Сырдария облысынан Ғ. Төлебаев, Гурьев уезінен Х. Нұрмұхамедов, Ішкі Ордадан Ғ. Қарашаев, Шалқардан Х. Ахмеджанов, Өскеменнен А. Таңғұлов және т.б. болды [265,8-26-бб.].

Съезге Уақытша үкімет өкілі ретінде Шетелдердің діни істер департаментінің комиссары С.А. Котляровский қатысып, баяндама жасады. Ол өз баяндамасында мұсылман халықтарына ескі өкімет тарапынан жасалған түрлі қысымшылықтарға енді жол берілмейтіндігін мәлімдеді, мұсылмандарға қатысты заң жобасын әзірлеу барысында осы съездің шешімдерін басшылыққа алатындығын айтты [266,5-9-пп.].

1917 жылы 23 маусымда Бүкілресей мұсылмандар кеңесінің атқару комитеті мәжілісінде II Жалпыресейлік мұсылман съезі мен жергілікті жерлердегі съездердің өткізілу мерзімі төңірегінде қызу тартыс жүрді.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мәселесі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында да өз жалғасын тапты. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Жалпыресейлік мұсылман съезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды. Сондай-ақ, осы съезде Орынбор мүфтилігіне жаңадан мүфти мен қазылар сайланған болатын. Мүфтилікке көрнекті қоғам қайраткері Ғ. Баруди, ал қазылыққа құрамында қазақтардан Ғ. Қарашев пен Қ. Ахметжанұлы бар 6 адам сайланды [65,82-90-бб.].

Съезде мұсылман әйелдері ерлермен тең құқықта болсын, Түркістан, Кавказ және Қазақстанда 16 жасқа толмаған қыздарды күйеуге беру тоқтатылсын, қазақ қыздарын жас кезінде атастырып, қалың малға беруге тиым салынсын деген қарар қабылданды.

Оқу-ағарту ісі бойынша съез 23 тармақтан тұратын қарар қабылдады. Онда оқу-ағарту ісі әр ұлттың өз қолында болсын, бастауыш мектептерде оқу ана тілінде жүрсін, барлық мұсылман мектептерінде «ортақ түркі тілі» оқытылсын, жалпыға бірдей оқу міндетті және тегін болсын деген сияқты талап-тілектер айтылды [176,6-п.].

Жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күні белгіленсін, мұсылман жұмысшылары көп өндіріс орындарында мұсылман мектептері, мешіттері салынсын, діни мейрамдарды өткізуге құқық берілсін деген қарар қабылданды [176,7-п.].

Жалпыресейлік мұсылман съезімен қатар ұлт аймақтарының съездерін өткізілу мерзімдері туралы біршама айтыс-тартыс орын алды. Алғаш сөз алған Ж. Досмұхамедов пен У. Танашев Жалпықазақ съезінің 1 тамызда шақырылғандығын мәлімдей келе, Жалпыресейлік мұсылман съезін 1 тамыздан басқа күнге ауыстыруды ұсынды. Бұл ұсынысты Ғ. Ходжаев та қуаттап, Түркістан мұсылмандарының съезі де осы мерзімге қойылғандығын мәлімдеді [176,8-9-пп.].

Ал, Ж. Ақбаев Жалпыресейлік мұсылман съезінің 20 шілдеде өткізілуін ұсынды. Қазақстан мен Түркістан өкілдерінің мұндай ұсыныстарын С. Мақсудов, Г. Исхаки, А. Цалиховтар Ресей мұсылмандарының жікшілдігі деп бағалап, қарсы шықты.

Осылайша, 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Жалпықазақ съезі болып өтті. Ол Қазан қаласында өз жұмысын бастаған ІІ Жалпыресейлік мұсылман съезімен бір мезгілде болды.

Бірінші жалпықазақ съезіне Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Ішкі Ордадан 20-дан астам өкілдер қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібінде мемлекеттік басқару формасы, жер, дін, сот, әйел, оқу, Құрылтай жиналысына делегаттар белгілеу, сондай-ақ Киевте болатын федералистер кеңесіне («Шуро-и-ислам») өкілдер сайлау сияқты мәселелер қойылды.

Бірінші жалпықазақ съезі Ресей федеративтік республика болсын, «қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарамай областной автономия алуы тиіс», «қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін, заңсыз алынған жерлер кері қайтарылсын, халық милициясы құрылсын, дала облыстары қазақтардың діни ісі Орынбор мүфтилігіне қосылсын, оқу ісі ана тілінде жүргізілсін»[267,1-8-пп.], - деген маңызды қаулылар қабылданды.

Жалпыресейлік мұсылмандар кеңесіне байланысты съезд мынандай қаулы қабылдады:

1. Бүкіл Русия мұсылмандарының Шуросында қазақ өкілдері болуы тиіс;
2. «Шуро-и-ислам» ағзалары түрлі мұсылмандардың әрқайсысынан санына қарай болсын;
3. Қазақ халқының уақытша «Шуро-и-исламға» жіберетін өкілдерінің жалпы саны мұсылман съезі лайықтанғанша болсын. Қазақ өкілдерінің санын көбейту мәселесін «Шуро-и-ислам» тез арада шешсін.
4. «Шуро-и-исламға» қазақтан съезд сайланған кісілер 1) Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, 2) Семейден Әбікей Сәтбаев, 3) Торғайдан Әлжан Байбөрин, 4) Оралдан Жаһанша Досмұхамедов, 5) Бөкейліктен Уалидхан Танашев, 6) Жетісудан Базарбай Мәмбетов, 7) Сырдариядан Мұстафа Шоқаев, 8) Ферғанадан Ғабдолрахман Оразаев;
5. Бұл аталғандардың Шуроға бара алмайтындар болса, олардың орынбасарларын областной комитет сайлайды.
6. Шуроға сайланған кісілердің расходын қазақ ұйымдары, комитеттері көтерді;
7. Әр облыстың өкілдер Петроградқа қазірден баруы керек һәм «Шуро-и-ислам» қызметіне кірісу керек;
8. Қазақ өкілдерінің жиылысы Шуроның іс басқаратын комитетіне қазақ ағзаларын өздері сайлайды;
9. Уақытша басқа облыстардың өкілдері жиналғанша Шуроның басқаратын комитетіне съезд Жаһанша Досмұхамедов пен Уәлидхан Танашевты лайықтады» [268,25-п.].

Мемлекеттік Думаның төрт шақырылымындағы Мұсылман фракциясының көрнекті мүшелерінің барлығы дерлік І Жалпыресейлік мұсылман съезінің (1917 жыл, мамыр, Мәскеу) жұмысына да, ІІ Жалпыресейлік мұсылмандар съезінің (1917 жыл, шілде-тамыз, Қазан) жұмысына да белсенді қатысты.

Кейбір мұсылман депутаттары ұлттық съездердің басшылары және мүшелері болып тағайындалды.

Түркістан өлкесінің ұлттық-демократиялық күштерінің талап етуімен Уақытша үкімет 1917 жылы 8 шілде күні В. Чайкинді Түркістан Комитетінің төрағасы етіп тағайындады. Алайда, Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің наразылық танытуы себепті В. Чайкин төрағалық қызметтен бас тартады. Көп ұзамай, 12 шілде күні Түркістан Комитетінің төрағасы болып В.П. Наливкин тағайындалды [269,1-б.].

«Шуро-и-ислам» ұйымы құрамынан С. Лапин шығарып қалған еді. Ол осы тұста Ташкент қаласының дінбасылармен байланыс орнатып, шарифат қағидаларын басшылыққа алатын ұйым құруды қолға алған-ды.

Мұндай ұйымды құру шілде айының 10 күні Ташкент қаласындағы Беклер-Бегі мешітінің ауласында 25 мыңға жуық адамның қатысуымен өткен жиын кезінде жүзеге асты. Тек дінбасылары ғана емес, диқандар мен қолөнершілер және т.б. кәсіп иелерінің қатысуымен өткен жиын кезінде С. Лапин өзінің «әрқашанда таза мұсылмандықты, шарифат қағидаларын жоғары тұтатындығын алға тартып, мұсылмандардың өзін-өзі билеудегі заңды құқығын қамтамасыз етуде бар күш жігерін аямайтындығын мәлімдеп», халықты да осы бағытта болуға және бұл бағытты таңдағандардың бір ұйымға бірігуіне үндеді. Жиынға қатысушылар мұндай ұйымды құруды бірауыздан қолдап, оны «Шуро-и-уламо» («Дін иелері кеңесі» немесе «Ғұламалар қоғамы») деп атауды ұйғарды [270,5-б.].

С. Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымының құрамында дінбасылары – молдалар, ишандар, діни медреселердің ұстаздары басымдылық танытты. Ұйымның белсенді мүшелері қатарында Пірмұхаммед Ачлам молда, Мұхаммед Қожа, Тошпулат Қари молда, Әбдіқадыр молда, Саидмазсудхон молда, Мұхитдинхан молда, Хулугхан Тюреев, Махмұд Махзум молда, Мұхаммед Маралов, Ерназар Мырзаев, Солиджон Мұхаммедов, Ахметжан Қожаевтар болды. Бұл мүшелердің біразы бұрын «Шуро-и-ислам» ұйымында болып, одан С. Лапинмен бірге шығып кеткендер еді. Сондай-ақ, жоғарыда аталған ұйым мүшелері құрамында мұсылмандардың саяси оянуына зор ықпал еткен жәдиттік қозғалысқа ашық қарсы шығушылар, яғни ескі оқу тәсілін жақтаушылар басымдылық танытты.

Сондықтан да, «Шуро-и-уламо» ұйымы сол тұста-ақ қадимашылар (ескішілер), ал «Шуро-и-ислам» ұйымы жәдитшілер (жаңашылдар) ұйымы деп атала бастаған еді.

Дінбасыларының қолдауына ие болған «Шуро-и-уламо» ұйымының бөлімшелерін ашу бағытында бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Мұндай әрекеттерге қарамастан ұйым бөлімшелерін ашу аса табысты жүре қоймады. Шілде айының соңына қарай Қоқан қаласында ұйымның бөлімшесін ашуға қол жеткізілді [270,2-б.]. Самарқан қаласында ұйымның бөлімшесі ашылмаса да, ондағы жергілікті «Иттифак» («Одақ») ұйымы «Шуро-и-уламоға» ізгі ниетте екенін танытты [270,3-б.]. Түркістан өлкесінің Сырдария облысында ұйымның

бөлімшесі ашылмады. Бірақ онда да С. Лапиннің ұстанған бағытын қолдаушылық табылды [271,45-48-пп.].

«Шуро-и-уламо» ұйымының жарғысы болды. Онда ұйымның мақсаты жайлы былай делінді:

1. Ұлттық-діни ой-пікір мен ішкі саяси өмірді прогрессивты жолға қоюды насихаттау...;

2. Ұлтты, мұсылмандардың адамгершілік негіздерін тұрақты мерзімді басылымдар шығару арқылы қорғау;

3. Мұсылман азаматтарының шағымдарын шешудің жолын қарастыру мүмкін келеңсіз жайттарға жол бермеу;

4. Медреселерге, ондағы мұғалімдер мен оқушыларға қолдау көрсетіп, оларды тәртіпке келтіру;

5. Мұғалімдерді ғылыми-ағартушылық жұмыста өздерін көрстетіп білген адамдар арасынан сайлап, тағайындау.

Жоғарыда сонымен қатар, ұйым мүшелерінің сауатты, көзі ашық адамдар болуы керектігі, олардың қарапайым және құрметті мүшелер болып бөлінетіндігі, ұйымға ерекше қызмет сіңген уламолар, дін иелері, ғұламалар жалпы жиналыста құрметті мүше болып сайланатындығы, қарапайым мүшелердің жылына 6 сом көлемінде жарна төлейтіндігі, ұйымға зиянды деп танылғандардың жиналыс ұйғарымымен қатардан шығарылатындығы аталып көрсетілді [271-48-п.].

«Шуро-и-уламо» ұйымы Ресей құрамында Түркістан өлкесінің территориялық автономияны иеленуін жақтай отырып, оның мемлекеттік құрылымында өзіндік ерекшеліктер болуын талап етті. Бұл жайлы М. Шоқай өз естелігінде былай деп жазды: «Ғұлама қоғамы» («Шуро-и-уламо» мәселеге басқашалау тұрғыдан келді. Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген әл-хулафа әр-рашидун мемлекеттік құрылысын қайталау кезеңі демекші болды. «Ғұлама қоғамының» төрағасы Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Маһками шариат» («Шариат соты») деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресей құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шариғат мекемесіне бағынуын талап етті. Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандап келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді ғана талап етті» [272,272-б.].

Жалпыресейлік мұсылмандар кеңесінің атқару комитетінің шешіміне орай 1917 жылы 21 шілдеде Қазан қаласында өз жұмысын бастаған екінші жалпыресейлік мұсылман съезімен бірге мезгілде мұсылман дінбасылары мен мұсылман әскерилерінің съезі өтті. Бұл съездерге Түркістан

мен Қазақстанан, сондай-ақ Кавказ өңірінен делегаттар қатысқан жоқ. Оған негізіне Ресейдің ішкі аудандарының мұсылмандары қатынасты.

1917 жылы шілдеде өткен I Жалпықазақ съезінде Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Закаспий облыстары қазақтарының діни істерінің уақытша Орынбор мұфтилігіне қарауын жөн санаған қаулы қабылданып, мұфтиліктің жанынан қазақ бөлімі ашылсын, оған әр облыстан бір қазы сайлансын, оларға жылына 4 800 сом төленсін деген секілді және т.б. бірқатар ұсыныстар білдірілген-ді [273,9-б.].

1917 жылы ұлт қамын жеген бірден-бір қоғамдық-саяси ұйым – жер-жерлердегі әр түрлі дәрежедегі қазақ комитеттері ұлттық оқу-ағарту, мәдени, діни мәселелерді қолға алып, оның талай жыл шешілмей келеген түйіндерін талқылауға тырысты.

1917 жылы 2-5-тамыз аралығында М. Тынышбаевтың төрағалық етуімен, Е. Қасымов, Қ. Қожықов, Ә. Кенесарин секілді уездік ұлттық ұйымдар өкілдерінің және саясатқа енді ғана араласа бастаған жастар – Т. Рысқұлов пен Қ. Сарымолдаевтың қатысуымен өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы мектеп мәселесін негізгі мәселенің бірі ретінде күн тәртібіне қоя отырып «русско-туземный школдардың барлығы осы күннен жойылсын, оның орнына ұлт мектептері орнасын, орыс балалары аралас оқып жүрген школдарда биылдан бастап қазақ-қырғыз балаларына ана тілі мен мұсылман діні оқытылсын» [274,4-б.], - деген шешімді алға тартты.

1917 жылы 18 шілдеде Жетісу облыстық қазақ комитеті ауылдар мен болыстарға күзде ашылуға даярланып жатқан ұлт мектептері мен медреселері үшін бай кітап қорларымен байланысы бар, өз ісіне тындырымды кітап сатушы Ахмедзәки Зейнуллинге қажетті қаржы бөліп, оқулықтар әкелуге тапсырма берді [275,29-п.].

1917 жылы 13 тамызда Семей облыстық қазақ комитеті мен мұсылмандар комитетінің ұйымдастыруымен облыстық комиссариат және мұғалімдер ұйымының біріккен мәжілісі ашылып, күн тәртібінде Семей облысының мұсылман балаларына арналған мектептер ашу мәселесі қойылады. Мәжілісте Семей облыстық қазақ комитеті мен мұсылмандар ұйымы шығарған қаулылар талқыланды.

Алайда жаңа оқу орындарын ашу қаражат тапшылығы, мамандардың жетіспеушілігі секілді қиындықтармен қатар жүрді. Осындай көп қиындықтармен ашылған Алаш қаласындағы екі жылдық оқытушылар шығаратын медресеге болашақ ұстаз болатын балалар қабылданып, тегін оқуға мүмкіндік беріліп, мынадай оқу бағдарламасы: ұлт тілі, ұлт тарихы, араб тілі, дене тәрбиесі, сызу, ән-күй пәндері бекітілді.

Семей облысы қазақ комитеті оқушылар ұйымымен кеңес құрып, болашақ ұстаздар келешектегі кәсібімен тығыз байланысты болу үшін медресе жағынан «Үлгі мектебін» ашып, қазақ мұғалімдері үшін аса қажетті сабақ берудің әдістемесін қолға алды [276,1-2-бб.].

Қазақ комитеттері халықтың діни наным-сенімін де назардан тыс қалдырмады. Шоқындыруға, миссионерлік саясатқа наразылық білдіріп



отырды. «Алаш қаласында, - деп жазды «Сарыарқа» газеті, - 10-15 жылдан бері орнаған бір дінен екінші дінге аударатын мекеме, миссия бар еді... Русия мемлекетінің басына тігілген туда жазылған ұран мынау еді: «орыс тұқымына, орыс дініне басқа тұқым, басқа дін келімсек болсын», сол тұтынған жолмен Алаш қаласындағы миссияның төбесінде «айдың» үстінде крест орнаған еді. Қазақ комиссариатқа көрсететіп, «ай» алдырылсын деп әмір қылғызды» [277,1-4-пп.]. Семейдегі қазақ комитетінің бұл ісі миссионерлік мекемеге қарсылығы, дін бостандығын талап етуі еді.

Бірінші жалпықазақ съезінің Орал облысына қазылыққа Ғ. Ахметжанұлын, Бөкейдің қазысы қылып Қ. Қарашұлын бекітуі, қалған облыстар Орынбор мүфтилігіне қарасын деген қаулы шығаруды қазақ зиялыларының дін мәселесіне үлкен көңіл бөлгендігінің айғағы болып табылды. Қазақ комитеттерінің дін мәселесіне араласып отырғандығын олардың діни нұсқауларды тағайындауынан көреміз. Мәселен, Орал облыстық қазақ комитетінің төрағасы Жанша Досмұхамедов Гурьев уезіне нұсқаушы молда ретінде Хасан Нұрмағамбетовті тағайындап, бөлімшелік, ауылдық, болыстық және өндіріс орындарында молдаларды сайлап, бекітуді міндеттеді. Орал облыстық қазақ комитетінің тапсырмасымен молда Х. Нұрмағамбетов 1917 жылы 16 қыркүйекте Доссор ұлттық мұсылман комитеті жетекшілері – М. Есболов, А. Ақберлиндердің қатысуымен осында жалпы жиналыс өткізіп, Доссордың имам молдасы қылып Р. Тыншимовты, оның муазин көмекшісі етіп А. Исановты бекітті [277, 5-11-пп.].

Қазақ комитеттерінің өздері ашқан мектеп, медреселерде ислам тарихы, дін ғылымы, араб тілі пәндерін енгізіп, діни тәрбиеші молаларды тағайындауы талай жыл халық санасын улап келген саясатқа қарсы күресінен, қоғамдық моральдің төмендеуіне жол бермеу ниетінен туып жатқан әрекеттер болатын.

Қазақ комитеттері өздерінің ағартушылық-мәдени қызметін халықтың бодандықтың қамытын тастап, өркениетті елдер қатарына тезірек қосылуына бағыттады. Қазақ комитеттерінің рухани мәдениетті жоғары, ұлттық рухы мықты, діни наным-сенімі берік қазақ азаматтарын тәрбиелеуге деген талпынысын, осы жолды көрсеткен тамаша үлгі-өнегелері әлі күнге өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ Орынбор мүфтилігі өз уақытында қазақтардың қоғамдық, рухани өмірінде терең із қалдырғанын аңғаруға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ресей империясы бірнеше ғасыр бойы өз қол астындағы мұсылман халықтарына, ислам мен оның институттарына қатысты саясатын белсенді түрде жандандырып, дамытып отырды. XVIII ғасырдың ортасынан басталған, бірақ сәтсіздікпен аяқталған күштеу, зорлық-зомбылық көрсету тәсілдерінің орнына патша үкіметі жаңа заманда жаңа әдіс-тәсілдерге көшіп, мұсылман халықтарының, оның ішінде қазақтардың ел билеушілерін өзіне тартып, сыйлық беру, марапаттау, алдап-арбау сияқты қитұрқы саясат арқылы отарлауды іске асыра бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде құрылған мекемелердің бірі және бірегейі Ресей империясы территориясындағы мұсылман дінбасыларының қызметін бақылаушы орган – діни басқарма мекемесі болды. Діни басқарма алғаш рет Уфа қаласында 1789 жылы ашылды, дін тұту орнының тек ресми жариялануына қарамастан, ислам-мемлекеттік дін болып есептелді. Діни саясаттағы мұндай бетбұрыс мұсылман халықтарының Ресейге қарсылығын әлсіретті, бұл саясатты іске асыруда ахун, имам және мәзімдер (муэдзиндер) аса белсенділік көрсетіп, мемлекеттің сенімді әлеуметтік тірегіне айналдырды. Мүфтилікті құру арқылы Ресей мемлекеті Орта Азия мұсылмандары арасында саяси үгіт-насихат жүргізуге мүмкіндік ашты.

Сонымен қатар, мұсылман халықтары мекендеген аймақтардың орыс мемлекетінің құрамына қосыла бастаған уақытынан бері қаншама жылдар өтсе де патшалық биліктің исламға қатысты саясатында бірізділік болмағаны айқын көрінеді. Жалпы алып қарасақ, орыс мемлекеті мен ислам арасындағы қарым-қатынас эволюциялық бағытта, қарама-қарсы тұрудан өзара ынтымақтастыққа қарай дамыды. Орынбор мүфтилігінің құрылуы империялық биліктің исламды терезесі тең дін ретінде ресми мойындауы болып табылады. Мұсылмандардың діни басқару әкімшілігін құрғанда патша өкіметі бірқатар мақсаттарды көздеді: яғни біріншіден, мұсылман дінбасыларын өз бақылауына алу; екіншіден, оларды ресейлік және шетелдік мұсылман қауымдары арасында Ресей саясатын жүргізу үшін пайдаланбақ болды. Мемлекет діни басқарманың түркі тілдес халықтар арасында беделінің көтеріліп кетпеуін де қадағалап, кедергілер қойып отырды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басында Орынбор мүфтилігін қатаң қадағалайтын сенімді тетіктер қалыптасты. Мұны Орынбор мүфтилігінің екі жақты бағынышты жағдайда болуынан айқын байқауға болады, яғни ол бір мезгілде Ресей империясының Ішкі істер министрлігі мен Шетелдік діндердің айырықша департаментінің бақылауында тұрды.

Орынбор мүфтилігі құрылымы нақты анықталмаған мекеме болды, діни басқарма мен приходтық дінбасылардың негізгі бұқарасы арасында үлкен алшақтық болды. Мухтасибат түріндегі орта буынды басқарманы құру немесе ахундарға кеңінен билік беру әрекеті іске аспады, мүфтилер мен заседательдер приходтық дінбасылар үстінен бақылау құқығынан шектетіледі. XIX ғасырдың екінші жартысында Ішкі істер министірлігінің және Орынбор генерал-губернаторының бірнеше жарлығынан кейін мүфтилік бұл құзырынан да айырылады. Дінбасылар мәжілісі өз қызметін тек діни басқарма ахундары,

имамдары арқылы ғана атқаруға мәжбүр болды. Әйтсе де, ұйымдастырушылық пен материалдық мүмкіншіліктің әлсіздігі оның іс-әрекеті шеңберін тарылтты.

Діни басқарманың орталық және жергілікті билікке байлаулы болуы мүфтиліктің тәуелсіз өмір сүруіне жол бермеді. Сондай-ақ, үкімет саясатын жүргізуде мүфти сияқты ең жоғарғы дін басын тағайындайтын мықты механизм әсері де болды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында мүфтиліктің басына самодержавиенің отарлық саясатына атсалысқан діни қызметкерлер сайланды. Мүфти қызметіне сайланушыларды іріктеуде олардың мұсылман дінбасылар арасындағы беделінің болуы маңызды орын алды. XIX ғасырдың екінші жартысында үкімет мүфтиліктің басшылығында арнайы діни білімі жоқ, бірақ әкімшілікке берілген адамдардың тұрғанын қалады. Ал, бұл дінбасылардың басым бөлігінің мүфтиді жоғарғы мұсылман иерархы ретінде тек номиналды түрде қабылдауына әкеп соқты.

Алғашқы 3 мүфти – М. Хұсейінов, Г. Габдрахимов және Г. Сүлейменов діни сословиенің өкілдері еді. Аталған адамдарды қызметке тағайындай отырып үкімет олардың шығыс көршілеріне қарым-қатынастары мен Ресей империясының ішкі саясатындағы белсенді рөлдерін негізге алды. Кандидатураны таңдауда жергілікті әкімшіліктің де пікірі маңызды болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында мүфтилерді тағайындау тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Талапкер таңдауға Орталық билікпен қатар Шетелдердің діни істер департаменті де атсалысты. Егер С. Тевкелевті мүфти қызметіне тағайындау барысында Орынбор генерал-губернаторы А.П. Безак маңызды рөл атқарса, 1886 жылы Мұхаммедияр Сұлтановты тағайындау жергілікті биліктің қатысуынсыз жүрді. Жоғарғы мұсылмандық қызметтің міндетіне кіретін талаптар да өзгерді. С. Тевкелев пен М. Сұлтанов мұсылман дінбасыларынан емес еді. Енді мүфти міндеті діни емес, әкімшілік қызмет ретінде қарастырылды. Діни қызметкерлер енді сыртқы саяси бағдарламаларға қатысқан жоқ. Діни басқарма басшысының беделі мұсылмандар арасында төмендей берді, мұны үкімет жақсы біледі. Үкімет мүфти сайлау туралы заң дайындамайтын болды. Оның тағы бір себебі – мұсылман дінбасыларының сайлау өткізу барысындағы дау-жанжалдары еді. Ресей әкімшілігі мүфти қызметіне мұсылман халқын жақын түсінетін, діни ғана емес, қоғамдық көшбасшылық қабілеті бар беделді адамды тағайындаудан қорықты.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңында Орынбор мүфтилігі басшыларының әкімшілік мүмкіндіктері барынша күшейтілді. 1889 жылғы заң бойынша заседательдерді сайлау жойылды және оны тағайындау мүфтидің ұсынуымен Ішкі істер министрлігінің құзырына берілді. Діни басқарма басшысын тағайындау тәртібінде басты тенденцияларды бөліп көрсетуге болады.

Дінбасылар мәжілісіндегі маңызды қызмет мұсылмандардың мүліктік, отбасы-некелік мәселелерін талдау ісімен байланысты болды. Мүфтилік рухани соттың жоғарғы инстанциясы қызметін орындады. Құқықты қолдану тәжірибесінде шариғат заңдылықтары мен жалпыресейлік заңдылықтардан тұратын өзіндік синтездік ерекшелігі болды. Мүфтилер мен заседательдердің

қызметі жоғарғы орган әкімшілігі тарапынан қатаң қадағаланды. Діни басқарма үкімет билігіндегілердің өктемдігінен шарифат қағидаларына қайшы келетін әрекеттерге барды. Ал өз кезегінде шарифат қағидалары Ресей мемлекетінің заңдарына қайшы келетін еді. Мұндай тиым салушының әсіресе мұсылмандық ережелерге сәйкес моральдік нормаларды бұзудағы айыптау ісінде көп кездесті. Бірақ соған қарамастан мұсылман дінбасыларының бір бөлігі тек шарифат заңымен жұмыс істеді, сондықтан да діни мекемелер мен үкімет арасында өзара қайшылықтар туындады.

Үкімет мемлекеттік діни мекемелер мұсылман дінбасылары мен мешіттер санын қысқартады деп ойлады. Алайда, XIX ғасырдың бірінші жартысында Орынбор мүфтилігі бұл мәселеде әлжуаздық танытты да, үкімет мешіттер салуды, имамдар мен мәзімдерді (муэдзиндер) тағайындауды шектеді. XIX ғасырдың соңында мұндай шектеулер алынып тасталды. XIX ғасыр барысында өлкеде мешіттер саны 2, ал имамдар мен мәзімдер (муэдзиндер) тағайындау 2,5 есеге өсті.

Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы құрылған уақыттан бастап мұсылман дінбасыларының қызметіндегі олқылықтарын қадағалайтын апелляциялы орган қызметін атқарды. Әсіресе, діни мекемелер көмегімен лайықсыз әрекеттерінің негізінде ахун, имам, мәзімдердің (муэдзиндер) қызметінен алып тастаған тұрғындар қатары қолданды.

Орынбор мүфтилігінің құзырында мешіттер салу, жөндеу жұмыстарына рұқсат ету, мұғалім қызметін тағайындау және діни қызметке үміткерлерден емтихан қабылдау құқығы болды. Өз қызметі аясында мүфтилік мұсылмандарды оқытуда схоластикалық және схематизмдік (ортағасырлық ілім береу) сарынға бас ұрды. Медресе, мектептерде діни пәндермен қатар орыс тілі оқытылды. XIX ғасырдың соңында Орынбор мүфтилігінің қызметінде М. Уметбаев және Р. Фахретдинов сияқты көрнекті ғалымдар, ағартушылар да атсалысты.

Үкімет Орынбор мүфтилігін мұсылмандар арасында ішкі саяси тетік ретінде пайдаланды. XIX ғасырдың екінші жартысында Орынбор мүфтилігі үкімет тарапынан қолдау таппай, бұрынғы беделінен айырылады. Кейбір мемлекеттік мекемелер мен православ шіркеуі Орынбор мүфтилігінің мұсылмандар арасында ықпалының өспеуіне мүдделілік танытып отырды. Әйтсе де, үкімет олардың жоғарғы мұсылмандардық басқарманы жою туралы талаптарын қолдамады.

XIX ғасырдың аяғында Орынбор мүфтилігі өзінің деңгейін көтеріп, алғашқыда Орынбор, кейіннен Уфа губерниялық әкімшілігінің қарамағынан шығуға талпынды. Бірақ өкімет діни мекеменің бұл бағыттағы барлық талап-ұсыныстарын кері қайтарып отырды. Онымен қоймай, XIX ғасырдың аяғында діни басқарма қызметін қадағалау күшейе түсті. Бірақ, бұл жерде айта кететін жәйт, кейбір жоғарғы дәрежелі шенеуніктердің жымысқы әрекеттеріне қарамай-ақ патша үкіметінің Орынбор мүфтилігін толық жауып тастауға батылы жеткен жоқ.

Патша үкіметінің қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігі қарамағынан алып, жергілікті әкімшілікке бағындыруының астарында болашақта қазақтарды шоқындыру пиғылы жатқан еді. Мұрағат мәліметтері патша үкіметінің отарлау саясатының сипатын ғана айғақтап қоймай, ресми билік орындарының қазақ ортасында мұсылман дәстүрлерінің дендеп таралу үрдісін тоқтатуға дәрменсіздік танытқандығынан мағлұмат береді. Сондықтан да, жымысқы саясаттарынан нәтиже шыға қоймағанын көрген патша отаршылары аяқтарын андып басып, қазақтарды орыстандыру мәселесінде жан-жақты ойластырылған, жымысқы саясат ұстануға мәжбүр болады. Осы мәселе бойынша Түркістан генерал-губернаторы С. Духовский былай деген болатын: «Ғасырлар өте келе біздің 14 миллион мұсылман халықтарымыз жаппай христиандықты қабылдайды деп үміттену бекершілік, бірақ біз христиан шіркеуінің құшағына енуге ниет еткен жекелеген адамдарды барынша жылы қарсы алуымыз керек, сондықтан да уақыты жетіп, негізі қаланғанша миссионерлік істерді жылдамдатудың ешқандай қисыны жоқ. Миссионерлердің шамадан тыс белсенділігіне қарсылық ретінде мұсылмандар өзара бірігіуге тырысуы мүмкін» [200,20-п.].

XX ғасырдың басына қарай үдей бастаған патша үкіметінің қазақтарды шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын, большевиктер революциясынан кейін енді кеңес үкіметі жандандырды. Патша билігінің жасай алмағанын кеңес билігі асыра орындады. Соның нәтижесінде қазақ халқы ата-баба дінінен, тілінен, әдет-ғұрпынан, салтынан, дәстүрінен айырылып бірте-бірте орыстана бастаған еді.

Сөйтіп, ресми билік орындарының ислам дінін қысымға алып қудалауы, қазақтарды шоқындыруы, мектеп-медреселерде орысша оқытуды енгізуі барлық мұсылмандардың, оның ішінде қазақтардың да наразылығын тудырды. Бұқара халық өзінің әдет-ғұрпына, салтына, дәстүріне, тіліне дініне зор қауіп төнгенін түсіне бастады. Әрине, бұл наразылық жеткілікті дәрежеде ұйымдаспаған, күрес бағыты айқын емес қарсыласу ғана болды. Осындай жағдайда қазақ зиялыларының петициялар жолдау арқылы саясатқа ашықтан ашық қарсы шығуының өзі отаршылардың айдауына қазақ халқының оңайлықпен көне қоймайтынын, өзінің ұлттық қасиеттерін сақтау үшін тайсалмай күресетінін анық байқатты.

Қазақ комитеттері өздері ашқан мектеп, медреселерде ислам тарихы, араб тілі пәндерін енгізіп, діни тәрбиеші молаларды тағайындауы талай жыл халық санасын улап келген саясатқа қарсы күресінен, қоғамдық моральдің төмендеуіне жол бермеу ниетінен туып жатқан әрекеттер болатын.

Қазақ комитеттері өздерінің ағартушылық-мәдени қызметін халықтың бодандықтың қамытын тастап, өркениетті елдер қатарына тезірек қосылуына бағыттады. Қазақ комитеттерінің рухани мәдениетті жоғары, ұлттық рухы мықты, діни наным-сенімі берік қазақ жастарын тәрбиелеуге деген талпынысы, тамаша үлгі-өнегелері әлі күнге өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мәселесі 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында өз

жалғасын тапты. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды.

1917 жылы шілдеде өткен бірінші жалпықазақ сиезінде Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Закаспий облыстары қазақтарының діни істерінің уақытша Орынбор мүфтилігіне қарауын жөн санаған қаулы қабылданды.

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ Орынбор мүфтилігі өз уақытында қазақтардың қоғамдық, рухани өмірінде терең із қалдырғанын аңғаруға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Сындалры он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – Б. 75-76.
- 2 Марджани Ш. Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан вә Булгар. – Казань, 1900. – Т. 2. – С. 150.
- 3 Фахретдин Р. Асар. – Казань, 1900. – Т. 1. – Ч. 1; Он же Асар. – Оренбург, 1901-1909. – Т. 1. – Ч. 2-8; – Т. 2. – Ч. 11-15; Научный Архив Уфимского научного центра Российской Академии наук, Ф. 7, оп-1, д-12, л-160-173, д-13, л -70-109.
- 4 Василев А.В. Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов (с предворительным кратким очеркам этих отношений). – Оренбург, 1898. – С. 17-25.
- 5 Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Соб. Соч. В 5-т-х. – Алма-Ата: Глав ред. Каз. Сов. Энци., 1985. – Т. 4.– С. 501.
- 6 Алтынсарин Ы. Шариат ул-ислам: мұсылмандық тұтқасы. // Жұлдыз. – 1991. – № 6. – Б. 3-25.
- 7 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1977. – Т. 2. – 258 б.
- 8 Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, Мерей, Ақиық, 1993. – 80 б.
- 9 Абзанов Ш. К вопросу о народном образовании в Башкирии. – Уфа, 1935. – С. 52.
- 10 Ишмегулов Б. Религиозные деятели во время контрреволюции: 10-летие Октября. – Уфа., 1927;
- 11 Борханов С. От имени аллаха. – Казань, 1930. – С. 19.
- 12 Мозаффари З. Ишаны-дервиши. – Казань, 1930. – С. 76.
- 13 Аршаруни А., Габидуллин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. М., 1931. – С. 136.
- 14 Климович Л. Ислам в царской Росии. – М., 1936. – С. 85-92.
- 15 Вяткин М.П. Сырым Батыр. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951. – 396 б.
- 16 Валиди Д. Очерки истории образованности и литературы поволжских татар. –М.: СПб., 1923. – С. 71.
- 17 Ишмухаметов З.А. Социальная роль и эволюция ислама в Татарии. – Казань, 1979. – С. 43.
- 18 Асфандияров А.З. Религиозная политика царизма в Башкирии в период феодализма // Башкирский край. – Уфа, 1991. – Вып. 1. – С. 1-9.
- 19 Кулбахтин Н.М., Сергеев Ю.Н. Религиозная политика царизма в Башкирии в XVIII в. // Социально-экономическое развитие и классовая борьба на Южном Урале. – Уфа, 1988. – С. 32-43.
- 20 Кульшарипов М.М. Открытие духовногг собрания мусульман в Уфе. – Уфа, 1994. – С. 43-47.
- 21 Фархшатов М.Н. Народное образование в Башкирии и пореформенный период 60-90-е годы XIX в.– М., 1994. – С. 25-30.

- 22 Файзов Г.Б. Государственно-исламские отношения в Поволжье и Приуралье.– Уфа, 1995. – С. 47.
- 23 Шайдуллина Л.И. Коран и шариат о полпжении в семье и обществе: автореф. ... канд. ист. наук. – М., 1963. – С. 79.
- 24 Асфендияров А.З. Семья и брак у башкир в XVIII – первой половине XIX в. – Уфа, 1989. – С. 64.
- 25 Бикбулатов Н.В., Фатыхова Ф.Ф. Семейный быт башкир XIX-XX вв. – М., 1991. – С. 12-15.
- 26 Григорьев В.В. Русская политика в отношении к Средней Азии // Исторический очерк. – СПб., 1874. – С. 75.
- 27 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о примерении русского алфавита к инородческим языкам.– Казань: Қазан. Унив. Баспасы, 1883. – С. 47.
- 28 Чернавский П. Оренбургская епархия в прошлом и будущем. – Оренбург.: типии-литогр. Сагнова Ф.Б., 1900. – С. 66.
- 29 Коблов Я. О татаризации инородцев Приволжского края. – Казань, 1910. – С. 143.
- 30 Добромыслов А.И. Заботы императрицы Екатерины II о просвещении киргизов. // Тр. Оренбург. ученой арзивной комиссии. – 1915. – Вып. 32. – С. 170-173.
- 31 Чулошников А. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами тюркских племен. – Оренбург: Киргоиздат, 1924. – С. 293.
- 32 Бикбулатов С. Башкирские восстания и татары. // Вестник научного общества Татароведения. – 1930. – № 6-10. – С. 72-76.
- 33 Губайдуллин Г.С. Из прошлого татар. – Казань.: Татгосиздат, 1925. – С. 157.
- 34 Тухватуллин Ф. Материалы к истории башкир. Уфа.: Башгосиздат., 1928. – С. 110.
- 35 Каплер А. Россия-многонациональная империя Возникновение. История. Распад. (нам. Тілінен аударған Червонная С.) – М.: Прогресстрадиция, 2000. – 344 б.
- 36 Саркин Н. Влияние русских и татарских «просветителей» на киргизов. // Миссионерское обозрение. – 1903. – С. 56.
- 37 Краснов Н.Г. О роли Ильминского просвещении чувшского народа // Ученые записки ЧАСР. – 1970. – Вып. 52. – С. 53.
- 38 Ильминский Н.И. О системе просвещения инородцев и о Казанской крещено-татарской школе. – Казань, 1913. – С. 135
- 39 Цаликов А.Х. Кавказ и Поволжье. Очерк инородческой политики и культурно-хозяйственного быта. – М., 1913. – С. 189.
- 40 Халид. Қ. Тауарих Хамса. (Бес тарих) / Ауд.: Төтенаев А., Жолдасов А. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 41 Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.



- 42 Алекторов А.Е. Новые течения в жизни магометанских школ // Журнал Министерства народного просвещения. – 1909. – № 4. – С. 123-128.
- 43 Гаспринский И. Россия и Восток. Казань., 1993. – С. 92-112.
- 44 Баязитов А. Отношение ислама к науке и иноверам // Ислам и прогресс. – СПб., 1898. – С. 35-46.
- 45 Ермаков И.А. Ислам в культуре России. – М., 2001. – С. 280-300.
- 46 Абдулатипов Р.Г. Судьбы ислама в России: история и перспектива. – М.: Мысль, 2002. – С. 317.
- 47 Алекторов А.Е. Очерки народного образования в Тургайской области, Летопись. 1744-1898 гг. – Оренбург, 1900. – Вып. 1,2,3. – С. 221-229.
- 48 Березин И. Мусульманская религия в отношении к образованности // Отечественные записки. – 1855. – Т. 98. – Вып. 2. – С. 72-80.
- 49 Климович Л. На службе просвещения. О первой тюркоязычной газете «Терджиман» и ее издателе Гаспринском И // Звезда Востока. – 1987. – № 8. – С. 173-179.
- 50 Ислам мен этникалық мобилизация. – М., 1998. – С. 96.
- 51 Ланд Р.Г. Ислам в истории России. – М.: Восточная литература, 1995. – С. 312.
- 52 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата, 1958. – С. 218-219.
- 53 Жақыппек С.Қ. Қазақ қалай шоқындырылды? // Ақиқат. – Алматы, 1997. – № 3. – Б. 46-49.; Хазіреттер қарсылығы // Ақиқат. – Алматы, 1997. – № 11. – Б. 22-24.
- 54 Қойгелдиев М.Қ. Біз қадір тұтқан құндылықтар. // Қазақ әдебиеті. – 1993. – Б. 2.
- 55 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі. – Алматы, 2004. – Б. 155-200.
- 56 Садвақасова З.Т. Духовная экспанция царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX – начало XX вв.). – Алматы, 2005. – С. 126-257.
- 57 Махаева А.Ш. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы, – 2006. – 39 б.
- 58 Махаева А.Ш., Садуақасова З.Т. XIX ғасырдағы Оңтүстік Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ортаазиялық дінбасылардың алар орны // ҚазМҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2002. – Б. 29-30.
- 59 Мұхтарова Г.Р. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ислам дінінің ықпалы (XIX ғ. 2-ші жартысы): тар ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1994. – 55 б.
- 60 Султанғалиева Г.С. Экономические и культурные взаимоотношения казахского народа с народами Среднего Поволжья и Южного Урала (конец - XIX – нач. XX вв.) Тар. Ғыл. Док. Дисс. Автореф. Алма-Ата., 1990. – С. 24.
- 61 Избасарова Г.Б. Казахско-башкирские отношения в XVIII в. (1701-1755): тар. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 30 б.
- 62 Рүстемов С.К. XX ғ. басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: тар. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 24 б.

- 63 Бисенова Г.А. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы (1905-1907 жж.): тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 29 б.
- 64 Әбенова Б.С. 1868 жылғы әкімшілік басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және зардаптары: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 30 б.
- 65 Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское Духовное собрание в общественной духовной жизни мусульманского населения Южного Урала в ХУІІІ-ХІХ вв.: автореф. ... канд. ист. наук. – Уфа, 1994. – С. 21.
- 66 Хабутдинов А.Ю. Миллет Оренбургского Духовного собрания в конце ХУІІІ-ХІХ вв. – Казань, 2000. – С. 17-20.
- 67 Волков Д.В. Записки об Оренбургском крае // Оренбургские губернские ведомости. – 1839. – С. 50-51.
- 68 Оренбургский листок. – Оренбург, 1876. – № 6. – С. 2-8.
- 69 Указы Оренбургским военным губернатором императрицы Екатерины ІІ-й (1764 г.) и императора Павла І (1797-1800) Оренбургской Ученной Архивной комиссии.
- 70 Обзор Оренбургской губерний за 1895 г. Ведомость. // Адрес-календарь и памятная книжка Оренбургской губернии на 1903 г. – 1903. – С. 97.
- 71 Журнал Оренбургского муфтия: Исторический архив. – Л.- М., 1939. – № 2. – С. 27.
- 72 Бөкейханов Ә. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – 2-кітап. – 224 б. Қазақ газеті. – 1915. – № 94. – 78 б.
- 73 Біздің жақтағы бір жұмыс // Дала уалаяты газеті. – Алматы, 1896. – 76 б.
- 74 История Казахстана (ХУІІІ- начало ХХ вв.) Сборник документов и материалов. – Алматы: Қаз. Унив., 2001. – С. 295.
- 75 Указы императрицы Екатерины ІІ 1773 г. Оренбургским военным губернатором.
- 76 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 3-т., 2411-іс., 1-6-п.
- 77 Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы. – Алматы, 2004. – № 5. – Б. 82-85.
- 78 Гудаков Г.Ф., Гудакова З.И., Аскаков С.Т. Семья и окружение. – Уфа, 1991. – С. 29.
- 79 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 3155-іс., 2-бөлім., 1-4-п.
- 80 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 3562-іс., 2-бөлім., 6-п.
- 81 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 3583-іс., 92-п.
- 82 ООММ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. 6-қ., 10-т., 3590-іс., 105-118-п.
- 83 Казахско-русские отношения в ХУІІІ-ХІХ вв. (1771-1867 гг.) // Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1964. – № 47,48. – С. 94-101.

- 84 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 3-бөлім, 8152-іс, 4-п.
- 85 Валиди А. История Башкир. История татар и тюрков. Уфа., 1994. – С. 133.
- 86 История татарии в документах и материалах. – М., 1937. – С. 348.
- 87 Мухарямов М.К. Кюм Насыри и его эпоха // Выдающийся просветитель-демократ Каюм Насым. – Казань, 1968. – С. 15.
- 88 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 3-т., 2445-іс., 76-98-п.
- 89 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 8-942-іс., 14-15-п.
- 90 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 1-т., 392-іс., 12-п.
- 91 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы.– 934-іс., 5-бөлім., 81-82-п.
- 92 Материалы по истории Башкирской АССР.– Уфа. – Т.5, № 452. – С. 601-602.
- 93 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 990-іс., 1-п.
- 94 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 1555-іс., 78-п.
- 95 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 575-іс., 4-п.
- 96 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 868-іс., 110-п.
- 97 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы.– 2-т., 8777-іс., 7-п.
- 98 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 8891-іс., 2-п.
- 99 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 5820-іс., 2-п.
- 100 Русское православие вехи истории. – М., 1989. – С. 230-231.
- 101 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 6541-іс., 17-п.
- 102 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 1026-іс., 17-п.
- 103 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 4-т., 8085-іс., 201-п.
- 104 БР ОММ. И-259-к. Оренбургское Магометанское Духовное Собрание. – 3-т., 1-іс., 13-п.
- 105 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 763-іс., 10-п.
- 106 ООММ. 6-к. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 4-т., 8160-іс., 1-п.

- 107 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 1662-іс., 1-п.
- 108 БР ОММ. 2-қ. Орынбор Мұсылмандар Діни басқармасы. – 1-т., 1480-іс., 36-п.
- 109 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 2-бөлім., 3923-іс., 1-п.
- 110 Лобысевич Ф.М. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическом отношении. – СПб., 1900. – С. 45.
- 111 Рязанов А.Ф. Батыр Сырым Датов // Сов. Киргизия. – 1925. – № 10. – С. 28.
- 112 Рязанов А.Ф. Отголоски пугачевского восстания в киргиз-кайцаской Малой Орде – Сов. Киргизия. – 1924. – № 10. – С. 46.
- 113 Диваев А.А. Киргиз-казахский богатырский эпос. – Ташкент, 1922. – С. 123.
- 114 Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – Т. 4. – С. 15.
- 115 Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких Орд и степей. – 1832. – Ч. III. – С. 16.
- 116 Крафт И.И. Сборные узаконенной о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – С. 306.
- 117 Прусс А. Критический анализ миссионерской педагогики в Казанском крае. // Педагогическая мысль в Казанском крае в XIX-XX вв. – Казань, 1979. – С. 4-10.
- 118 Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758. – Казань, 1889-1897. – Вып. 1-5. – С. 160.
- 119 Алекторов А.Е. Чем и как способствуем укреплению мусульманстве в киргизах // Истории и быта киргизов: материалы для изучения страны. – Оренбург, 1892. – Вып. 2. – С. 2.
- 120 Обзор Оренбургской губерний за 1985 г. // Ведомость: адрес календарь и памятная книжка Оренбургской губернии. – 1903. – С. 97.
- 121 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 2-т., 1713-іс., 1-2-п.
- 122 ҚР ОММ. 4-қ. Областное правление Оренбургскими киргизами. – 1-т., 5594-іс., 560-п.
- 123 Добромыслов А.И. Тургайская область Исторический очерк – Оренбург, 1898. – С.173.
- 124 Добромыслов А.И. Заботы императрицы II о просвещении киргизов // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 1915. – Вып. 32. – С. 170-173.
- 125 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 2060-іс., 304-п
- 126 Бекмахамбетов Ө. Отарлау саясатындағы татар молдаларының қызметі. // Изденіс-Поиск. – 1999. – № 4-5. – Б. 8.

- 127 Грязневич П.А. Коран в России (изучение, переводы и издания) // Этнографические обозрение. – 1996. – № 3. – С. 80.
- 128 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 1-бөлім., 1271-іс., 62-п.
- 129 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 2096-іс., 262-п.
- 130 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 495-іс., 2-3-п.
- 131 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 3922-іс., 11-п.
- 132 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 864-іс., 30-п.
- 133 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 44655-іс., 5-п.
- 134 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 14005-іс., 5-п.
- 135 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 858-іс., 1-п.
- 136 ҚРОММ. 4-қ. Орынбор қырғыздарын облыстық басқару. – 1-т., 212-іс., 328-п.
- 137 ООММ. 5-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 1-т., 24-іс., 80-п.
- 138 ҚР ОММ. 78-қ. Временный совет по управлению Внутренней Киргизской Ордой. – 10493-іс., 1-п.
- 139 ООММ. 222-қ. Оренбургское Духовное правление. – 2-т., 211-іс., 4-п.
- 140 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 2-бөлім., 3155 а., 4-6-п.
- 141 Мырзахметов М.М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 1993. – 38 б.
- 142 Тажибаев Т.Т. Школы Внутренней орды во второй половине XIX в. // – Вопросы истории Казахстана XIX – нач. XX вв. – Алма-Ата, 1973. – С. 127.
- 143 Кушенов Р. Неудавшаяся попытка открыть школу // Киргизская степная газета. – 1896. – № 26. – С. 67.
- 144 Мухтарова Г.Р. Духовное управление Казахстана: история становления и современное состояние // Материалы Международной научно-теоретической конференции «Фундаментальные и инновационные проблемы востоковедного образования и науки», посвященное 75 – летию КазНУ им. Аль-Фараби. – Алматы, 2009. – С. 404
- 145 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 14005-іс., 48-п.
- 146 Ильминский Н. Сборник статей. – Казань, 1916. – С. 45.
- 147 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. 5-т., 10931-іс., 1-п.

- 148 Масеевич М.Г. О школах в степи. Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алматы, 1960. – Т. 1. – С. 274.
- 149 ҮІ Об управлении духовными делами киргизов. 120-құжат. – С. 339.
- 150 Есмағанбетов К. Қазақтар шет ел әдебиетінде. – Алматы, 1994. – 83.б.
- 151 Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша үкіметінің отарлық саясаты. – Алматы, 1997. – 15. б.
- 152 Рождествина А.Н. Ильминский и его система инородческого образования в Казанском крае. – Казань, 1900. – С. 25.
- 153 Әбішева Ж. ХІХ ғ. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы миссионерлік саясаты. // Ізденіс-Поиск. – 1999. – № 4-5. – 47. б.
- 154 Мұхтарова Г.Р. Қазақстандағы ислам діні: қажылық (ХІХ-ХХ ғғ.) // Материалдар жинағы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 252 б.
- 155 Права поземельной собственности в Туркестанском крае // Туркестанские ведомости. – 1891. – С. 70.
- 156 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 942-іс., 4-7 п.
- 157 Цаликов А. К современному положению магометанских духовных правлений. // Слово. – 1909. – С. 180.
- 158 Құл-Мұхаммед М. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 49 б.
- 159 Остроумов Н.П. Способны ли кочевые народы Азии к условию христианской веры и христианской культуры. – М., 1864. – С. 15-16.
- 160 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 3-т., 13359-іс., 5-п.
- 161 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 3-т., 2987-іс., 80-п.
- 162 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 13337-іс., 4-п.
- 163 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 13371-іс., 2-п.
- 164 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 13359-іс., 4-7-п.
- 165 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 13371-іс., 46-п.
- 166 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 13377-іс., 1-6-п.
- 167 ҚР ОММ. 64-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 1-т., 436-іс., 10-15-п.
- 168 Тажибаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине ХІХ века. – Алма-Ата, 1965. – С. 38-39.
- 169 Тынышбаев М. История Казахского народа. – Алматы, 1993. – С. 23.
- 170 ҚР ОММ. 318-қ. Статические обзоры Оренбургской губернии за 1888-1913 гг. – 1-т., 1-іс., 5-п.
- 171 ҚА БҒМ ТЭИ. 11-қ., 4-т., 74-іс., 16-п.

- 172 ҚР ОММ. 44-қ. Семиреченское областное правление. – 3-т., 34-іс., 3-п.
- 173 Современное управление Азией // Русский Вестник. – 1886. – С. 478.
- 174 ҚР ОММ. 4-қ. Орынбор қырғыздарын облыстық басқару. – 1-т., 3277-іс., 13-14-п.
- 175 ООММ. 85-қ. Оренбургская духовная консистория. – 1-т., 1-іс., 106-п.
- 176 ООММ. 10-қ. Канцелерия Оренбургского губернатора. – 6-т., 17-іс., 11-п.
- 177 История Татарской АССР с древнейших времен до наших дней. – Казань, 1968. – С. 97.
- 178 ООММ. 164-қ. Канцелярия епископа Оренбургского и Уральского. – 1-т., 164-іс., 25-п.
- 179 ООММ. 10-қ. Канцелерия Оренбургского губернатора. – 10-т., 164-іс., 25-п.
- 180 ООММ. 6-қ. Орынбор әскери губернаторының канцеляриясы. – 10-т., 7647-іс., 5-п.
- 181 Первая всеобщая перепись 1897 г. // Оренбургская губерния. – СПб., 1904. –Т. 28. – С. 47-50.
- 182 ҚР БҒМ ТЭИ. 649-қ., 1-т., 82-іс., 5-п.
- 183 ҚР БҒМ ТЭИ. 25-қ., 1-т., 2255-іс., 7-п.
- 184 Предания адаевцев о святых секты ханафия, живших и умерших на Мангышлаке // Сборник сведений о кавказских горцах. – Тифлиси, 1973. – Вып. 6. – С. 5.
- 185 ҚР БҒИ ТЭИ. 3-қ., 5660-т., 877-іс., 41-п.
- 186 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2987-іс., 8-п.
- 187 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2988-іс., 45-п.
- 188 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – СПб., 1869. – С. 39.
- 189 ҚР БҒМ ТЭИ. 145-қ., 176-іс., 13-14-п.
- 190 Асфендияров А.Е. История Казахстана. – Алматы, 1993. – С. 141.
- 191 Аллаберген Қ.М. Отарлау саясатының ойрандары. – Алматы: Рауан, 1993. – 90 б.
- 192 Ибрагимов И. Очерки быта киргизов // Древняя и новая Россия. – 1876. – Т. III. – № 9. – С. 45.
- 193 Елеуменов Ш.Р., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. (Ежелгі дәуірден 1917 ж.д.). – Алматы: Санат, 1999. – 106 б.
- 194 ҚР БҒМ ТЭИ. 11-қ., 4-т., 114-іс., 31-п.
- 195 Мұхтарова Г.Р. Қазақтың дәстүрлі ғұрыптық құқық қатынастары саласындағы исламның әсері (XIX ғасыр бойынша). Ислам: Тарих және қазіргі кезең. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2001. 131-138-бб.
- 196 Франк А. Татарские муллы среди казахов и киргизов в XVIII-XIX вв. // Культура, искусство татарского народа. – Казань, 1993. – С. 125-131.

- 197 Праведной дорогой ислама // Край Оренбургский. – Оренбург, 2007. – С. 65-70.
- 198 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2709-іс., 7-12-п.
- 199 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2710-іс., 1-5-п.
- 200 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 1361-іс., 25-п.
- 201 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 1360-іс., 1-15-п.
- 202 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 5578-іс., 8-п.
- 203 Межов В. Туркестанский сборник. // Слово. – 1909. – Т. 508. – С. 180.
- 204 Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. // Ақиқат.– 2003. – № 8. – 80 б.
- 205 ӨРОММ. И-34-қ., 1-т., 53-іс., 11-п.
- 206 Государственная дума. Третий созыв: стенографические отчеты. Сессия вторая. – Спб., 1908. – Ч.1. – С. 26-68.
- 207 Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – С. 29.
- 208 ҚР ОММ. 53-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 9-іс., 41-п.
- 209 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 5658-іс., 18-п.
- 210 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2989-іс., 1-2-п.
- 211 Сулейменов Б.С. Революционное движение в Казахстане а 1905-1907 гг.– Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 256.
- 212 Королева Н.Г. Первая российская революция и царизм. – М.: Наука, 1982. – С. 48.
- 213 Из черных бумаг. Поведоносцева К.П. // Красный архив. – 1926. – Т.5. – С. 204-205.
- 214 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1993. – 74 б.
- 215 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 5657-іс., 3-п.
- 216 ҚР ОММ. 369-қ., 1-т., 897-іс., 20-21-п.
- 217 ӨРОММ. И-1-қ., 31-т., 182-іс., 77-п.
- 218 ҚР ОММ. Жетісу облыстық басқармасы. 44-қ., 2-т., 5094-іс., 77-п.
- 219 Русский Туркестан. – 1905. – № 258.
- 220 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы. – 1995. – 49 б.
- 221 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 398-іс., 43-138, 147, 187-п.
- 222 ҚР ОММ. 369-қ., 1-т., 871-іс., 143-п.



- 223 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 939-іс., 10-п.
- 224 Тарджиман. – 1905. – № 61. 5-тамыз.
- 225 ҚР ОММ. 9-қ., 1-т., 897-іс., 20-30-п.
- 226 ҚР ОММ. 9-қ., 908-іс., 59-60-п.
- 227 ҚР ОММ. 1202-қ., 1-т., 14-іс., 18-п.
- 228 Уралец. – 1905. – № 201. 22-мая.
- 229 Семипалатинский листок. – 1905. – № 112. 8-декабря.
- 230 Әуезов М. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ Энци., 1997. – Б. 353-354.
- 231 Смағұлова С. Қарқаралы петициясы. // Қазақ тарихы. – 1996. – № 1. – Б. 47-49.
- 232 Туркестанское сельское хозяйство. – 1906. – № 1-2. – С. 86-87.
- 233 Тарджиман. – 1905. – № 96. 23 қараша.
- 234 Русский Туркестан. – 1905. 19 декабря.; Туркестанское сельское хозяйство. – 1906. – № 1-02. – С. 88.
- 235 Ульфят. – 1906. – № 6. 19-қаңтар.
- 236 Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1993. – Т.3. – 68 б.
- 237 Қазақ. – 1913. – № 28. 17-желтоқсан.
- 238 Залевский К. Национальные движения. // Общественные движения в России в начале XX века / Под. Ред. Л. Маратова. – Спб., 1911. – Т.4. – Ч.2. – С. 235.
- 239 Бегиев М. Реформа негідері. – Петроград, 1905. – 170 б.
- 240 Ямаева Л.А. Мусульманская фракция в Государственной думе России. // Ислам в бывшей Российской империи. – М., Восточная литература, 1999. – Т.2. – С. 64-66.
- 241 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 2989-іс., 56-57-п.
- 242 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 3300-іс., 4-п.
- 243 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 5-т., 13298-іс., 7-9-п.
- 244 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 6-т., 13245-іс., 2-п.
- 245 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – 4-т., 13277-іс., 23-26-п.
- 246 ҚР ОММ. 64-қ. Дала генерал-губернаторының (канцеляриясы) басқармасы. – 1-т., 2674-іс., 1-п.
- 247 Шура. – 1914. – № 15. – С. 450-451.
- 248 Колокол. – 1914. – № 2439. 20-тамыз.
- 249 Шура. – 1914. – № 16. – С. 489.
- 250 Юлдуз. – 1915. – № 1139. 30-қаңтар.
- 251 Союз. 115. -№ 7. 2-қаңтар.
- 252 Революционное движение в России после свержения самодержавия. Документы и материалы. – М., 1957. – № 15. 20-апреля.

- 253 Вестник Временного правительства. – 1917. – № 15. 20-апреля.
- 254 ҚР ОММ. 18-қ., 1-т., 4-іс., 3-п.
- 255 ӨРОММ. И-1-қ., 31-т., 1136-іс., 7-п.
- 256 Нүрпейісов К.Н. Алаш Һәм Алашорда. – Алматы, 1993. – Б. 238-239.
- 257 Речь. – 1917. – № 1647. 19-марта.
- 258 Документы и материалы по истории национального вопроса в России и СССР в XX веке. – М., 1930. – Т.3. – С. 292-293.
- 259 Юлдуз. – 1917. – № 1783. 17-сәуір.
- 260 Қазақ. – 1917. – № 226. 22-сәуір.
- 261 Алаш Орда. Сборник документов. – Алма-Ата, 1992. – С. 27.
- 262 Қазақ. – 1917. – № 228. 3-мамыр.
- 263 Сундиқов М.С. Съезд Хатреси. – Қазан, 1917. – С. 8-22.
- 264 Қазақ. – 1917. – № 323. 3-маусым.
- 265 Юлдуз. – 1917. – № 1790. 8-мамыр.
- 266 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – б-т., 4052-іс., 5-9-п.
- 267 13435-іс., 1-8-п.
- 268 ӨРОММ. И-1044-қ., 37-іс., 25-п.
- 269 Улуғ Туркистон. – 1917. 23-шілде.
- 270 Бірлік туы. – 1917. 20-қазан.
- 271 БР ОММ. 295-қ. Орынбор мұсылмандар Діни басқармасы. – б-т., 42120-іс., 45-48-п.
- 272 Шоқай М., Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т.2. – 272 б.
- 273 Қазақ газеті. – Алматы, 1998. – № 4.
- 274 Бірлік туы. – 1917. – № 7. 27-тамыз.
- 275 ҚР ОММ. 544-қ., 1-т., 58-іс., 29-п.
- 276 Сарыарқа. – 1917. – № 9. 15-тамыз.
- 277 ҚР ОММ. 698-қ., 1-т., 28-іс., 10-11-п.

